

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы

Өңделіл, толықтырылған екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



УДК 373.167.1(075.3)

ББК 63.3(2қаз)я72

Қ18

*Пікір жазған және арнайы редакторы Т. Омарбеков —
тарих ғылымдарының докторы, профессор*

Қасымбаев Ж.

Қ18 **Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы**
— Алматы: Мектеп, 2012. — 240 б., сур.

ISBN 978—601—293—741—1

4306020600—072

Қ 404(05)—12 19(1)—12

УДК 373.167.1(075.3)
ББК 63.3(2қаз)я72

© Қасымбаев Ж., 2004

© “Мектеп” баспасы, көркем
безендірілуі, 2012

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықта-
ры “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—741—1

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар! Қолдарыңдағы 8-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығы — ел басынан өткен тарихи оқиғалар туралы сендердің білім деңгейлеріңді жетілдіріп, рухани байытып, бойларыңдағы басқа да сапалық қасиеттеріңді қалыптастыруға, сондай-ақ бұдан бұрын оқып-үйренгендеріңді тереңдете түсуге бағытталған.

Көпғасырлық тарихымызды ерекше тұлғалар еңбектерінсіз көзге елестету мүмкін емес. Осы оқулық арқылы сендер мемлекетіміздің құрылуы мен дамуының маңызды кезеңдерін оқып, оның тарихына терең үңіле аласыңдар.

Тарихи оқиғаларды жіктеудегі жаңа принципке негізделген оқулық құрылымы XVIII ғасыр мен 1914 жылдың аралығын қамтиды. Ұсынылып отырған оқулықта жалпы тарихи өмір шындығын қалыптастыруда озықтығымен ерекшеленетін осынау дәуірді және оның болмысын сипаттау арқылы қазақ халқының тағдырындағы маңызды оқиғаларды сөз етеміз.

Оқулықта берілген тарихи оқиғалар мен көрнекті тұлғалар жайында толық деректерге заман талабына сай бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақ жерінің Ресей қол астына кіруі, оның мәні мен маңызы, ұлт-азаттық қозғалыстар, империяның отарлау саясаты, хандық мемлекетті жою, рухани-мәдени мұра, сондай-ақ жеке тұлға мен қоғамның бір-біріне әсері, сабақтастығы, аса көрнекті ұлт зиялыларының бостандық жолындағы күреске тартылуы, міне, осының бәрі, тағы да басқа маңызды оқиғалар мен мәліметтерді оқу арқылы ұлттық сана-сезімдерің қалыптасып, одан әрі дами түседі.

Әрине, оқиғаларды сипаттау, оларға баға беру, қайшылықтарына көңіл аудару, қоғамдағы әртүрлі орын алған алыпқашпа пікірлер, педагог-тарихшылар тарапынан болатын пайымдаулар түрліше көзқарастар туғызуы мүмкін. Пікірлердің өзгеріп отыруы, заман ағымына байланысты.

Жас достар! Оқулық материалдарын түсініп, зер сала оқыған жағдайда ғана сабақ барысында алған білімдеріңді одан әрі тереңдете түсулеріңе жол ашылады.

Сонымен қатар оқулық тақырыптарын оқи отырып, сендер туған жерге, Отанға деген патриоттық тәрбие аласыңдар.

Олай болса, іске сәт!

I бөлім. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХVІІІ ҒАСЫРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ДАМУЫ

ХVІІІ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстанның Ресейге қосылуы ұзаққа созылды. Орыс мемлекеті өзінің мемлекеттік шекарасын шығысқа қарай кеңейтуге бұрыннан-ақ мүдделі болатын. Мұның себебін осы елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси даму жағдайымен байланыстыруға болады. Мемлекеттік басқарудың орталықтануы мен күшеюі көрші шығыс халықтарымен сауда айналымын және басқа да қатынастарын жандандырды.

Көшім хандығының ыдырауы және орыс елінің кеңбайтақ Сібір жерін, Қазан (1552 ж.), Астрахан (1556 ж.) хандықтарын бірте-бірте жаулап алуы, Кама сауда жолының құрылуына әкелді. Орыс мемлекеті ортаазиялық хандықтармен сауда-экономикалық және дипломатиялық қатынастарын кеңейткеннен кейін, ХVІ ғасырдың соңы — ХVІІ ғасырдың басында қазақ жерлеріне қызығушылығы ерекше арта түсті. Қолөнер орталықтары — Хиуа хандығы және Бұхар әмірліктеріне баратын орыстың транзиттік сауда жолдары қазақ даласы арқылы өтіп, осы аумақта түйісетін.

ХVІ ғасырдың соңы мен ХVІІ ғасырда орыс мемлекетінен ортаазиялық өңірге қазақ даласы арқылы Бұхар мен Хиуадан 44 елшілік пен 9 орыстың дипломатиялық желілері өткенін айтуға болады. Орал аймағын игергісі келген, көршілермен қауіпсіздік байланысты сақтауға тырысқан Мәскеу үкіметі — шығысқа қарай ұмтылған жер иеленушілер, саудагерлер, елшіліктер мен әскери құрамалардың өтуін реттеу үшін Қазақстанмен шекарада қорғаныс бекіністерін салуға кірісті. Бұл аймақтағы Обь өзенінің оң жағалауындағы үлкен Обск қалашығы (1585 ж.), Түмен (1586 ж.), Тобыл (1587 ж.), Тара (1594 ж.), Томск (1604 ж.) және басқа да әскери-бақылау қоныстары Қазақстанға Ресей ықпалын күшейтіп, Қазақ хандығының солтүстік-шығысын отарлау қозғалысында тірек болды.

ХVІІ ғасырдың соңында орыс мемлекеті Сібірдегі жергілікті ру-тайпаларды оңтүстікке ығыстырып, олардың күшін әлсіретіп, жаңа бекіністер салуға қолайлы алғышарт қалыптастырды.

Ресейдің экономикалық дамуы — Орталық Азиямен, оның ішінде, Қазақ хандығымен сауда экономикалық қарым-қатынасын ұлғайтты және патша үкіметін осы аймақта нақты шаралар жасауға итермеледі. I Петр айтқандай: “Барлық Азия елдері үшін Орда кілт пен қақпа, сондықтан Орда Ресейге тәуелді болуы керек”. Бұл Ресейдің Қазақстанмен қатынасындағы болашақ саясатын белгіледі, яғни әскери отарлау саясатын күшейтті. Жоғарғы Ертіс бойына салынған бірқатар әскери бекіністер: Жәміш (Ямышевск) (1716 ж.), Омбы (1716 ж.), Железинск (1717 ж.), Коряков (Кереку), Семей (1718 ж.), Өскемен (1720 ж.) және басқалары қазақ жеріне Ресей әскерінің ішкерілеп енуін жеңілдетті. Қазақ-жоңғар қарама-қайшылықтарының шиеленісуі және И.Д.Бухгольц, В.Чередов, П.Ступин, И.Н.Лихарев, т.б. әскери жорықтары Ресейдің бұл аймақтағы ықпалын күшейте түсті.

Ресей қазақ хандарының ойрат жаулаушыларымен күресін, әскери күштерді біріктіру және қазақ мемлекетігінің сақталуы жолындағы күрес жағдайын өз мақсатына шебер пайдаланды.

Қазақ жерін біріктірушілердің бірі **Тәуке хан** бұл жағдайда, әрине, Ресеймен қарым-қатынасты ушықтырмай, шыдамдылық көрсетіп, елдің басты күшін жоңғарларға қарсы жорыққа бағыттады. Қазақ хандығы сыртқы қауіптің күшеюіне байланысты өзінің халықаралық қатынасын нығайтып, Ресеймен сенімді байланыс орнатуға бар күшін салды. Айта кететін жайт, XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырда Тәуке билеген Қазақ хандығы халықаралық қатынаста маңызды орын алғанымен, елдің жағдайы барынша қиындап кетті. Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы рулық бөлшектенуді тоқтатуға қол жеткізген Тәуке хан өзінен бұрын ел билеген Қасым хан, Хақназар және Тәуекел кезіндегідей бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын уақытша болса да қалпына келтірді.

Соның нәтижесінде Тәуке хан жоңғарлардың бірнеше жорықтарын тойтарды. 1715 жылдың күзінде (кейбір деректерде 1718 жыл) Тәуке қайтыс болды, оның орнын басқан Қайып сұлтан хандықты әлсіретіп алды. Келесі басқарушылардың бағытының бірдей болмауынан (Кіші жүзді Әбілқайыр; Орта жүзді Сәмеке, Күшік (Қосманбет); Ұлы жүзді Жолбарыс басқарған кезде), үш жүздің бірлігі әлсіреді.

Сұлтандар мен старшындар арасындағы алауыздықтарға қарамастан, біріккен халық жасақтарын құруға қол жетті. Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресті ұйымдастыруда, белгілі қолбасшы және мемлекет қайраткері Әбілқайыр ерекше көзге түсті. Ханның табиғи дарыны мен саясаткерлігі, көрші елдермен қарым-қатынастарда айқын байқалып, қазақ елі үшін аса күрделі заманда оны батыл шешімдер қабылдауға итермеледі. Мақсаты — әлсіреп, ыдырауға айналған біртұтас Қазақ хандығын қалпына келтіру және үш жүздің бірлігін сақтау болған Әбілқайыр Тәуке ханның тікелей мұрагері Қайыптың билігін мойындағанымен, өзінің қабілеті, айлакерлігі арқасында көп ұзамай-ақ бақталасын ысырып, Кіші жүздің көрнекті билеушісі дәрежесіне қолы жетті. Алайда қайшылықты заманда орыс билеушілерімен жақындасуды бастауға мәжбүр болған оның саясаты, кейінгі қазақ мемлекеті үшін ауыр болды.

XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси ахуалы күрделі жағдайда қала берді. Жоңғар хандығы шапқыншылығының күшеюі Орталық Азиядағы халықаралық қатынастарды шиеленістірді. XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы бүкіл аймақтың саяси өмірін шарпыған күрделі оқиғалардың нәтижесінде елдің тәуелсіздігі әлсіреп, құлау алдында тұрды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Орыс мемлекетінің Қазақ хандығы жеріне көз салуының себебі неде?
2. XVIII ғасырдың бас кезінде Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы қалай қалыптасты?
3. Әбілқайыр ханның халқымыздың тарихындағы алатын орны қандай?

Құжаттар

XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының жағдайы

“Тәуке ханның көзі тірісінде, басқаруының соңғы жылдарында қазақ рубасыларының арасында орын алған өзара келіспеушілік пен қайшылықтарды көрші мемлекеттер өз мүддесіне пайдаланып қалуға тырысты.

Тәуке ханның кезінде-ақ, оның жасының ұлғаюы себепті Әбілқайыр, Қайып сұлтандар хан сайланған еді. Хан билігіне таласушылық, оларды бір-біріне қарсы қойды.

Әбілқайыр ханға бағынышты қазақтар 1717 жылы Қазан губерниясының жеріне басып кіріп, Новошешинскиге дейін барды, басып алған жердегі елді тонады. Бірақ қарсы жақ қуып шықты.

Келесі қазақ ханы Қайып 1717 жылы-ақ басқыншылықтың өзіне қатысты емес екендігін дәлелдеу үшін император І Петрге мәңгілік бейбітшілік пен келісімде болуға ұсыныс грамотасын жіберді...”

Крафт И.И. Принятие киргизами русского подданства.
/Известия Оренбургского отдела ИРГО.
Вып. 12. Оренбург, 1897. С. 18.

Қазақ-қалмақ қатынасы туралы

“1726 жылы күз айында қалмақ ұлысына, Еділдің шабындық жағындағы қырғыз-қайсақтар келді. Орта жүзден Шемяки (Сәмеке. — Ж.Қ.) хан, Барақ сұлтан, Кіші жүзден Әбілқайыр хан және Есім сұлтан 10 000 әскерімен Жайықтан өтіп, Еділ мен Жайық арасындағы Лубжидің (Доржи Назардың баласы) иелігіне шабуыл жасады және оларды тонап, ұрып-соққан. Сонда ханның мұрагері Черен Дондук (және оның бауырлары. — Ж.Қ.) 20 000 әскерімен артынан қуды...”

Красный архив. 1939. №37. С. 225.

§1-2. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ СОҒЫСЫ. ШАПҚЫНШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕС

Жоңғарияның күшеюі және оның қазақ жеріне шапқыншылығы. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Тәуке хан біріктірген Қазақ хандығы Орталық Азиядағы халықаралық қатынастарда белді орын алды. Жайылымдық жер үшін қырқысқан руаралық тартыстарды уақытша болса да тоқтатқан Тәуке тұсында мемлекет Қасым, Хақназар және Тәуекел хандар кезіндегіден әлдеқайда қуатты болды. Алайда Тәукенің өлімінен кейін қазақ жері тағы ыдырай бастады. Тәукенің мирасқоры Қайып елдің басын құрай алмады. Алғашында Қайып ханға тәуелділігін мойындаған Кіші жүз билеушілерінің бірі **Әбілқайыр** XVIII ғасырдың 20-жылдарынан бастап-ақ, өз алдына билік құра бастады. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіне басшылық еткен Әбілқайыр қолбасшылық, елшілік қабілеттерін халыққа таныта алды.

Жоңғар хандығы XVII ғасырдың 40-жылдарынан бастап қазақ жеріне сан рет жойқын жорықтар ұйымдастырды. Жоңғарияның мақсаты қазақ елінің тәуелсіздігін жойып,

ұлан-байтақ жерді өзіне қарату болды. Шамамен 1710—1717 жылдар аралығында жоңғардың қалың қолы қазақ жеріне басып кіріп, халықты қан қақсатты. Жоңғар әскері өзінің басымдығын пайдаланып, XVII ғасырдың соңы — XVIII ғасырдың басында Жетісудың бір бөлігін жаулап, Сарысу өзені алқабына дейін жетті. Соққының ауыр болғандығы соншалық, енді үш жүздің ортақ жауға бірлесіп күресуі — тарихи қажеттілік еді. Осы мақсатпен 1710 жылы қазақ жүздерінің белгілі өкілдері *Қарақұм* маңында бас қосып, жоңғарларға соққы берудің мүмкіндіктерін талқылады. Осы кеңестің шешіміне сай жоңғарларға қарсы біріккен *халық жасағы* құрылып, соның күшімен жоңғар әскері шығысқа қарай ығыстырылды. 1711 жылы жоңғарлар қазақ даласына тағы шабуыл жасағанда, қазақ батырлары тізе қосып, жауға айтарлықтай тойтарыс берді. Жоңғар қонтайшысы Себан Рабданның (Цэван-Рабдан) қазақ жеріне 1713 жылғы жорығы да сәтсіздікпен аяқталды.

Қазақ мемлекетінің ахуалын қиындатқан тек жоңғар елінің ұдайы шабуылдары ғана емес. Солтүстік-батыстан башқұрттар, солтүстіктен Сібір казактары елдің мазасын алса, оңтүстікке іргелес орналасқан Қоқан, Хиуа мемлекеттері де қазақтардың қиын жағдайын пайдаланып қалуға тырысты. 1718 жылы Аякөз өзені бойында Қаракерей Қабанбай мен Жауғашар (Шақантай) батырлардың басшылығымен жаудың қолын талқандаған жеңіс те қазақ елінің ауыр жағдайын жақсартпа алмады. Қазақ хандығының тәуелсіздігіне мейлінше қауіп төндірген басты жауы Жоңғария — әскери-феодалдық мемлекет еді. Цин (Қытай) императоры Канси өлгеннен кейін, 1723 жылы осы елмен қарым-қатынасын



Қабанбай батыр

ретке келтірген Жоңғария барлық күшқуатын қазақ еліне қарсы жұмсауға мүмкіндік алды. Қазақ елін талқандауды көкसेген жоңғарлар өздерінің жоспарын тезірек іске асыруға талпынды.

1723 жылы қазақ билеушілері өзара қырқысып жатқан кезде, жоңғардың қалың қолы қазақ жеріне тұтқиылдан баса көктеп кірді. Жетісуды жапыра, Қаратауды басып өтіп, Талас алқабында көшіп жүрген қазақ ауылдарына ойран салды. Бұл “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның” басы еді. Жау

соққысына төтеп бере алмаған Ұлы жүздің көпшілік рулары мен Орта жүздің бірқатар рулары Шыршық өзенінің Сырдарияға құяр сағасынан өтіп, Ходжентке қарай беттеді. Орта жүздің басқа рулары Самарқанға ойысты. Кіші жүз Ырғыз, Торғай, Жайық, Ор өзендеріне қарай ығысты. Шапқыншылармен арпалысқан қазақтардың бір бөлігі То-был губерниясының шекарасына жақындады.

Жоңғарлардың күтпеген жерден бірнеше бағытта ұйымдастырған шапқыншылығының зардабы, бейқам жатқан қазақ ауылдары үшін тіпті ауыр болды. Мал-мүлкін, тигулі үйін, асулы қазанын тастап, бас сауғалауға мәжбүр болған қайғылы жағдай қазақ жерінде моңғол шапқыншылығынан бері қайталанбаған еді. Ел басынан кешкен осынау қайғы-қасірет әйгілі “Елім-ай” әнінің мұңлы-зарлы шумақтарынан анық байқалады:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен қар борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Жоңғар шапқыншылығы Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың түбірінен өзгеруіне әсерін тигізді. Қазақтардың оңтүстікте өзбек хандықтары мен батыста Еділ қалмақтарының иелігіне жақындауы — көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасты біршама күрделендірді. Жайық бойындағы іргелес казактар, оңтүстіктен қарақалпақтар, өзбектер онсыз да азып-тозған ауылдарды шабуылдап, жағдайды одан әрі қиындатты. Әсіресе қатты ойрандалған — Жетісу өңірі. Әрине, алғашқы жаудың қауырт шабуылдарын өздеріне қабылдаған Шығыс өңірінің ахуалы да тым аянышты еді.

Ел билігіндегі хандар мен сұлтандар жоңғар шапқыншыларына қарсы күресті ойдағыдай үйлестіре алмады, бір-бірімен қырқысып, халықтың хал-жағдайын тіпті ауырлатып жіберді. Есімдері аңызға айналған Есет, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Саурық, Малайсары, Наурызбай, Баян, Жауғашар (Шақантай), Жәнібек,



Бөгенбай батыр

Райымбек, тағы басқа батырлар жеке қол құрап, күресті тоқтатпады. Атақты жыраулар толғауларында сипатталған бұл халық батырлары — атамекенді жаудан тазартуда ерекше ерлік пен табандылық көрсетті.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі. 1725 жылы шабуылын үдеткен жоңғарлар Түркістан мен Ташкентті басып алды. Оңтүстік ауданның елді мекендері мен дәстүрлі керуен саудасына нұқсан келді. Қазақ жерінің ұзақ жылдар бойы жоңғар қолында қалып қою қаупі төнді. Осындай жағдайда халық арасынан шыққан батырлар туған өлкені азат етуге шақырған жалынды үндеу тастады. Жан-жаққа қашқан рулардың басын біріктіріп, жоңғарларға қарсы біртұтас әскер ұйымдастыруда, әсіресе Қанжығалы Бөгенбай батыр ерекше көзге түсті.

Қазақтың үш жүзі жасақтарының басқыншыларға қарсы тізе қосып, біріккен қимылдары 1726 жылы басталды. Осы кезге дейін жауға тиіп-қашып қарсылық көрсетіп келген қазақ жасақтары, енді тізе қосып қимылдауға кірісті.

1726 жылы (кейбір деректерде 1728 жылы) Торғай даласындағы Сарысудың орта ағысы алқабында, *Бұланты* және Білеуті өзендері аралығындағы Қарасиыр деп аталған кең жазықта біріккен қазақ жасағы жоңғарларға ойсырата соққы берді. Зеңбіректермен және мылтықпен қаруланған жоңғардың қалың қолы қазақ батырларының біріккен күшіне төтеп бере алмады. “Қарасиыр” деген жерде болған қанды шайқас қазақ-қырғыз және басқа халықтардың 60 мыңдық қолының толық жеңісімен аяқталды. Қалмақ қолдары тас-талқан болған сол жер, кейіннен “Қалмақ қырылған” деп аталып кетті.

Бұл жеңістің қазақ халқының рухын көтеруде орасан зор маңызы болды. Жеңіске жігерленген қазақ руларының үш жүзі біріккенде ғана жоңғар қаупінен құтылу мүмкіндігіне сенімі күшейді. Ендігі мақсат — қазақ жерін түгел жаудан тазартып, елдің тәуелсіздігін толық қалпына келтіру еді. “Қалмақ қырылған” шайқасы, негізінен, Қазақстанның солтүстік-батыс өңірін азат етті. Елдің бірқатар аудандарында, соның ішінде, Жетісу өңірінде әлі де жоң-

ғарлар үстем болатын. Қауіп-қатер әлі де жойылмады. Қазақ жерінің шетел басқыншыларынан түбегейлі тазаруы үшін әлі де болса табанды күрес қажет еді.

Қазақ билеушілерінің шешімімен жоңғарларға қарсы шайқасқа қолбасшылық жасау Әбілқайырға жүктелді. Көрнекті ұйымдастырушы хан халыққа бас болып, белді батырларды өз туының астына шоғырландыра білді.

Осы 1726 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі *Ордабасы* тауының етегіне барлық қазақ жасақтары жиналды. Бұл жер, жау қолындағы Жетісуды азат етуге аттануға жақын еді. Сонымен қатар Алатау мен Қаратау сілемдерімен қоршалған, ал шығысқа қарай ашық дала болып келетін бұл жер, қалың қолды құпия шоғырландыруға мүмкіндік беретін-ді. Қазақ әскерінің одан әрі жылжу бағыттары Боралдай және Қошқарата өзендерінің жоғарғы сағасындағы “Үлкен Орда қонған”, “Кіші Орда қонған”, “Әбілқайыр сайы” деген жер аттарынан да байқалады.

Бұл топономикалық мәліметтерге қарағанда, қазақ жасақтары жүздік негізінде ұйымдастырылған сияқты. 1730 жылдың көктемінде Балқаш көлінің оңтүстігінде¹, Аңырақай түбінде, Әбілқайырдың басшылығымен үш жүздің ортақ әскері қалмақтарға күйрете соққы берді. Осы қырғын ұрысқа Әбілқайырдың қарсыластары Әбілмәмбет пен Барақ сұлтандар да белсене қатысты. Қазақ қолы үлкен жеңіске жетті.

Тарихта “Аңырақай шайқасы” деп аталып кеткен бұл тарихи оқиға — қазақ халқының шеттен келген басқыншыларға қарсы күресінде ерекше орын алады. Мұндай жеңілісті бұрын-соңды көрмеген жоңғарлар осы жолы жаппай қырғынға ұшырап, ұрыс даласы қан сасыды. Қазақ әскерінің тегеурініне шыдамаған жоңғарлар Іле өзенін бойлап, еліне қарай шегінеді.

Алайда осындай халық тағдырының жауапты кезеңінде қазақ хандары арасында туған алауыздық, жоңғарларды толығынан талқандауға кесірін тигізді. Негізгі билеуші саналған Болаттың өлімінен кейін Әбілқайыр мен Сәмеке аға хан деген атаққа таласып, жаңа ғана түбегейлі жеңіске жеткен халық жасағының ішінде іріткі туғызды. Әбілқайыр Кіші жүздің әскерін бастап Қазақстанның солтүстік-баты-

¹Тағы бір деректерде, шайқас болған жер Балқаштың оңтүстік шығысы, Алакөл мен Итішпес көлінің аралығында 1729 жылы болған деп көрсетілген.

сына қайтып оралса, Сәмеке Орта жүздің жасағын жырып өкетті. Сырдария алқабына шегінген Ұлы жүздің әскері қайтып оралған жоңғардың жаңа қолына қарсылық көрсете алмады. Оңтүстіктегі қазақ даласы уақытша жоңғар билігінде қалып қойды.

Сөйтіп, қазақ хандары мен сұлтандары арасындағы бақта-ластық жоңғар тепкісінен толық құтылуды кешеуілдетті. Халықтың бостандық үшін күресі аяғына дейін орындалмады. Әйтсе де қазақ билерінің көрегендігі, қазақ батырларының ерліктері арқасында қазақ елі өзінің дербестігін сақтап қала алды. Жоңғар қауіпінің жойылмауы, ел билеушілерінен қазақ жерін сыртқы қауіптен құтқаратын басқа да дипломатиялық, саяси жолдарды іздеуді талап етті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жоңғар шапқыншылығының зардаптары туралы айтып беріңдер.
2. Қазақ қоғамы жауға қарсы күресті қалай ұйымдастырды?
3. Басты жеңістерге жетудегі және елді азат етудегі қазақ батырларының рөлі қандай болды?

Құжаттар

“Бұл көш (яғни, жоңғар шапқыншылығы салдарынан шегіну. — Ж.Қ.) еріксіз қайыршылану мен қырылуға әкеліп соқтырды. Мал басы күн сайын азайды, айырбас саудасы құлдырап кетті, кедейшілік пен қайғы барлық жұртты қамтыды, біреулері аштықтан өлсе, екіншілері бала-шағаларын тастап кетуге мәжбүр болды. Ақырында халық — тақыр, көшпенді халықтың өміріне ешқандай қолайсыз өңірге келіп тоқтады”.

Левшин А. Описание киргиз-казачьих,
или киргиз-кайсацких орд и степей.
СПб., 1832. Ч. 2. С.70.

“XVIII ғасырдың бірінші онжылдығы қырғыз (қазақ) халқы үшін тіпті ауыр болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар тұс-тұстан олардың (қазақтардың. — Ж.Қ.) ұлыстарын шауып, малдарын айдап өкетіп, өздерін отбасыларымен тұтқындап айдады. Қақаған қыс, аштық пен мұздақ елдің жағдайын одан сайын қиындата түсті.

Орынбордағы бір рубасы өз жерлестерінің жағдайын тазы иттердің қуғынына түскен қоянмен салыстырды. 1723 жыл өзінің зардаптарымен халықтың есінде мейлінше сақталады...”

Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы.
Алматы, 1985. 4-том, 111-парақ.

§ 3. КІШІ ЖҮЗДІҢ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНА КІРУІ

Қазақ елінің халықаралық жағдайының шиеленісуі Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей империясына үміт артуына себепші болды. Ол көрші ірі мемлекетпен тығыз байланыс орнату арқылы қалмақтар мен башқұрттардың қазақ жерін мазалауын тоқтатуға тырысты. **Әбілқайырдың** (1680 — 1748 жж.), сонымен қатар Петербург билеушілеріне арқа сүйеп, Қазақстандағы өз қарсыластарының сағын сындыруды көздегені де белгілі. Ханның ең басты мақсаты — батыстағы көршісі Ресеймен сенімді байланыс орнатып, бар күшті ойраттарға қарсы күреске жұмылдыру және оларды талқандаған соң, бытыраңқы Қазақ хандығын бір орталыққа біріктіріп, оны нығайту болатын.



Кіші жүз ханы
Әбілқайыр

Әбілқайырдың орыс үкіметіне ниет аударуы, қазақ ауылдарының шаруашылық мұқтаждығымен де байланысты болды. Бейбіт өмір Жайықтың төменгі ағысындағы қалмақтарға да, Есіл, Ертіс, Ор өзендері өңірінде ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген қазақ руларына да мал шаруашылығы үшін ауадай қажет еді. Ресеймен келісімге келу арқылы бұл мәселені де шешу ойластырылды.

Сұлтандар мен ықпалды рубасылары Тәуке ханның билігінен кейінгі кезеңде билікке таласа отырып, бытыраңқылыққа жол берді. Әбілқайырдың олардың басын қосып, өзіне бағынышты етіп ұстауға және оларға ықпалды болуға мүмкіншілігі аз болды. Шын мәнінде қазақтың игі жақсылары Әбілқайырды Кіші жүздің бір бөлігінің ханы ретінде ғана мойындады. Көптеген рулар оны хан ретінде мойындаған жоқ. Бұл тұста Орта жүздің өзінде екі хан және бірнеше ірі сұлтандар билік жасады. Ұлы жүздің де өзінің жеке ханы болды. Осындай күрделі жағдайда Әбілқайыр алдына екі түрлі міндет қойды. Олардың біріншісі, сыртқы жауларға тойтарыс беру болса, екіншісі, саяси және әскери жағынан бытырап кеткен қазақ халқын біріктіріп, күшті хандық билікті қалпына келтіру болды. Мұның өзі бәрінен бұрын қазақ жүздерін біріктіруге кедергі жасайтын сұлтандар мен билердің қарсылығын жоюды қажет етті.



Әбілқайыр ханның
қабылдауында
(Дж. Кэстль. 1736 ж.)

Бірақ мұндай күрделі міндетті Әбілқайыр өзінің күшімен орындай алмайтын еді. Сондықтан ол Ресейдің патша өкіметінен көмек пен қолдау сұрауға мәжбүр болды.

Әбілқайыр мен оның жақтас-тарының Ресейден тағы да бір күткені — қазақ жері арқылы шығысқа, шығыстан батысқа Ресей және басқа елдерге өтетін керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету еді.

1716 жылы жоңғар шапқыншылығы басталғанда-ақ, Қайып хан Сібір губернаторы князь М.П.Гагаринге елші жі-

беріп, қалмақтарға қарсы күресте қолдау көрсетуін өтінген. Алайда Ресей Швециямен соғысып жатқандықтан, қазақ-жоңғар тартысына араласа алмады. 1726 жылы “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” кезінде Әбілқайыр орыс үкіметіне өкілін жіберіп, империя құрамына кіруге талпынған болатын. Бұл жолы да ханның ұсынысы жауапсыз қалды. Кіші жүздің сұлтандары мен рубасыларының мақсаты — ойраттардың шабуылына қарсы Ресеймен әскери одақ құру болатын. Мұндай ұсынысты Ресейдің қабылдауы екіталай еді.

1730 жылы Кіші жүздің ықпалды билері Әбілқайырға Жоңғарияға қарсы күресу үшін Ресеймен келіссөз жүргізуді тапсырды. Алайда хан билер мәжілісінің шешімін бұзып, Петербургке аттандырылған елшілерге әскери одақ құру емес, Ресейдің қол астына кіруді қуаттайтын құжатқа қол қоюды тапсырды.

Ресей императоры Анна Иоанновнаның атына жазылған Әбілқайырдың өтінішінде қазақтың барлық үш жүзін Ресейдің қол астына алу туралы өтініш жасалды. Әбілқайыр бұл өтініш шын мәнінде Ресейге бодан болуды емес, онымен одақтас болуды ғана көздеген билер мен халықтың тілегіне қайшы келетін болғандықтан елден жасырды. Орыс өкіметі мұны пайдаланып қалуға тырысып, қазақ жерін және Орта Азия арқылы өтетін барлық керуен жолдарын өзінің қол астына бағындыруды көздеген әрекеттерді қолға ала бастады.

Бұған қоса олар қазақтарға туыс болып келетін башқұрттарды да өздерінің қарамағына біржолата бағындыруды көздеді. Патша өкіметі осы мақсатты жүзеге асыру үшін Жайықтың бойында қамалдар салуды және башқұрт-қазақ халықтарын өзара жауластыруды қолға ала бастады. Яғни, қазақтар армандағандай Ресейдің қазақ халқының басқыншы ойраттарға қарсы соғысында одақтас болуы және қазақтарды өздерімен тең санауы, тіптен де мүмкін емес еді.

Орыс үкіметінің Қазақстан жөніндегі жоспары тіпті басқаша еді. 1714—1720 жылдар аралығында Ертіс өзенінің жоғарғы ағысында Жәміш, Омбы, Қолбасинск, Железинск, Семей, Коряков (Кереку), Өскемен бекіністерін бірінен кейін бірін тұрғызған патша өкіметі қазақ жеріне ауыз сала бастады.

Қазақтардың жоңғарлармен соғысып жатқанын пайдаланып, қазақ жерінде бекіністер салу арқылы елді біртіндеп жаулап алуды ойластырды. Қазақтар мен башқұрттарды бір-біріне айдап салу арқылы өзінің отаршылдық саясатын күшейтуге тырысқан орыс үкіметіне Әбілқайырдың елшілігі күтпеген олжа болды. 1731 жылғы ақпан айының 19-ы күні қазақ елшілері *Сейітқұл Қойдағұлұлы* мен *Құтлымбет Қоштайұлының* Кіші жүзді империя құрамына қабылдау туралы ұсынысын императрица *Анна Иоанновна* қабыл алды.

Кіші жүз қазақтарының Ресейге қосылуға тілек білдірген феодалдық топтары мен Әбілқайырдан ант алу үшін Анна Иоанновна Қазақстанға арнайы елшілік жіберді. Оны сыртқы істер коллегиясының тілмашы, қабілетті елші А.И.Тевкелев басқарды.

Шығу тегі жағынан Қазанның мырзасы Култлу Мұхаммед деген атпен белгілі болған А.Тевкелев қазақтарды Ресей қол астына бодандықты қабылдау туралы грамота мен қазақ билеріне арналған әртүрлі қымбат сыйлықтарды өзімен бірге ала келді. Бұл кезде Әбілқайыр ханның ауылы Ырғыз өзенінің жағасын қоныс етіп отыр еді. Осында Әбілқайырдың өзінің билерін және халықты алдағаны әшкере болды. Бұған ашынған билер Әбілқайыр ханның Тевкелевпен келісіміне кедергі жасауға күш салып, олардың екеуінде халық жиналысы болғанға дейін үй тұтқыны ретінде жеке киіз үйлерде ұстап, бақылауға алды. Бірақ хан Тевкелевпен түнде жасырын кездесудің ыңғайын тауып, оған барлық жағдайды түсіндірді. Әбілқайыр патша өкіметіне халық

атынан емес, өзінің атынан өтініш жасаған болса, оның қабылданбайтындығына сенімді екендігін атап көрсетті. Шын мәнінде Әбілқайырдың Ресей қол астына өту туралы өтініші — ойраттардан жеңіліп, “Ақтабан шұбырындыға” ұшырап босып кеткен қазақ даласында хандық басқарудың беделінің түсіп кетуінен туындаған еді. Жау жағадан алған жаңа жағдайда Әбілқайыр тәрізді хандардың емес, қазақ батырлары мен билерінің ықпалы мен беделі халық арасында өсе түсті. Сонымен қатар Әбілқайыр орысқа бодандыққа өтуді өтініп сұрағанда, Ресейдің қол астындағы башқұрттар мен қалмақтардың қазақ жеріне тоқтаусыз шабуылдарын патша өкіметінің көмегімен тежеуді көздеді. Осылайша Әбілқайыр Қазақ хандығының бұрынғы беделін Ресейдің ықпалымен қалпына келтіріп, өзі жалпы қазаққа хан атануды көздеген еді. Хан Тевкелевпен жасырын жеке әңгімеде, келіссөз жүргізетін билерді және батырларды айтқанға көндіру үшін оларға әртүрлі қымбат сыйлықтар беруді ұсынды.

Қазан айының басында бірінші рет, ал сол айдың 10-ы күні екінші рет орыс елшісі Кіші жүз билерімен кездесті. Әбілқайырдың төңірегі, соның ішінде, табын руынан халық арасында құрметке ие болған атақты Бөкенбай батыр орыс үкіметінің билігін мойындағанымен, Кіші жүз өз дербестігін сақтап қалуға тырысты. Олар Тевкелев пен Әбілқайыр тобына мейлінше қарсы шықты. Тіпті орыс елшісін өлтіруге бел байлағандар да болды. Дегенмен, 1731 жылдың қазан айында Әбілқайыр мен оның саясатын қолдаған Кіші жүздің 29 старшыны Ресейдің қол астына кіруге ант берді. Алайда ант бергендер, негізінен алғанда, Кіші жүзден шыққан қазақ билеушілерінің аз ғана тобы еді. Дегенмен де, осы шараның өзі Ресейдің қазақ халқын бодандық жолына түсіруіне жол ашып берді. Халықтың қалың бұқарасы және жергілікті кіші билер мен батырлардың көпшілігі Ресейге бодан болу туралы ант беру, тәуелсіздікті жоғалту екенін түсінді және Әбілқайырдың ұстанымын қолдай қойған жоқ. Сондықтан да олар А.И. Тевкелевтің елшілігін қазақ даласынан шығармай ұстап қалуға әрекеттер жасады. Алайда билер арасындағы өзара алауыздық бұл әрекеттердің жүйелі түрде өрістеуіне кедергі келтірді. Осыған байланысты халық бодандықты қаламаса да, ұйымдасқан түрде қарсылық көрсеткен жоқ. Әбілқайырдың бұл шешімі қазақ өлкесінің империя құрамына қосылуының алғашқы қадамы еді. Соның өзінде де Кіші жүздің Хиуа хандығымен, қарақалпақтармен шекте-

сіп жатқан аудандары Ресей империясына XIX ғасырдың ортасына дейін қосылмады. Патша үкіметі Жайық бойында жыпырлатып бекіністер тұрғызып, егін шаруашылығына қолайлы өңірлерді басып алып, орыс помещиктеріне, казак-орыс қоныстанушыларына тартып алып беру саясатын ашық түрде жүргізе бастады. Әбілқайырдың шешімі, әрине, қазақ жерін басты жау — жоңғарлардан қорғауда белгілі рөл атқарды. Алайда жылдан-жылға Ресей мемлекеті өзінің отарлау саясатын үдете берді. Бұл жағдай қазақ қоғамындағы Әбілқайырды жақтаушы топтар мен Ресей билігінің қазақ жерінде нығаюына о бастан қарсылық білдіргендер арасындағы жікті тереңдетті. Әбілқайыр Ресей үкіметінің қолдауын арқа тұтып, өзінің қарсыластарын әлсіретуге тырысты. Кіші жүз “ақсүйектерінің” өзара қырқысын шебер пайдаланған патша үкіметі, әкімшілік және саяси шаралармен Қазақстанның батыс аудандарын отарлауды жеделдетті.

1734 жылы патша үкіметі Ресей сенатының аға хатшысы И.К.Кириллов басқарған арнайы экспедицияны жабдықтады¹.

XVIII ғасырдың 30-жылдарында патша үкіметі қазақ жерін тірек ретінде пайдаланып, Ресейден алшақ жатқан Хиуа, Қоқан, Бұхар хандықтарына жорық ұйымдастыруды көздеді. Саяси жағдайдың шиеленісіп кетуіне байланысты И.Кирилловтың экспедициясы мақсатының барлығын іске асыра алмады. Тек 1735 жылы Ор өзені бойында Ор бекінісінің негізі қаланды.

Әбілқайыр және оның саясатын қолдаған феодалдық топтарды патша үкіметі басқа халықтардың азаттық күресін жаныштауда жиі пайдаланды. 1735 — 1737 жылдар аралығында башқұрт халқының көтерілісін басуда орыс үкіметі Кіші жүздің жасақтарын пайдаланды. Алайда Әбілқайырдың башқұрт билеушілерімен ауыз жаласуынан сескенген Петербург сарайы одан екінші рет ант алып, орыс үкіметіне аманат ретінде өзінің бір ұлын беруге мәжбүр етті.

1738 жылы тамыз айында Орынбор комиссиясының басшысы (Орынбор экспедициясын енді осылай атады), көрнекті тарихшы В.Н.Татищев Орынборда қазақ сұлтандарының съезін шақырды. Әбілқайырмен қатар оның ұлдары Ералы, Нұралы бар 60-қа жуық Кіші жүз бен Орта

¹ Алғашында “қырғыз-қайсақ” экспедициясы деген атпен белгілі болды.

жүз старшындары Ресейге адалдығын қуаттап, антқа бармақтарын басты.

1740 жылы башқұрт халқының екінші көтерілісі бұрқ ете түсуіне байланысты, патша үкіметі қазақтарды өз шеңгелінде мейлінше қысып ұстауға тырысты. Орынборға шақырылған феодалдар қатарында тек Кіші жүз емес, Орта жүз билеушілері де бар еді. Абылай сұлтан мен Әбілмәмбет хан да Ресейге ант берді. Алайда Орта жүз әлі де дербестігін сақтады. Абылай мен Әбілмәмбеттің ант беруі саяси жағдайдан туған айла — Ресеймен жақындасып, Орта жүзге қарсы жоңғар шабуылдарын әлсіретуді көздегендік еді.

XVIII ғасырдың 30 — 40-жылдарындағы Кіші және Орта жүздің жағдайы. XVIII ғасырдың 30—40-жылдары қазақ халқының саяси дамуындағы күрделі кезең. Ресейдің құрамына қосылғанымен, Кіші жүздің жағдайы түзелмеді. 1740 жылы парсы әміршісі Нәдір шахтың Хиуаны талқандап, Сырдария өңіріне жақындауы қазақ руларының онсыз да қасіретті жағдайын мейлінше күрделендірді. Нәдір шахқа қарсы шыққан Хиуа ханы жеңіліске ұшырап, Нәдірдің қолынан қаза тапты. Енді Хиуаның игі жақсылары Әбілқайырды хан етіп көтеріп, жаудан қорғанбақ болды. Бірақ Нәдір шахтың қалаға жақындауынан сескенген Әбілқайыр қазақ даласына кетіп қалды. Дегенмен де, Хиуа хандығының солтүстік бөлігі Нәдір шахқа бағынудан бас тартып, өздеріне Әбілқайырдың баласы Нұралыны хан көтерді. Ол 1741 жылы жаз айында Хиуа қаласын парсы билеушілерінен тартып алды. Алайда бұл жеңіс уақытша болып, көп кешікпей-ақ Нәдір қалың әскермен Хиуаға қайта жорық жасады. Жаудан қаймыққан Хиуаның бектері Нәдірдің жағына шығып кетті де, Нұралы қазақ даласына қайта қашып келді. Осылайша Хиуаны Қазақ хандығына қосып алу туралы Әбілқайырдың жоспары мүлде іске аспай қалды және мұның өзі Әбілқайырды Ресейден қолдау іздеуге мәжбүрлей түсті. Шындығында да, Ресей патшасымен жақындасу Әбілқайырдың жоңғар ойраттарынан қорғануына біршама мүмкіндіктер берді. Жоңғарлар қазақ жеріне тағы да басып кіретіндерін айтып, Әбілқайырдан баласын аманатқа беруді сұрағанда, орыс патшасы жедел түрде араласып, Әбілқайырдың Ресейдің қол астындағы билеуші екенін айтып, жоңғарлардың билеушісі Қалдан Серенді (Галдан-Цэрэн) мұндай талаптан бас тартуға мәжбүрледі. Орта жүзді билеп отырған Тәуке ханнан тараған сұлтандар

жоңғар билеушісін мойындап отырғанын және Ұлы жүзде шын мәнінде жоңғарлар билігі орнағанын ескерер болсақ, Әбілқайыр ханның Кіші жүзді жоңғар ойраттарынан тәуелсіз жағдайда сақтап қалуы, оның хандыққа таласқан басқа әріптестері арасындағы саяси беделін көтере түсті. Мынаны да ескерген жөн: Әбілқайыр бұл кезде Ресейге әскери одақтас ретінде қажет болды. Сондықтан да патша өкіметі басқа хандарға және сұлтандарға қарағанда Әбілқайырға көбірек қолдау жасады. Осыған байланысты Орта жүздегі Жәнібек және Кіші жүздегі Есет тәрізді халыққа ықпалды батырлар мен билер Әбілқайырды қолдап, оны хан ретінде мойындай бастады. Орта жүздің де кейбір билеушілерінің өзін қолдай бастағанын аңғарған Әбілқайыр солтүстік аймақтарда көшіп жүрген рулар мен тайпаларға өзінің ұлдарын билеуші етіп тағайындап, Тәуке әулетінен шыққан сұлтандарды биліктен ығыстырды. Осылайша XVIII ғасырдың 40-жылдарының басында Әбілқайыр бүкіл қазақ даласына аға хан болуға лайықты дара тұлға ретінде көрінді. Әбілқайыр осыны пайдаланып, Орта Азия хандықтарымен және жоңғарлармен жақындасудың жолдарын іздестіре бастады. Мұндағы Әбілқайырдың саясаты — көрші мемлекеттермен бейбіт қатынастарды орнату арқылы біртұтас Қазақ хандығын қайта орнықтыру еді. Мұның өзі Қазақ хандығын қалпына келтіруге әрқашан қарсы болып келген патша өкіметін қауіптендіре бастады. Сондықтан патша өкіметі Әбілқайырдың көрші мемлекеттермен келіссөздер жүргізуіне әртүрлі шаралар арқылы барынша кедергі жасап бақты. Әбілқайырға қарсы күресте, әсіресе Орынбор шекаралық комиссиясының жаңа төрағасы И.И. Неплюев ерекше белсенділік көрсетті. Ол башқұрттар мен қазақтардың көшу жолдарының жақындасуына мүмкіндік бермеу үшін олар шектесетін аймақтарда жаңа қамалдар мен қалашықтар жүйесін салуды қолға алды және қазақтың игі жақсылары мен башқұрт билеушілері арасында қарым-қатынастардың орын алуына барынша кедергі жасап, башқұрттарға жіберілген қазақ елшілерін кейін қайтарып отырды. И.И. Неплюев 1735 жылы негізі қаланған Орск қалашығын 1743 жылы жаңа жерге көшірді. Бұл қоныс Орынбор деп аталды. Орынбор башқұрттар мен қазақтардың жақындасуларына басты кедергі жасайтын әскери қалашыққа айналды. Бірақ патша үкіметі үшін Әбілқайырды Орта Азия хандықтарынан оқшаулау едәуір қиынға түсті. Тілі, діні, дәстүр-салты

жақын халықтардың бірігіп кету қаупі патша өкіметінің мазасын алды. Сондықтан да И.И. Неплюев дипломатиялық жолдармен бұған кедергі жасап бақты. Ол 1746 жылы Хиуа тағына отыруға шақырылған Әбілқайырдың баласы Нұралыны осы ұсыныстан бас тартуға көндірді. Нұралы хиуалықтардың және парсылардың қолдауымен Хиуаға хан болған жағдайда Әбілқайырдың қазақ даласында ғана емес, Орта Азияда да беделі арта түсетін еді. Орыс билеушілері осыдан қорықты. Нұралы келмегендіктен Хиуа хандығының тағына 1747 жылы Әбілқайырдың ескі қарсыласы Батыр сұлтанның баласы Қайып отырды. Мұның өзі Хиуа хандығымен шекаралас аймақтардағы қазақ ру-тайпалары арасында Әбілқайырдың беделін едәуір төмендетіп, Кіші жүздегі Батыр сұлтан бастаған оған қарсы топтардың іс-әрекеттерін күшейте түсті.

Ал жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің 1741—1742 жылдары Орта жүз бен Кіші жүзге ұйымдастырған бұрынғы “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан” кем түспейтін шапқыншылықтары Қазақстандағы саяси жағдайды шиеленістіре түсті.

Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен белгілі сұлтан Абылай ұлыстарын талқандаған жоңғарлар қазақтарды Орбегінісіне дейін ығыстырды. Жоңғария екі жүздің билеушілерінен қалмақтардың билігін мойындауды, қазақтардың қонтайшы белгілеп берген жерде ғана көшіп-қонуын талап етті. Алайда орыс үкіметінің Ресей билігіндегі қазақтарды қорғауға дайын екендігін ескертуі, ойраттардың әскери қимылдарына біршама шек қойды.

1742 жылғы мамыр айының 20-сы күні Ресей сенаты қазақтарды және шекаралық өңірдегі бекіністерді қорғау жөнінде арнайы жарлық қабылдады. 1742 жылғы қыркүйек айының 2-сі күні Орынбор комиссиясының төрағасы И.И. Неплюев Қалдан Серенге жолдаған хатында Ресейдің қарамағындағы қазақтарға қысымды тоқтатуды талап етті.

Жоңғар билеушілері бұл талапқа құлақ аспады. Тіпті көрнекті сұлтан Абылайды қолға түсіріп, ол жоңғар елінде біраз тұтқында болды. Ал Ресей үкіметі қазақстандық Алтай өңірінде табылған түсті металдар қоры негізінде бірнеше кен байыту зауыттарын және кеніштер салып, қарық болды. Қазақтарды қорғау деген желеумен Оралдан, Сібірден әкелінген зеңбіректерді, әскери бөлімдерді Ертіс, Алтай өңіріндегі бекіністерге орналастырған Ресей, өзінің отарлық, әсіресе шаруашылық мүддесін бірінші орынға қойды.

Ертіс пен Обь өзені аралығында Шульба, Обь, Старо-алейск форпостары, Колыван, Шағыр, Барнаул, Белоярск, Бийск бекіністері тұрғызылды. Ол Колыван-Кузнецк шебі деп аталды. Қазақ жерінде Жоғарғы Ертіс бойындағы бес бекіністен (Семей, Өскемен, Жәміш, Кереку, Омбы) басқа қосымша 21 форпост салынды. Яғни, қазақ-жоңғар тартысын пайдаланған Сібір губерниялық басқармасы Петербургтің талабымен кенге бай Алтай өңірін отарлауды тезірек аяқтауға тырысып бақты. Барлық күшті жоңғар шапқыншыларымен күреске жұмсаған қазақтар бұл қамалдар өздеріне қорғаныс болады деп сеніп, Ресейге қарсылық жасамады.

Осындай жағдайда қазақ жерін жоңғарлардан босататын күш тек қазақтардың өздері болатынын 1734 жылдан Орта жүздің ханы болған Әбілмәмбет те, ықпалды сұлтан Абылай да түсінді.

1745 жылы жоңғар билеушісі Қалдан Сереннің қайтыс болуына байланысты Жоңғарияда билік үшін ішкі бақтастық күшейіп, бұл мемлекет саяси жағынан ыдырай бастады. Енді әлсіреген Жоңғар хандығынан қазақтар ыға қойған жоқ. Осындай жағдайда Әбілқайыр хан мемлекеттің дербестігін күшейту қажет екендігін түсініп, патша үкіметімен қарым-қатынасты үзе бастады және Ресей империясының шекарасынан аулағырақ көшіп кетуге тырысты. Оңтүстік аймақтарда өзінің саясатын жүзеге асыру үшін ол, қазақтарды қарақалпақтармен соғысқа итермеледі. Алайда қарақалпақтар мекендейтін аймақтарға баруға қызыға қоймаған және өздерінің көшу жолдарын өзгерткілері келмеген қазақ билеушілері Әбілқайырдың бұл әрекетін қолдай қойған жоқ. Оның үстіне ханға бағынышты болған Жәнібек және Есет тәрізді қазақтарға ықпалды тарихи тұлғалар, сондай-ақ Әбілқайырдың өзінің балалары да ханның патша өкіметінен қол үзуді қолдай қоймады. Әбілқайырдың патша өкіметімен келісімге келмеуіне байланысты қазақ тайпалары орыстарға жаулық саясат ұстанып, орыс шекаралық шептеріне оқтын-оқтын жорық жасау күшейді. Әбілқайыр қазақ даласы арқылы өтетін патша өкіметінің керуен жолдарын жауып тастағандықтан, Орта Азиядағы сауда-саттықтың деңгейі де төмендеп кетті. Оның үстіне Қазақ хандығының дербестігін күшейтуді көздеген Әбілқайыр орыстармен емес, керісінше жоңғарлармен жақындасудың жолын іздестіре бастады және осы ойын жүзеге асыру үшін өзінің қызын Жоңғар билеушісі Цеван Дорджиға ұзатты. Мұның бәрі

қазақ даласындағы Әбілқайырдың жаулары Барақ және Батыр сұлтандардың оған қарсы жаулық пиғылдарын күшейте түсті. Дегенмен де, патша өкіметі Әбілқайырдан айырылмауға тырысты. Осы мақсатпен 1748 жылы А.И. Тевкелев Әбілқайырмен келіссөз бастады. Ор қамалына жақын жерде өткен осы келіссөз Әбілқайыр мен патша өкіметінің қарым-қатынасын қайта қалпына келтірді. Енді қазақ даласында Әбілқайырдың ықпалы қайтадан күшейді. Мұның өзі Әбілқайырға жау сұлтандардың мазасын алды. Кіші жүздегі Әбілқайырмен бақталас Батыр сұлтан — Әбілқайыр ханға қарсы күресті. Ол Орта жүздің ықпалды сұлтаны Барақты азғырып, Әбілқайырға қарсы айдап салды. Батыр сұлтанға Әбілқайырдың Сырдария аймағында көшіп жүрген қарақалпақтарды өз ықпалына түсіруге тырысуы ұнамады. Өйткені қарақалпақтардың көшу жолдары Батыр сұлтанның иеліктері арқылы өтетін еді. Ор қамалы маңындағы Әбілқайырдың Ресеймен жүргізген келісімінен кейін көп кешікпей-ақ, ханның қарақалпақтарға жорығы қайта жанданды. Бұған қарсы шыққан Барақ сұлтанның жасақтары мен Әбілқайыр әскерлері арасында қарулы қақтығыс орын алды. Осындай шырғалаңда Барақ ханды өлтірді.

Әбілқайырдың өлімі Қазақ хандығын сыртқы күштерге сүйене отырып, қалпына келтіру әрекетін болдырмай тастады. Оның бұл істе Ресейге сүйенген саясаты қазақтардың үлкен бөлігінің қарсылығын тудырып қана қоймай, кейінгі ұрпақтардың да түсінбеушілігін туғызды. Өртүрлі айла шарғылармен Қазақ хандығын нығайтуға тырысқан Әбілқайырдың саясаты, түптің-түбінде жүзеге аспай қалды. Қазақ хандығында Әбілқайырдан кейін де бытыраңқылық пен билікке талас өрістеп, одан мемлекеттің іргесі шайқала түсті.

Әбілқайыр ханның 1731 жылы Ресей билігін мойындауы, әрине, Қазақстан тарихындағы өзекті оқиға. Бұл қадамның жоңғарлардың қазақ жеріне шапқыншылығына белгілі дәрежеде шек қойғаны мәлім. Шын мәнінде, Кіші жүздің Ресеймен іргелес жатқан шағын өңірі ғана орыс үкіметінің әкімшілігіне тәуелді болды. Орта жүзбен, Хиуа хандығымен іргелес аудандарға орыс билігінің ықпалы әлі де шамалы еді. Қазақ сұлтандарының басым бөлігінің Әбілқайырға қарсылығы орыс үкіметінің түпкілікті жоспарының орындалуын, біртіндеп отарлауды қиындатты. Патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген алғашқы саяси-

экономикалық шаралары онша табысты болмағанымен, Петербург билеушілері қазақ жерінің Азияға “кілт пен қақпа” екенін ескеріп, қандай жолмен болсын өз ықпалын нығайтуды империяның шығыстағы саясатының күретаымыры ретінде қарастыра бастады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Кіші жүздің Ресей империясы құрамына кіруінің алғышарттарын сипаттап беріңдер.
2. Кіші жүздің Ресейге қосылуына жоңғар шапқыншылығының зардаптары қалай әсер етті?
3. Ресей билігін мойындауда Әбілқайырдың қандай мақсат көздегенін айтып беріңдер.
4. А. Тевкелевтің Кіші жүзге елшілігі қандай нәтижемен аяқталды?
5. Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі туралы айтып беріңдер.
6. Ресейдің отарлау саясатының тереңдей түсуін, қандай жағдайлармен түсіндіруге болады?

Құжаттар

Әбілқайыр ханның императрица Анна Иоанновнаға жазған хатынан

8 қыркүйек, 1730 жыл.

“...Пікіріңізді білейін дегеніміз, Сіздің билігіңіздегі Жайықтың сыртында орналасқан башқұрт халқымен біздің арамызда жақын байланыстар болған жоқ. Тақсыр Сіздің қол астыңызда болуымызды қалап, Сіздің билігіңізді мойындаған Алдарбаймен өз өкілімді жіберіп отырмын... Біз, Әбілқайыр хан, менің соңымнан ерген Орта және Кіші жүз қазақтары Сіздің алдарыңызда иілеміз, Сіздің қызметіңізбен, қарапайым халқымызбен Сіздің қамқорлығыңызда болғымыз келеді. Жайықтың ар жағындағы Сіздің қамқорлығыңыздағы башқұрт халқымен келісімде өмір сүру үшін Сіздің қайырымыңызды күтудеміз”.

АВПРИ. Ф.122. О. 122/1. 1730. Д. 7. Л. 45 об.

§ 4. ҚАЗАҚСТАН ХVІІІ ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДА

Әбілқайыр өлгеннен кейінгі жағдай. ХVІІІ ғасырдағы Қазақстанның ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін, ханның мирасқорлары ол біріктірген Кіші және Орта жүздердегі кейбір иеліктерін сақтап қала алмады. Мұның басты себебі, Әбілқайыр ұрпақтарының әкелерінен де гөрі орыс билігімен жақындаса түсуге ұмты-

лулары еді. Әбілқайырдың орнына хан болған үлкен ұлы Нұралы орыс билігінен өзін осы лауазымға ресми түрде бекітуді өтінді. Патша үкіметі оны 1748 жылы Кіші жүздің ханы лауазымына бекітті. Мұның өзі бұрыннан Әбілқайырға жаулық көзқарас ұстанып келген сұлтандар мен билердің Нұралыға қарсы іс-әрекеттерді күшейте түсулеріне алып келді. Әбілқайырдың ата жауы Батыр сұлтан өзінің ықпалындағы шекті руының қолдауына сүйене отырып, Нұралымен қатар өзін хан сайлауға қол жеткізді және орыс билігі қолдаған Нұралыны хан ретінде мойындаудан бас тартты. Осылайша Кіші жүзде екі хандық құрылды. Оның оңтүстік шығысындағы аймақтар Батырды қолдап, соған бағынса, ал солтүстік батысындағы рулар мен тайпалар Нұралының хандығына кірді. Алайда Нұралының басқаға бодандыққа ұмтылған саясатына, оның қол астындағы сұлтандардың біразы қарсы болғандықтан, оның хандығындағы шеткергі аймақтар өздерін одан аулақ ұстап, тәуелсіз өмір сүре бастады. Батыр сұлтанды күшейте түскен оның Ресей аймағынан аулақта болуы ғана емес, сонымен қатар көрші Хиуа хандығында оның баласы Қайып сұлтанның хандық құруы да еді. Мұның өзі Сырдария аймағындағы Батырға бағынышты қазақ ру-тайпаларының біршама тыныш өмір сүрулерін де қамтамасыз етті. Ал Нұралы басқарған аймақ, керісінше мазасыз күй кешіп, бірде оңтүстіктегі түрікмендермен соғысса, бірде батыстағы қалмақтармен жанжалдасып, ауыр ахуалды бастан өткізіп жатты. Мұндай ахуал Ресей империясының Кіші жүзді өзінің ықпалына бағындыруын жеңілдетте түсті. Ресейдің Кіші жүзге қатысты саясатына қазақ-башқұрт қатынастары да бірқатар өзгерістер енгізді.

1755 жылы Башқұртстанда патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы азаттық күрестің жаңа кезеңі басталды. Осы қарулы қарсылықты жаныштау кезінде патша әскери күштерінің қуғынына ұшыраған 50 000 башқұрт бас сауғалап көршілес Қазақстанға қашты. Көтеріліске қатысқандарды үрейлендіру және қашқындарды еліне қайтару үшін патша үкіметі әртүрлі айла-амалдар қолданды. Орынбор губернаторы И.И.Неплюев қазақ феодалдарына үндеу таратып, башқұрттарды талан-таражға салуға рұқсат берді. Алайда қазақ жұртына патша әкімінің хатынан гөрі башқұрттардың көтеріліс басшысы Батыршаның үндеуі жақын еді. Қазақтың жетіру тәрізді тайпалық одағы

құрамындағы рулар ежелден-ақ башқұрттармен этникалық тұрғыдан туыстас болып келетіндіктен қазақтар, негізінен, ауып келген башқұрттарға барынша қолдау көрсетті. Дегенмен де, Ресейдің ықпалындағы Нұралы ханның бағытын мақұлдауға мәжбүр болған, сондықтан да башқұрттарға жаулық қатынас ұстаған кейбір қазақ рулары оларды қудалай бастады. Мұның өзі Ресейдің екі халықты ажыратуды көздеген саясатын жүзеге асыруға көмектесіп, башқұрттар мен қазақтардың одақтасып, патша үкіметіне қарсы күреске көтерілуіне кедергі келтірді. Оның үстіне отаршылар башқұрттардың наразылығын әлсірету үшін олардың қазақ даласына қашып барғандарын кейін қайтаруға асықты. Көтеріліске қатынасқан башқұрттардың негізгі бөлігі қазақ ауылдарынан Башқұртстанға қайта оралды.

Жоңғария мемлекетінің құлауы. 1745 жылы күзде қалмақтардың билеушісі, көрнекті қолбасшы Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін, Орталық Азиядағы саяси жағдай тіпті шиеленісіп кетті. Қазақстан мен Жоңғария шекарасында қайшылықтардың күрделенуі барысында XVIII ғасырдың орта кезінде патша үкіметінің Алтайдағы зауыттары мен кен орындарына қауіп төнді. Осындай жағдайда патша үкіметі, бір жағынан, өзінің экономикалық мүдделерін қорғау, екінші жағынан, Қазақстанның тәуелділігін күшейту мақсатымен қазақ жерінде немесе оған тікелей іргелес өңірде бекініс шептерін кеңейтуге кірісті. Оған дейін 1747 жылы Алтайдың байлығына құныққан императрица Елизавета Петровна үкіметі арнайы шешіммен бұрынғы ауқатты Демидовтар әулетінің қолында болған тау-кен кәсіпорындарын орыс патшалары отбасыларының меншігі деп жариялаған еді.

Жоңғар тайпалары арасындағы өзара талас, бір кезде Орталық Азияда қуатты мемлекеттердің бірі болған Жоңғар хандығын әлсіретті. Хандыққа талас кезінде жоңғар билеушілерінің арасынан қайтыс болған Қалдан Сереннің туысы Әмірсана ерекшеленді. Ол тақ үшін күресте жоңғар ханы Лама Доржидан жеңіліп қалып, қазақтың Орта жүзінің аймағына қашып келді. Мұның өзі Абылай бастаған Орта жүз қазақтары мен жоңғарлардың арақатынасын шиеленістіре түсті. Жоңғарлардың қазақтарға қарсы жаңа жорықтары басталды. Одан, әсіресе найман және керей тайпалары көп азап шекті. Қазақтардың қолдауымен жеңіске жете алмаған Әмірсана, енді Қытайға қашып барды. Бұл жағдайды Пекин сарайы да өз мүддесіне пайдаланып қалуға тырысты.

Жоңғарияда билікке таласушылардың бірі Әмірсананы император Цянь-Лун (Хун Ли) қолдап, 1755 жылдың көктемінде Әмірсапа бастаған орасан зор қолды Жоңғарияға аттандырды. Бір-бірімен қырқысып, әлсіреген жоңғар феодалдары Цин әскерлеріне қарсылық көрсете алмады. 1755 жылғы шілде айының 19-ында император Цянь-Лунның жарлығына сай бұрынғы жоңғар мемлекетінің иелігі Цин өкіметінің меншігі деп жарияланды.

Алданғанын білген Әмірсапа, енді Цин билігіне қарсы шықты. Жағдайы қиындаған Әмірсапа Орта жүздің белді сұлтандары Абылай мен Әбілпайызға арқа сүйеуге тырысты. Маньчжур-Цин әулеті Әмірсананың қарсылығын сылтау етіп, Жоңғарияны түбегейлі талқандауға кірісті. 1756 жылдың наурыз айында маньчжур-қытай әскерлері Іле өзенін бойлай Қазақстан шекарасына дейін жетті. Жоңғар хандығын басып алған Қытай, оны ірі тайпалардың негізінде 4 бөлікке бөліп жіберді. Ал Әмірсапа болса бұған наразы болып, қайтадан Абылайдан қолдау іздеді. Әмірсананы паналатқан Абылай Қытайдың ықпалына түспеу үшін жоңғарларды қолдау қажеттігін түсінді. Бірақ Қытай әскерлері Орта жүздің жеріне басып кірген кезде қазақтар жеңіліп қалды. 1757 жылы Қытаймен жағдайды шиленістірмеу үшін Абылай жоңғарларды қолдаудан бас тартып, өзінің Қытай императорына бағынатынын мәлімдеді. Бірақ бұл Қытайдың билігін сөз жүзінде ғана мойындау еді.

1758 жылы Жоңғария толық талқандалып, халқының оннан төрт бөлігі аурудан, қайыршылықтан қырылды, оннан екі бөлігі Ресейге қашты, оннан үш бөлігі Цин әскерлерінің қолынан қаза болды, бірқатары қазақ жерін басып өтіп, Еділдің бойындағы қандастары — қалмақтарға жетуге тырысты. “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” жылдарындағы қайғы-қасірет үшін өш алуға тырысқан қазақтар оларға шабуылды үдетіп, берекесін кетірді.

Сонымен 1758 жылы Жоңғария дербес ел ретінде тарихи сахнадан жоғалды. Бұрынғы жоңғар жерінде империялық өкімшілік бірлестігі — Шыңжаң (жаңа шекара) құрылды.

Әскери шептерді салудың барысы. XVIII ғасырдың 40–50-жылдарында патша үкіметі іске асырған әскери-инженерлік шаралардың нәтижесінде Солтүстік-шығыс Қазақстан өңірі бекініс шептерімен қоршалды. Сібір редутынан Омбыға дейінгі бекіністерді *Горькая шебі* деп атады, ұзындығы — 553

верста¹. Екінші шеп — Омбы бекінісінен Ертістің оң жағасын қамти отырып, Кіші Нарын бекінісіне дейін созылды, ұзындығы — 1684 верста. Бұл бекіністер тобы *Ертіс шебі* деп аталды. Үшіншісі — Өскемен бекінісінен басталып, Алтай тауларының батысын жағалай, Колыван зауыттарын басып өтіп, Кузнецк шебімен жалғасты. *Колыван шебі* деп аталған бұл шептің ұзындығы — 723 верста болды.

XVIII ғасырдың 50-жылдарының басында жоңғар-қытай, жоңғар-қазақ қарым-қатынастарының шиеленісуіне байланысты, Ресей үкіметі Звериноголовск редутынан Омбы бекінісіне дейінгі аралықта қосымша бекіністер салуды ұйғарды. Екі алты бұрышты, тоғыз төрт бұрышты бекіністер, 33 редут, кейіннен Есіл немесе *Пресногорьковск шебін* құрды. Осы бекіністердің ең ірісі Петропавл² (1752 ж.) қамалы еді. Тобыл өзенінен тартылған Ой шебі Жаңа Есіл шебімен жалғасты (540 верста). Енді Қазақстанның батысындағы Жайықтың құйылысындағы Гурьев (Атырау) қалашығынан Звериноголовск бекінісіне дейінгі аралықтың ұзындығы 1600 шақырымға созылды. Патша үкіметі осылайша қазақ жерін бекіністер арқылы отарлаудың шешуші кезеңін аяқтады. Қамалдар қыспағында қалған қазақтардың көшіп-қонатын жері тарыла бастады.

Жайықтың, Есілдің, Тобылдың, Ертістің бойында ғасырлар бойы көшіп жүрген қазақ халқының шұрайлы жерінде отаршылдық езгі күшейді. Оның үстіне қазақтардың саяси дербестігіне жаңа қауіп төнді.

Қазақ-орыс сауда байланыстары. XVIII ғасырдың ортасында Ресейде болған сарай төңкерістері және шаруа қозғалыстары елдің көрші мемлекеттермен сауда байланыстарын әлсіреткендігі анық. Солай бола тұрса да қазақ-орыс шаруашылық байланыстары, әсіресе керуен саудасы өзінің дамуында бірқатар нәтижелерге жетті. Орынбор қаласы осы кездегі сауда айналымының белгілі бір орталығы болды. Анықталған мәліметтерге қарағанда, 1745 — 1759 жылдары қазақ даласы арқылы Орынборға жеткізілген мал басының жалпы құны 1 млн сомның шамасында бағаланған.

XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ-орыс саудасының біршама белгілі орталықтары — Жәміш, Железинск, Омбы, Семей, Өскемен, Бұқтырма (1761 жылы негізі салынған) бекіністері болды. Қазақстанды отарлауда Ресейдің

¹ Бір верста — 1,0668 шақырымға тең.

² Жергілікті аты — Қызылжар.

әскери тірегі ретінде қалыптасқан Ертіс бойындағы, Шығыс Қазақстандағы бекіністер біртіндеп әскери сипатын жоғалтып, сауда орталықтарына айнала бастады. Бұл, әсіресе Жоңғария құлағаннан кейін ерекше, айқын сипат алды. XVIII ғасырдың ортасында Ертіс бойындағы бекіністерде керуен сарайларының салынуы, баж салығын тексеретін, жинайтын арнайы мекемелердің ұйымдастырылуы, саудагер мейманханаларының ашылуы, қазақ даласында біршама тыныштық орнауы — Қазақстанның Орта Азия хандықтарымен, Ресеймен сауда көлемінің өсуіне, тауардың түр-түрінің көбеюіне мүмкіндік жасады.

XVIII ғасырдың 60-жылдары қазақ-орыс сауда байланыстарының кеңейген кезеңі. Әбілмәмбет ханның үлкен ұлы Әбілпайыз сұлтанның билігіндегі сыбан-керей, қаракерей-найман, бура-найман, Абылайдың қамқорлығындағы уақ, қыпшақ рулары Жәміш, Семей бекіністерінде өзара тиімді сауда-саттық байланыстарын орнатты. Қазақтардың жиі саудалайтын тауарлары: мал, малдың терісі, киіз, т.б. болды. Жылдан-жылға саудамен арнайы айналысатын қазақ саудагерлерінің де саны өсе берді.

Қазақтармен сауданың тиімділігіне көңіл аударған орыс үкіметі бекіністерде мешіттер салғызды. Бұхар, Қоқан, қазақ саудагерлерінің сұрауымен айырбас сарайларын кеңейтті. Ал Керекудің маңайында Қалқаман, Қарасу тұз көлдері Батыс Сібірді, Орта Азия хандықтарын сапалы ас тұзымен қамтамасыз ететін орталықтар ретінде белгілі болды.

1766 жылы Бұхар саудагерлерінің өтінішімен Әбілмәмбет хан императрица II Екатеринаға хат жолдап, Түркістан арқылы өтетін ірі керуендерді Семей, Жәміш бекіністерінде шек қоймай қабылдауға рұқсат алды. Алайда орыс саудагерлерінің мүддесін қызғыштай қорғаған патша үкіметі, шетелдік көпестерге қазақ жерінде (әрине, Ресейдің құрамындағы) Ресейдің өзінде жеткілікті мөлшерде шығарылатын заттарды сатуға, айырбастауға тыйым салды. Ресейдің ішкі губернияларынан және Сібір қалаларынан айырбасқа әкелінетін басты орыс тауарлары: шойын және темір қазан, шелек, шұға, барқыт, қалайы, қант, нан, т.б. сияқты көшпенділердің күнделікті өмір қажеттерін қанағаттандыратын тауарлар болды.

Орта Азия көпестерінің айырбастайтын басты заттары да қазақтарға баяғыдан таныс дүниелер: алаша, барқыт, қыжым, қамқа, жылтыр мата, әртүрлі жемістер, т.б. еді.

Шәуешектен, Құлжадан, Ақсудан, Қашқардан келетін қытай саудагерлерін қазақ ауылдары құрметпен қабылдайтын. Шетелдермен сауда Қазақстанның көрші елдермен экономикалық байланыстарының кеңеюіне жол ашты. Алайда қазақ-орыс саудасындағы отарлық белгілер, кейіннен бұл сауданың бір жақты дамуына жол ашты, Қазақстанның Ресейге тәуелділігін күшейтті.

Патшалы Ресейдің жер мәселесіндегі отаршылдық саясаты. XVIII ғасырдың 50—60-жылдары патшалы Ресей үкіметі Қазақстанды тәуелді ете түсу үшін әрқилы шараларды іске асыруға тырысты. Жайық, Сібір, Орынбор казак әскерлерінің ұйымдастырылуы, әсіресе Ертіс, Есіл және Жайық бойындағы ғасырлар бойы көшпенді мал шаруашылығының өрісі болған өңірлерге казактардың көз алартуы орыс-қазақ байланыстарын шиеленістіре түсті. Ресейдің билеуші топтарының көздеген мақсаты — шұрайлы, суы мол жерден қазақтарды ығыстыру, біртіндеп казактарды осы аудандарға орналастыру еді.

Петербург билеуші топтарының арнайы нұсқауларында патша үкіметінің отарлау саясаты ашық жарияланды. 1756 жылы қыркүйек айында қабылданған шешімде, Жайық жағасына жақын жерде қазақтардың малын жаюға алғаш рет ресми шек қойылды. Ал 1757 жылғы желтоқсан айының аяғында Кіші жүз ханы Нұралыға тапсырылған орыс үкіметінің шешімімен қазақтарға Жайық өзенінен мал айдап өтуіне тыйым салынды. Ертіс пен Жайық жағасына мал жаю үшін қазақ феодалдарының орыс әкімшілігіне аманат тапсыруы міндеттелді.

Сөйтіп, қазақ феодалдары ғасырлар бойғы жайылымдарын пайдалану құқығынан айырылды. Осындай ауыр жағдайға жол ашқан бір себеп — ресейлік отаршыл-әкімшіліктің жекелеген қазақ ақсүйектерінің арасындағы алауыздықты пайдаланып, керек болған жағдайда ахуалды өршітіп отыруы болды. Кіші жүз ханы Нұралы мен Батыр сұлтан арасындағы осындай кикілжің нәтижесінде Петербург билеушілері, Каспий теңізі мен Жайық өңіріндегі шұрайлы жерді казактарға оп-оңай тартып әперді. Ең құнарлы жер орыс помещиктері князь Юсупов пен граф Безбородконың қолында қалды. Жайық казактары тіпті Еділ мен Жайықтың аралығындағы жерге қазақтардың бұрынғыдай көшіп-қонуына мейлінше қарсылық білдірді. Олар қазақтардың малы Жайықтан Еділге қарай өткенде шөпті басып, жайпап

кетеді дегенді сылтау етті. Қазақтардың өз жерін еркінше пайдалануына жасанды шек қойылып отырғандығын патша өкімшілігінің Орынбор өлкесіндегі өкілдері де мойындады.

Алайда 1757—1758 жылдары Орынбор өлкесін басқарған П. И. Рычков пен А. И. Тевкелев Жайық бойында қазақтардың мал жаюға шек қойған үкімет талабын ресми түрде іске асырудың орынсыз екенін түсінді және аманат алу арқылы қазақтарға Жайықтың оң жағасына өтуіне рұқсат берді. Ал Орынбор губернаторы А. Г. Давыдов қысым көрсетуден таймады.

Далалы, құмды аудандарға ығыстырылған қазақтардың жағдайы ауырлап кетті, жұт пен қыстың суық айлары Кіші жүз қазақтарының шаруашылығы мен күнделікті өміріне бақытсыздық әкелді.

Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарындағы қазақтардың жағдайы да ауырлады. Ертістің оң жағасындағы шұрайлы жерді Сібір губерниялық басқармасының қолдауымен өздеріне қаратып алған бекініс коменданттары әртүрлі айламен Орта жүз билеушілерін бір-бірімен қырқыстырып, құнарлы, суы мол жерге қазақтардың мал жаюына қарсылық білдіріп отырды.

Орыс-казактардың санын көбейту үшін осы өңірге Ресейдің әр түкпірінен қылмыскерлерді, жерсіз шаруаларды, 1760 жылы тіпті алыстағы Доннан, Башқұрт жерінен казактарды әкеліп қоныстандырды. Тек 1799 жылғы қараша айында император І Павелдің жарлығына сай, Орта жүз қазақтарынан 45 000 отбасына Ертістің оң жағасына қайтадан қоныстанып, мал жаюына рұқсат етілді.

Сонымен XVIII ғасырдың орта шеніндегі Қазақстанның саяси-экономикалық дамуында бірқатар жаңа өзгерістер қалыптасты. Патша үкіметінің отарлау саясатына қарамастан қазақ-орыс сауда байланыстары, Қазақстанның шетелдермен қатынастары өзара тиімді жағдайда дамыды. Алайда патша үкіметінің қазақтардың өз жерін пайдалануына шек қоюы, орыс-казак шаруаларын қоныстандыра бастауы, олардың отарлау шараларының бастамасы болатын.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Кіші жүзде Әбілқайырдың өлімінен кейінгі жағдай қалай қалыптасты?
2. Ертіс, Жайық бойында әскери шептер салудың мақсаты неде?
3. Жоңғарияның талқандалуы қазақ-орыс-қытай байланыстарына қалай әсер етті?

4. Қазақ-орыс саудасының басты орталықтарына сипаттама беріңдер.
5. Қазақ-орыс саудасындағы отаршылдықты қалай аңғаруға болады?
6. Патша үкіметінің қазақтардың Жайық, Ертіс бойына көшіп қонуына тыйым салуының себебі неде?

Құжаттар

Шекаралық бекіністерді қорғауды күшейту туралы

27 қаңтар, 1745 жыл.

“Зауытқа (шекарадағы. — Ж.Қ.) арнайы келген үкімет өкілінің пікірінше, егер тау-кен өндірісі дамыса, халықтың да санының өсуіне әсер етеді. Жоңғарлар мен басқа да далалық халықтар тау өңірінен ығыстырылуға тиісті. Орыстар бұл өңірде жайлы қоныстана бастаған, әсіресе Есіл өзені өңірінен, Сібір қалаларынан көптеп келіп жатыр.

Қауіпсіздік үшін бірнеше қарапайым бекіністер тұрғызған жөн. Тобольскіден, Екатеринбургтен зеңбіректер жеткізген дұрыс”.

Алтай өлкесі мемлекеттік мұрағаты.
103-қор, 1-тізім. 55-іс. 104-парақ.

Императрица Анна Иоанновнаның Орынбор экспедициясының төрағасы И.Кирилловқа берген нұсқауларынан

18 мамыр, 1734 жыл.

Ішкі (қазақ. — Ж.Қ.) Ордада болып жатқан оқиғалар жөнінде мүмкіндігінше хабардар бола отырып, олардың (жоңғарлардың. — Ж.Қ.) қытайлықтармен соғысында кім қандай жағдайда болатынын білу қажет. Сібір өңірі жөнінде олардың жат пиғылдары жоқ па екен? Осыны анықтау мақсатында башқұрттар мен қырғыздар (қазақ. — Ж.Қ.) арасынан сенімді адамдарды іріктеп, сол өңірге аттандырып, олар Сібір губернаторына көрген-білгендерін хабарлап отырса”.

Казахско-русские отношения в XVI—XVIII веках.
Документы и материалы.
Алма-Ата, 1961. С. 115.

§ 5. АБЫЛАЙ ХАН БИЛІГІ

Абылайдың қолбасшы, саяси қайраткер ретінде қалыптасуы. Абылай — қазақ феодалдық мемлекетінің бұрынғы шекарасын қалпына келтіріп, өз хандығы кезінде елдің саяси-экономикалық дамуына түбірлі өзгерістер енгізген атақты мемлекет қайраткері.



Абылай хан

Орта жүздің сұлтаны Уәлидің баласы Абылай (Әбілмансұр) 1711 жылы дүниеге келген. Атасы — Түркістан қаласының билеушісі (оның есімі де Абылай) әскери жорықтарда ерекше көзге түсіп, жауына қаталдығы үшін “қанішер” деген жағымсыз атқа ие болған. Абылайдың он үш жасында ауылын жау шауып, әкешесі, туыстарынан айырылған бала, әкесінің қызметшісінің көмегімен жаудан қашып құтылған. Абылай алғаш Түркістан аймағын паналады. Ол осында үйсіннің атақты биі, кейінен Ұлы жүздің бас биі атанған Төле бидің малын бақты. Мұнда ол, біраз уақыт өзінің хан тұқымынан екендігін жасыруға мәжбүр болды, жоңғарларға қарсы күресте қатардағы сарбаз ретінде қатысып, ерліктерімен елдің көзіне түсті. 1731 жылы жоңғарларға қарсы шайқаста ол, Абылай атасының есімін ұран қылып жауға шауып, өзінің ерекше ерлігімен қиын жағдайдан қазақ жасақтарын құтқарды. Осы кезден бастап қазақ батырлары, билері және сұлтандары қарапайым малшы болып жүрген, қара халықтың арасында өсіп, тәрбие алған Абылайдың шығу тегін анықтады. Көп ұзамай Абылайдың бойынан ірі қайраткерге тән қасиеттер байқала бастаған. Ақылымен, ержүректілігімен, табандылығымен ерекше көзге түскен. Қашып жүргенде аты-жөнін жасырып, “Сабалақ” атанған Абылай әкесімен ағайындас Орта жүз ханы Әбілмәмбет сарайындағы ақсүйектерге келіп қосылады. Оны Ұлы жүздің атақты биі Төлемен бірге Орта жүздің беделді тарихи тұлғасы Қаздауысты Қызыбек би өздерінің қамқорлықтарына алып, ақыл-кеңестерін айтып, әрқашан қолдап отырды.

Абылайдың өмірі мен ерлігін жырлаған Бұқар жырау оның жас кезіндегі ауыр өмірін төмендегі шумақтармен білдірген:

Әй, Абылай, Абылай!
Сені мен алғаш көргенде
Тұрымтайдай ұл едің...
...Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан құл едің...
...Абылай атың жоқ еді,
“Сабалақ” атпен жүр едің...

15 жасынан жоңғар шапқыншылығына қарсы күреске белсене атсалысқан Абылай қазақтарды жоңғар шабуылдарынан құтқарып, елдің тыныштығын, бірлігін қамтамасыз етуді алдына мақсат етіп қойған. Екі ірі мемлекет — Цин және Ресей империялары арасында қыспақта тұрған елдің жағдайын, тап қазіргі ең ірі қауіп — Жоңғар шапқыншылығы екендігін түсіне білген Абылай және басқа да ірі сұлтандар ел мүддесі үшін Ресейге арқа сүйеуге тырысты.

1740 жылғы тамыз айында Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай Орскіге келіп, Ресей империясының билігін мойындады. Орынбор комиссиясының төрағасы, князь В. Урусовтың мақсаты бүкіл Орта жүзді Ресейдің құрамына қабылдау еді. Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның Ресейге бодан болуға келісіп, қолдарына құран ұстап ант беруі орыс билеушілеріне ұнады. Қазақ билеушілері кейінгі оқиғалар барысы көрсеткендей, бұл әрекетке жоңғар шапқыншылығы қауіпі төнген ауыр жағдайда елге төнген қатерден құтылудың басқа жолы болмағандықтан, амалсыздан барған еді. Сондықтан да Абылай мен Әбілмәмбеттің бұл әрекеті сол кезеңдегі ақылға қонымды, бірден-бір дұрыс шешім болып табылды. Келесі 1741 жылы жоңғарлар Орта жүздің аймағына қалың әскермен басып кірген кезде орыстар қазақтарды жақтап, бұдан былай Жоңғар хандығы Кіші жүз бен Орта жүзге байланысты өздерінің өтініштерін орыс үкіметіне айтулары қажет екендігін қатты ескертіп, жоңғарлардың қазақ жерін өз беттерінше жаулауына тыйым салды. Алайда жоңғарлармен қырғын соғысқа белсене қатысқан Абылай уақытша Орынбор әкімшілігінен қол үзді. Жаумен соғыстың бірінде Абылай сұлтан жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің жақыны Шарыш батырды өлтіріп, бірақ өзі де кездейсоқ жағдайда тұтқынға түсті. Осындайда бұл мәселеге орыстар тағы да араласып, Абылайды өлімнен құтқаруға қол ұшын берді.

1743 жылы тамыз айында тұтқыннан босаған Абылай жоңғар феодалдарымен күресті одан әрі өрістетті. Өзінің серіктері Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Қанжығалы Бөгенбай, Тарақты Байғозы, Малайсары, Баян, басқа да халық батырларының күшін бір арнаға жұмылдыра білген Абылайдың күресі, басқа да халықаралық оқиғалармен қатар Жоңғария мемлекетін әлсіретуге әсер етті.

Абылайдың мақсаты — жоңғар шапқыншылығы кезінде олар уақытша басып алған шекаралық өңірдегі қазақтардың тарихи иелігін қайтарып алу еді. Жоңғарияға хан болуды

көздеген Әмірсананың қазақ жеріне паналауын Маньчжур-Цин әулеті көрші елге үрей туғызу, тіпті шабуыл жасау үшін пайдаланды. Қазақтар арасына қашып келген Әмірсананы ұстап беруден бас тартқан Абылайға “сабақ беру” үшін және халқы қырылып, тоз-тозы шығып бос қалған Жоңғария мен Қазақстан шекарасындағы иеліктерді тезірек өзіне қарату мақсатында Цин үкіметі Қазақстанға көп әскермен, мол қолмен басып кірді.

Абылайдың туы астына үш жүздің жасақтары жиналды. Кіші жүзден Ералы сұлтан бастаған қол көмекке келді. Жақсы қаруланған, ірі шайқас жүргізуден мол тәжірибесі бар, зеңбіректермен қаруланған Маньчжур-Цин күшіне ашық қарсы тұру қиын еді. Қытай қолбасшылары Фу Дэ, Чжао Хой бастаған әскер 1757 жылдың маусым айында Қазақстан шекарасына басып кірді. Қазақстандық Алтайдағы Ресей империясының тау-кен өндірісіне, қазақ жеріндегі шекаралық бекіністеріне де қауіп төнді. Әмірсана отбасымен Тобольскіге аттандырылды. Жоңғар хандығын талқандаған қытайлықтардың қол астында көптеген қазақ ауылдары қалып қойды. Сонымен қатар басып алған аймақта қамалдар салуды қолға алған қытайлықтар, қазақ ауылдарының Аягөз өзенінен шығысқа қарай көшулеріне де тыйым салды. Осындай ауыр жағдайда Орта жүз қазақтарының біразы Ертіс өзенін бойлап орыс шекарасына жақын маңда көшіп жүрді. Мұның өзі қазақтар мен орыстардың арасында жайылымдық жерлерге байланысты қақтығыстарды туғызды. Ахуалдың күрделене түскеніне қарамастан, Абылай дұрыс саясат ұстанып, патша үкіметімен де, Қытаймен де бейбіт қатынастарды сақтауға күш салды. Іс жүзінде олардың екеуіне де бағына қоймаған ол, өзінің бодандықты мойындайтынын мәлімдеумен болды. Бұл қазақ халқын күшті жаулардан сақтау үшін Абылайдың қолданған айлакер саясаты еді. Осылайша ол, патша үкіметімен қақтығыста Қытайдан қолдау тапса, ал Қытаймен қарым-қатынас ауырлап кеткенде Ресейдің қолдауына сүйеніп отырды. Дегенмен де, Абылай, бәрінен бұрын қытайлықтардың қаупінен қатты сақтанды. Сондықтан да ол 1762 жылы II Екатерина патшайымға өзінің бағынышты болатынын мәлімдеп ант берді. Сонымен қатар ол, өзінің бұл әрекетімен қытайлықтарды қазаққа қарсы қойып алмауды ойластырып, Қытай императорына үлкен сыйсыпаттармен елшілер аттандыруды да ұмытқан жоқ. Абылай қытайлықтардың сеніміне кіру үшін тіптен өзінің ұлы

Әділді Қытай билеушісіне аманат етіп жіберді. Мұның өзі Қытайды Түркістан мен Самарқанға жорық жасау ниетінен бас тартқызды. Осылайша Абылай екі үлкен империяның ортасында қазақ елін және мемлекетін қорғаудың бірден-бір дұрыс жолын таңдады және үлкен саясатта алғырлық танытып, айтарлықтай жеңістерге жетті. Цин әулетімен әскери-саяси тартыстың қазақ елі үшін қауіптілігін түсінген Абылай хан, қазақтың атақты билері Қазыбекпен және Төле бимен ақылдаса келе, Қытай мемлекетімен арадағы кикіл-жіңді келіссөзбен шешуге бел байлады. Сөйтіп, XVIII ғасырдың 20–30-жылдарында жоңғарлар басып алған шекаралық аймақтағы жайылым жерлер дипломатиялық жолмен қайтарылып алынды.

Абылай ханның кезіндегі Қазақ хандығы. Ресей және Қытаймен қарым-қатынас. Географиялық жағынан екі ірі мемлекеттің қыспағында болған Қазақ хандығының билеушісі Абылайдың басты мақсаты — мемлекет дербестігін қалай да сақтап қалу еді. Дипломатиялық шаралардың шебері Абылай, хан болып сайланғанға дейін де Тарбағатай таулары, Алтай сеңгірі, Зайсан көлінің шығысындағы қазақ жерін қайтаруда қыруар күш-жігер жұмсады. Жоңғария тарихи сахнадан мүлде жоғалып, оның жерін басып қалған Маньчжур-Цин билеушілері Абылаймен келісе отырып, жаңа шекара белгіледі.

1757—1760 жылдары қазақ елінің дербестігін, жер аумағының бірлігін қамтамасыз ету мақсатында Абылай Қытайдың да билігін мойындайды. Бір жағынан, Абылай 1740 — 1742 жылдары Ресейге ант берумен қатар Қытайдың билігін қабылдауын, дипломатиялық шешім деп бағалады. Абылай, сонымен қатар Орта Азия елдерімен байланысын дамытуға да көңіл бөлді. XVIII ғасырдың 70-жылдарының басында Абылай бірқатар соғыстарда Ходжент әміршісіне, Ташкент бегіне соққы берді. Қазақтар жоңғарлармен соғысып жүргенде өзбек бектеріне ауып кеткен Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа бірнеше қалаларды Абылай күшпен қайырып алып, қазақтардың билігіне қаратты. Олар тиесілі алым-салығын төлеп тұруға міндеттелді. Қазақстанның халықаралық жағдайы жақсара бастады. Екі үлкен империяның ортасында тиімді саясат жүргізе білген Абылай қазақтың бөлшектеніп кеткен жерлерін қайта біріктіру мақсатын жүзеге асыруды нақты қолға алды. Осындай оймен ол, негізгі күштерін оңтүстіктегі аймақтарға

күшейту үшін Абылай бұрынғы хандардан қалған дәстүр-салтты басшылыққа алып, Түркістанды Қазақ хандығының астанасына айналдырды.

1771 жылы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет дүние салды. Қазақ хандығында қалыптасқан дәстүр бойынша өлген билеушінің ұлы Әбілпайызды емес, халық арасында зор беделге ие Абылайды әйгілі Түркістанда ақ киізге көтеріп, хан сайлады. Белгілі саяси қайраткерді үш жүздің өкілдері Орта жүздің ханы ғана емес, барлық қазақтың билеушісі деп тануы — оның Жоңғарияға қарсы азаттық күрестегі, халықтың басын біріктірудегі рөлін, Ресей және Қытай мемлекеттерімен дұрыс дипломатиялық қатынас орнатып, іс жүзінде елдің дербестігін сақтап қалғандығын мойындауы еді.

Ресей үкіметі өзінің “сазайын тартқыз да, төрелік ет” деген саясатын сақтай отырып, біріккен Қазақ мемлекетінің өркендеп-дамуына құштар болмаса да, 1778 жылдың 24 мамырында Абылайды Орта жүздің ханы етіп бекітті. Абылай өзіне берілуге тиісті ханға лайықты символды қабылдауға Орынбор немесе Троицк қалаларына барудан бас тартты. II Екатерина оны Орта жүздің ханы етіп бекіту туралы грамотасын патша өкілдері арқылы ханның туған ауылына жеткізді.

Абылай хан Қазақ хандығын билеуде бірқатар жаңа өзгерістерді заңдастырды. Ірі ұлыстарды билеуге хан өзіне жақын сұлтандарды тағайындады. Сот істерін шарифат ережелеріне сай жүргізетін билер қызметіне Абылай шек қойды. Өз сарайында топтасқан халық батырларының қолдауына сүйеніп, Абылай ойлаған жоспарын қиындықсыз іске асырып отырды. Өзіне қарсы тұрғандарды ханның қатыгездікпен басып тастағандығы да айғақ. Абылай жергілікті билердің бытыраңқылыққа бағытталған іс-әрекеттерін тежеу үшін аймақтарды басқаратын сұлтандарды өзі тағайындады және олардың өзіне тікелей бағынуын талап етті. Сонымен бірге Абылай өзінің жеке әскери жасағын төленгіттер есебінен көбейтуге де күш салды. Мұның өзі тұрақты әскері жоқ қазақ елін қорғаудың қамынан туған еді. Ол жүргізген шаралар бытыраңқы жағдайға түскен Қазақ хандығын бір орталыққа бағындыру ісін айтарлықтай нығайтты және қазақ мемлекетінің қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

Хан, сонымен қатар қазақ елінің шаруашылық құрылымына да өзгерістер енгізуге тырысты. Қазақтардың Ертіс

пен Есілдің бойында, Көкшетау, Тарбағатай өңірлерінде егін шаруашылығын дамытуын қолдады. 1761 жылы орыс патшасына жолдаған хаттарының бірінде ағаштан үй тұрғызу үшін бірнеше ұста және 200—300 пұт астық жіберуді сұраған.

Петропавлға жақын жерде, Көкшетауда, Ертiс өңiрiнде, кейiнiрек Ақтөбе маңайында, Ой (Уйская) шебiне iргелес ауданда қыстақтары болған Абылай қазақтар үшін егiн шаруашылығымен айналысудың да маңыздылығын жете түсiнiп, қазақ халқының дәстүрiн, мәдениетiн дамытуға тұрақты көңiл бөлдi. Оның төңiрегiне атақты жыраулар мен күйшiлер, шешендер, қазақ даласына белгiлi суырыпсалма ақындар топтасты. Солардың қатарында кедей ортадан шыққан, Абылайдың өте бiр ұнатқан ақыны — Тәтiқара, батырлардың ерлiгiн жырлаудан талмаған, сондай-ақ ханға жақын болған Үмбетей жырау, халық поэзиясы тарихындағы ең iрi тұлғалардың бiрi, Абылайға сан шумақтарын арнаған Бұқар жырау да бар едi. Ханның кеңесшiсi әрi қазақ хандығы дербестiгiнiң жаршысы Бұқар жырау ханның iшкi және сыртқы саясатына мейлiнше әсер еткен дарынды адам болды. Өзiнiң қамқоршысы Абылайдың хандық билiгiн қорытындылай келе, Бұқар жырау төмендегiше жырлайды:

...Хан Абылай атандың
Дүниеден шықпай мiнiңiз.
Алтын тақтың үстiнде
Үш жүздiң басын құрадың,
Жетiм менен жесiрге
Ешбiр жаман қылмадың.
Әдiлдiкпен жүрдiңiз,
Әдептi iске кiрдiңiз...

Абылай 1781 жылы дүние салды. Ол Түркістандағы Ахмед Иасауи кесенесінде жерленді. Алғашында артында қалған көп ұрпағы (30 ұл, 40 қыз) үш жүзді уысынан шығармай билеуге тырысқанымен, оның құрған мемлекеті өзі өлгеннен кейін әлсірей бастады. Абылайдың бас мирасқоры Уәли сұлтанды Ресей мемлекеті Орта жүз ханы ретінде танығанымен, ол мемлекет басқаруда табандылық көрсете алмады. Қазақ хандығының ынтымағын, бірлігін Абылай сияқты қамтамасыз ете алмады. Патша үкіметінің отаршыл саясатының күшейе түсуі де бұған мүмкіндік бере қоймады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Абылайдың белгілі қайраткер ретінде қалыптасуына қандай жағдайлар әсер етті?
2. Абылай жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастыруда қандай еңбек сіңірді?
3. Абылай мемлекетінің ішкі дамуы барысын қалай сипаттауға болады?

Құжаттар

Абылай ханның Қалдан Сереннің тұтқынында болғандығы туралы мәлімет

“...Жоңғарлардың қырғыздарға шапқыншылықтарының бірінде Абылай жекпе-жекте Қалданның (жоңғар патшасы. — Ж.Қ.) ұлы Шарышты өлтіреді. Өзінің сүйікті ұлының мерт болғанын білген Қалдан өлтірушіні кім болса да қолға түсіруді талап еткен.

Батыр Құдайменді және бірнеше билерімен аң аулап жүрген Абылайды Қалданның жауынгерлері қолға түсіріп, қонтайшыға (жоңғар ханына. — Ж.Қ.) жеткізеді.

— Менің ұлымды неге өлтірдің? — деген Қалданның сауалына, Абылай былай деп жауап берген: “Айыптау маған түсіп тұр. Оны өлтірген халық. Сенің ұлың Шарышты өлтіргенде мен халықтың еркін орындадым”.

Валиханов Ч. Собр. соч. В 5-ти т. Т. I. 1985. С. 217.

Ш.Уәлиханов Абылай туралы

“Абылай 1756 жылы Боғды ханға тәуелділігін мойындады, князь деген лауазым ат және күнтізбе алды. Абылай Іле Цзянь-Цзунымен (генерал-губернаторымен) Сайрамкөл маңайында кездесіп, онымен сауда келісіміне қолын қойды. Осыған орай Тарбағатайда (Шәуешекте) және Іледе (Құлжада) айырбас базарлары ашылды”.

Валиханов Ч. Собр. соч. Алма-Ата, 1985. В 5-ти т. Т. I. С. 114.

А. Левшин Абылай туралы

“... (Абылай) өз заманындағы қырғыз (қазақ. — Ж.Қ.) билеушілерімен салыстырғанда жасымен, айлакерлігімен, тәжірибелілігімен, ақылдылығымен, өз қарамағындағы халықтың көптігімен басым болды. Ресей императрицасымен және Қытай Боғды ханымен қарым-қатынасында тәуелсіздігін көрсетті...”

Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. С. 264–265.

Орынбор генерал губернаторы Н.А.Рейнсдорпқа
Абылай ханның жазған хатынан үзінді


“...Менің қол астымдағы қырғыздардан 200-дей үйдің Қытайға кеткендігі туралы Қытай начальнигі Якодан хабарландым. Менің иелігіме Үлкен және Кіші Орда кіреді (Орта жүз Кіші хандықтың басқаруында болған. — Ж.Қ.). Үлкен Орда Түркістан және Ташкент қалаларының маңында қоныстанған. Онда тағы да маған қарсы соғысушы қырғыздар (тяншандықтар. — Ж.Қ.) бар, менің көш жолдарыма қауіп төндіріп отырады...”

АВПРИ. Ф. 122. Оп. 122/3. 1779. Д. 1. Л.51.

§ 6. ҚАЗАҚТАРДЫҢ 1773–1775 ЖЫЛДАРДАҒЫ Е.И.ПУГАЧЕВ БАСТАҒАН ШАРУАЛАР СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ

Соғыстың алғышарттары, себептері. Ресейдегі И.Болотников, С.Разин, К.Булавин, Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысының бір-бірінен ерекшеліктері болса да, саяси бағыты жағынан бәрі де басыбайлылыққа қарсы бағытталған бұқаралық қозғалыстар еді. Әсіресе Еділ мен Жайық бойындағы бірқатар езілген халықтар — башқұрт, татар, қазақтар 1773 — 1775 жылдардағы орыс шаруалар соғысына белсене атсалысты. Орта жүз, әсіресе Кіші жүз қазақтары белсене араласқан бұл соғыс патша үкіметіне қарсы қақтығыстар ішінде ерекше орын алады.

Патша үкіметінің Каспий теңізінің солтүстік-батыс өңіріндегі құнарлы да шұрайлы жерлерді орыс помещиктеріне бөліп беруі, қазақтардың дәстүрлі мал жаятын өңірін мейлінше тарылтты. Петербург билеушілерінің сан рет осы өңірге жазалаушы топтарын жіберуі — Жайық бойында бірінен кейін бірі тұрғызылып жатқан бекіністер коменданттарының қыспағы қазақтар тарапынан қарсылық тудырмай қоймады. Ал Жайық казак әскерінің көшпенділердің жеріне көзін алартуы жергілікті тұрғындардың патша үкіметінің езгісіне наразылығын күшейте түсті. Е.И.Пугачев және оның серіктері Жайық бойындағы қазақ шаруаларының хал-жағдайымен жақсы таныс болды. Сөйтіп, қазақтардың



Е.И.Пугачев

шаруалар соғысына белсене араласуына алғышарттар жасалды. Қазақтарды көтеріліске көптеп қатыстыру үшін Е.И. Пугачев, ең алдымен, қазақ ханымен және сұлтандарымен байланыс жасауға тырысты. Осындай мақсатпен ол сенімді адамдары арқылы қазақтарға хаттар жолдады. Е.И. Пугачев қазақтарға өзін ІІІ Петр патшамын деп таныстырып, олардың өзіне аманаттар және қарулы жасақтар жіберуін талап етті. Дегенмен де, сұлтандардың көпшілігі Е.И. Пугачев көтерілісін қолдауға келгенде берік те, тұрақты шешім қабылдай алмады. Олардың ішінен Е.И. Пугачевті Қобда және Елек өзендері маңында көшіп жүрген Досалы сұлтан мен оның бауырлары ғана мойындады және ол өзінің баласын екі жүздей жасақпен Е.И. Пугачевке аманат ретінде жіберді. Бірақ 1774 жылы Е.И. Пугачев жеңіліп, Орынборды қоршау тоқтаған соң, ол да оны қолдауын тоқтатты.

Әрине, экономикалық және саяси жағдайдың әрқилы қалыптасуына байланысты, Кіші және Орта жүз қазақтарының бұл көтеріліске қатысуы бірдей дәрежеде болды деп тұжырымдау қиын. Шаруалар соғысына, негізінен, Кіші жүздің қазақтары қатысқаны ешқандай шүбә тудырмайды.

Кіші жүз қазақтарының шаруалар соғысына қатысуын үш кезеңге бөлуге болады: І кезең — 1773 жылдың қыркүйек айы мен 1774 жылдың наурыз айының аралығы. Бұл — Пугачев үндеулері Кіші жүзде жиі тарап, қазақтардың көтеріліске стихиялық бағытта тартыла бастаған кезеңі; ІІ кезең — 1774 жылдың наурызынан күз айларының соңғы апталарына дейін көтеріліске қатысу біршама кең етек алды, алайда бұл кезде халық жасақтары жеке батырлардың туы астында шоғырланды; ІІІ кезең — 1775 жылдың қыркүйек айынан 1776 жылдың ақпан айына дейінгі кезең — қозғалыс біртіндеп саябырлап, басыла бастаған кезең.

Орта жүз қазақтарының да осы шаруалар соғысына қатысуы үш кезеңнен тұрады: І кезең — 1773 жылдың қыркүйек айынан 1774 жылдың сәуір айына дейінгі аралықта Пугачев шабармандары кең-байтақ Орта жүзді кезіп, ауылдарды көтеріліске белсене қатысуға шақырды; ІІ кезең — 1774 жылдың сәуір — маусым айлары — Орта жүз жасақтары Жоғарғы Жайық және Ой бекіністері төңірегінде Пугачев күштерін қолдады; ІІІ кезең — 1774 жылдың жазы мен 1776 жылдың аралығы — Пугачев жасақтарынан дербес

шабуылдар жасайтын болып алды. Кейде қазақтарды қолдап, башқұрттар да көтерілді. Мұның өзі Кіші жүз қазақтарының Е. И. Пугачевтің шаруалар соғысына тартылуына үлкен ықпал жасады. 1775 жылы Е. И. Пугачев өлгеннен кейін де қазақтардың көтерілістері тоқтай қойған жоқ. Оған басты себеп болған, есімі белгісіз “көзге көрінбейтін әйел” туралы әңгіменің ел арасына кеңінен таралуы болды. Бұл аңыз бойынша халықтан шыққан қарапайым әйел әділетсіздікке қарсы халықты күреске шақырып, елді жаңа “патшаның”, яғни Е. И. Пугачевтің төңірегіне топтасуға үгіттеді. Оның айналасына, негізінен, табын және тама руларынан шыққан жігіттер жасақтары шоғырланып, біртіндеп басқа рулар мен тайпаларға да тарала бастады. Мұндай әрекеттер патша үкіметінің қазақтармен шекарада едәуір үлкен қарулы күштерді ұстауына алып келді.

Негізінде, қазақ шаруаларының және жеке сұлтандардың шаруалар қозғалыстарына қатысуына түрткі болған — жер мәселесі.

Қазақ сұлтандары мен патша үкіметі арасындағы жерге байланысты қайшылықтарды өршітуге тек Жайық казактары емес, сонымен қатар XVIII ғасырдың екінші жартысында құрылған Орынбор казак әскерімен арадағы тартыс та себеп болды. 1756 жылы казак әскерлерінің мүддесін қызғыштай қорғаған патша үкіметі қазақтардың Жайық өзенінің оң жағасына көшіп-қонуына тыйым салды. Кіші жүздің ханы Нұралы көшпенді қауымның атынан патша үкіметінің Жайық өзені бойында мал жаюға тыйым салған үкімін жоюды талап етті. Осыған байланысты императрица Елизавета Петровна башқұрт көтерілісін жаншуға көмектескені үшін қазақтарға Жайықтың сол жағасында малдарын жаюға уақытша рұқсат етті.

1770 жылға дейін Жайық пен Еділ өзендері бойындағы қазақтар мен қалмақтардың арақатынасы да тым күрделі болды. 1771 жылы, шамамен алғанда, отыз мыңнан астам қалмақтардың бұл кезде тарихи сахнадан түскен Жоңғарияға қарай көшіп кетуі, жер тапшылығын бірқатар бәсеңдетті. Қазақ рулары атам заманғы өз иеліктерін қайтып алудан үміттенді. Алайда патша өкіметінің пиғылы бұл өңірден қазақтарды ығыстырып, казак әскері мен орыс помещиктерінің иелігін кеңейту еді.

Орта жүз қазақтарын ашындырып, оларды шаруалар соғысына қатыстырған да патша үкіметінің жер мәселесіндегі



Е. Пугачевтің Орынбор түбінде өзі құрған сот процесінен көрініс

отаршыл саясаты еді. XVIII ғасырдың 60-жылдарында Ертістің оң жағасындағы шұрайлы өлкені казактарға тартып алып беру, бекіністер орналасқан өңірге жақындауға тыйым салу жергілікті халықтың ашу-ызасын тудырмай қоймады. Ғасырлар бойы рулық қауым пайдаланып келген иелікті жаңадан қоныс аударған орыс шаруаларына, сібір казак әскеріне үлестіріп беруі — езілген бұқараны жермен қарық етемін деп уәде берген Пугачев бастаған шаруалар соғысын Орта жүздің қолдауының басты алғышарты болғаны ақиқат.

Кіші жүздің ірі ақсүйектері — Ералы, Досалы, Айшуақ сұлтандардың бұл соғысты қолдауы тіпті Нұралы ханның өкілі Зәбір молданың Пугачевке арнайы сыйлық табыс етуі, Абылай тұқымдарының да шаруалар соғысына үміт артуы, патша үкіметінің билігін әлсіретуді көздеуден туған еді.

Кіші жүз қазақтарының шаруалар соғысына қатысуы. 1773 жылғы қараша айының 17-сінен 18-іне қараған түнінде Нұралының арнайы өкілі Зәбір молда Усиха өзені маңында Пугачевке жолықты. Осы айдың 18-інде Пугачевтің

хатшылары мазмұны бізге дейін жеткен қазақтарға арналған үндеуді құрастырды. Нұралы ханға арналған осы үндеуде шаруалар соғысының жетекшісі Кіші жүз сұлтандарынан көмекке қол жіберуді, өзінің “таққа отыруын” қолдауды талап етті. Алайда Жайық бекінісін қоршаудағы Е.Пугачевтің сәтсіздігі ханның соғысқа қатысушыларға көмек беруге асықпауына себепші болды.

Кіші жүз феодалдарының қолдауына соншама үміттенген Пугачев, қыркүйек айының 20-сында Нұралыға арнайы үндеу жолдады. Жер мен суды, астық пен тұзды, өзен мен шөпті беруге аянбаймын деп уәдені үйіп-төккен шаруалар соғысы көсемінің мақсаты қалай да болсын қазақтарды өзіне тарту еді. Ру-рудан жиналған қазақтардың қарулы топтары 1773 жылдың қазан айының бастапқы күндерінде Жайық өзені бойындағы әскери шепке тиіп-қашты шабуылдар жасады.

II Екатерина қазақ ханы Нұралыға арнайы “грамота” жіберіп, Пугачевті өзіне жақындатпауын талап етті.

Пугачев күшінің Орынбор әскери шебіне жақындауы осы өңірде көшіп-қонып жүрген қазақтарды рухтандырды. 1773 жылғы 7 қазанда Орынбор губернаторы Петербургке хабарлағанындай, қазақ руларының арасында ерекше қобалжу байқалды. Досалы сұлтан өзінің ұлы Сейдалыны бас етіп, Пугачевке көмек ретінде қарулы топ жөнелтті. Көп кешікпей Досалының өзі де соғысқа қатысушыларды ашық қолдады. Қазақ жігіттері Пугачевтің қолымен Жайық бекінісін қоршауға табан тіресе қатысты. Кулагин бекінісін алуда басты күш қазақтардан құралған топ болды. Ал Орынборды қоршауға 200-ге жуық қазақ белсене атсалысты. 1773 жылдың қараша айында соғысқа қатысушылар мен Пугачевтің манифесіне арқа сүйеген қазақтар Жайықтың оң жағасына топ-топ болып өтіп, малдарын жайды. Жайық бекінісінің коменданты подполковник Симонов, қазақтар қарсылығының өршіп бара жатқандығын үкіметке үрейлене хабарлаған.

Алайда соғыстың өршуін өзіне тиімсіз деп қараған Нұралы хан мен оның сарайлық сыбайластары екі жақты бағыт ұстады: біріншісі — соғысты пайдаланып, жер тапшылығын жою, қазақтарға тартып алынған жайылымды қайтару; екіншісі — күннен-күнге соғысқа өршелене қатысқан өзіне бағынышты қазақтарды тәуелділікте ұстау, соғыс жеңіліс тапса патша үкіметінің алдында ақталу. Шаруалар

соғысының біртіндеп бәсеңдеуі, қазақ даласына жазалау отрядтарының жақындауы би-сұлтандардың опасыздығын тездетті. Пугачевтің қимылынан үрейленген Нұралы хан, оның інісі Айшуақ сұлтан Жайық бойындағы бекіністерге жақын көшіп барды. Кейін патша үкіметінің алдында екі ұшты қимылын жуып-шаюға тырысқан Нұралы хан, Кіші жүздің қазақтары шаруалар соғысына қатысқанда маған бағынбай кетті деп ақталды.

Орта жүз қазақтарының шаруалар соғысына қатысуы. Шаруалар соғысының өршуіне Кіші жүзге іргелес орналасқан Орта жүз тұрғындары да белсене атсалысты. Орынбор қаласын қоршауда сәтсіздікке ұшыраған Пугачев күштері Троицк бекінісіне қарай шегінуге мәжбүр болды. Енді шаруалар соғысы Орта жүзді де кеңірек шарпыды. Пугачевтің қазақ старшын, сұлтандарына жолдаған үндеуі қазақ руларының соғысты қолдауын туғызды. Көкшетау өңіріндегі қонысында жүрген Абылай ханға бұл манифестердің жетпеуі де мүмкін. Белгілі би Дәуітбай Пугачев өкілдері жеткізген үндеумен танысқан соң, өзіне жақын старшындармен келісіп, соғысты қолдауға шешім қабылдады. Алайда Пугачевті қолдаған шаруалар топтары арасында бірлік болмады.

Торғай өзенінің төменгі бойында шоғырланған старшындар Құдайменді мен Тайыр басқарған шаруалар патшаның жазалаушы топтарымен ашық қақтығыспай, қыр көрсетумен шектелді. 1774 жылдың күзінде Сібір шептеріне шабуыл жасаған қазақтар патшаның тұрақты әскерінің қысымымен Сырдария бойына ауып кетті. Бұхар хандығына дейін барған Орта жүз қазақтарының бір тобы, көктем айларында Тобыл мен Есіл өзендері бойына қайтып оралды.

Өткен жылдардағыдай патша үкіметіне қарсы күреске қарауыл, кенжеғалы, қыпшақ, керей және басқа рулар атсалысты. Осы рулардан құралған қарулы топтардың белсенділігі Пресногорьск, Петропавл, Верхнеозерный бекіністері маңайындағы оқиғаларда көзге түсті. 1774 жылдың күзінде генерал Деколонттың Петербургке, граф Панинге жолдаған хатында соғысқа қатысушылардың күш алып кеткендігі соншалық, бекіністердегі гарнизондар күшімен қазақтардың толқуын басу мүмкін емес деп қынжыла хабарлады.

1773—1775 жылдардағы шаруалар соғысына қазақ халқының белсене қатысуының маңызы зор. Бұл қозғалыс қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын жаңа сатыға кө-

терді. Халық наразылығына қарамастан патша үкіметінің отарлау саясатын жалғастыра беруі, ал қазақ билеушілерінің мансапқорлық мүддені жоғары қойып, отарлаушылар жағына шығып кетулері халықтың көзін ашып, оны жаңа күрестерге жігерлендірді.

Азаттық үшін күрескен халық, өздерінің арман-мұраттары жолында табандылық танытатын азаматтарды өзінің ортасынан шығармайынша жеңіске жете алмайтынын түсінді. Сондай тарихи тұлға байбақты руынан шыққан Сырым Датұлы болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шаруалар соғысының басталуына не себеп болды?
2. Қазақтардың шаруалар соғысына қатысуын қандай кезеңдерге бөлуге болады?
3. Кіші жүз қазақтарының Пугачев бастаған шаруалар соғысын қолдағанын қандай мәліметтер дәлелдейді?
4. Орта жүз қазақтары Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қалай қатысты, оның ерекшеліктері неде?

Құжаттар

Нұралы ханның Астрахан губерниялық басқармасына хабарынан

11 қаңтар, 1774 жыл.

“...Оның (яғни, Пугачевтің. — Ж.Қ.) адамдарының аттары сондай арық, әлсіреген, олардың (көтерілісшілердің. — Ж.Қ.) көпшілігі жаяу. Ол сұмырай (Пугачев. — Ж.Қ.) бір мың қолмен келген полковник Чернышевпен шайқасқысы келеді. 25 адамды жазалаған. Бірқатар адамды өз жағына шығарып алған. Генерал Кар екі мың әскерімен Орынборға аман-сау жетті”.

Казахско-русские отношения в XVIII—XIX веках.
Алма-Ата, 1964. Т. II. Документ №18.

“Пугачев туралы аңызға айналып кеткен хабарлар қазақ даласында ұзақ жылдар сақталды. Қазақтар Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысқан жұмысшылар және басқа пугачевшілермен қарым-қатынаста болды. Бұл шаруалар соғысы Қазақстандағы таптық күреске, қоғамдық қатынастарға біраз жыл әсер етіп отырды”.

Семенюк Г.И. Проблемы истории кочевых племен и народов периода феодализма.
Калинин, 1974. С. 147.

§ 7. СЫРЫМ ДАТҰЛЫ БАСТАҒАН КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ 1783—1797 ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨТЕРІЛІСІ



Сырым Датұлы

Көтерілістің алғышарттары, себептері және оның басталуы. Кіші жүзді отарлаудың ұлғаюы, хан билігінің сақталуы, этно-саяси бірлікке көшпелі халықтың қатысуы әртүрлі әлеуметтік топтардың өзара қайшылықты қатынастарына алып келді. Аграрлық дағдарыстың тереңдей түсуі Әбілқайыр әулетіне қарсы ішкі оппозицияны күшейтті. XVIII ғасырдың 70 — 80-жылдарының бас кезінде Кіші жүзде екі хан арасындағы күрес жаңа тарихи жағдайда да бәсеңдемеді, Кіші жүздің көп бөлігі Нұралы ханды, бір бөлігі Қайып

ханның баласы Батыр сұлтанды қолдады. Қазақтардың 1773 — 1775 жылдардағы шаруалар соғысына жаппай қатысуы Нұралы бағытының әлсірегенін көрсетті. Беделді сұлтандар жеке-дара бағыттарын белгілей бастады. Еділдің оң жағалауындағы қалмақтар да қазақтарды мазалауын қоймады. Қазақтарды талқандай алмағанымен, олар Жайық казактарының басшылығымен бірлесе қимылдап, патша өкімшілігіне сүйеніп, қазақтарды әлсіретуге тырысты.

Әбілқайыр хан өлімі Кіші жүздегі жағдайдың тұрақсыздығын көрсетті. Нұралы және оның інілері Айшуақ, Ералы, жақын туысы — Досалының Орынбордан жалақы алып тұруы, хандық биліктің күні еңкейе бастағанын көрсетті. Оның үстіне Кіші жүзде өз билігін күшейту үшін патша үкіметі Оңтүстік Оралдағы өкімшілік басқаруға бірқатар өзгерістер енгізді. Неплюевтің кезінде 1744 жылы құрылған Орынбор губерниясы таратылды. Жүздің көпшілік бөлігі Сібір және Уфа басқармасына бағындырылды. Қазақтардың Жайықтың сол жағасына өтуін бақылайтын Орал шекаралық басқармасы құрылды. Хандық биліктің әлсіреуі, орыс помещиктерінің, Жайық казак әскерлерінің зорлық-зомбылығы, ішкі өзара тартыс елдің экономикалық жағдайына нұқсан келтірді.

Шекаралық істер комиссиясы да патша үкіметі нұсқауларының жүзеге асуын қамтамасыз етуді бақылады. Казак әскерлерінің жергілікті халыққа қысымы, билеушілер арасындағы алауыздықтың күшеюі, Кіші жүздегі саяси жағдайды шиеленістіріп жіберді.

Көшпенділердің жайылымдарын өз қалауынша бөліп, халыққа заңда қарастырылмаған салық салған Нұралы ханның салық саясатының да зардапты салдарларының болғандығын атап өткен жөн.

Осындай жағдайда тарихи аренаға Пугачев қозғалысына қатысушы, батыр, шешен Сырым Датұлы шықты. Оған Еділ жағалауынан Арал теңізіне дейінгі барлық қазақ даласы үн қосты.

Көтерілістің басты қозғаушы күші — қазақ шаруалары, старшындар, билер, ру басшылары болды.

Сырым батырдың соңынан ерген ерушілердің саны туралы нақты мәлімет жоқ. Жалпы алғанда, көтерілісшілер саны 3 500 адам деп топшыланады.

Орынбор өлкесінің жаңа губернаторы, барон О.Игельстром Кіші жүзде хандық билікті жоюға тырысып, қолынан келетін бар мүмкіндікті пайдаланды. Ол II Екатерина патшайымның жан-жақты қолдауына сүйеніп, қазақтардың бірлігін іштен ыдыратуға кірісті. Осындай саясат жергілікті ұлыстарды билейтін беделді батырлар мен Шыңғыс ұрпақтары арасында бытыраңқылық тудырды. Сырым сұлтандар мен хан әулеттеріне қарсы болды, екінші жағынан, батырдың қара халық арасында беделі жоғары еді. Барон О. Игельстром өзінің тыңшылары арқылы Кіші жүздегі күштердің орналасуынан хабардар болып отырды және хандықты құлату үшін батырдың жауларын қолдап, шебер пайдаланды. XVIII ғасырдың 80-жылдарының басында Нұралы ханның әлі де Әбілқайыр әулетінің билігін қорғау үшін күші аз емес еді. Ол өзінің бауырларымен бірге Кіші жүздің біраз аймағын (оның әулеті 16 руды, Ералы — 2, Айшуақ — 7) ұстап отырды. Мұны Отто Игельстромның өзі де мойындаған.

Барон, шындығында, өлкедегі басты билеуші болды. Орал казактары губернатордың рұқсатымен қазақ жерлерін басып алып, өз иелігін кеңейтіп отырды. С.Датұлы бастаған көтерілістің бір себебі — казактардың осы озбырлығына қарсы бағытталды. О.Игельстром атамандары, негізінен, хан билігін мойындап отырған ауылдарды шабуылдады. Ресей империясының сыртқы саясаты туралы мұрағат қорындағы көптеген құжаттарда Нұралы хан казактардың қазақ ауылдарындағы әрекеті жайында баяндаған. Бұған қоса патша үкіметінің қанауы аз болғандай, Нұралы хан және оған туыс сұлтандар да қазақ ауылдарында жазалау және тонау әрекеттерін өрістете түсті. Сұлтан тұқымдарының көрші

рулар мен тайпалардың малдарын барымталап, зорлықпен айдап кетулері әдеттегі жағдайға айналды. Мұның өзі қара халықтың Нұралы ханға және оның туыстарына деген өшпенділігін арттыра түсті. Жағдай осындай шиеленісті болса да, Нұралы хан өзінің халқымен емес, орыс билеушілерімен келісімге келудің жолын іздестірді. Ол патша әкімшілігімен жазысқан хаттарында өзінің халқына сенбей, әсіресе орыс казактарымен арадағы шиеліністерді және қалмақтармен арадағы дау-дамайларды отаршылар күшімен реттеуге тырысып бақты.

1762 жылғы 10 ақпанда қазақтардың өз қол астынан Жайықтың оң жағалауына ешқандай қиындықсыз өтіп кеткендігі туралы хан Орал казактарының атаманы Андрей Бородинге мәлімдеген. Мұнымен бірге хан Еділ қалмақтары айдап кеткен 8 мың жылқыны әлі де қайтармай отырғанын білдірді. Ханның өзіне де олардың арасындағы компромистік бағыт түсініксіз еді. Халық қозғалысының алғашқы мақсаты — патша үкіметінің отарлауына шек қою және казактарға қарсы соққы беру болды.

Көтерілістің басталуы. Ресей билігінің шектен шыққан қанауы және Нұралы ханның оларға жағынуды көздеген саясаты — халық бұқарасының наразылығын туғызды. Бұл наразылықтың басында халыққа әйгілі батыр Сырым Датұлы тұрды. Көтеріліс басталған кезде Сырым алпыс жасқа жақындап қалған еді. Оның негізгі сүйеніші Еділ мен Жайықтың арасында көшіп жүрген байбақты руы болатын. Кезінде Е. И. Пугачев қозғалысына қатысушы қазақтарды жақтаған Сырым батыр өзінің ақылымен және тамаша шешендігімен, оған қосымша ержүректігімен халықтың құрметіне бөленген тарихи тұлға еді. Оның Нұралы ханмен туыстығы да бар болатын. Ханның қарындасы Сырымның әйелі еді. Осылай бола тұрса да, Сырым ханмен бірге болудың орнына халықтың мүддесін көздеп, әділетсіздікке қарсы көтерілген халықты өзінің соңынан ерте білді. Алғаш ол, өзінің әрекеттерін ханға емес, патша әскерлеріне қарсы соғыстан бастады. 1772 жылы Сырым бастаған қазақ жасақтары орыс казактарының отрядтарының біріне шабуыл жасады. Осыдан соң, патша үкіметі Сырымның соңына түсіп, оны қалайда тұтқындауға немесе өлтіріп тастауға тырысты. Сырымның соңынан ілескендер ірі руларды басқаратын билер мен старшындар еді. Олар, негізінен, кезінде жоңғарларға және Орта Азия хандықтарына қарсы күресте сыннан өткен халық

жасақтарының басшылары болатын. Сондықтан да олар хан тұқымдарының емес, халықтың мүддесін қорғап, Сырымның көтерілісіне қосылды. Отаршылардың қазақтарға жасаған шектен шыққан озбырлықтары олардың ашу-ызасын өршітті. Әсіресе көтерілісші қазақтар атаман Чаганов бастаған Орал орыс казактарының зорлық-зомбылығынан көп қорлық көрді. Олар қазақ ауылдарына басып кіріп, малды және адамдарды айдап әкетіп отырды. Мұның өзі патша әкімшілігіне қарсы көтерілісшілердің санының жедел өсуіне алып келді. 1778 жылғы мәліметтерге қарағанда, Орал казактарымен қақтығыстың бірінде Сырымның балалары қайтыс болады. Соған қарамастан, Сырым Датұлы патша үкіметіне қарсы күреске әлі де болса белсене араласа қоймады.

Батырдың Орал казак әскерлерімен ашық арпалыс жолына түсуі 1783 жылдан басталады. Орал казактарымен шайқастың бірінде Сырымның жігіттері атаман Чагановты қолға түсіріп, Хиуаға құлдыққа сатып жіберді. Мұның өзі Орал казак әскерлерінің қазақ ауылдарына жазалау жорықтарын күшейте түсті. Осы жылы желтоқсан айында кездейсоқ казактардың тұтқынына түсіп қалған Сырымды 1784 жылы көктемде Нұралы хан босаттырады. Осыдан кейін батыр ұсақ топтардың басын қосып, ірі қол ұйымдастыруға тырысты.

Сырымның Орал казак әскерімен кескілескен күресі 1784 жылдың маусым айында басталды. Көтерілісшілердің негізгі күші Төменгі Жайық шебі мен Ор бекіністері төңірегінде топтасты. Старшындар — Барақ, Тіленші, Оразбай мен Жантөре сұлтан бас болған көтерілісшілер топтары Жоғарғы Жайық бекінісі мен Елек (Илецк) қалашығының төңірегінде шоғырланды. 1784 жылдың қараша айында Сағыз өзені бойында күшін біріктірген С.Датұлы жеке топтарының қатарында 1000 адамға дейін болды.

Патша үкіметімен ауыз жаласқан Нұралының көтерілісті қолдаған руларға қырғиқабақтығы, оның Сырыммен арақатынасын біртіндеп суыта берді. Тіпті Сағыз өзені бойында көтерілістің басты күштері топтасқанда, оған қарсылық ретінде Нұралы хан Орал казак әскерлері орналасқан бекіністерге жақындап, ығысты.

Қазақтардың Жайық бойындағы бекіністерге қыр көрсетуі және патшаға жағымды Нұралымен қатынасының суып кетуі, Орынбор билеушілері тарапынан әскери шара қолдануға түрткі болды. Жазалаушы топтар көтерілісшілерді талқандай алмай, алаңсыз жатқан бейбіт ауылдарға қырғидай тиіп,

халықты қан қақсатты. 1785 жылы 17 ақпанда көтерілісті басу үшін арнайы аттандырылған генерал-майор Смирновтың тобы көтеріліске қатысы жоқ ауылдарды шауып, 70-ке жуық қазақты тұтқындап, байлап әкетті.

1785 жылдың көктемінде көтерілісшілер күрес қимылдарын барынша кеңейтті. Көтерілісті мейлінше қолдаған байбақты, табын, тама руларына сүйенген Сырым көтеріліс өрісін кеңейтуге тырысты. Бұл жағдай патша үкіметі тарапынан да қарсы қимылдарды тездетті. 1787 жылғы наурызда көтерілісшілерді талқандау үшін 1000-нан астам қаруланған күш Орал казак әскерінің старшиналары Қолпаков пен Пономаревтің басшылығымен жорыққа шықты.

Әскери коллегияның президенті Г.А.Потемкиннің нұсқауына сай, жазалау тобына “қырғыз-қайсақ” қарақшыларын Жем (Ембі) өзені бойындағы ұясына дейін тықсырып тастау қатаң жүктелді. Бұл кезде Кіші жүзді кең қамтыған көтерілісшілердің тек Жем өзені бойында шоғырланған тобының қатары жеті мыңға дейін жетті.

Патша жазалау тобының қимылдарын қиындату үшін Сырымның сарбаздары суы тапшы, шөлейтті, тақыр жерге шегінді. Жайықтың суы мол, жемшөпке бай өңіріне үйренген казак әскеріне осындай табиғат жағдайы қолайсыз жерде соғысудың қиындығы түсінікті. Осы себептен Жем бойына жақындаудан жүрексінген Қолпаков тобы бағытын өзгертіп, беріш және адай руларына бас салды. Сөйтіп, бейбіт ауылдарды аяусыз ойрандады.

1785 жылдың көктемінде қазақтардың жайлауға көшуге өзірленіп жатқандығын пайдаланып, көтеріліске соққы беруді тездетуге бұйрық берілді. Майор Назаровтың басқаруымен Орал казактарынан тұратын 405 адамдық топ наурыз айында табын руына шабуыл жасады. Сырым Датұлы басқарған қазақтардың бір тобы Сахарная бекінісін алуға ұмтылды. Алайда зеңбірек оғынан жүрексінген көтерілісшілер кейін шегінуге мәжбүр болды. Айшуақ сұлтанның баласы Атақтың тобы ерлікпен соғысты. Жас сұлтан ұрыс даласында қаза болды, Айшуақ сұлтанның өзі Назаровтың қолына түсіп, Орал қаласында тұтқында ұсталды. Патша жазалаушыларының Нұралы ханның туыстарына қол көтеруі көтеріліс сипатының өзгеруіне әсер етті. Айшуақ сияқты ірі сұлтанның жазалаушылар қолында қалуы патша үкіметіне арқа сүйеген Нұралы ханның, оның жақтастарының жағдайын қиындатты.

Кіші жүздегі ішкі күрес және оның көтеріліс барысына әсері. 1785 жылдың көктеміне дейін көтерілісшілердің басты қимылдары патша үкіметінің Жайық бойындағы бекіністеріне, казак әскеріне қарсы бағытталды. Жазалаушылармен қақтығыстан кейін көтерілісшілердің ендігі басты мақсаты Нұралыны хандықтан тайдыру болды. Казак әскерінің казак жерін басып алуына қарсы күресіп жүрген Сырым Датұлы, енді елді ханға қарсы күреске шақырды. Бұрын Нұралының тірегі болған шекті, серкеш, таз, табын руларының Сырым батырды мейлінше қолдауы да, ханның беделі әлсірегендігінің бір көрінісі еді.

Осындай шиеленіскен жағдайда 1785 жылдың жазында Кіші жүз старшындарының съезі Нұралыны хандықтан тайдыру жөнінде шешім қабылдады. Сол жылдың күзінде болған казак билерінің мәжілісі де патша үкіметінен Нұралыны хандықтан тайдыруды, оның тұқымын хан тағына жолатпауды талап етті. Нұралыны айыптаған старшын, билердің қатарында осы Кіші жүздің 20-ға жуық руларының өкілдері болды. Беделі әлсіреген Нұралы ат төбеліндей жақтастарымен Орал әскери шебінің билеушілерінен пана іздейді. 1786 жылы Нұралы Уфаға жер аударылып, 1790 жылы сонда дүние салған.

Осындай жағдайда патша үкіметі Кіші жүзде хандық билікті жойып, оны отарлауды тездетіп, ресейлік әкімшілік билік орнатуды ойластырды. Оны дайындаған және іске асыруға атсалысқан Орынбор өлкесінің билеушісі, барон О.А.Игельстром, әрине, Кіші жүзде болып жатқан оқиғалармен жақсы таныс еді. Оның жобасы бойынша Кіші жүзде хандық билік жойылып, әкімшілік билік Шекаралық сот патша шенеуніктерінен және жергілікті топ өкілдерінен құралуы тиіс болатын. Шекаралық сот тікелей генерал-губернаторға бағындырылды. Кіші жүзде құрылған әкімшілік басқарудың ауылдық буындары Шекаралық сотқа бағындырылды. Губернатор осындай жолмен дала қазақтарын бір шыбықпен айдап, басқаруға болады деп есептеді.

II Екатерина баронның жобасын бекітті. Көтерілісшілер тарапынан осы реформа жөнінде бірыңғай пікір болмады. Сырым Датұлының көздегені хандықты құртып, жоғарғы әкімшілік басқаруды билер қолына беру еді. Алайда мұндай жағдайда ғасырлар бойы қолданылып келген халық жиналысының (құрылтай) орны түсініксіз болып қалды. Билердің басым көпшілігі Нұралыны тайдыруға келісім

бергенімен де, жалпы хандық билікті түбірімен жоюға қарсылық білдірді. Әбілқайырдың қарсыласы Батыр сұлтанның баласы Қайыпты Кіші жүз ханы етіп сайлауға дайындауы, билер тобы саясатының осындай бір көрінісі болды. Соған қарамастан Сырым Датұлы Игельстромның жобасын бірден-бір қолайлы деп санады.

Бұл жобаны қолдағандағы Сырымның мақсаты — Нұралы ханды және оны жақтайтын сұлтандарды патша үкіметінің қолдауынан айыру еді. Ал бұның өзі қазақ даласын олардың билігінен құтқаруға алып келетін еді. Осындай жағдайда халық сенуден қалған Нұралы ханды патша үкіметі Уфа қаласына құрметпен жер аударды. Ал бұл ханның кейбір туыс сұлтандарының Сырымның көтерілісіне келіп қосылуын туғызды. Дегенмен де, сұлтандардың көпшілігі өздерінің Сырымға деген жаулық көзқарасын ұстана отырып, Нұралы ханның бауыры Ералының төңірегіне топтасып, Сырымға қарсы бірде ашық, бірде жасырын күрестерін жалғастыра берді.

1786 жылы Орынборда Шекаралық комиссия құрылды. Келесі жылы Кіші жүзде патша әкімшілік билігінің төменгі сатылары ұйымдастырылды. Бұл арада Сырым Датұлы патша үкіметін мүлде қолдаған жоқ. Батырдың көздегені хан арқылы жүзеге асырылып отырған үстемдікке соққы беру еді. Алайда көп кешікпей патша үкіметінің өзі хандық биліктің жойылуы Ресейдегі монархиялық билік мүддесіне қайшы келетініне көзі жетті.

Францияда король билігінің құлатылуы Ресейде Романовтар әулетіне қарсылық тудырды. Осыған байланысты үкімет барон О.А.Игельстромның реформасын тоқтатуға мәжбүр болды. Патша үкіметін қатты қорқытқан нәрсе, оның жергілікті әкімшілік сатыларының қазақ даласында жұмыс жасауға қабілетсіз болуы ғана емес, ең бастысы, Сырым батырдың халық бұқарасынан үлкен қолдау тауып, хандық биліктің жауы ретінде және патша әкімшілігінің зорлық-зомбылықтарына жол бермейтін тарихи тұлға ретінде зор беделге ие болуы еді. Сондықтан Игельстромның реформасын жүзеге асыруды тоқтатқан патша әкімшілігі енді өзінің Орынбордағы генерал-губернаторына қазақтың қалың бұқарасына қарсы ымырасыз күрес жүргізіп отырған Ералы сұлтанмен келіссөз жүргізіп, оны хан тағына отырғызу жолдарын қарастыруды тапсырды. Мұндағы патша үкіметінің мақсаты — Кіші жүздегі күйреген хандық билікті қалпына келтіріп, хан тағына патша үкіметінің отарлау саясатын қолдайтын жаңа сұлтанды отырғызу еді.

XVIII ғасырдың 90-жылдарындағы көтерілістің жаңа кезеңі. Көтерілістің қайтадан өрлеуіне Орал казак әскерлерінің қазақтарға қарсы бағытталған қимылдары түрткі болды. Атаман Донсковтың 1500 солдатпен қазақ ауылдарын ойрандауы, ондаған адамдарды тұтқынға алып, малын айдап кетуі қазақтардың ашу-ызасын туғызды. Әскери жазалаудан бейбіт ауылдарды сақтау үшін 1791 жылдың наурыз айында Сырым батыр табын мен кердері руларын шығысқа, Мұғалжар тауларына қарай ойыстырды.

Сырым батырдың алдында екі жол тұрды: біріншісі — патша үкіметімен күресті тоқтатып, оның Кіші жүзді отарлауына қарсылық көрсетпеу, Жайық бойындағы шұрайлы жерді казак әскерінің қолында қалдыру; екіншісі — өзін қолдаған қазақ руларының басын біріктіріп, патша үкіметіне және оның қазақ даласындағы құйыршықтарына қарсы табанды күресті жалғастыру. Батыр екінші жолды таңдады. Бұл ауыр да болса азаттыққа қол жеткізуге бағытталған қадам еді.

Нұралының өліміне байланысты, 1791 жылы Орск қаласы маңайында Әбілқайырдың ұлдарының бірі сұлтан Ералының Кіші жүз ханы болып сайлануы, көтерілістің қайта жандануын тездетті. Сырымның жаңа ханды мойындамауы тіпті оның сайлануына қыр көрсетіп келмеуі қазақ старшындары, билері мен сұлтандарының арасында жік тудырды. Өзін қолдаған старшындардың бір бөлігінің жаңа сайланған хан жағына шығып кетуі батырды екі жақты — Орал казак әскерімен және өзіне қарсы ел арасындағы топтармен күрес жүргізуге мәжбүр етті. Алайда Сырымды Кіші жүз тұрғындарының басым көпшілігінің қолдауы, оның күресіне бұқаралық сипат берді.

Сырым бұл тартыстың салдары ауыр болатындығын жақсы білді. Орал (Жайық) бекіністеріне шабуылды үдету үшін Сырым Датұлы әскери шепке жақын орналасқан қазақ руларына елдің ең шалғай аудандарына көшіп кетуді ұсынды. Батырдың қазақ ауылдарын ойрандалудан алыс ұстауға бағытталған бұл айласы кейіннен өзін ақтады.

Патша үкіметінің Жем, Ойыл бойында да біртіндеп бекіністер тұрғыза бастауы, Сырымның көтеріліске Орта жүзбен шекаралас аймақтардағы қазақтарды тарту туралы ойын іске асыртпады. 1791 жылы маусым айында Сырымның көтеріліске байланысты мәселелерді талқылау үшін қазақ старшындарының съезін шақыру талабы да іске аспады. Елек қонысы мен Красногорск бекінісін алуға бағытталған Сырым

әрекеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, біртіндеп күшін ұсақ топтарға бөлшектеу арқылы тиіп-қашу күрес әдісіне көшуге мәжбүр болды. Мұндай партизандық соғыс барысында Сырымның жігіттері ұсақ орыс бекіністеріне және орыс шаруалары мекендейтін шекарадағы қоныстарға, сондай-ақ қазақ сұлтандарының ауылдарына оқтын-оқтын төтенше жорықтар ұйымдастырумен болды. Патша үкіметі бұған жауап бере отырып, қазақ ауылдарын ойрандау үшін бірнеше жазалау отрядтарын ұйымдастырды. Олар Сырымның көтерілісін қолдайтын ауылдарға шүйлікті. Алайда халықтың қолдауына ие болған Сырымның өзін қолға түсіру мүмкін болмады. Осылайша бытыраңқы, бірақ үздіксіз қимыл жасаған Сырымның жасақтарының партизандық күрестері 1793 жылдың соңына дейін созылды.

1794 жылы Ералы ханның өлімі, 1795 жылы Нұралы ұлдарының бірі — **Есімнің** хан болып сайлануы Кіші жүздегі күш арасалмағына біршама әсер етті. Қалыптасқан жаңа саяси жағдайда Сырым екі жылдай уақытша күресті тоқтатып, мәселенің аңысын аңдады. Бірақ қазақ ауылында қалыптасқан ауыр жағдай Сырымды қайтадан атқа қонуға мәжбүрледі. Ал 1796—1797 жылдардағы қысқы жұттың салдары, хан сарайының салықты көбейтуі көтерілістің қайта жандануына түрткі болды. 1797 жылы наурыз айының 17-сінде Сырым тобы хан сарайына тұтқиылдан шабуыл жасап, Есім ханды өлтіріп тынды. Ханның отбасы Орал казак әскеріне барып пана сұрады. Көтерілісшілердің ханды өлтіруі қазақ даласына үлкен әсер етті. Қарадан шыққандардың ханды өлтіруі қазақ салтында бұрындық соңды болмаған еді. Енді хан тұқымдары жуасып, далада ел көзіне түсуге, көрінуге қаймықты. Мұның өзі күресуші екі жақтың жауласуын одан әрі ушықтырып, халықтың бұрынғыдан да бетер Сырымның төңірегіне топтаса түсуіне алып келді. Патша үкіметінің жаңа ханды тағайындауға асықпауы және көтерілісшілерді қудалап, іздестіре бастауы Сырымды жақтайтын старшындардың санын көбейте түсті. Көтерілісшілерден қатты қаймыққан және олардың айтқанына көніп, айдауына жүруге мәжбүр болған сұлтандар Кіші жүзде хандық билікті қалпына келтіруді патша үкіметінен қайта-қайта талап етті. Сонымен қатар жаңа хан тағайындалмаса да, көтерілістің қарқыны төмендемеді. Осы жағдай Орал казак атаманы Донсковтың көтерілісті басу үшін жазалау тобын ұйымдастыруына негіз болды.

1797 жылдың күзінде полковник Скворкин бастаған топ Сырымды қайтадан қудалай бастады. Бұл жолы жазалаушылар қатарында казактармен қатар байбақты, алаш, беріш, адай, серкеш және басқа ру өкілдері, өлтірілген ханның балалары мен туыстары да болды. Жазалаушы отрядқа қосымша Бөкей сұлтан басқарған топтың өзі де зор күш (800 қарулы адам) еді. Сырым туы астына жиналған қарулы топтың ұйымшылдықпен Ойыл өзені бойына көшіп кетуі, жазалаушылар жоспарын бұзды. Скворкин тобына қосылған қазақ старшындарының басым бөлігі өз жақтастарымен ауылдарына тарап кетті. Жазалаушылардың тағы да бір қимылы сөтсіздікпен аяқталды.

Көтерілістің әлсіреуі, жеңілуі және оның маңызы. Есім ханның өлімінен кейін Кіші жүз ақсүйектерінің бір тобы патша үкіметінен жаңа хан тағайындауды өтінді. Сұлтан, старшындардың бір бөлігі Нұралыұлы Қаратайдың хан болғандығын қалады. Сырым Датұлы да бұл мәселеден тыс қалмады және ханды сайлауда халықтың пікірін ескеруді талап етті. Хан сайлау мәселесі төңірегіндегі тартыста Кіші жүздің билеушілері екіге бөлінді. Шекаралық комиссияға берген нұсқауында барон О. Игельстром хан сайлауын тоқтатып, жүзді басқаруды Хандық кеңеске жүктеуді ұсынды. Айшуақ сұлтан төрағасы болып белгіленген Хандық кеңес төрт адамнан тұрды және оның құрамына Нұралы ханның бірде-бір ұрпағы енгізілмеді.

Осындай шешім арқылы патша үкіметі Сырым батырды өзіне жақындатуға тырысты. О.Игельстром қателесті. Төменгі Жайық бойында көшіп жүрген Нұралыға жақын топ Нұралының ұлы Қаратайды ақ киізге көтеріп, хан жариялады. Хандық кеңес Сырым Датұлының жақтастарымен тіл табысуға тырысты. Ал Қаратай хан және оны қолдаған сұлтандар мен билер көтерілісшілермен ешқандай байланыс орнатқысы келмеді.

Сырым Датұлы патша үкіметінің ұсынысымен ұйымдастырылған Хан кеңесіне күдікпен қарады, алайда өзімен келісімге келуге тырысқан, іс жүзінде, Кіші жүзді билей бастаған басқару мекемесінен қол үзудің қауіпті екенін де түсінді. Қолында ешқандай ресми билігі жоқ Сырым өзін қолдаған ауылдарымен Сырдарияға қарай қонысын өзгертті. Нұралы тұқымының хан болып сайлануы Сырымның ықпалын қайтадан күшейтті. Ханының үрім-бұтағына қарсы қазақ старшындары Сырым туының астына жиналды.

Алайда Хандық кеңесте Сырымның ықпалының өсуі Орынбор әкімшілігін қатты үрейлендірді. 1797 жылдың күзінен патша үкіметі Кіші жүзде хандық билікті қайтадан қалпына келтіруге бағыт алды. Барон Игельстромның ұсынысына сай патша үкіметі кәрі Айшуақты хан етіп бекітті. Сұлтандардың ішіндегі ең ақсақалы Айшуақтың хан болуын сұлтан, билердің көбі қуана қарсы алды. Әсіресе оны қолдаған Нұралының жаулары еді. Осы мәселеден Сырым Датұлының жақтастары арасында тағы да алауыздық байқалып қалды және батыр өзіне қарсы сұлтандардың қуғындауына ұшырады. 1797 жылы Қаратай сұлтанның өршеленген қуғынынан құтылу үшін Сырым Датұлы Хиуа хандығына өтіп кетті. Ал 1802 жылы белгісіз себептерден батыр сонда дүние салды. Халық аңыздары бойынша Сырымды Хиуа ханы у беріп өлтірген. Шілдеде далада келе жатқан батырға егде әйел кездесіп, салқын қымыз ұсынады. Ештеңеден күдіктенбеген Сырым батыр уланған қымызды ішіп, ілешала жан тапсырады. Бізге жеткен ауызша тарихи дерек Сырымның қайтыс болуын, міне, осылай түсіндіреді.

1783 — 1797 жылдардың арасын қамтыған Кіші жүздегі патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы бағытталған ең ірі азаттық көтерілісінің жеңілуіне бірқатар жағдайлар әсер етті. Олардың ең негізгілері: көтерілістің бытыраңқылығы және жеткілікті деңгейде ұйымдаспағаны, көтерілісті жүргізудің нақты жоспарының болмауы, соның нәтижесінде күрес мақсаттарының тұрақты болмай өзгеріп отыруы; Сырымды қолдаған күштердің тұрақсыздығы және олардың қалыптасқан саяси ахуалға байланысты көтерілісті жүйелі түрде қолдамай, кейде тіптен жаулар жағына шығып кетіп отыруы; патша үкіметінің жазалау тірегіне айналған Орал казактарына қарсы күресте қазақ ру-тайпаларының мықты топтасқан одағының болмауы, т.б. Әсіресе көтерілісті қолдаған ру старшындары тұрақсыздық танытты. Олар көтерілістің басында патша үкіметіне ұйымдасқан түрде қарсы шықса, кейіннен көтеріліс біртіндеп бұқаралық сипат алғанда және патша үкіметінің жазалау саясаты күшейе бастағанда оны қолдаудан бас тартты. Мұның өзі көтерілістің қозғаушы күштерін әлсіретті. Старшындардың кейбірі ғана Сырымға адал болып, көтерілістің соңына дейін артынан ерді.

Көтерілістің тарихи маңызы зор: Сырым батыр бастаған көтеріліс қазақ халқының саяси-әлеуметтік санасына үлкен

өзгерістер әкелді. Халық осы көтеріліс барысында патша үкіметінің отарлық саясатынан құтылу үшін белсенді қарулы көтеріліске шығу қажет екендігін түсінді. Тәуелсіздіктің батыл да тиянақты және ұйымдасқан күрес барысында ғана қамтамасыз етілетінін, ол үшін жүйелі түрде үздіксіз іс-әрекеттер қажет екендігін ұқты. Сонымен қатар билеуші сұлтандардың мансап-дәреже үшін кейде патша үкіметімен келісімге келуге бейім тұратын екіжүзді, тұрақсыз саясатының мәні мен мазмұны осы күрес барысында айқын байқалды. Халық өзінің ортасынан Сырым Датұлы тәрізді елдің мүддесіне адал азаматтарды шығарып, солардың төңірегіне тығыз топтасқанда ғана азаттық жолындағы күресте жеңіске жетуге болатынын түсіне бастады.

1801 жылдың 11 наурызында патша үкіметінің қазақ руларына өздерінің тарихи қонысы — Жайықтың оң жағасына өтуіне, малын жаюына рұқсат беруге шешім қабылдауға мәжбүр болуы басқа себептермен қатар, осы Сырым батыр көтерілісінің тегеурінімен байланысты болды. Сырым Датұлының өмірі, ерлігі, адамгершілігі туралы мәліметтер халық ауыз әдебиетінде терең орын алған.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көтерілістің басты себептерін ашып көрсетіңдер.
2. Көтеріліс қалай басталды?
3. Барон О. Игельстром қандай өзгерістер енгізбекші болды?
4. XVIII ғасырдың 90-жылдарында көтерілістің жандануына қандай жағдай себепші болды?
5. Сырым батырдың Орынбор билеушілерімен арақатынасы қандай болды?
6. Көтерілістің жеңілуін, тарихи маңызын, себеп-салдарын түсіндіріңдер.

Құжаттар

Нұралы ханның генерал-губернатор барон О.Игельстромға жазған хатынан

маусым, 1785 жыл.

“...Сіздің (яғни, Игельстромның. — Ж.Қ.) қимылыңызды жете түсіне алмай отырмын. Өзіңізге бұрын да хабарлағанымыздай, бұл қарақшылар (Сырым бастаған көтерілісшілер. — Ж.Қ.) мені жау деп біледі. Ал сіз маған күдіктене қарап, қырғыз-қазақтарға өз ұлдарымды тіл табу үшін жіберуді ұсынасыз. Алайда бұл қарақ-

шыларға мен балаларымды жіберсем, оларды тірі қайтармас, тіпті өлтіруі мүмкін...”

Вяткин А. Л. Батыр Сырым. М., — Л., 1947. С. 205.

Сырым батырды Нұралы ханның ұлдары тұтқынға алғаны туралы Кіші жүз старшынының барон О.Игельстромға жіберген хабарынан

“...ынтамен және шын пейілімен мейірімді ханшаңыздың сенімді адамы, тиімді жұмыстарға күйетін біздің досымыз, құрметті біздің Сырым батырды молда Абдулкәрім мен Дюнян батырмен бірге Ералы сұлтанға қосылуға бара жатқан жерде, біздің үлкен қайғымызға, Нұралы ханның ұлдары мен Ишқары ұрының туысқандары Өтеулі, Абдул 110 адаммен далада ұстап алып кетті. Егер құдай қаласа, Сырым батырды жақын арада өзімізге алып, өзіміздің бұрынғы жұмыстарымыз бен уәделерімізді орындауға тырысамыз”.

Материалы по истории Казахской ССР. 1785—1828.
Документы. Т. IV. М., —Л., 1940. С. 72—73.

§ 8-9. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Орыс ғалымдарының Қазақстанды зерттеуі. Ресей ықпалына біртіндеп өтуі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріне өзгерістер әкелді. Дала өлкесін отарлау, империяның құрамына енгізілуі Қазақстанның мәдени, рухани өзгерістерін де тереңдете түсті. Қазақстанды орыс және шетел ғалымдары зерттей бастады. Ғалым-картографтар, географтар, минерологтер, тарихшылар ғылыми кейде әскери экспедициялар құрамында жүріп алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар бірінші рет Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігін зерттеп, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, материалдық мәдениетімен, тарихымен танысты.

Князь Александр Бекович-Черкасскийдің алғашқы ірі экспедициясы саяси қатынас тұрғысынан сәтсіз аяқталып, Хиуаны бағындыруға аттандырған әскери бөлім түгелге жуық қырылғанымен, Батыс Қазақстан аумағын игеруде ғылыми жағынан маңызды болды.

Подполковник И.Д.Бухгольцтің әскери жорық экспедициясы біршама табысты болды. Бұл жорық I Петрдің “Азияға жол іздеу” талабымен құрылған жеке тапсырмасы еді, ол қазақ даласын Орта Азияның ішкі аудандарына “кілт пен қақпа” деп қарады. Экспедиция құрамында бол-

ған бірнеше картографтар, тұтқынға түскен швед офицері әрі картографы қазақ жүздерінің орналасуы туралы қызықты мағлұматтар жинаған. Соның ішінде, орыс экспедициясында болған тұтқындағы швед И.Г.Ренат жасаған “Жоңғария картасы” ерекше назар аудартады.

XIX ғасырдың 80-жылдарында өлке тарихының белгілі зерттеушісі В.В. Весселовский Жоңғария картасын алғаш рет орыс география қоғамы жазбаларында жариялады.

Капитан В.Урусов, майор И.М.Лихарев және тағы басқалардың жазбаларында сол кездегі Қазақстан туралы бағалы картографиялық мағлұматтар бар. Орыс ғалымдарының Қазақстанды зерттеуі туралы айтатын болсақ, бірінші кезекте Г.Ф.Миллердің академиялық экспедициясын еске түсіру қажет. Ол Сібір-Түмен, Тобыл, Барнаул мұрағаттарында сақталған барлық материалдарды түгел оқып танысқан. Сібір тарихын зерттеген еңбегі үшін де Сібір тарихының атасы атанған. Миллер Қазақ хандығы туралы мағлұматтарды оқып, зерттеп жүйеге келтірген. Оның “Сібір тарихы” (СПб., 1750 ж.) еңбегі ерекше бағалы, қызықты мағлұматтарға толы. Әсіресе Орта жүз туралы жазғаны бүгінгі күнге дейін мәнін жоғалтқан емес.

Қазақ тарихын зерттеуде *П. И. Рычковтың* да еңбегі зор. Тағдыр айдауымен алыс қазақ даласында болған ол, өлкенің этнографиясы туралы терең ғылыми мұра қалдырды. “Орынбор өлкесінің топографиясы”, “Орынбор тарихы (1730 — 1750 жж.)” атты тамаша терең зерттеу еңбектерінде қазақ тарихының даму кезеңдері мен көптеген қиыншылықтарын атап өтті.

Қазақстан туралы еңбегі үшін Ресей Ғылым академиясының бірінші корреспондент-мүшесі болған, М.В.Ломоносов қолдаған П. И. Рычков империя астанасында қазақ өлкесінің тарихы туралы біраз еңбектер бастырған. Ол сол кездегі қоғамның Қазақстан туралы мардымсыз хабарларын кеңейтті. Оның баласы капитан *Н.П. Рычков* Орынборда әскери қызмет ете жүріп, 1771 жылы “Қырғыз-қайсақ даласы туралы күнделік жазбалар” атты қызықты еңбек қалдырған. Онда алғаш рет Еділ қалмақтарының қазақ



П.И. Рычков

даласы арқылы Қытайға қашуы туралы құнды мәліметтер, Кіші жүз қазақтарының өмірі туралы қызықты бақылаулар бар. Сонымен қатар Н. П. Рычков Қазақстан топографиясы туралы сирек кездесетін мәліметтер қалдырған және Әбілқайыр ханның сол кезде әлі де жақсы сақталған бейітін суреттеп жазған.

Қазақ халқының күнделікті өмірі, тарихы туралы нақты мәліметтер *И. Муравин, Д. Гладышев, Я. Гуляев* және басқалардың жазбаларында кездеседі. Олар Әбілқайыр, Нұралы хандардың ордасында бірнеше рет болған, Орск маңында (1738, 1740, 1742) қазақ хандары мен белді сұлтандарының съезіне қатысып, сол кездегі өлкедегі саяси жағдайды суреттеген жазбалар қалдырған. Көптеген деректерден ерекше көзге түсетіні — кейіннен Миллердің журналдық жазбаларында орын алған, жоңғар тұтқынынан Абылай сұлтанды босатуға қатысқаны туралы мәлімет. К. Миллердің Жоңғарияға сапары қазақ даласы арқылы өткендіктен, біз одан Қазақстан туралы көптеген бағалы деректерді табамыз.

Көптеген ғалымдар, патшаның жіберген өкілдері Қазақстанда ұзақ уақыт болып, қазақ жүздері туралы мәліметтер жинақтаған. Мәселен, Орта жүз туралы И.Г.Андреевтің, Я.Гавердовскийдің еңбектері — мәліметтерінің дәлдігімен және мазмұндылығымен ерекшеленеді.

Қазақстанды зерттеуде сүбелі еңбек сіңірген, осы өлкеде болған шетел саяхатшылары: *П.С.Паллас, И.Фальк, И.Георги* және тағы басқалардың мәліметтері молдығымен, тарихи мазмұнымен қазіргі кезге дейін ерекше орын алып отыр. Мәселен, неміс саяхатшысы, натуралист П.С. Палластың еңбектері сол кезде-ақ әлемдік қауымдастықтың назарын аударған. Оның “Ресей мемлекетінің әртүрлі аймақтарына саяхат” атты еңбегінде халықтың жағдайы, орналасуы, әскери бекіністердің салынуы, олардың өздеріне тән белгілері дәл суреттеледі.

Қазақ әдебиеті. Қазақ мәдениетінің тарихында XVIII ғасыр ерекше орын алады. Қазақ-жоңғар қақтығыстары, шетел басқыншыларына қарсы азаттық күресі, дала өлкесінің байырғы халықтарының өз ерекшелігі бар рулық-патриархаттық өмір салты, өткен дәуірдің материалдық-рухани мұрасы — мәдениеттің дәстүрлі саласының бірі әдебиеттің дамуына да ерекше ықпал етті.

XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті шығармашылығының көрнекті өкілдерінің бірі — **Ақтамберді жырау**

(1675—1768 жж.). Замандастарының айтуына қарағанда, ол жас кезінен-ақ ақындар айтысына қатысып, күшін сынап, шеберлігін арттырған. Жырау әрі балуан, әрі батыр ретінде де халыққа белгілі болды. Ол Орта Азия хандықтарымен және жоңғар қалмақтарымен болған ел үшін, жер үшін шайқастарда ерекшеленді. Оны халық жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы және осындай жорықтарға рухани дем беруші ретінде жоғары бағалады. Мұнымен бірге Ақтамберді шаруашылықты жүргізуде де отырықшылықты жақтап, өзіне қарасты руларды егіншілікке баулыды. Ақтамбердінің әртүрлі толғауларында қазақ халқының дәстүр-салты, ой-арманы, мінез-құлқы айқын көрініс берді. Көшпелілер өмірінде жылқы түлігінің маңызды орны туралы оның жырларында батырдың жан серігі саналатын тұлпарлар үлкен шабытпен жырланды. Ақтамбердінің жырлары бүкіл қазақты ортақ жауға қарсы жігерлендіруде және ерлікке баулуда аса маңызды рөл атқарды.

Қаратау өңірінде мекендеген Ақтамберді жырау өз жырларында қазақ батырларының даңқын шығарып, елін, жерін қорғауға шақырды. Ол шығармаларын аңызға айналған сардарлар Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырларға арнаған. Ақтамберді жырау қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында жерленген.

XVIII ғасырдың екінші жартысы танымал халық ақыны **Тәтіқара** шығармаларының гүлденген шағы болды. Алдындағы жыраулар сияқты Тәтіқара да шығармаларына атақты батырлар ерлігін арқау еткен. Абылайға жақын жүріп, Орта жүздегі болған оқиғаларға белсенді түрде қатысқан. Бізге тек оның шығармаларының жекелеген бөліктері ғана мәлім. Бізге жеткен шығармаларында ұлы тұлғалар — шақшақ руынан Жәнібек; дулат руынан Бөкей мен Сағыр, Дербісәлі; уақ руынан Баян, Бөгенбай және т.б. ерекше шабытпен жырланады.

Ол қазақтың ұлы ханы, қазақ жерінен шыққан ерекше биік тұлға Абылайдың керемет қасиеттерін жырлайды. Ауыз әдебиетінің шығармасы ретінде Тәтіқараның жырлары Абылай заманының өзіндік ерекшеліктерін аңғаруға, Абылай тұлғасын айшықтай түсуге және ұлы хан туралы тарихи шындықты айқындай түсуге зор үлес қосатын тарихи деректер қатарына жатады. Сондықтан да Тәтіқараның бізге жеткен шығармаларының тарих үшін құндылығы зор.

XVIII ғасырдың 1706—1778 жылдарында өмір сүрген белгілі жырау — **Үмбетей** Қазақстанның көптеген аудандарын аралап, айтыстарға қатыса жүріп, өзінің философиялық ойларымен белгілі болған. Дәстүр ізімен Үмбетей де көшпелі өмірді, батырлардың жауға қарсы ерлігін, күресін жырлаған, абақкерей руының аты шулы батыры **Жауғашар** (Шақантай), тағы басқаларға жыр арнаған. Оның белгілі Бекболат биге арнауының тәрбиелік мәні зор. Бөгенбай батырға арналған жоқтауында ақын Абылайдың өмірін, қызметін, оның қосшысы, көрнекті қолбасшы Бөгенбайды мақтан етті. Әсіресе соңғы шығармалары Абылай кезіндегі қазақ қоғамының ішкі өмірі туралы маңызды мағлұмат көзі болып табылады. XVIII ғасырдағы тарихи тұлғалардың күрделі өмірін, қайшылықты тарихи тұлғасын және тамаша ерліктерін зерттеуде Үмбетей жырларының маңызы аса зор. Бізге келіп жеткен бұл жырлар ауыз әдебиетінің үлгілері болғандықтан толық және жүйелі қалпында сақталмаған. Солай бола тұрса да, Үмбетейдің жырларын білу арқылы ол өмір сүрген замандағы тарихи тұлғалардың орны мен маңызын айқындай түсеміз.

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің алдыңғы қатардағы өкілдерінің бірі **Бұқар жырау** (1684—1781 жж.) — Қалқаман батырдың баласы, қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі. Өмірінің соңғы жылдары Абылайдың кеңесшісі болған. Хан ақынды ерекше ықыласпен тыңдап, айтқанына құлақ салып отырған. Ол арғын тайпасының қаржас руынан шыққан. Ауызынан өлең төгіліп тұратындықтан замандастары оны “көмекей әулие” деп те атаған. Жырау Абылай ханнан бұрынғы атақты Тәуке ханның да өрі замандасы, өрі жыршысы болып халықтың бірлігі және бүтіндігі үшін күрескен тарихи тұлға. Халық оны әулие, дана және көреген жырау ретінде аса құрметтеген. Ол: “Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Ормандай көп Орта жүз, Солардан шыққан төрт тірек”, — деп қалмақ басқыншыларына қарсы елді жұмылдыра үлкен рөл атқарған тарихи тұлғаларды жырға қосып, оларды басқаларға үлгі ретінде ұсынып отырды. Жыраудың екпінді жырлары ортақ жауға күрескен халық батырларын және билерін Абылай ханның төңірегіне тығыз топтастыруға, олардың ынтымағын нығайтуға өлшеусіз еңбек сіңірді. Жырау кейде Абылай ханның өзінен де тайсалмай, оның қателіктері мен кемшіліктерін бетіне

айтып, ханды туралыққа және әділдікке бағыттап отырды. Бұқар жыраудың бізге жеткен мұрасы тарихи деректерге толы, қазақ мемлекетінің саяси тарихындағы белгілі оқиғаларды баяндайды. Абылай өмірінің соңғы жылдарынан көптеген мағлұматтар беріледі. Оның кейбір шығармалары нәзік лирикалы сарынымен белгілі.

XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының жарқын өкілдерінің бірі — **Жанақ** ақын (1775—1846 жж.) ақындар айтысында жеңісті қолдан бермеген суырыпсалма. Шығыс Қазақстан облысы, бұрынғы Абыралы ауданында дүниеге келген Жанақ бар өмірін туған өлкесін аралаумен өткізген. Атақты ақынның Орынбаймен айтысы біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Жанақ шығармашылығының ең басты жетістігі — “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” поэмасының ерекше бір нұсқасының қазірге дейін сақталуы дер едік.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ өлкесін қандай экспедициялар зерттеген?
2. Орыс ғалымдарынан Қазақстанды зерттеген кімдер?
3. XVIII ғасырдағы қазақ ақындарының шығармаларында қандай басты оқиғалар суреттелген?
4. XVIII ғасырдың көрнекті ақын-жырауларының мұраларын сипаттаңдар.

Құжаттар

Кіші және Орта жүз қазақтарының қоныстары туралы

“Жалпы алғанда екі орданың (Орта және Кіші) тұратын жерін білу керек. Олар Ресейдің арғы шегінде бір жағынан Каспий теңізінен, Жайық өзенінен бастап Верхояйцк қамалына дейін, ал ол жерден Ой өзенінің бас жағынан өтіп, Тобыл өзеніндегі Звериноголовный бекінісіне дейін жетіп, сол арадан Есіл өзеніне және Ертіс өзенін бойлай жоғары қарай, осы өзендердің ағысын бойлап сол жақ жағасын солар жаққа тастап өтеді. Олардың ішкі шектері Каспий теңізінен, Жем өзенінің сағасынан бастап Орынбордың бас ландшафты картасы бойынша аталуы мүмкін...”.

“Орта қырғыз-қайсақ ордасының атақты қоныстары төменде суреттелген жерлерде, атап айтқанда: 1) алыстағы ұлыстары, әдетте, Зюнгардан бас алып Түркістанға жақын маңайда ағатын Сарысуды бойлай көшіп жүреді, Орск бекінісінен атпен жүргенде 15 күннен 20 күнге дейінгі қашықтықта; 2) Есіл өзенінің сол жағынан қашықтығы 6 күн, ал Орск бекінісінен 15 күндік жер...”.

Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. Оренбург, 1887. С. 96—104.

II бөлім. XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

§ 10. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАНДЫҚ БИЛІКТІҢ ЖОЙЫЛУЫ. ӘКІМШІЛІК БӨЛІНІСІ

Хандық биліктің жойылуының алғышарттары. XIX ғасырдың басында қазақ жеріне артта қалған феодалдық Қытайдың ықпалы әлсіреп кетті. Оның есесіне шекаралық бекіністерді нығайтқан патшалық Ресейдің қазақ жеріне ықпалы өсе түсті. Енді Ресей қазақтың табиғи байлықтарын игеру мақсатымен осында әртүрлі кәсіпшілік көздерін ашуды қолға алды. Орыстардың қазақ жерінен кен орындарын іздестіре бастауы, көп ұзамай-ақ өзінің жемістерін бере бастады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшіліктің жаңа салалары қалыптасты. Ертiс, Жайық өзендері, Каспий теңізі, Зайсан көлі маңайында бұрынғы көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын қазақтар балық аулауды тұрақты кәсіпке айналдырды. Қазақстанның батыс, солтүстік-шығыс аудандарындағы тұзды көлдерінен тұрмысқа қажетті тұз өндіру және оны сату жолға қойыла бастағаны байқалды.

Ресей отаршылдарының қызығушылығының нәтижесінде Қазақстанның шығыс, орталық аймақтарында түсті металдар, таскөмір өндіретін тұңғыш кен орындарын игеру жолға қойылды. XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстанда бірнеше кен орындары ашылып, су және желдиірмені, ұста дүкені, кен және май, былғары зауыттары іске қосылды.

XIX ғасырдың бірінші жартысы — Қазақстанның Орта Азия хандықтарымен, Сібірмен, Қытай мемлекетімен (Цин империясы) өзара тиімді сауда байланыстарын кеңейте түскен кезеңі. Қазақстан сауда орталықтарынан көрші елдерге немесе керісінше жиі-жиі тауарлар жеткізіп тұратын сауда керуендері бұл өңірде сауда байланыстарының тереңдей түсуіне себепші болды. Қазақ даласын басып өтетін керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ресей үкіметі 1803 жылы көпестерге өздерін қорғайтын қарулы топ ұстауына рұқсат берді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында орыс-қазақ ішкі сауда қарым-қатынастары Сібірде, Орта Азияда және Ре-

сейде кең жолға қойылды. Оңтүстіктен және оңтүстік-батыстан қазақ жеріне Қоқан және Хиуа хандықтары оқтын-оқтын басқыншылық жорықтар жасап тұрды. XIX ғасырдың басында қоқандықтар Ташкентті басып алып, қазақ жеріне ене бастады. Олар Түркістан және Әулиеата аймағына дейін барып, қазақ ауылдарын жаппай тонады. Хиуа билеушілері де қарап қалмады. Олар Сырдарияның төменгі ағысындағы аймақтарды бағындыруды көздеп, осы бағытта қанды жорықтар ұйымдастырды. Осындай жағдайға қармастан, Ресей үкіметі Орта Азия арқылы Иран және Үндістанмен сауда қатынастарын жандандыруға күш салды. Үндістан арқылы Бұқараға келіп жеткен ағылшын тауарларын тиеген суда керуендері қазақ жері арқылы Орынборға дейін барды. Сонымен қатар орыс көпестері қазақ даласын мал өнімдерінен алынатын шикізат және өнеркәсіп тауарларын өндіретін нарық көзі ретінде қарастырып, қазақ ауылдарымен саудасын жандандыра түсті. Осылайша қазақ жерлерін әскери жолмен жаулап алу және реформалар арқылы тартып алу жолына түскен патша үкіметі, сонымен қатар қазақ даласында сауда-саттықты өрістету арқылы жаңа өлкеде өздерінің жағдайларын нығайта түсті. Әрине, сауда айналымына көптеп тартылудың қазақтардың шаруашылығы үшін де маңызды жақтары болды. Қазақтар өздерінің мал өнімдерін көптеп сатуға мүмкіндіктер алды. Мұндайда орыстар салған бекіністер мен қалашықтар сауда-саттықты өрістету орталықтарына айналды.

Орта Азиямен сауда байланысын дамытуда Петропавл қаласына тең келетін елді мекен болмады. Осында тек 1849 жылы ғана Ташкенттен 5 мыңнан астам түйеге, 150-ге жуық ат-арбаға тиелген тауар жеткізілді. Орыс-қазақ қарым-қатынасының дамуы барысында жылдан-жылға тұрақтанып, көлемі ұлғая бастаған сауда Қазақстан шаруашылық жүйесінің біртіндеп Ресей империясының экономикалық дамуына бейімделе түсуіне қолайлы жағдай қалыптастырды. Қазақ ауылының шаруашылық жағынан бөлектеніп қалуы жойыла бастады. Мұндай жаңа құбылыстардың тереңдей түсуіне патша үкіметі де мүдделі еді. Ресейдің әкімшілік, саяси мазмұндағы шаралары бұл бағытты кеңейтті.

Сібір қазақтары туралы жарғы. Мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ елінің XIX ғасырдың бірінші жартысындағы дамуында 1822 жылы қабылданған Сібір қазақтарының жарғысы елеулі рөл атқарды. “Сібір қырғыз-

дары туралы жарғы” деп аталатын бұл заңның басты мақсаты — онсыз да бытыраңқылыққа ұшыраған қазақ даласында хандық басқаруды біржолата жою болатын. Мұны жүзеге асыруға 1817 жылы Орта жүздегі Бөкей ханның қайтыс болуы және 1819 жылы Уәли ханның қайтыс болуы қолайлы әлеуметтік саяси жағдай қалыптастырды. Патша үкіметі енді Орта жүзде хан сайлауға тыйым салды. Жоғарыда аталған жарғы оны жасаған Н.Н.Сперанскийдің басшылығымен жүзеге асырыла бастады. Енді Орта жүзде хандық билік таратылды және оның орнына “Аға сұлтандар институты” деп аталатын басқару жүйесі енгізілді. Орта жүз әкімшілік жағынан ауыл, болыс, округ болып бөлінді. Ауыл 50—70 шаңырақтан, болыс 10—12 ауылдан, округ 15—20 болыстан құралды.

Батыс Сібір генерал-губернаторлығына Тобыл, Том және Омбы облыстарымен бірге Сібір қазақтарының облысы да кірді. Орталығы Тобыл, ал 1839 жылы Омбы болды. Жарғы бойынша батыс шекарасы Орынбор даласына, оңтүстігі Шу өзеніне дейін созылған Сібір қазақтарының округі сыртқы және ішкі округтерге жіктелді. Бұлар — Қарқаралы, Көкшетау (1824 ж.), Баянауыл (1826 ж.), Аякөз (1831 ж.), Ақмола (1832 ж.), Үшбұлақ (1833 ж.), Аманқарағай (1834 ж.), кейінгі 40—50-жылдарда құрылған Көкпекті, Құсмұрын, Алатау округтері еді. Бұлардың халық саны жыл сайын өзгеріп отырды. XIX ғасырдың 40-жылдарында Қарқаралы округінде 60 мыңға жуық, Аякөз (кейіннен Сергиополь) округінде 40 мыңнан астам көшпелі қазақтар тіркелді.

Округтер Омбы облыстық басқармасына бағынды, оларды басқару округтік приказдарға жүктелді. Сөз жүзінде округті билеу аға сұлтанның қолына берілсе де, патша өкіметінің іс шешуде көпшілік пікір алысу жүйесін енгізуі, сол аға сұлтандардың рөлін әлсіретіп, оларды сырттай бақылап отыруға мүмкіндік жасады. Аға сұлтанды тек сұлтандар ғана сайлады, оларға майор әскери шені, ал он жылдан кейін дворяндық атақ берілді. Аға сұлтанды хан сияқты ақ киізбен көтеретін. Біртіндеп аға сұлтан бар болғаны Омбы облыстық басқармасының сойылын соғушы отаршылдық биліктің тірегіне айналды. Өз өкілдерін — Шыңғыс әулеті тұқымдарын аға сұлтандыққа өткізуге тырысқан ақсүйектер арасындағы өзара қақтығыс, алдау, параға сатып алу үйреншікті құбылысқа айналып кетті.

Аға сұлтандар үш жылға сайланды. Болыс сайлау мерзімі өмірлік болды. Болыстық билік мұрагерлікпен берілді. Егер болыс сұлтанның мұрагері болмаса, оның орнын інісі немесе облыстық басқарма бекіткен туысы басатын. Болыстық сұлтандар Ресейдің әкімшілік сатысы бойынша 12-класқа жататын шенеуніктерге теңелді.

Ауыл старшындары да аға сұлтан секілді үш жыл сайын сайланатын. Болыстық сұлтандарға бағындырылған болыстық старшындар құқықтары жөнінен Ресейдегі селолық старосталармен теңестірілді.

Жарғы бойынша сот істері үшке бөлінді: қылмыстық істер, талап ету, болыстық басқармаға шағым айту. Қылмыстық істер империя заңдары негізінде округтік приказда қаралды. Істі алдын ала тексеруге қазақ биімен қатар бір орыс шенеунігі қатыстырылды. Қазақтардың талап етуі бойынша қаралатын істер жергілікті ескі заң бойынша шешілетін. Округтік приказ шешімдерін қайта қарауға құқылы болды.

Кейін Сібір қазақтарын билеу Шекаралық басқармаға жүктелді. Оның төрағасын тағайындау үшін арнайы жарлық шығарылатын. Шекаралық басқарма Батыс Сібір губернаторына бағындырылды, оның төрағасы шетелдермен келіссөз жүргізу құқығына ие болды. 1822 жылғы жарғы Ресей мен Қазақстан арасында сауда байланыстарын кеңейтуге мүмкіндіктер тудырды. Жарғының 46, 49-параграфтарында қалада, бекіністерде өзара тиімді сауда қатынастарын дамытуға, сұлтандар мен старшындарды сауда істеріне тартуға арналған нақты ұсыныстар енгізілді.

Жалпы алғанда, 1822 жылғы жарғы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында терең із қалдырды. Сырттай қарағанда, бұл заң бойынша Қазақ хандығында қалыптасқан ескі тәртіп біршама сақталынғандай көрінді. Патша үкіметі хан тұқымынан шыққан сұлтандардан және халық арасында ықпалды билерден қолдау табу үшін сұлтандардың әкімшілік қызметке сайлануына қолдау жасады. Сондықтан да болыстардың және округтердің басына сұлтандар көптеп ұсынылды. Бірақ мұндайда сұлтанның хан тұқымынан шығуы міндетті болған жоқ, ең басты нәрсе патша үкіметіне адалдық болды. Ал аға сұлтандар және болыстарды билейтін сұлтандар, сондай-ақ ауылдарды басқаратын старшындар енді патша үкіметінің жергілікті шенеуніктері ретінде қарастырылды. Осы мақсатпен оларға шен-шекпендер және

қызметіне байланысты жер иеліктері берілді. Осылайша қазақтың хан тұқымынан шыққан сұлтандары енді патша үкіметінің шенеуніктеріне айналдырылды. Жаңа заң патшаның қазақ даласын саяси және заңдық тұрғыдан отарлауын күшейте түсті. Енді қазақ даласындағы хандық басқару жүйесі біржолата күйретіліп, оның орнына патша үкіметінің отаршылдық өкімет органдары берік орнықты.

Кіші жүздегі реформа барысы. Қазақ жерінде жүзеге асырыла бастаған империялық әкімшілік-саяси реформа хандық билікті күйрету үшін ақсүйек топтардың ғасырлар бойы сақталған артықшылықтарына шек қойды. Сұлтан-ақсүйектердің бір тобы Ресей үкіметінің бұл саясатына қарсылықтарын ашық білдірді. Хандық билікті сақтауға талпынғандардың бірі — Кіші жүз сұлтаны Арынғазы Әбілғазыұлы еді. Хиуаға қарсы Кіші жүздің күресін басқаруда ерекше көзге түскен Арынғазы Кіші жүздегі хандық басқаруды нығайтуға тырысты. Ол сот істерін мұсылман дінбасыларының қолына берді. Бағынбаған кісілерге өлім жазасын белгіледі. Халық арасында беделі жоғарылаған Арынғазыны Кіші жүздің кейбір рулық қауымдары өздеріне хан етіп бекітуді патша үкіметінен өтіне бастады. Арынғазының патша әкімшілігінің Каспий жағалауындағы далаларда жүргізген отаршылдық шараларына ашық қарсы шығуы және қазақтардың оны қолдап қарулы жасақтар жібере бастауы патша үкіметінің мазасын кетірді. Сондықтан да патша үкіметі Арынғазы Әбілғазыұлын Петербургқа алдап шақырып алып, алыстағы Калугаға жер аударды. Патша үкіметінің әртүрлі жәбірлеулерін бастан өткізген Арынғазы айдауда жүріп, 1833 жылы қайтыс болды.

1822 жылы Орынбор губернаторы П.К.Эссеннің қатысуымен дайындалған Орынбор қазақтарын басқару жөніндегі жарғы бойынша Кіші жүз жеріне үш хан тағайындау жоспарланды, бірақ ол іске аспады. Бұл әрекеттің жергілікті сұлтандар мен билердің тарапынан қолдау таппауына байланысты патша әкімшілігі енді басқа жол іздестіре бастады. Орынбор губернаторы 1824 жылы Кіші жүз ханы Шерғазыны Орынбор қаласына шақырып, Шекаралық комиссияға лауазымды шенеуніктік қызметке тағайындады да, Кіші жүздегі хандықты жойды. Тек Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы 1801 жылы құрылған патша әкімшілігі ықпалындағы Ішкі орда немесе Бөкей хандығы ғана 1845 жылға дейін сақталды. Осылайша 1824 жылы Кіші жүз аймағында хандық басқару біржолата күйретілді.

Бірақ патша үкіметі мұнда Жоламан Тіленшіұлы бастаған азаттық қозғалысының өрлеп кетуіне байланысты, өзінің реформасын сақтықпен бүркемелеп жүзеге асырды. Жаңа заң бойынша Кіші жүздің аумағы үшке бөлінеді. Әрбір бөлікке патша үкіметі тағайындаған билеуші сұлтан қойылды. Әрбір сұлтанның жанында орыс офицерлері басқаратын патша әскерлері отряды болды. Жалпы алғанда, билеуші сұлтанның жағдайы бұрынғы ханнан ерекшелене қойған жоқ. Сондықтан да мұндай өзгерістер сұлтандардың да ашық қарсылықтарын туғыза қоймады. Дегенмен де, жаңа басқару жүйесі қазақ ауылдарына жедел тарала қойған жоқ. Сұлтандарды, негізінен, патша үкіметінің шекарасына жақын ауылдар ғана мойындады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстанда хандық биліктің жойылуын тездеткен себептер қандай еді?
2. 1822 жылғы “Сібір қазақтарының жарғысы” қандай күрделі өзгерістерді қалыптастырды?
3. Кіші жүзде хандық билікті жоюдың салдары неге әкеліп соқтырды?
4. Жаңа өкімшілік бөлінісінің негізінде саяси жүйеде қандай өзгерістер болды?

Құжаттар

1822 жылғы жарғыны дайындау жөніндегі жазбалар

“...Сібір бұратаналары жөнінде жаңа заң дайындаумен қатар Сперанский Сібір қырғыздарын басқару туралы заңға айрықша мән берді. Белгісіз Сібір жерлерін зерттеп, картаға түсіру үшін ерекше ұсыныс жасады. Бұл құжаттарды дайындауда оған барынша көмектескен Г.С.Батеньков еді. Инженерлік әскер құрамында болған Батеньковтың бұл мәселелер жөнінде білімі терең болатын. Батеньков, сонымен қатар “Сібір туралы заңға” түсіндірмелер жазды. Ол өлкедегі қарым-қатынас жер аударылғандар, бұратаналар, Орта Орда қырғыздары (қазақтар. — Ж.Қ.) арасында Ресей билігін күшейту мәселелеріне арналды”.

Фатеев А. Сперанский М.М. — генерал-губернатор Сибири // Записи русского научно-исследовательского объединения в Праге. Прага, 1942. Т. XII. С. 24.

1822 жылғы қазақтардың құқы туралы жарғы

“... §268. “Ресейдің билігін мойындаған кез келген қырғыз өзінің жергілікті қожасының және қауымның рұқсаты бойынша

өз мәселелерін шешу және жұмыс табу үшін қайда барса да шек қойылмайды...

§273. Жарғыға сай ұйымдастырылған болыстарда 1808 жылғы жарлықпен рұқсат етілген қырғыздарды жекеменшікте, қапаста ұстауға тыйым салынады.

§274. Қырғыздардың үстінен қараған сұлтандар оларға қожалық ете алмайды, тек болыс басшысы ретінде есептелінеді. Оның қоғамдағы орны халықтың және жоғары лауазымды басшылықтың келісіміне негізделген.

§275. Сұлтандардан қысым көрген қырғыздар жақын жердегі басшылықтан қорған іздеуге құқы бар.

§276. Әрбір қырғыздың қозғалмайтын, тұрақты меншік ұстауына шек қойылмайды.

§277. Қырғыздардың қолында бұрыннан қалып қойған тәуелді адамдарды сатып жіберуге, сыйлыққа тартуына немесе мұралық иемденуіне, басқаларға беруіне болады. Басы бос қырғыздар тарапынан қауым мүшелерін құлдыққа беруге тыйым салынады.

§279. Сұлтандар ең лауазымды және құрметті қырғыздардың тобы ретінде денесіне дүре соғудан босатылады...”

Материалы по истории политического строя Казахстана.

Алма-Ата, 1960. Т. 1. С. 106, 109 — 110.

§ 11. ҚАЗАҚТАРДЫҢ 1812 ЖЫЛҒЫ РЕСЕЙДІҢ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ

Ресейдің француздардың Наполеон армиясымен соғысында атты әскер ерекше рөл атқарды. Бұл патша әкімшілігінен қазақтардан жылқы сатып алуды жылдан-жылға молайта түсуді қажет етті. Сондықтан 1804—1815 жылдары ғана Кіші жүз қазақтарынан 1 000-нан астам, ал Ішкі (Бөкей) Ордадан 48 мыңға жуық жылқы сатып алынды.

Қазақтар орыс емес ұлттардан құралған әскери құрамаларда, башқұрт, қалмақ және басқа халықтар өкілдерімен бірге Наполеонға қарсы Отан соғысына қатысты. Соғыс қарсаңында Қазақстанмен іргелес Орынбор губерниясында 40 кавалериялық полк құрылды. Оның ішінде: 28 башқұрт, 5 орынборлық, 2 тептяр полкі, т.б. бар еді. Сан жағынан қазақтар Орынбор полктерінде, әсіресе Орал казактарының әскери топтарында көп болды.

1799 жыл мен ХІХ ғасырдың отызыншы жылдары арасында Ресей жеріне Орта жүзден 1200 шаңырақ қоныс аударды. Орынбор шекаралық комиссиясының мәліметтеріне қарағанда, 1790—1815 жылдары 1226 жергілікті қазақтар

өз қоныстарын тастап, башқұрт болып жазылған, солардың 68-і осыған сай құқықтармен теңестірілген. Олардың қатарында аты-жөндерін өзгерткен, соғысқа қатысқан қазақ жауынгерлері де аз көрінбейді.

Наполеонмен соғыс жылдарында Кіші жүз тұрғындарының жағдайының төмендеп кетуінен 20 мыңнан астам азамат өз мекенжайларын тастап, Орынбор шекаралық шебіне өткен.

1812 жылы шілденің 6-сы күні Ресей мемлекетіне соғыс қаупі төніп келе жатқандығы туралы І Александр патшаның арнайы манифест-үндеуі қабылданды. Ел азаматтары Отанды қорғауға шақырылды. Манифест түрлі халықтар тіліне аударылды. Ерікті үгітшілер ауыл-ауылды аралап, қазақтарға үндеудің мазмұнын таныстырды.

Алайда қазақ жерінің Ресейдің орталық аудандарынан алшақ жатуы батыс аймақтарда болып жатқан соғыс қимылдары туралы мәліметтердің мұнда уақытында жетіп тұруына мүмкіндік бермеді.

Орынбор губернаторы Г.С. Волконскийдің Ресей мен Франция арасында соғыс басталғандығы туралы хабары ауылдарға 1812 жылғы қазан-қараша айларында жетті. Қазақ елі арасында орыс халқын қолдап, жауға қарсы күш жұмылдыруға шақырған, екі ел достығы рухын көтеруге атсалысқандардың бірі — старшын Байсақал Тілекұлы еді.

Риддер, Зыряновск, Белоусовка кеніштерінде қазақ еңбекшілері майдан қажетіне мыс, қорғасын балқытуды үдетті. Қазақ жұмысшылары соғыс керегіне ақша да жинады.

Елтон тұз өндіру орнының еңбеккерлері батыс майданға бір миллион пұт тұз жөнелтті. Ресей үкіметі тұзды жіберілген жерге жеткізу үшін сұлтандардан көлік бөлуді талап етті. Мыңдаған қазақтар ат-арбаға тиелген тұзды Еділ жағасына тиісті мерзімінде жеткізуге тырысты. Тұз өндіруші қазақтар, сонымен қатар орыс әскері пайдасына 22 мың сом ақша жинады. Қазақтар әскерді арзан да сапалы етпен, көлікпен, әскери аттармен, садақтармен, тағы да басқа соғысқа қажетті құралдармен қамтамасыз етуге атсалысты.

Соғыс туралы хабар кең далаға таралысымен, жүздеген қазақ жігіттері бүкіл ел бойынша ұйымдастырылып жатқан халық жасақтары мен тұрақты әскери бөлімдер қатарына тіркелуге ерік білдірді.

Өскемен, Обь және Крутоберезов болыстарында бірнеше әскери бөлімдер ұйымдастырылды. Қазақ жігіттері



Бородино шайқасы

(Ертіс шебінің полктері 1812 жылғы қыркүйек айында Бородино түбіндегі қанды шайқасқа қатысты)

орыс әскері сапында соғыстың әуелгі кезінен бастап шетел жорықтарына дейін қатысты. Соғыс қарсаңында олар Ертіс әскери шебінде, Бұқтырмадан Омбы бекіністеріне дейін орналасты.

Ертіс шебінің полктері 1812 жылғы қыркүйек айында Бородино түбіндегі қанды шайқасқа қатысты. Бұл орыс әскерлерінің орталық шебіне француздар тарапынан төнген қауіпті жойды. Бородино шайқасында көрсеткен ерлігі үшін қазақ жауынгері Майлыбайұлы күміс медальмен, 1-тептяр полкінің старшыны Қарынбай Зындағұлұлы көгілдір лента-лы медальмен марапатталды.

1812 жылғы 27 шілдеде Малаево Болото және Левия деревнялары түбінде болған ұрыстарда қатардағы жауынгер қазақтар — Мұрат Құлшоранұлы, Еріш Азаматұлы айрықша көзге түсті, оларға хорунжий¹ атағы берілді. Осы кезде Рамоново деген жерде болған шайқаста атты әскер жауынгерлері — Боранбай Шуашбайұлы, жасауыл Ықсан Әубәкірұлы ерлікпен шайқасты. Француз әскери шебін шабуылдап, олардың жүгін басып алған бұл жауынгерлер, басқа да қазақ жігіттерін ерлікке рухтандырды. Вязма түбіндегі ұрыста ерлік көрсеткен 1-тептяр полкінің жаса-

¹ Орыс атты әскеріндегі алғашқы офицерлік шен.

уылы Сағит Хамитұлы 3-дәрежелі “Қасиетті Анна” орденіне ие болды.

Башқұрт полкі құрамында шайқасқан қазақ Нарынбай Жанжігітұлы ерлігі үшін “Георгий” орденінің кавалері атанды. Башқұрт полкі құрамында ұрыс қимылдарына қатысқан қазақтардың бірі — жауынгер-ақын Әмен Байбатырұлы еді. Соғыс аяқталғаннан кейін ол Орынборға оралып, халық арасында әрі батыр, әрі ақын ретінде белгілі болды. Өз өлеңдерінде қазақ жігіттері мен орыс солдаттарының ерлігін, әскери бауырластығын жырлады. Кейіннен ол егде тартқан жасына қарамай 1853 жылы Орынбор губернаторы граф В.А.Перовскийдің қоқандықтарға қарсы жорығына, Ақмешітті алуға, Сырдария бойындағы қазақтарды Қоқан езгісінен босатуға қатысты.

Жанжігітұлы мен Байбатырұлы башқұрт полкі құрамында атаман Платовтың казак әскеріне қосылды, сөйтіп Веймар, Ганау және Майндағы Франкфурт қалалары түбінде болған ұрыстарда ерлікпен шайқасты.

Қазақтар осы башқұрт полкі құрамында Кобленц, Мангейм, Нанси, Сен-Диезье елді мекендері үшін ұрыстарға белсене қатысып, 1814 жылғы наурыз айында император І Александрдың бұйрығымен Парижге құрметті жеңімпаздар ретінде кірген әскери күштер қатарында болды.

1812 жылғы соғыстың басты оқиғаларына белсене қатысқан қазақтардың арасында шоқынған қазақ Яков Беляков та болды. Кіші жүзден шыққан 3-Орынбор казак полкі 1813 жылдың басында Беннигсеннің Польша әскерінің авангардында болды, кейін Сеславиннің партизан корпусы құрамында қимыл жасады. Лейпциг, Веймар, Ганау, Мезьере, Ла Ротьере түбіндегі ұрыстарға қатысты. 1830 жылы Орынбор өлкесінің билеушісі П. Эссенге жазған өтінішінде Яков Беляков өзінің ұлты қазақ екенін, орыс әскеріне өз еркімен кіргенін, көп жылдар оған адал қызмет еткенін атап көрсетіп, денсаулық жағдайына байланысты әскер қатарынан босатуды, туған аулына қайтаруды өтінген.

Башқұрт-қазақ әскери бөлімшелері құрамында негізгі шайқастарға қатысқан қазақтар орыс әскерлерінің жеңісіне салмақты үлес қосты. Қазақтардың 1812 жылғы соғысқа қатысуы — екі халықтың әскери бауырластығын нығайтқан ерекше оқиға болды.

Соғысқа қатысқан қазақтар ел құрметіне бөленді, Ресей өкімшіліктері де оларға ерекше пейілмен қарады. Қазақ

сарбаздарының Наполеон әскеріне қарсы күреске белсене атсалысуы — халқымыздың әскери тарихындағы ірі белес. Дегенмен де, соғысқа қатысқандар саны көп болмағандықтан, олардың есімдері қазақ даласына түгелдей тарала қойған жоқ. Ерлік көрсеткен азаматтардың батырлығы, сондықтан да елге белгісіз болып қалды. Бұл мәселе тарихта жеткілікті зерттелмегендіктен Ресей тарихында да башқұрттардың, қазақтардың және тағы басқалардың соғыстағы ерлігі ұзақ уақыт назардан тыс қалып келді. Бүгінгі қазақ тарихында бұл мәселені зерттеу және насихаттау қолға алынып келді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1812 жылғы соғыстың басталуы туралы хабарды қазақтар қалай қабылдады?
2. Қазақ жауынгерлерінің негізгі шайқастарға қатысуы жайлы айтып беріңдер.
3. Қазақтардың 1812 жылғы соғысқа қатысуы екі халықтың әскери ынтымақтастығына қалай әсер етті?

Құжаттар

“... 1837 жылы ұлы князь Александр Николаевич пен жазушы В.А.Жуковскийдің Орынборда бірге болғаны туралы аз да болса, нақты мағлұмат аламыз. Осыған байланысты Орынборда айырбас сарайының жанында ұлы князьды қабылдау ұйымдастырылды. Оны тамаша ұлттық киімдерімен көзге түскен екі қазақ қарсы алды. Олар князьға өздерін таза орыс тілінде таныстырды. Бірінші қазақ уряднигінің Парижді алуға қатысқаны үшін берілген медалі бар екен. Ол 1812—1814 жылдардағы Отан соғысына өз еркімен Орынбор казак полктерінің құрамында қатысыпты.

Белгісіз болып қалған қазақтар есімін тұңғыш рет Орынбор поручигі Иван Виткевичтің (В.А.Перовскийдің адъютанты) жазушы В.И.Дальге жазған хатынан білдік. Ол осы кезде Иран арқылы Ауғанстанға дипломатиялық тапсырма бойынша жіберілген еді. Иран шахының Тегераннан бірнеше шақырым жердегі жазғы сарайында болған Виткевич 1837 жылғы тамыздың 31-і күні “Инвалид” газеті бетінде шілде айында жоғарыда аталған ұлы князьдың Орынборда демалу кешін сипаттаған: “Мені қынжылдырғаны, ұлы мәртебеліге — князьға келген жерлес қырғыздарды өзімнің біле алмағаным...” “Инвалидте” сипатталғандай, мен олардың біреуін таныдым, медальдісі Нарынбай Жанжігітұлы, оның ақылды кейпі әлі де көз алдымда”.

Матвиевский П.Е. Оренбургский край
в Отечественной войне 1812 г.
(Исторические очерки). Оренбург, 1962. С. 59.

§ 12-13. ОТАРЛЫҚ ЕЗГІНІҢ КҮШЕЮІ. 1837 — 1847 ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС

Отарлық езгінің күшеюі. 1822—1824 жылдары Кіші және Орта жүздерде хан билігінің жойылуына байланысты патша өкіметінің отарлық езгісі қатты күшейді. Мұнда жаңа аумақтық құрылымдар енгізіліп, Ресей империясына ұқсас басқару органдары құрылды. XIX ғасырдың 30-жылдарында өкімет билікті одан әрі орталықтандыруға күш салды. Жергілікті билік органдары мен қазақтан шыққан билеушілерге бақылау күшейтілді. Қазақ жерін әрі қарай отарлау үшін жаңа бекіністер тұрғызылып, оларға әскери горнизондар орналастырылды. “Сібір қырғыздарын шекаралық басқару” деген атаумен жеке шекаралық басқарма құрылды. Оның орталығы Омбы қаласында орналасты. Дәл осындай шекаралық басқарма Кіші жүз руларын басқару үшін Орынбор қаласында да құрылды.

Бұған қоса Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-батысына Қоқан және Хиуа хандықтары да басқыншылық саясатты күшейтті. XIX ғасырдың 20-жылдарына қарай Ұлы жүздің бір бөлігі, Кіші жүздің оңтүстік өңірінің бір жағы Қоқан бектерінің билігінде болды. Тіпті Орта жүздің бір бөлігін өзіне қаратуға тырысқан Қоқан билеушілері қазақтардан алым-салық жинап, берекесін кетірді.

XIX ғасырдың 20—30-жылдары Хиуа хандығы да шекті, табын, төртқара, байұлы руларына қысым көрсетіп, Сыр өзенінің төменгі ағысында бірнеше бекініс тұрғызды. Сауда керуендерін тонаған, қазақтардың тыныштығын алған хиуалықтар жорығының салдары ауыр болды.

1822 жылғы жарғы бойынша жаңа округтерді ұйымдастыру мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың шаруашылық жағдайын мүлде құлдыратып жіберді. Патша үкіметінің қазақ жерлерін жаппай отарлауы Абылай ханның кіші ұлы Қасым сұлтанның және оның балалары Саржанның, Есенгелдінің және Кенесарының бастауымен болған халық наразылығын туғызды. Қасым сұлтан қазақ даласынан орыс әскерлерін алып кетуді талап етті. Сонымен бірге ол ежелден атақонысы болған Көкшетауда орыс бекіністерінің салынуына қатты қарсылық білдірді. Алайда патша үкіметі мұндай талапқа құлақ аспады және жаңа бекіністер салуды қолға алды. Осындай жағдайда Қасым өзінің балаларымен бірге 40 мың отбасымен Көкшетауды тастап, оңтүстіктегі Қоқан

хандығының аймағына көшіп кетті. Мұндағы мақсат — Қоқан хандығының қол астындағы қазақтармен бірігіп, Орта Азия хандықтарының қолдауымен орыс патшасына қарсы шығу еді. Қазақтарды патша үкіметіне қарсы көтерілуге үгіттеуде, әсіресе оның ұлы Саржан Қасымұлы ерекше белсенділік көрсетті. Алайда өздерінің қол астындағы қазақтардың бұл қозғалысқа қатысуын қаламаған қоқандықтар, алдымен Қасымның ұлдары Саржан мен Есенгелдіні, соңынан Қасымның өзін өлтірді. Осыдан соң Қасым сұлтанның отбасы мен туыстары Қоқан хандығының аймағынан көшіп Ұлытау өңіріне қоныстанды. Бірақ бұл аймақ ол кезде Сібір генерал-губернаторлығының қол астына қарайтын еді.



Кенесары хан

Патша үкіметі Жаңа Елек (Илек) өзені бойында әскери шеп тұрғыза бастады. Қазақтардың атам заманнан қоныстанған жерінен ығыстырылуы, белгілі би Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліске себепші болды. Жиырмамыншы жылдардағы халық көтерілісін басқарған ол, бұл көтеріліс жеңіліп қалса да, рухы түспей қазақтарды жаңа күреске жігерлендірді. Отызыншы жылдардың орта шенінде орыстардың Орск—Троицк әскери шебінің күшеюіне байланысты осындағы көп қазақ ауылдары Торғай өзеніне қарай қоныс аударды. Малға жайылым таппаған қазақтардың ашу-ызасы өрши түсті. Осындай наразылықты ұйымдастырушы және басқарушы Жоламан Тіленшіұлы болды. Оның басшылығымен қазақтар орыстардың жаңа әскери шебіне шабуылдар жасады және орыс жерінен Орта Азияға кетіп бара жатқан керуендерді тонады. Ашынған қазақтар патша үкіметінің жүгенсіз отаршылдық саясатына осылайша наразылық білдіруге мәжбүр болды.

Жоламан Тіленшіұлы ұйымдастырған көтерілістің басты мақсаты — отаршылдар күшпен басып алған жерді иелеріне, қазақтарға қайтару еді. XIX ғасырдың 30—40-жылдарын қамтыған Қазақстандағы ең ірі халықтық сипаты бар Кенесары Қасымұлы көтерілісінің алғышарттарын әзірлеуде мұндай әлеуметтік қозғалыстардың маңызы зор болды.

Көтерілістің басталу себептері мен барысы. Абылай ханның ұлдарының бірі Қасым төренің баласы Кенесары

сұлтан көтерілісінің басты мақсаты — Қазақстанның патшалы Ресейдің құрамына қосылып үлгермеген өңірлерінің дербестігін сақтау, қазақ жерін бекіністер мен жаңа округтік билеу арқылы жан-жақты отарлауды тоқтату еді. Кенесары Қасымұлы (1802—1847) және оның төңірегіне шоғырланған топ Ресейдің билеуші топтарының билеп-төстеу саясатының мәнін және салдарын түсіне білді. Халықтың осы уақытқа дейін бытыраңқы сипат алған наразылығын отаршылдыққа қарсы күреске жұмылдыруды көздеген Кенесары, сонымен бірге қазақтарды оңтүстіктегі Орта Азия хандарының жүгенсіздігінен де құтқаруды мақсат етті. Ол азаттық үшін күрестің Исатай Тайманұлы бастаған және одан бұрын Сырым Датұлы туын көтерген ерлік дәстүрлерін одан әрі жалғастырып әкетті. Бірақ Кенесары бастаған көтеріліс өзінен бұрынғы наразылықтардың бәрінен де күшті және ерекше болды. Ол тек отарлаушы орыс патшасына ғана қарсы шығып қоймай, сонымен бірге патша үкіметінің қолшоқпарына айналған және оңтүстіктегі Қоқан хандығының әділетсіз саясатын қазақтар арасында жүргізіп отырған қазақ сұлтандары мен билеріне де қарсы көтерілді. Басты мақсат — бұл күресте тәуелсіз Қазақ хандығына қол жеткізу еді. Қазақтардың бір орталыққа бағынған мықты мемлекетін орнықтырмай патша үкіметінің отаршыл пиғылына соққы беру мүмкін емес екендігін Кенесары жақсы түсінді. Сондықтан да ол қазақтар мекендейтін аймақтарды біріктіруді көздеген жорықтарды басқарды.

Кенесары Қасымұлының көтерілісі XIX ғасырдағы бүкіл Қазақстанды қамтыды. Ұлы, Орта және Кіші жүз қазақтары бұл көтеріліске белсене қатысты. Көтерілістің әр кезеңдерінде сұлтанды қыпшақ, төртқара, жағалбайлы, шекті, алшын, керей, жаппас, бағаналы, табын, тама, арғын және басқа ірі рулар қолдап отырды. *Он жылға созылған көтерілістің басты қозғаушы күші — қазақ шаруалары еді.* Кеулей бастаған отарлық езгі жағдайында бұқара көтеріліс арқылы өздерінің әлеуметтік қайшылықтарын шешуге тырысты. Езілген үш жүздің еңбекшілерінің осы саяси арпалысқа қатысуы, қозғалыстың басты мақсаттарына ұлт-азаттық сипат берді. Кенесарыны ең алдымен қызу қолдағандар: інісі Наурызбай төре, қырындасы Бопай ханым, т.б. жақын-туыстары еді. Көтеріліске қатысқан белгілі Шыңғыс ұрпақтарының ішінде Көкшетау өңірінен сұлтандар: *Шеген, Қанқожа Уәлиұлы, Таны Тортайұлы, Айғаным ханым*; Ақмола округінен:

Күшік, Жадай, Жанай Айшуақұлдары болды. Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл округтерінде, кейіннен патша үкіметінің сот-жазалау мекемелерінің жинаған мәліметтеріне қарағанда, көтеріліске 80-нен астам сұлтан, би, старшындар қатысқан. Оның ішінде, Орта жүздің соңғы ресми ханы Уәлидің жесірі Айғаным ханымның беделі өте зор болатын. Онымен жергілікті билеушілер ғана емес, Ресей үкіметі де қатты санасатын.



Айғаным ханым

Кенесары әскерінің жеке отрядтарын басқарғандар арасынан қазақтың үш жүзінің де белгілі батырларын кездестіреміз: *Ағыбай, Иман (Амангелді Имановтың атасы), Жоламан Тіленішұлы, Бұхарбай, Бұғыбай, Аңғал батыр, Жеке батыр, Байсейіт батыр, Сұраншы батыр* және т.б. Көтеріліс тек қазақ ұлтымен шектелмеді. Оған әртүрлі ұлттардың өкілдері қатысты: орыс, өзбек, қырғыз. Қазақ жерін қамтыған осы көтеріліске әртүрлі ұлт өкілдерінің атсалысуы түсінікті. Қоқан, Хиуа бектерінің, қырғыз манаптарының, орыс помещиктерінің озбырлығынан қашқан езілген топ өкілдері көтерілістен пана іздеді, өздерінің саяси-әлеуметтік талаптарының орындалуы үшін арпалысты.

1837 жылғы қараша айында Кенесары Қасымұлы Петропавл қаласынан шыққан керуенді қорғайтын Ақтау бекінісі казактарының тобына тұңғыш рет шабуыл жасап, патша үкіметіне қарулы қарсылық білдірді.

1838 жылдың көктемінде көтерілісшілердің патша жазалаушы қолдарымен қақтығыстары жиіледі. Көтеріліске қойлыбай-шағырай, жанай, қалқаман, темеш, тыналы және басқа да Ақмола округі өңірінде көшіп жүрген қазақ рулары белсене қатысты. 1838 жылы мамыр айында Кенесары жасағы Ақмола бекінісіне тұтқиылдан шабуылдады. Патша үкіметінің сойылын соққан сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы және Қарбышев басқарған бекініс гарнизоны Ақмоланы қорғап қала алмады. Көтерілісшілер бекіністі өртеп жіберді. Бұл көтерілісшілерге рух берген ірі жеңіс еді.

Көтерілістің қарқындылығы сондай, тіпті патша үкіметіне берілген жеке қазақ сұлтандары да малын және өз бастарын аман сақтау үшін алғашында көтеріліске қосылды. Солардың

ішінде Баянауыл округінің ірі өкілі Мұса Шорманұлы, сұлтандар — Бабатай, Елемес Жайнақұлы, т.б. кейіннен жазалаушылар жағына шығып кетті. 1838 жылдың жазы мен күзінде Орта жүз қазақтарының негізгі бөлігі Кенесары туы астына шоғырланды. Осы жылдың күзінен қозғалыс Кіші жүзді де шарпыды. Ырғыз және Торғай өзендері бойын қоныстанған қазақ шаруалары көтеріліске зор ынтамен қосылды. Көп кешікпей би Жоламан Тіленшіұлы өз жақтастарымен азаттық үшін күрестің қатарын толықтырды.

1841 жылы тамыз айында Кенесарының қолы Ташкентке аттанды. Алайда сарбаздар арасында жұқпалы аурудың тарауынан жорық жүзеге аспады. Көтерілісшілердің бір тобы қоқан әскерлері орналасқан Созақ, Жаңақорған, Жүлек және Ақмешіт бекіністерін қоршады. Созақты қоршау және бірнеше қоқан бекіністерін алу көтерілісшілерді рухтандырды. Кенесары Қасымұлының есімі қазақ даласына кеңінен тарады. Қоқан ханы, тіпті, сұлтанға одақ жасауды ұсынды. Қазақ жерін азат етуді аңсаған көтеріліс көсемі мұндай одақтан бас тартты.

Көтеріліс шеңберінің кеңейіп бара жатқанынан шошынған патша үкіметі Кенесары мен Қоқан хандығының арасындағы қайшылықты пайдаланып, оны тұншықтыру үшін тікелей шараларды іске асыра бастады. 1842 жылы В. А. Перовскийдің орнына Орынбор өлкесіне губернатор болып тағайындалған генерал В. А. Обручев қарулы қолмен көтерілісті қанға бояуды ойластырды. Екінші жағынан, Батыс Сібір генерал-губернаторы, князь П. Д. Горчаков та Сібір жағынан қысымды үдетті. 1842 жылы қазақ даласына Сібір әскери шебінен жіберілген Сотников тобы Кенесары жасақтарына қарсы шабуылды бастады. Кейіннен құрамы күшейтілген Батыс Сібір жазалау отряды Ақсақал төбе маңында 1000 түйе, 3000 жылқы, 10 000 қойды айдап әкетіп, 100 адамды өлтірді. Осы жағдай Батыс Сібір генерал-губернаторының билігіндегі қазақ ауылдарының күштерін біріктіруіне түрткі болды.

1843 жылғы маусым айында І Николай патша войсковой старшина Лебедев бастаған 300 казак отрядын көтерілісті жаншуға жіберуге келісімін берді. Ал 1843 жылдың тамыз айында Кенесарыға қарсы билеуші сұлтан Ахмет Жантөреұлы, сұлтан Баймағамбет Айшуақұлы, полковник Геке және Бизановтар басқарған бесмыңдық екінші топ ұйымдастырылды. Сондай-ақ Омбы және Қарқаралы маңында жазалаушылардың бесмыңдық тағы бір тобы жасақталды. Тамыз айының алғашқы күні Орынбордан аттанған топпен Кене-

сары сарбаздарының арасында кескілескен шайқас өтті. Екі жағына да құрбандық әкелген әскери қырқыс нақты нәтиже бермей, көтерілісшілер кейін шегінді. Сөйтіп, 1843 жылы тамыз айының 17-сі күні Орынбор жағынан қимылға кіріскен полковник Бизановтың қарулы тобы көтерілісшілерге қарсы ешқандай тойтарыс бере алмай, Ор бекінісіне қайтып оралды.

Кенесары әскерінің 1844 жылғы шілде айының 20-сынан 21-іне қараған түнінде болған шайқасы жеңіспен аяқталды: түнгі қақтығыста көтерілісшілер сұлтан-билеуші Ахмет Жантөреұлының отрядын қоршап, оған соққы берді, жаза-лаушы әскери топпен бірігіп Кенесарыға қарсы тұрған қазақ феодалдарынан 44 сұлтан ұрыс даласында мерт болды. Көтерілісшілер қимылдарының қарқынды болғаны соншалық, ұрыс болған жерге жақын келген полковник Дуниковский әскери тобының сұлтан Жантөреұлына көмекке келуге батылы жетпеді. Ахмет Жантөреұлы Тобыл өзеніне қарай жедел шегінуге мәжбүр болды. Кенесарыға қарсы күресте дәрменсіздік көрсеткені үшін войсковой старшина Лебедев Орынборға шақыртылып, орнынан тайдырылып, сотқа тартылды.

1844 жылғы күрес нәтижелері көтерілісшілердің рухын көтерді, Кенесары туы астына жаңа қазақ ауылдарының тездеп шоғырлануына түрткі болды. Осы жағдай Орынбор әкімшілігін Кенесарымен келіссөз жүргізуді бастауға мәжбүр етті. Көтеріліс басшысы да патша үкіметімен арадағы тартысты өзара келіссөз арқылы шешу жағында еді. 1838 жылы желтоқсан айында Ақбұлақ округтік приказы төңірегінде Кенесары Қасымұлынан Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаковқа және І Николай патшаға арналған хаттарды тапсыруға хан жіберген бес өкіл — Тобылды Тоқтыұлы, Жүніс Жанкүшікұлы, Малберді Қонысбайұлы, Қосымбай Қазанғапұлы, Майтөк Дөненұлы тұтқынға алынып, жазаға тартылды. Кенесарының сенімді өкілдері арқылы қойған талабы — қазақ жеріндегі округтік приказды жою, Абылай хан заманындағы қазақ жерінің дербестігін қалпына келтіру, жергілікті тұрғындардан алым-салық жинауды тоқтату еді. Күрестің екінші кезеңінде ол бұрынғы талаптарын біршама жұмсартты.

Патшалы Ресеймен қарулы қақтығыстың ауырлығын сезген сұлтан бүкіл қазақ жерін отарлаудан азат етудің қиындығын түсінді. Кенесарының ендігі талабы әлі де әскери бекіністің қармағына іліне қоймаған Ақтау, Есіл-Нұрадан кейінгі

өңірді патша үкіметі билігінен босату еді. Осындай жағдайда, арадағы қайшылықтарды келіссөз арқылы шешуге Кенесары барынша мән берді. 1844 жылдың аяғында көтеріліс басшысымен келіссөз жүргізу үшін Орынбор шекаралық комиссиясының өкілі би Баймұханбет Жаманшин Орынбор губернаторы Обручевтің хатын Кенесарыға табыс етті.

1845 жылдың сәуір айында Кенесарының аулына Долговтың, кейіннен штаб поручигі Герннің елшілігі келді. Алайда патша елшілерінің талабы Қазақстанды бұрынғыдай отарлау жағдайында қалдыру еді. Кенесарыға басқа елдермен дипломатиялық байланыс жасауына тыйым салынды. Көтеріліске қатысқан қазақ руларына үкімет межелеп берген жерлерде ғана көшіп-қонып жүруіне рұқсат берілді. Кенесары Қасымұлына Орынбор өңіріндегі қазақтардың иелігін Ресей империясының бір бөлігі ретінде мойындаса ғана көтеріліске қатысушыларға кешірім берілетіндігі басты шарт ретінде қойылды. Әрине, көтерілістің негізгі мақсаттарына қайшы, алғашқы нәтижелерін жоққа шығаратын мұндай талаптарды қабылдау отаршылдық тәртіптерді өзгеріссіз қалдырумен тең еді. Екі ай бойы Кенесарымен бірге көшіп жүруге мәжбүр болған Ресей елшілері көздеген мақсаттарының орындалмайтынына көздері жетіп, Орынборға қайта оралды.

Елші Долгов арқылы Орынбор генерал-губернаторына жолдаған хатында Кенесары Қасымұлы Ресейдің билігін өзінің мойындауы үшін төмендегі талаптарды анықтау қажет деп санады: қазақ жеріндегі барлық патша бекіністерін жермен-жексен ету, қазақ ауылындағы жазалаушы отрядтарының бассыздығын тыю, алым-салық жинауды тоқтату. Бұдан кейін патша үкіметі мен Кенесары арасында келіссөздер тоқтап қалды.

Көтерілістің шешуші кезеңі және оның жеңілуі. 1845 жылдың жазында көтерілісшілердің мақсаттарынан таймайтынына көзі жеткен патша үкіметі қазақ жерін бекіністер арқылы отарлауды жалғастырды. Ұлытау, Ырғыз және Торғай өзендері бойында жылдам тұрғызылған бекіністер осы бағыттың бір көрінісі болды. Бұл бекіністердің салынуына Кенесарының қарсылығын патша үкіметі тыңдағысы келмеді. Осы өңірді тастап кетудің алдында Кенесары алыстағы адай руының биі, старшындарына, Бұхар әмірлігіне жіберген сенімді адамдары арқылы тұрақты қоныстануға жер бөліп беруді өтінген.

Кенесары қалыптасқан жағдайды талқылау үшін белгілі қазақ руларының, батырларының, сұлтандарының қатысуымен кеңес өткізді. Көтерілістің қалыптасқан жағдайдағы жоспары тіпті көрші мемлекеттерден, соның ішінен, Қытайдан көмек сұрау мәселелері де талқыланды. Осы кеңесте патша үкіметі қимылының күшеюі салдарынан Сарыарқадан оңтүстік аудандарға ығысу туралы шешім қабылдануы көтерілістің кейінгі тағдырына да әсер етпей қоймады.

Туған жерін тастап кету қазақ шаруалары үшін ерекше ауыр болды. Кенесары сарбаздарының көтерілістен кетуге бел байлаған шаруаларға қысым көрсетуі, қарсыластарының ауылдарымен қақтығыстары жиілей түсті. Жер ала алмаған, тыныштық пен тұрақты пана іздеген, алым-салықтан бас көтере алмаған қазақ руларының тарапынан қарсылық күшейе бастады.

Кенесарының Сарыарқадан Ұлы жүзге бет алуының бір себебі — Қоқан хандығының езгісіндегі қазақ руларының дербестік алуына көмек көрсетіп, өзіне тірек жасау еді. Кенесары ұйымдастырған мемлекеттік тәртіпке негізделген көшпелі қауым және оның басты әлеуметтік тірегі — ақсүйектер бүкіл қазақ жерін азаттыққа жеткізуге тырысты. Әрине, Кенесарының арқа сүйеген тобы — би, старшындар және көпшілігі ауқатты топтан шыққан батырлар болатын. Ол құрған хандықтың әскери тірегі де осы батырлардың соңынан ерген сарбаздар еді.

Көшпенді феодалдық мемлекеттің құрылысында жалпы Қазақстандағы хандық биліктен бірқатар өзіндік ерекшеліктері болды. Хандық кеңестің құрамы Кенесарының жақын туыстарынан, би, батыр және сұлтандардан тұрды. Әбілқайыр хан кезіндегі ақсақалдар кеңесінен бір өзгешелігі — биліктің тізгіні Кенесарының өз қолында болды. Хандық кеңеске, негізінде, азаттық күрестің мақсаттарына терең берілген, ұрыста ерлік немесе дипломатиялық қасиеттерін көрсете білген өкілдер кірді. Көшпенді өмір мен жазалаушы күштердің тұрақты қысымы жағдайында хандықты басқаруды жолға қою қиын еді.

1841 жылы тамыз айында хандық билікті қалпына келтірген Кенесары қазақ қауымында белгілі билер сотын жойып, оның орнына хандық сотты кіргізді. Арнайы топ қаржы мәселесімен айналысты. Сауда керуендерінен жиналатын баж салығы мен алым-салықты ретке келтіріп отыратын арнайы

қызметкерлер тобы болды. Сонымен қатар көтерілісшілерді қолдаған ірі феодалдардан алынған мал, дүние-мүліктерін бөлу немесе оны басқару ісімен Кенесарының көмекшілері айналысты.

Кенесарының тікелей қатысуымен құрылған басқару ісі Хандық кеңес қабылдаған шешімдердің орындалуын қадағалап отырды, алым-салықтың жиналуын қамтамасыз етті. Арнайы билеу органы, сонымен қатар қазақ ауылдарында көтеріліс басшысының үндеулерін уағыздап, таратуға жауап беретін.

Кенесары Қасымұлының басшылығымен іске асырылған өзгерістердің ішінде көңіл аударатыны — хандықтың жер саясаты. Егіншілікке көшуді, жер шаруашылығын дамытуды Кенесары әрқашан қолдап отырды. Алайда Кенесары Қасымұлы сарбаздарының көтеріліс қамтыған аудандарды басып өтетін сауда керуендерін шабуылдауы, осы өңірдегі экономикалық байланыстарға нұқсан келтірді. Қалалардың көшпенді қазақтармен сауда байланыстары құлдырады. Орынбордан, Петропавл, Семейден Орта Азияға, Шығыс Түркістанға тауар апаратын көпестердің байланыстары әлсіреді. Алайда Кенесары ру арасын жегідей жеген барымтаға, әртүрлі жағдайда жиі қайталанып тұратын тартыстарға қатаң шек қойды, пәрменді шара қолданып отырды.

Әскери қимылдар кезінде де Кенесары және оның көмекшілері бірқатар өзгерістер жасады. Батырлар мен төлеңгіттердің басқаруындағы көтерілісшілердің әскери күші, негізінен, өз еркімен құрылған жасақтардан тұрды. Көтерілісшілер саны кейбір жағдайда жиырма мыңға дейін жетті. Жасақ жүздіктерге, мындықтарға бөлінді. Бұл әскер басқарудағы жүйе көшпенді халықтарда ертеден келе жатқан, далалық ауданда соғысуға икемделген әдіс еді. Бір жағынан, патша үкіметіне үміт артқан, екінші жағынан, Кенесарыға ойысқан қазақ ауылдары да көтерілісшілердің санын ұлғайту ісінде өте қажет еді. Осыған орай Кенесары әскерінде қатаң тәртіп орнатылды. Опасыздық үшін бір-ақ жаза — өлім жазасы кесілетін.

Алайда XIX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасқан Қазақстанның отаршылдық саясаты күшпен іске асырыла бастаған саяси-экономикалық жағдайда бір орталықтанған феодалдық мемлекет жүйесін құру — күрделі іс болатын. Қоқан хандығы және Ресей әскерлерімен күрес осы жағдайды айқын дәлелдеп берді.

Кенесары ауылдарының оңтүстікке қоныс аударуы Қоқан хандығымен қақтығысқа әкелетіні көрініп-ақ тұрды. 1845 жылдың қазан және қараша айларында көтерілісшілердің Созақ, Жүлек, Жаңақорған бекіністерін алуы, Кенесары күшінің екінші бөлігінің Түркістан, Ташкентке бет бұруы Қоқан билеушілерінің үрейін ұшырды. Бұхар мен Қоқан хандықтарының көтеріліске қарсы күресу жөніндегі келісімдері Кенесарының жағдайын қиындатты. Балқаш көлі мен Іле бойына бет алған Кенесары әскерін Жетісу бойындағы қазақтардың бәрі бірдей қабылдай алмады.

Абылайдың баласы Сүйік сұлтанның жақтастары Ресей билігін мойындаса, үйсін, дулат рулары көтерілісшілерді жақтады. Кенесарының белгілі старшындар Құнанбай Өскенбайұлы, Аякөз округінің аға сұлтаны Барақ Сұлтанбайұлы, тағы басқа соңынан ермеген белді тұлғалардың ауылдарын ойрандауы — Жетісудағы белді рулардың Ресейден көмек сұрауына себепші болды. 1846 жылы Шекаралық комиссиясының төрағасы генерал-майор Н.Ф.Вишневскийдің Жетісу мен Орта жүзге әскери сапарының мақсаты, бір жағынан, Ресей билігін мойындаған ру басшыларымен кездесу болса, екінші жағынан, Кенесарымен күреске Жетісу қазақтарын тартып, көтерілісшілерді әлсірету еді.

Күші басым патшаның жазалау отрядтарына тікелей қарсылық көрсете алмай, Кенесары өз ауылдарымен Іле өзенінің сол жағына шығып, Шу өзені мен Алатау төңірегіне жақындады. Ұлы жүздің батырлары — Тойшыбек, Саурық, Сұраншы, Байзақ датқа, Медеу би Кенесарыны, оның Қоқан бектеріне қарсы күресін барынша қолдады. Кенесары қолы қырғыз манаптарының иеліктеріне жақындады.

Көтерілістің жеңілуі және тарихи маңызы. Қырғыздардың бір бөлігі де Қоқан ханының тепкісінде еді. Алайда Ресей мен Қоқан бектерінің арасында екі жүзді саясат ұстаған беделді қырғыз манаптары Кенесарының Қоқан хандығына қарсы бірігіп күресу жөніндегі ұсынысын жауапсыз қалдырды. Патша үкіметінің өкілдері қырғыздар мен Алатау өңіріндегі қазақтарды бір-біріне айдап салды, олардың арасындағы жер мәселесіндегі, басқа да ескі алауыздықтарды мейлінше өршітті.

Осындай жағдайда 1847 жылдың басында Кенесары қырғыз жеріне басып кірді. Көтерілістің отаршылдық езгіге қарсы бастапқы сипаты өзгере бастады. Кенесары әскерінің

жергілікті халыққа қысымы, жазықсыз қырғыз ауылдарына шабуылдары оған қарсы өшпенділік туғызды. 1847 жылы қазіргі Тоқмаққа жақын Майтөбе (Кекілік сеңгір) деген жерде қырғыз манаптарының әскерімен шайқаста Кенесары қолы жеңіліс тапты. Рүстем сұлтан мен Сыпатай бидің ұрыс қарсаңында жауынгерлерімен Кенесарыдан бөлініп кетуі қазақ жасағының жеңілісіне әсер етті.

Бірқатар сұлтандар мен билердің Кенесарыны қолдамауы, Ресей империясынан көптеген жеңілдіктер алған сұлтандар мен билердің орталықтанған Қазақ хандығын қалпына келтіруге мүдделі болмауы — көтерілістің жеңілуінің негізгі себебі болды. Жүзге жіктелген қазақ рулары көтерілісті өз жерінде ғана қолдап, Қоқан және қырғыздармен күресуден өздерін алшақ ұстады; Кенесарының өзін қолдамаған ауылдарға озбырлығы да көтерілісшілер қатарын сиретті; Кенесарының қырғыз манаптарымен тіл табыса алмауы да жағдайда ауырлатып жіберді. Қырғыз билеушілері Кенесарыдан жәбір-жапа шеккен қырғыз ауылдарын ханға қарсы күреске ұйымдастыра алды. Мұның өзі Кенесары көтерілісінің нәтижелерінің қайғылы болуына алып келді. Солай бола тұрса да 1837—1847 жылдар аралығында орын алған бұл көтерілістің тарихи маңызы өте зор. Ол патша үкіметінің қазақ жерін отар елге айналдыру үдерісін ондаған жылдарға тежеп тастады. Кенесарының соңынан ілескен қазақ халқы орыс патшасының отаршылдық іс-әрекеттеріне тежеу салу үшін ұйымдасқан күрес қажет екенін түсінді. Үш жүзге бөлінген қазақ ру-тайпалары патша үкіметіне қарулы күреске ұйымдаса алатынын дәлелдеді. Көтеріліс жеңіліп қалғанына қарамастан, қазақ халқының бостандық сүйгіш рухын көтеріп, ғасырлар бойы қалыптасқан тәуелсіздік үшін күрес жолына жұмылдыра білді. Бұл жоңғар шапқыншылығынан кейінгі қазақтың біртұтас ұлт екенін және оның отаршылдыққа, сондай-ақ кез келген басқыншылыққа қарсы ортақ ұлт-азаттық күресін көрсеткен тарихтың ащы сабағы болды. Кенесарымен оның інісі Наурызбайдың, сондай-ақ олардың соңынан ілескен халық батырларының қазақ халқының бостандығы, ар-намысы және ұлттық тәуелсіздігі жолындағы тамаша ерліктері қазақ халқының болашақ ұрпақтарын отаншылдыққа тәрбиелеп, жаңа жеңістерге жігерлендірді. Халық өзінің ержүрек азаматтарын шабытпен жырға қосып, мақтаныш етіп, аңызға айналдырды. Осы тарихи ерлік дәстүрі болашақ қазақ

мемлекеттілігінің тәуелсіздігіне апаратын алғышарттарды саяси, рухани-әлеуметтік тұрғыдан дайындады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Кенесары Қасымұлы көтерілісінің басты себептері неде?
2. Көтерілістің қозғаушы күштеріне сипаттама беріңдер.
3. Кенесарының Қоқан, Бұхар хандықтарымен байланысы қандай болды?
4. Кенесары хандығының құрылымы мен XVI — XVII ғасырлардағы Қазақ хандығын салыстырыңдар.
5. Көтерілісшілердің Қоқан және қырғыз манаптарымен соғысына баға беріңдер.
6. Көтерілістің жеңілу себептері мен тарихи маңызы қандай?

Құжаттар

Генерал-губернатор мырзаға Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымұлынан

“...Сізге хабарлайын деп отырғаным: екі елдің халқы бейбіт өмір сүрсін деген ойым. Біздің аудандарымызды өзіне қаратып алды деп маған күдікпен қарайтын көрінесіз. Керісінше сіздер менің атам Абылайдың иелігінде округтік дуандар (приказдар. — Ж.Қ.) құрдыңыз, қырғыз (қазақ. — Ж.Қ.) халқынан салық жинап, қысым көрсетудесіз. Біздің ренжуіміз орынды, сіздің қарамағыңызда өмір сүру мүмкін емес. Мен өз жағыма тек Баянауыл, Қарқаралы және Ақмола (округтерінің. — Ж.Қ.) халқын тартып қойғаным жоқ. Қазақ халқының көне замандағы жағдайының өзгермегенін құптаймыз. Онда біз де, сіз де тыныштықта өмір сүрген болар едік. ...Дуандардың (округ) басшылары қырғыздардың жақсы жылқыларын тартып алуда. Қазақтар өздеріне асқа күніне үш қойдан сояды. Дуан басшыларының бассыздығына қарсы қырғыздардың шағымдары жауапсыз қалады. Патша ағзамның заңдарына сай біздің жылқыларымызды өлтіруге, тартып алуға тыйым салынғаны сөз жүзінде ғана. ...Сізбенен ғұмырлық достықта болу үшін: Ақтау бекінісін жоюды, Ақмола дуанын таратуды өтінемін, түрмедегі адамдарымызды босатыңыз”.

Кенесары Қасымұлы.

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты.
374-қор. 2-тізім. 25-іс. 15-16-парақтар.

§ 14. 1836 — 1838 ЖЫЛДАРДАҒЫ И. ТАЙМАНҰЛЫ МЕН М.ӨТЕМІСҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС

Бөкей ордасының құрылуы. Қазақтың Кіші жүзі — үш жүздің ішіндегі жерді ең көп иеленген өлке. Ол



Жәңгір хан

Жайық пен Тобылдан бастап Сырдарияның төменгі ағысына дейінгі алқапты қамтып (850 000 шақырым) жатыр. Оңтүстігінде Хиуа, Қоқан хандықтарымен, Түрікмен, Қарақалпақ иеліктерімен, солтүстігінде Ресейдің Астрахан, Саратов және Орынбор губернияларымен, шығысында Ұлы және Орта жүз жерімен шектеседі.

XIX ғасыр басында Кіші жүздің бірқатар ауылдары Ресей империясының құрамындағы Жайық пен Еділ өзендерінің төменгі ағысын қамтыды. Олар кейін

Бөкей Ордасы немесе Ішкі Орданы (географиялық орналасуы бойынша) құрды.

1801 жылы Нұралы әулетінен шыққан сұлтандардың бірі Бөкей орыс императоры Павелге өзін ауылдарымен қоса орыс бодандығына алуды өтінді. Осылай болған жағдайда Бөкей өзінің қол астындағы рулық қауымдарды басқарып, Жайық пен Еділдің арасындағы далаларға көшіп баратынын және сонда жеке Қазақ хандығын құратынын мәлімдеді. Отаршылдыққа наразы Кіші жүзді әлсіретудің жолын таппай отырған патша үкіметі Бөкейдің Кіші жүзді бөлшектейтін мұндай бастамасын бірден қолдады және І Павел Бөкей Ордасын құру туралы арнайы жарлық шығарды. 1803 жылы Бөкейге ілесіп жаңа жерге 5 мыңға жуық отбасы көшіп барды. Осылайша Еділ мен Жайықтың аралығында қазақтардың Бөкей немесе Ішкі Орда деп аталатын иеліктері пайда болды. Олар Каспий жағалауындағы далаларды алып жатқан Нарынқұмына қоныстанды. Осында көшіп барушы қазақтар, негізінен, Оралдың бергі бетінен жақсы шабындық және жайылымдық жерлер таба алмағандықтан, жаңа жер іздеп келгендер еді. Мұның өзі Бөкей Ордасындағы қазақ шаруаларының санын көбейте түсті.

Бөкей Нұралыұлы — Кіші жүздің белді сұлтандарының бірі. Саяси күреске XVIII ғасырдың соңынан араласа бастаған. Өзінің туған ағасы Қаратаймен алақөз болып, кейіннен Айшуақ ханмен де жағаласты. XIX ғасырдың басында Кіші жүздегі Хандық кеңеске төраға болды, алайда тәкаппарлығы оның бағыныштылығына жол бермеді. Дегенмен, Ресей өкіметімен тығыз байланыс орнатты. Ішкі Орда құрылғаннан кейін оның билеушісі болды. 1815 жылы

12 мамырда қайтыс болып, орнына мұрагер ұлы Жәңгір ер жеткенше інісі Шығай ел биледі.

1823 жылы хан тағына отырған Жәңгір жас кезінен білімге құштарлығын байқатты. Астрахан губернаторының үйінде тәрбиеленді. Парсы, орыс, араб тілдерін білді. Саудасаттыққа қамқорлық жасады. Ресей елінде белгілі қайраткер ретінде бедел мен билікке ие болды.

Бөкей хандығы құрылуының алғашқы жылдарынан бастап — шұрайлы, тәуір жайылымды жерді хан өз туыстары мен хан сарайындағы ақсүйектерге бөліп берді. Өйткені Бөкей — Ішкі Орданың хандары тақты ұзақ ұстап отыра алмайтындықтарын түсінді. Екіншіден, Ресей императоры Ордадағы ішкі мәселелерді шешуде Бөкей мен оның мирасқорларын орыс үкіметінің сойылын соғатын қолшоқпар ретінде ғана таныды. Жәңгірдің империя мүддесін қалтқысыз қорғауға тырысатынына Ресей билеушілерінің күмәні болмады.

Патша үкіметіне толық арқа сүйеген Ішкі Орда ханы қолына әкімшілік, сот биліктерін шоғырландырып, Орданы басқару жүйесінде бірқатар өзгерістерді іске асырды. Бұған дейін бұрынғы қазақ хандарының тұрақты Ордасы болмаса, енді патша үкіметі қаражатына Жасқұс деген жерде хан сарайы салына бастады. Сұлтандардан құралған “Хандық кеңес” нақты жеңілдіктерге ие болған, шын мәнінде хан саясатын іске асыратын өкілдік мекеме еді. 1827 жылы ұйымдастырылған, 12 биден құралған “Билер кеңесі” де Орда әкімшілігінің басты құрамды бөлігі болды. Сонымен қатар хан тапсырмаларын орындайтын 12 старшын Орда ішінде баж салығының жиналуын қадағалап, Ордадан тыс жерлерде қазақтар мүддесіне байланысты мәселелермен айналысты.

Шаруалар көтерілісінің басталу себептері және оның барысы. 1818 жылы патша үкіметі қазақтардың Жайық өзенінен өтіп, Бөкей Ордасына көшіп келуіне тыйым салатын бұйрық шығарды. Бұйрықтың орындалуын Орал казак әскерлері қадағалап отырды. 1834 жылы болған жұт та жағдайды шиленістіре түсті. Осы жұтты пайдаланған князь Юсупов қазақтардан өз аймағын қыстап шыққаны үшін мал басынан салық алды. Осының бәрі жергілікті қазақтардың ашу-ызасын туғызып, оларды көтеріліске итермеледі. Ішкі Ордадағы халық әбден кедейленді. Оларды Жәңгір ханның ел басқару саясаты да қанағаттандырмады. Ол билерді сайлауға тыйым салып, оларды жоғарыдан өзі бекітіп отырды. Мұның өзі қара халықты ғана емес, көптеген билерді де ханның

саясатына наразы етті. Ішкі Ордамен іргелес өңірде орыс бекіністерінің салына бастауы, патша шенеуніктерінің, помещиктері мен жергілікті ауқатты топтардың қазақ шаруаларын екі жақтап қанауы көтеріліске антифеодалдық қана емес, Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы бағыт берді. Көтеріліске 1833 жылы Жәңгір ханның өз қайын атасы Қарауылқожа Бабажанұлын Каспий теңізі өңірінде көшіп жүрген қазақ руларына билеуші етіп тағайындауы түрткі болды. Әрине, Жәңгір ханның әділетсіздігі мен қазақ шаруаларына рақымсыздығы да халықтың наразылығын тудырмай қоймады.

Қожаның жүгенсіздігі, Жәңгір және оны қоршаған әлеуметтік топтардың халық мүддесімен санаспауы, ішкі тартысты жылдан-жылға шиеленістірді. Қарауылқожаның үстінен түскен бұқараның шағымдарына Жәңгір мән бермей, жауып тастап отырды.

Халықтың орыс отаршылдарынан қорғауды өтінген өтініштерін Жәңгір орындай алмады. Ал патша шенеуніктері болса ханның беделін қорғаймыз деген сылтаумен бұл мәселеге араласпауға тырысты. Жәңгір ханның бейтараптығын пайдаланған оның кейбір туыстары, халыққа тізесін батыра бастады.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күші — қазақ шаруалары болды. Сонымен қатар оған бірқатар старшын, билер де қатысты. Алайда көтеріліс тегеуріні әлсірей бастағанда олар патша жазалаушы отрядтары жағына қарай жалтарып, солқылдақтық көрсетіп, оның жеңілісін тездете түсті.

Көтеріліске би әрі батыр **Исатай Тайманұлы** (1791—1838 жж.) мен атақты ақын **Махамбет Өтемісұлы** (1804—1846 жж.) басшылық етті. Қозғалыстың белгілі басшыларының арасында Исатайдың серіктері Сарт Еділұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы, Ұса Төлегенұлы, Иманбай Қандыбайұлы, тағы да басқа бұқара арасынан шыққан, көтерілістің аяғына дейін жан аямай алысқан ерлер бар еді.

Исатай Тайманұлы жасынан өзінің тапқырлығымен, қабілетімен көзге түсті. 1812 жылы оны Бөкей хан беріш руының Жайық бөлімінің старшыны етіп тағайындаған. 1814 жылы Орынбор Шекаралық комиссиясы старшындыққа бекіткен. 1817 жылдан бастап Исатай батырдың патша шенеуніктерімен байланысы салқындай бастады. 1817—1823 жылдары Орынбор генерал-губернаторының көрсетуі бойынша жала жабылып, сотқа тартылған Исатай ақталып

шықты. Халыққа беделді Исатайды о баста Жәңгір хан қолдап, жауапты істерге жұмсап отырды. 1826 жылы Ордаға Бұхар елшісі келген кезде, Жәңгір ханның тапсырмасымен Исатай оны ел арасында бастап жүрді. Бірақ әрқашан тәуелсіз ойлап, еркін әрекет жасайтын Исатай ханның айтқанына көне бермеді. Жәңгірдің Исатайға деген көзқарасын өзгертуге халықтың отаршылдық қанаудан қорғауды талап еткен өтініштерінің аяқсыз қалуы елеулі ықпал жасады. Мұндайда Исатай әрқашан ханның емес, халықтың жағында болды. Қарауылқожаның жергілікті жердегі жүгенсіздігіне байланысты 1835 жылы Исатай Жәңгір ханға өзінің наразылық хатын жолдады және онда ханнан халықты қорғауды талап етті. Жәңгір хан өзінің жауабында Исатайды халықты жанжалға арандатып отырсың деп кінәлап, оны әңгімелесу үшін өзіне шақырды. Алайда ханның, Қарауылқожаның халыққа қарсы іс-әрекеттерін тыймауы Исатайды ашындырып, ол халықты ханның бұйрықтарын орындаудан бас тартуға шақырды.

Исатайдың жауынгер серігі, белгілі ержүрек ақын Махамбет Өтемісұлы да беріш руының старшыны еді. Орысша да, ана тілінде де сауатты Махамбет Орынбор шекаралық комиссиясында да, Ішкі Орданың қазақтары арасында да белгілі болды. Біраз жерді аралаған, соның ішінде, Хиуада болған Махамбеттің көзқарасы ерте қалыптасты. Алғашында Жәңгірдің сарайына, хан отбасына жақын жүрген Махамбет — шешендік, суырыпсалма ақындық өнерін ақсүйектерді түйреп, сынауда шебер пайдаланды. Исатай мен халықтың атынан еңбекшілер арасында үндеу таратқан Махамбеттің көтеріліс мақсатын айқындаудағы, шаруаларды күреске көтерудегі орны ерекше.

Жәңгірдің сойылын соғушы Баймағамбет сұлтанға, ханның өзіне және досы Исатайға арналған Махамбет өлеңдерінен Кіші жүзді қамтыған осы көтерілістің мақсаттарын, басты талаптарын байқауға болады. Қозғалыстың басты мақсаты — хан озбырлығына шек қою, шаруалар жағдайын біршама жақсарту, жер мәселесіндегі патша үкіметінің отаршылдық саясатын өзгерту. Бұл талаптар шаруалардың және ханның озбырлығына душар болған би, старшын топтарының да мүдделеріне сай келді.

1836 жылдың ақпан айының басында жекелеген старшын, билердің Жәңгір мен оның құйыршықтарына қарсы етек алған көтерілісі халық-азаттық қозғалысқа айналды. Иса-

тай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы, Ұса Төлегенұлы, басқа да көтеріліс басшылары титықтаған ауылдарды аралап, Қарауылқожа Бабажанұлын биліктен тайдыруға, ханның жарлықтарын мойындамауға шақырды. Осыдан кейін 1836 жылы наурыз айында Жәңгір хан Қарауылқожаға Исатайды және оны жақтайтын Махамбет пен басқа да старшындарды Орда қаласындағы ханның ставкасына алып келуді тапсырды. Алайда Исатай қаруланған 200 жігітті жинап, Қарауылқожаның 500 жігітіне қарсы күреске шықты. Мұның өзі Қарауылқожаны Исатайды тұтқындаудан бас тартуға және өзінің жасағын таратып жіберуге мәжбүр етті. Осыдан соң халықтың алдында Исатайдың беделі бұрынғыдан да көтеріле түсті. Енді Исатай ханға жаңа талап қойып, Қарауылқожаны қызметтен босатуды ұсынды. Бірақ жаулары хан мен Исатайдың арасын шағыстыруға әртүрлі амал-әрекеттер қолданып бақты. Олар Исатай мен Махамбетті қайдағы бір қарт бақташыны өлтіріп кетті деген жалған әңгіме таратты. Шын мәнінде, ол найзағайдың соққысынан қайтыс болған сексен жастағы кісі болып шықты. Алайда Жәңгір хан жалған мәліметке сеніп, Исатай мен Махамбеттің Ордада көтеріліс ұйымдастырып, кісі өлтіргендері туралы Астрахан және Орынбор губернаторларына арыз түсірді. Патша шенеуніктерінің бұл істі тергеуі ұзаққа созылып, бұған наразы болған Исатай 1836 жылы маусым айында он сегіз жолдасымен бірге ханмен сөйлесу үшін оның Ордасына келді. Бұдан қатты қауіптенеген хан Астрахан губернаторынан өзін қорғауға көмек сұрап, ал Исатайға елшілерін аттандырды. Елшілер Исатайға егер ол ауылына қайтатын болса, оның талаптарының бәрі орындалатынын жеткізді. Исатай бұған сеніп кейін қайтты. Алайда хан уәдесін орындамады. Осындай қарама-қарсы тұру халықтың ханға қарсы наразылығын күшейтіп жіберді. Енді Исатай ханды қойып, губернатор Перовскиймен келіссөз жүргізді. Көтеріліс бұрынғыдан да кең тарай бастады. Жәңгір ханның қарулы жасағы Исатай туының астына топтанған старшындардың ауылдарын шабуылдады. Бұл жағдайға наразы болған Исатай Тайманұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы, Иманбай Қалдыбайұлы, Досхан Дағанбекұлы, Елжан Тұрманбекұлы, т.б. белгілі старшындар Орынбор әскери-губернаторы атына шағым түсірді. Көтеріліске қатысқан және оны қолдаушы старшындар тарапынан мұндай арыздарға еті үйреніп алған

Екі жақтың қарулы қақтығыстары жиіледі. Орынбор шекаралық комиссиясы ханға және патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы кең өріс ала бастаған көтеріліс қаупін енді түсінді. Шекаралық комиссияның Исатай мен Махамбетті ұстап, сотқа тартуды талап етуі де көтерілістің бүкіл Кіші жүзді шарпи бастауынан еді. Жайықтың сол жағындағы қазақ шаруаларының көтерілуінен қорыққан Орал казак әскерінің атаманы, генерал-майор Покатилов Орынбор әскери-губернаторының талабына сай Жайық бойындағы қаптаған бекіністердің зеңбіректерін, казак отрядтарын көтерілісті жаныштау үшін әзірлей бастады. Орынбор губернаторы В.А.Перовскийдің талабымен атаман Покатилов 200 адамнан тұратын казактар тобымен Исатайды қамауға алу үшін қолға түсірмек болған әрекеті іске аспады. 1000 сарбазы бар Исатай Ішкі Ордадағы басқа қарулы топтарды өзіне тартты.

Патшаның көтеріліске қарсы шаралары. Ордадағы оқиғалар 1836 жылдың аяғында Петербург сарайына әбден белгілі болды. Астрахан губернаторының граф Чернышевке хабарынан көтерілістің үдеп бара жатқанына наразылық білдірген І Николай патша “бүлік” басшыларын қатаң жазалауды талап етті. Патшаның алдында өзінің дәрменсіздігін жуып-шаюға тырысқан В.А.Перовский көтерілісті талқандау үшін подполковник Гекенің қарауына қосымша әскери күш бөліп, Покатиловпен және Жәңгірмен тізе қосып, көтерілісті жаншуды тапсырды.

Өздеріне таныс өңірдің барлық шұңқыр-сайын жақсы білген Исатай тобы жазалаушылардың қыспағынан оңай құтылып кетіп отырды. 1837 жылғы қазан айының 15-і Исатай мен Махамбет басшылығымен қимылдаған қол Теректіқұм деген жерде Жәңгірдің сыбайласы Балқы Құдайбергенұлы ауылын ойрандады. Ханның кеңесшісі, Ордадағы ең бай феодалдардың бірі Балқының аулының талануы көтерілісшілер қатарының және жігерінің өсуіне әсер етті. Қазан айының аяғында саны екі мыңға жеткен көтерілісшілер ханның резиденциясын жан-жағынан қоршап алды. Бірақ екі мың адамдық жасағы бола тұрса да, Исатай төңірегіндегі старшындардың сөзіне ілесіп, Жәңгір ханның Ордасына шабуылды кешеуілдетті. Мұның себебі, көтерілісшілер арасында Жәңгір ханды іштей қолдайтын билер мен старшындар бар еді. Олар Жәңгір ханның отаршылдарды қолдайтын саясатына қарсы күресе отырып,

сонымен бірге Жәңгір ханды тақтан түсіруге әлі де даяр емес еді. Халықтың бір бөлігі Жәңгір ханды емес, оның төңірегіндегі сұлтандарды жазалауды мақсат етті. Оның үстіне патша үкіметінің жазалаушылары мен Исатай бастаған көтерілісшілердің арасында қарулы қақтығыстар орын алды. Подполковник Геке жанталасып, 600 адамнан құралған әскери топ ұйымдастырып, подполковник Меркуловтың сүйемелдеуімен қоршауды бұзуға талпынды. Зеленовск форпосынан, Кулагин, Горск, Орал шебіндегі басқа бекіністерден қосымша қарулы топтар ханның сарайына келіп үлгерді. Старшындар мен билердің бір бөлігі Гекенің үндеуіне сеніп, көтерілісшілер қатарын тастап кетті. Исатайдың қолы, бір жағынан, Зеленовск форпосы мен Кулагин бекінісінен аттанған Меркуловпен, екінші жағынан, ханның тобымен қосылған Геке әскерінің қыспағында қалды. Жиделі түбінде Исатайдың мың адамдық қолы подполковник Меркуловтың әскеріне батыл шабуыл жасады. Сан жағынан басым көтерілісшілер тегеурінінен қашқақтаған Меркуловтың шегінуіне тура келді.

Қараша айының 9-ы күні 400 адамдық хан тобын және өзіне тікелей бағындырылған казактарды бастаған Геке подполковник Меркулов тобымен бірікті. Көп кешікпей екі зеңбірек жеткізілді. 700 казак әскерінен, 400-ден астам хан-сұлтан жасақтарынан тұрған жазалаушылардың негізгі бөлігі қылыш, садақ, найзамен ғана қаруланған Исатай күшіне қарсы тұрды. Патша әскеріндегі зеңбіректер олардың шабуыл кезіндегі қарқынын арттырды. 1837 жылы қараша айының 15-жұлдызында саны 3 мыңнан астам көтерілісшілер жазалаушылардың біріккен қолымен Тастөбе деген жерде кездесті. 500 таңдаулы жігітпен төбеде ұрыс даласын қадағалаған Исатайдың жоспары кенеттен шабуыл жасап, жазалаушыларды шегіндіру еді.

Ұрысты Исатай тобының бірінші бастауы, олардың өздерінен басым күштен тайынбайтынын көрсетті. Көтерілісшілердің тап беруіне Геке зеңбіректердің атқылауымен жауап берді. Зеңбіректердің гүрілдеген қорқынышты үні, снарядтардың Исатай отрядының қалың тобының арасында жиі жарылуы көтерілісшілердің жеңілуіне тікелей себеп болды. Алпыс жігітінен айырылған, мықты қаруланған жазалаушылардың күшіне шыдай алмаған көтерілісшілер топ-топқа бөлініп кетті. Казактар тарапынан үш адам ғана жараланды.

үшін полковник шенін алған Гекенің нұсқауымен сұлтандар мен көтерілісшілерді қуғындауға қатысқан Жәңгірге жақын кісілер арасында таратылды. Исатайдың соңынан ерген аз ғана топ жазалаушылардың өкшелей қуғанына қарамастан, халықтың қолдауымен күресті тоқтатпады.

Көтерілістің бәсеңдеуі. Көтерілісшілерді қудалаған жазалаушылардың да жағдайы қиындап кетті. Суықтың күшеюі, атты әскерге жемшөптің тапшылығы Исатайды қуалап, жиі орын ауыстыруға мәжбүр болған полковник Гекенің отрядын әбден қалжыратты. Губернатор В.А.Перовский Гекенің әскери тобын, жаңадан Жайық шебінен жіберілетін отрядпен ауыстыруды ұсынды. Исатайды ұстап, облыстық басқармаға тірідей тапсырғанға 1000 сом, батырдың басын алғанға 500 сом тігілсе де, Ордада бірде-бір қазақ губернатордың ұсынысын қабылдамады.

Мақсатына жете алмаған Гекенің отряды Кулагин бекінісіне қайтып оралды. Көтерілістің бастапқы кезінде Жайықтан Кіші жүз жеріне өтуді ойына да алмаған Исатай, аз ғана серіктерімен бұл мақсатқа жете алмайды деп, қамсыз отырған Жайық бойындағы патша бекіністерінің коменданттарын жер соқтырып кетті. 1837 жылғы 13 желтоқсанда Жаманқала бекінісіне жақын жерде жазалаушылардың тобын бұзып, Жайықтан шығысқа қарай өтіп үлгірді. Сұлтан Баймағамбет, хорунжий Жилин бастаған жазалаушылар іле-шала қуғын ұйымдастырса да, Исатайдың ізінен айырылып қалды.

Кіші жүзге өткен сәтте Исатайдың жанында бар болғаны 40 адам, оның ішінде, өзінің отбасы болды. Көтерілісшілерді ұстауға Кіші жүздің өзге де сұлтандары қатысты. Сұлтан Баймағамбет Айшуақұлының қолы Исатайдан ажыраған көтерілісшілердің бір тобын қолдарына түсірді. Олардың ішінде Исатайдың ұлдары Досмұханбет, Дінбаян, батырдың жұбайы, Махамбет Өтемісұлының інісі Сүлеймен, тағы 12 адам Орал қаласындағы түрмеге жіберілді. В.А.Перовский Исатай тобының Жайықтан өтіп кетуіне “кінәлі” хорунжий Мизинов пен Бородинді әскери сотқа тартуды талап етті.


Исатайдың Кіші жүзге өтуі, осы өңірде сұлтан Кенесары Қасымұлы көтерілісінің әсерімен кең тарала бастаған халық қозғалысымен тұспа-тұс келді. 1838 жылдың басында солтүстік-шығыс Қазақстаннан батысқа қарай ойыса бастаған Кенесары топтарын Торғай бойын қоныстаған қыпшақ, арғын, кейіннен жағалбайлы, табын рулары қолдады. Елек өзені бойында көшіп жүрген батыр Жоламан Тіленшіұлының

жасақтары Кенесарыға қосылды. Осы кезеңде шекті руының жерінде уақытша қоныстанған Исатайдың көтеріліс отын лаулатуға барлық мүмкіндіктері бар еді.

Бөкей Ордасынан қашқан қазақтар, отаршылдық тепкісіне шыдай алмаған шаруалар Исатай төңірегіне тағы да топтасты. 1838 жылғы қаңтар айының басында қатары жүзге жеткен Исатайдың жасағы Шошқакөл маңайына, Горск бекінісіне жақындап, Орал әскери шебіне қауіп төндірді. Ішкі Ордаға Исатай шабуылынан сескенген В.А.Перовский Жайық бойындағы бекіністердің қорғаныс қабілетін күшейтуде төтенше шаралар қолданды. Бөкей Ордасына тікелей іргелес Горск және Калмыково бекіністерінде шоғырланған 4 казак полкі көтерілісшілермен күресуге арнайы бөлінді. Казак әскерінің атаманы генерал-майор Покатиловқа осы жағдайды хабарлаған губернатор қосымша басқа да шаралардың іске асырылуын қажет деп тапты.

Көтерілістің жеңілуі. Көтерілістің осы кезеңінде Исатайдың мақсаты Ішкі Ордаға қайта оралып, Жәңгір мен оны қолдаушыларға күтпеген жерден соққы беру, көтерілісті бүкіл Ішкі Ордаға тарату, Нарын құмында бекініп, Жәңгірден өшін алу, орыс помещиктері басып алған жерді оның иелері — қазақ шаруаларына қайтару еді. Көтерілістің осы жоспарының белгіленуіне Исатай отрядындағы қазақтардың Ішкі Ордадағы өз туыстарын, отбасын аңсауы да әсер етті. Исатайдың Ордаға қайтып оралу жоспарына, сонымен қатар Жәңгір озбырлығының шектен асуы салдарынан, шаруалар арасында наразылықтың күшеюі, қозғалыстың басталуына жаңа алғышарттардың қалыптасуы әсер етті.

Жәңгір ханның жақындарының қысымына қарсы шаруаларды өз маңайына жинаған байбақты руының старшыны Жүніс Жантелин өз адамдары арқылы Исатаймен байланыста болды. Осы жағдай атаман Покатилов пен Орынбор губернаторынан көтерілістің жаңа ошақтарын жаныштау үшін қосымша шараларды талап етті. Төменгі Орал әскери шебінен көтерілісшілерге қарсы жіберілген Данилевскийге Исатайға қарсы күресуге бөлінген барлық топтар бағындырылды. 1838 жылы көктемде полковник Данилевский көтерілісшілер күштерінің шоғырланған аудандарын бағдарлады, сұлтан Баймағамбет Айшуақұлына Исатайды қудалайтын, жедел қимылдайтын қарулы топ жасақтауды тапсырды.



Жәңгір ханның Қазан университетінің құрметті мүшесі болғандығы туралы құжаттың көшірмесі

Сұлтан Кенесары Қасымұлы көтерілісінің Кіші жүз жерін шарпуы Исатай көтерілісін басу қажеттігін тездетті. Кенесары сарбаздарының Ертіс, Есіл өзендері бойындағы әскери шептерге шабуылдауы Батыс Сібір губернаторы князь Горчаковтың көтерілісшілерге қарсы жаңа әскери топтарды шығаруын талап етті. Сібір өңірінен шегінген Кенесары отрядының бір бөлігі Орынбор өлкесіне ойысты. Көтерілісшілердің екі ең басты топтарының қосылуынан қауіптенген В.А.Перовский Исатайды талқандауға барлық күшті жұмылдырды. Екінші жағынан, Кіші жүздің батысында Хиуа ханымен байланыста болған сұлтан Қайыпқали Есімұлы көтерілісінің басталуы Исатай қозғалысын мүмкіндігінше тездетіп басуды күн тәртібіне қойды. Перовскийдің соғыс министрінен қосымша күш бөлуді өтінуі де, Ішкі Орда мен Кіші жүзде езілген шаруаларды өзіне тарт-

қан осы көтерілісті жаншуды басты міндет ретінде қою да кездейсоқ емес. Орынбордан Исатайды қолдаған Жоламан Тіленшіұлын талқандау үшін атаман Падуров және Исатайдың ескі танысы полковник Гекенің басқаруындағы ірі әскери топтар жіберілді. 1838 жылдың шілде айында көтерілісшілерге қарсы жіберілген Геке басқарған жазалау күштері, сонымен қатар сұлтан Қайыпқали Есімұлы тобын да талқандауға тиісті болды.

Исатай 500 сарбазымен сұлтан Баймағамбет Айшуақұлына соққы беру үшін Қайыпқали Есімұлынан бөлінді. Алайда Б.Айшуақұлының қолы зеңбіректері бар Геке казактарымен қосылып үлгергенін Исатай аңғармады.

1838 жылы шілде айының 12-сі күні екі жақтың қарулы күштері Ақбұлақ деген жерде ақырғы шайқаста кездесті. Зеңбіректерден жауған снаряд көтерілісшілер қатарын бірден сиретіп, үрей туғызды. Әскери тәртіппен сап құрған, мылтықтан оқты қардай боратқан жазалаушыларға қарсы тұру қиын еді. Шегінген көтерілісшілерге сұлтан Б. Айшуақұлының жасағы тыңнан тап берді.

Ұрыс даласында жауынгерлерді рухтандырған Махамбет пен Исатайдың ерлігі көтерілісшілерге қанат берді. Сұлтанның тобын шегіндіріп, енді оның соңына түскен көтерілісшілер өздерін сыртынан казак жүздіктерінің қоршай бастағанын байқамады. Өзінен басым күшке төтеп бере алмаған көтерілісшілер, бытырай қашуға мәжбүр болды. Ауыр жараланған Исатайды казактар қылышпен шауып, атып өлтірді. Батырдың қолы талқандалды. Көтерілісшілер тарапынан 80-дей адам өлді. Жазалаушылар шығынға ұшырамады десе де болады. Сұлтанның отрядынан бірнеше жүз, казактардан тек 4 адам жарақаттанды. Көтерілісшілерден 6 адам ұрыс даласында тұтқынға түсті: соның ішінде, Махамбет Өтемісұлының інісі Қожахмет, түрікмен Балабек Бекбатырұлы, тағы да басқалар болды.

Сұлтан Б.Айшуақұлы көтерілісті талқандаумен шектелмеді. Шілде айының 12-сі күні кешке қарай өзінің тобынан бірнеше жеке отрядты ұрыс даласынан қашқан көтерілісшілерді ұстау үшін аттандырды. Бас сауғалаған, бытыраған көтерілісшілер қазақ ауылдарынан пана іздеді. Олар Ақбұлақ түбіндегі ұрыста Исатайға қолғабыс тигізбеген сұлтан Қайыпқали Есімұлы тобына қосылудан бас тартты.

Махамбет бастаған көтерілісшілердің бір тобы күресті одан әрі жалғастырды. 1838 жылғы шілде айының соңында

Махамбет бір топ көтерілісшілерімен Нұртазғали Өзбекұлы және Табылды Шерғазыұлы сұлтандардың ауылдарына шабуыл жасады. Олардың бұл қимылдары нәтижелі болмаса да, Жәңгір хан сарайын біршама шошытты. Горск бекінісінен шыққан 150 казактан құралған күш Махамбет тобын таба алмай, қайтып оралуға мәжбүр болды. Махамбет Өтемісұлы көтеріліске қатысушыларды қуғындау күшейіп кеткеннен кейін амал жоқ Хиуа жеріне барып бас сауғалады. Бірақ ол көтеріліске қатысушылардан қол үзген жоқ. 1839 жылы қазан айында Бөкей Ордасына жасырын түрде қайтып келді. Қазақтар оған барлық жерде құрмет көрсетумен болды. Арада біраз уақыт өткен соң тек 1841 жылы ғана казактардың жазалаушы отряды оны қолға түсірді және алғаш Гурьев қалашығына, онан соң Орал бекінісіне жеткізді. Генерал Перовскийдің ұсынысымен Орынбор шекаралық комиссиясы Махамбетті әскери сотқа тартты. Алайда тергеу барысында Махамбетті айыптайтын материалдар жетіспеді. Сот сондықтан да Махамбетті Бөкей Ордасынан алысқа даланың түкпіріне жер аудару туралы шешім шығарумен шектелді. Алайда Махамбетпен өштескен Баймағамбет сұлтан, оның соңынан қалмады. Оның ықпалындағы жалдамалы кісі өлтірушілер 1846 жылы қыркүйекте Махамбеттің орналасқан жерін анықтап, оны жасырын түрде хайуандықпен өлтіріп тынды. Осылай қазақ халқы өзінің ұлттық мүддесі үшін жалынды күрескер, асқақ жырларымен рухтандырушы асыл азаматынан айырылды.

Орынбор губернаторы қолға түскен көтерілісшілерді қатаң жазалады. Губернатордың тікелей араласуымен көтерілістің белсенді басшылары — Қожахмет Өтемісұлы, Бекен Сарұлы, Танрық Нұржанұлы және Балабек Нұржанұлы 500 адам сапқа тұрып дүре соғатын жазаға ілігіп, 8 жылға Ригаға қара жұмысқа айдалды, кейін олардың денсаулықтары нашарласа, Иркутск губерниясына жер аудару ұйғарылды.

Исатайдың серіктері Ұса Төлегенұлы, Р. Жәнібекұлының әрқайсысына тұзға салынған мың шыбықпен дүре соғылып, Сібірге айдалды. Смайыл Қалдыбайұлы, Смайыл Өтемісұлы соққыға жығылып, солдатқа жіберілді. Әскери соттың шешімі бойынша қылмыскерлердің бірінші тобына жатқызылған жоғарыда көрсетілген көтерілістің белсенді басшыларының жазасын генерал-губернатор мен полковник пенін алған Геке белгіледі; қолға түскен ондаған адам сот

үкімімен қылмыскерлердің екінші тобына жатқызылып, 20-дан 50-ге дейін дүре соғылып, басқа да жазаға тартылды.

Исатай көтерілісі бойынша жазалау ісін басқару, негізінен, Гекеге тапсырылды. Дегенмен, көп ұзамай көтерілісшілердің басты бөлігінің әр жерге қашып, жасырынып үлгеруіне байланысты және қазақ шаруалары арасында тағы да наразылық тудырмау үшін сот жазалауды тоқтатты.

Көтерілісті қанға бояған казак офицерлері мен көзге түскен солдаттар патшаның марапаттауына ие болды. Исатай көтерілісін басуда ерекше көзге түскен сұлтан, би, старшындарға офицерлік шен, ақшалай, заттай қымбат бұйымдар берілді. Қазақ сұлтандары офицерлік атақтар алды. Сонымен қатар сұлтандарға алтын, билерге күміс медальдар тапсырылды. Көтерілісті басуда көзге түскен Ішкі орданың ақсүйектеріне ерекше көңіл бөлу, патша үкіметіне тірек болған топтарды өзіне тарту, отаршылдық саясатын жүргізуде сенімді көмекшілер дайындау саясатымен де байланысты.

Көтерілістің салдары және маңызы. Көтеріліс жеңілгеннен кейінгі жылдарда да қазақ руларының ауыр жағдайы, негізінен, өзгермеді. Әсіресе шұрайлы жерлерді казак әскерінің жаппай басып алуы мал шаруашылығының көшу кеңістігін тарылтты. Жер тапшылығы билеуші топтар арасындағы өзара тартысты мейлінше күшейтті. Руаралық бұл қырқыста таяқ жейтін — ақсүйектерге тәуелді қарапайым шаруалар еді.

Исатай мен Махамбет Кіші жүздегі, Ішкі Ордадағы барлық көтерілісшілерді біріктіре алмады; өздерінен жақсы қаруланған, арнайы әскери дайындықтан өткен патша жазалаушы күштерімен арпалысу қиын еді.

Көтеріліс жеңілгенімен де, Қазақстанның батыс өңірінің кейінгі дамуында терең із қалдырды. Жәңгір сарайының, хан туыстарының алым-салықты жылдан-жылға көтеруіне белгілі дәрежеде шек қойылды; патша үкіметіне көтерілісті қолдаған старшындармен санасуға тура келді. Бұл қозғалыс Ресеймен іргелес әкімшілік-аумақтық өлкеде ХІХ ғасырдың 30-жылдарындағы ірі әлеуметтік қозғалыс болды; өзінің сипаты жағынан ұлт-азаттық бұл тартыс отаршылдыққа да, әлеуметтік езгіге де қарсы бағытталды. 1836—1838 жылдары болған Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған Бөкей Ордасындағы көтеріліс, патшаның отаршылдық саясатының нәтижесінде хандық басқарудың күйрегенін тағы да дәлелдеді. Халықты басқаратын сұлтандар мен

старшындардың жаңа жағдайда отаршылдардың қолшоқпарларына айналғандарын және олардың қазақ халқының мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету жолында табансыздығын және екіжүзділігін елдің алдында нақты әшкерледі. Сонымен қатар сандаған ғасырлар бойы ұлттық дәстүрлер арнасында тәуелсіздік үшін күрес рухымен қаруланған халық, өзінің ортасынан Исатай мен Махамбет тәрізді айбынды азаматтарды шығара алатынын және ондай қайраткерлердің соңына дейін ел мүддесіне адал болып қалатындарын дәлелдеді. Бұл көтеріліспен рухтанған жаңа ұрпақ тәуелсіздік үшін күресті жаңа сатыларға және биіктерге көтеруге дайын болуға бейімделді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бөкей Ордасының шаруашылық, саяси дамуына қандай сипаттама беруге болады?
2. Көтерілістің басталу себептері қандай?
3. Көтерілістің алғашқы кезеңін сипаттап беріңдер.
4. Тастөбе түбінде көтерілісшілердің жеңілу себептері қандай?
5. Көтерілістің әлсіреу себептерін, ақырғы кезеңін сипаттаңдар.
6. Көтерілістің салдары, жеңілу себептері, тарихи маңызы неде?

Құжаттар

Орынбор әскери губернаторы
В.А.Перовский мырзаға

Ішкі Орда старшын-билерінің құрметті
қырғыздарынан (қазақтарынан. — Ж.Қ.)

22 ақпан, 1838 жыл.

Шағым

“...Көп жылдар бойы біз император ағзамның қорғауымен тыныш өмір сүрдік. Ендігі хан Жәңгір Бөкейұлының әділетсіз сотынан халіміз ауырлап кетті. Ешбір заң бізді қорғамайды. Қысым көрсетуге бұдан әрі төзу мүмкін емес. Сұлтандар, билер малымызды тартып алып, дүние-мүлкімізді талауда, қарапайым халыққа менсінбей қарайды. Ұрып, соғады, тіпті жарақаттайды. Сұлтандар ойына келгенін істейді. Билер оларға жазылған шағымды қабылдамайды. Кім өзіне қамқорлық сұраса, оны басқа қылмыскерлер сияқты жазалайды...”

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты.
4-қор. 1-тізім, 1-іс, 1982. 14—15-парақтар.

§ 15. XIX ҒАСЫРДЫҢ 50-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ШАРУАЛАРЫНЫҢ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

XIX ғасырдың ортасы Ресейдің Сырдарияның оңтүстігін және Оңтүстік Қазақстанды отарлауын кеңейтуіне қарсы, сонымен қатар Хиуа хандарының өктемдігіне қарсы бағытталған ірі халық көтерілістерімен белгілі. Хиуа ханының ұлы Мұхаммед-Рахым Аллақұлдың Жаңадария мен Қуандария аудандарында көптеген қамал тұрғызуы — халық батыры **Жанқожа Нұрмұхамедұлы** бастаған көтерілістің тууына себеп болды. Кіші жүздің шекті руынан шыққан ол, орыстың бекіністеріне жақын маңда көшіп жүрсе де, Хиуа және Қоқан жасақтарының шабуылдарына ұшыраумен болды. Мұндай жағдайда Жанқожа Ресейдің көмегіне сүйеніп, қазақтардың саяси тәуелсіздігіне қол жеткізуге үміттенді. Өзі қара халықтан шыққан Жанқожа 15 жасынан бастап-ақ батырлығымен көзге түсті және әділетті тұлға ретінде ерекшеленді. Ол алғаш қазақ ауылдарын үздіксіз тонаған қарақалпақ билеушілеріне қарсы күресте ұйымдастырушылық қабілеттерімен дараланды. Кенесары Қасымұлы көтерілісі кезінде Жанқожа ханның қоқандықтарға қарсы күресіне көмектесіп, онымен бірге қоқандардың қол астындағы қалаларды азат етуге белсене қатысты. Бірақ қазақ ауылының мүддесін бірінші орынға қойған Жанқожа Кенесарының Қазақ хандығын қалпына келтіруді көздеген мақсаты үшін күресіне уақытша ғана қолдау жасады.

1843 жылы халық қолдауымен Жанқожа батыр Хиуа бекінісін құлатты. 1845 жылы, оның қолы жақсы қаруланған екі мыңдай хиуалықтарды жеңіп шығып, батырдың даңқы үш жүзге тарады.

Хиуа ханы Жанқожа батырдың өсіп келе жатқан даңқ-беделінен қауіптеніп, ескі әдісті қолдануға көшті.

Батырға оның Кіші жүз ішіндегі саяси қарсыластарын айдап салды. Хиуалықтар бұл аймақта орыс әскери бақылау пункттерін салуға қарсылық білдірді. 1847 жылы Хиуаның Райым бекінісін жойып жіберуге тырысқан әрекеті сәтсіз аяқталды. Қазақтарды құнарлы жерлерінен біртіндеп ығыстыру саясаты көтерілісшілердің қатарын көбейтті. 1856 жылдың жазында Жанқожаның қасына екі мыңдай қарулы топ жиналды. Жаңақала ауданы көтерілісшілердің ошағы болды.

Көтеріліске Арал теңізі маңындағы көшпелі ірі рулар: кішкене шектілер, шөмекейлер, төртқаралар, қарасақалдар, және т.б. белсене қатысты.

Жанқожа басқа да жасақтардың қолдауына сүйену үшін отаршылдыққа қарсы қозғалыс басшыларының бірі Есет Көтібарұлына сенімді өкілін жіберді.

1856 жылы Жанқожа батырдың туы астында 1500 адам, 1857 жылы — 5 000 адамға дейін болды. Патша әскерлерінің ізіне түсіп қуғындауы Жанқожаны Арал маңынан бірте-бірте шегінуге мәжбүр етті. Патша үкіметінің Сырдария қазақтарына қарсы жаулық әрекеті халықтың отаршылдарға деген жаулық көзқарасын өршіте түсті. Жанқожа өзінің беделін пайдаланып, халық наразылығын жазалаушыға қарсы топтастыра білді. Үш мыңнан астам қазақтар Жанқожаның сарбаздарына айналды. Жылқысы жоқ кедейлер көтерілісшілерге өгіз мініп қосылды. 1856 жылы желтоқсанда Жанқожа Қазалы бекінісін қоршап алды. Алайда ол өзінің күшінің әлі де болса жеткіліксіз екенін түсініп, қазақтың басқа батырларынан көмек күтті. Мұны Перовский қамалынан шыққан зеңбірек сүйреткен жазалаушы отряд тиімді пайдаланып, Жанқожаның Қазалы бекінісін басып алуына мүмкіндік бермеді. Патша әскерлерімен болған шайқаста нашар қаруланған қазақтар жеңіліске ұшырады. Жазалаушылар енді қазақ ауылдарын тонауға кірісті. Осындай қиын жағдайда Жанқожа Бұхар хандығының аймағына қоныс аударып, одақтас іздестірді. Алайда Бұхар хандығы Жанқожаға қажетті көмекті бермеді. Осыдан соң бір жылдан кейін еліне оралған Жанқожа патша үкіметі тарапынан көтерілісшілерге кешірім жасалар деп үміттенді. Бірақ жергілікті патша өкіметі мен ел арасындағы батырдың жаулары Жанқожадан кек алуды жалғастырды. Олар Арал теңізінің жағалауындағы Жанқожаның тығылып жатқан жерін тауып, батырды намазға жығылып жатқан жерінде алыстан атып өлтірді. Қазақ халқы өзінің батырының ерлігін жырға қосып, аңызға айналдырды. Сондықтан да Жанқожаның биік тұлғасы қазақтардың жаңа ұрпақтарын, ауыз әдебиетінің мұралары негізінде ұзақ уақыт тәрбиелеп келді.

Арал теңізінің солтүстік жағалауында Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліс жалғаса берді. Есет шекті руының биі болатын, ал оның әкесі белгілі қазақ батыры және патша үкіметіне қарсы ұзақ жылдар көтерілістер жасаған Қаратай

сұлтанның серігі еді. Есеттің Жанқожа батырдан өзгешелігі — ол Хиуа ханымен тығыз жақындасты. Осылайша Есет Хиуа ханының қолдауына сүйене отырып, патшалық Ресейге қарсы күресуді ойластырды. Бірақ Есет өзінің бұл жоспарын ерқашан жасырын ұстап, патша өкіметіне өзінің бағынатындығын мәлімдеумен болды. Есет — Кенесары Қасымұлының жеңіске жететіндігіне сенбегендіктен, оны қолдаған жоқ. 1848 жылы Есет Хиуа ханымен бірге Арал теңізінің солтүстік батысындағы қазақтарды топтастырып, орыс отрядтарына соққы беруді және Орал бекінісін талқандауды ойластырды. Осы әрекетте ол Арыстан Жантөринге сүйенбек болды. Алайда Жантөрин және көптеген жергілікті сұлтандар мен билер патша үкіметін қолдап кетті. Орынбор губерниясының әкімшілігі Есет батырды ұстауды билеуші-сұлтан Арыстан Жантөринге тапсырды. 1855 жылы 8 шілдеде Есет тобы күтпеген жерден Жантөрин лагеріне шабуылдап, сұлтанды сыбайластарымен қоса қырып салды. Есет жасақтарына қарсы күрес күшейтілді. 1857 жылы наурызда әскери дала сотының шешімімен тұтқынға түскендерден 3 қазақ атылды, 18-і Сібірге жер аударылды. Есеттің жақтаушыларын қуғындау үздіксіз жүріп жатты. Тек 1858 жылы қыркүйекте жазалаушылардың қыспағымен Есет батыр көтерілісті тоқтатып, патша билігін лажсыз мойындауға мәжбүр болады.

1858 жылғы қазақ шаруаларының көтерілісі. XIX ғасырдың 50-жылдарында Оңтүстік Қазақстанда Сырдарияның орта ағысынан Ақмешітке дейінгі, Ташкенттен Жетісуға дейінгі аралықтағы жер әлі де болса Қоқан хандығына тәуелді болды. Хиуа хандығы сияқты Қоқан феодалдары да қазақтардың алым-салықтан еңсесін көтертпей, озбырлық жасау саясатын жүргізді. Өртүрлі ауыртпалықтарды өтеуге шамасы келмеген немесе одан бас тартқан қазақтардың дүние-мүлкін талан-таражға салып, қазақ және қырғыз қыздарын күндікке әкетіп, балаларды құл базарларында сатуы жиі кездесетін.

Шу өзенінің бойындағы өңірлер, Әулиеата, Шымкент, Түркістан, Арыс, Мерке, Сайрам, Шолаққорған, Жаңақорған қалалары маңындағы қазақтар Қоқан билеушілерінің және оларды қолдаған өз сұлтандарының озбырлығына қарсы бірнеше рет көтерілген еді.

Қоқан езгісіне қарсы ең ірі көтерілістің бірі Әулиеата маңында 1858 жылдың наурыз айында басталды. Күрестің негізгі қозғаушы күші езілген қазақ, қырғыз шаруалары

еді. Шымкенттен Мерке және Пішпекке дейінгі аймақты қамтыған көтеріліс өзінің тегеурінділігі мен ұйымдасуы жағынан XIX ғасырдың ортасындағы ірі халықтық қозғалыс болды.

Шымкент пен Пішпек, Мерке аралығындағы аймақ Ташкент билеушісі Мырза Ахмет бектің бақылауында еді. Қазақтар мен қырғыздардың жерін күшпен тартып алып, өз жақындарына бөліп берген бектің озбырлық саясаты еңбекшілердің ыза-кегін тудырды. XIX ғасырдың 50-жылдарында Мырза Ахмет тағы да қосымша салық кіргізді. Бұл салық қыздар мен тұрмыс құрмаған әйелдерден жиналуға тиіс еді. Бектің қатыгездігінен запы болған қазақтардың Қоқан ханына шағымдары нәтижесіз қалды. Қазақтарға қаруланып күрес бастаудан басқа жол қалмады. Көтерілісшілер Тоқмақта, Әулиеата, Шымкентте, т.б. жерде орналасқан Қоқан бекіністерін қоршады. Пішпек түбінде болған ұрыста қоқандықтар сәтсіздікке ұшырады.

Шымкент маңында да көтерілісшілердің ісі алға басты. Жасақшылар Қоқанның салықжинаушы күшіне соққы берді, үшмыңдық қолмен шабуылға шыққан Мырза Ахмет Әулиеата бекінісін қоршап алған қазақтар шебін бұзса да, көтерілісшілерді жеңе алмады. Қосымша күш жинаған қазақ, қырғыз жасақтары бектің күштері шоғырланған Әулиеатаны қайтадан қоршады. Ташкенттен бекке көмекке жіберілген қол қазақтар тегеурінінен шегінуге мәжбүр болды. Мырза Ахмет Қоқан ханынан көмек сұрады. Көтерілісті басуға жіберілген әскери топтардың бірін Кенесарының ұлы Тайшық сұлтан басқарды.

Қоқан әскерлерінің жақындауы, көтерілісшілер ауылдарын Ресей бақылауындағы өңірлерге қарай көшуге мәжбүр етті. Сарысу өзеніне қарай 12 мың, Перовск фортына қарай 4 700 шаңырақ көшті. Алайда көтерілістің аумағы кеңейе түсті. 1858 жылғы мамырда қозғалыс Оңтүстік Қазақстанның қалған аудандарына тарай бастады. Көтерілісшілер Созақ, Мерке, Шолаққорған қамалдарын алып, Жаңақорған мен Түркістанды қоршады.

Халық қозғалысының тегеурінінен сескенген кейбір қазақ феодалдары Қоқан билеушілерімен келіссөз жүргізе бастады. Сатқындық жасаған қазақ билеушілерінің бір тобы Қоқанның Құдияр ханының қабылдауына барды. Хан жағдайды түбірімен өзгерте қоймайтын, ішінара жеңілдіктерге келісім берді. Мырза Ахметтің орнына Ташкент билеушісі болып енді оның інісі Мұрат аталық келді.

Көтерілісшілерге қарсы жаңадан әскери күштер жіберу қозғалысты әлсіретті. Көтерілістің басты ошақтары аяусыз жаншылды. Қозғалыс біртіндеп басылды.

Қазақ шаруаларының ұйымдасуының әлсіздігі, оның стихиялық сипаты, жеке ақсүйек феодалдардың бір бөлігінің солқылдақтығы көтерілістің жеңілуін тездетті.

1858 жылғы көтеріліс қазақ және қырғыз халықтарының тізе қосып, бірігіп қимылдаған қозғалысы болды. Өзінің мазмұны, талаптары, мақсатына қарай бұл көтеріліс ұлт-азаттық күреске тең еді. Оның барысында қазақ және қырғыз еңбекшілері арасында бостандыққа ұмтылыс күшейді. Сөйтіп, Оңтүстік Қазақстандағы жергілікті тайпалар Қоқан хандарына қарсы күресте Ресей өкіметінен көмек сұрауға мәжбүр болды. Өзі де Орта Азияны отарлауды көздеп отырған патша өкіметі бұл көтерілістерді пайдаланып қалуға тырысты. Кейінірек XIX ғасырдың 60-жылдары Қоқан бектеріне қарсы күресте осы күрес тәжірибесі ұтымды пайдаланылды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1858 жылғы қазақ шаруаларының көтерілісін 1836 — 1838 жылдардағы қозғалыспен салыстырыңдар.
2. XIX ғасырдың ортасындағы Жетісу және Оңтүстік Қазақстанда халық көтерілістерінің негізгі себептері қандай болды?
3. Жанқожа мен Есет батырлар бастаған көтеріліс туралы әңгімелеңдер.
4. Қоқан бектеріне қарсы қазақтардың көтерілісі қандай жағдайда өтті?

Құжаттар

Сырдария маңындағы қазақтардың Ташкент билеушісіне қарсы толқуы туралы

11 мамыр, 1858 жыл.

“Наурыз айында Ташкент билеушісі Мырза Ахмет қоқандықтардан, қырғыздардан жиналған 3000 әскерімен Әулиеата бекінісіне келді. Осы маңда көшіп-қонып жүрген қырғыз билерін шақыртып, бұрынғыдай қой ғана емес, түйе, жылқы және ірі қарадан да салық алуды белгіледі.

Мамыр айының басында Түркістан қырғыздары, қоңыраттар, наймандар, қыпшақтар, арғындар қоқандықтарға қарсы шықты. Қоңыраттар өз араларынан сұлтан Жанекені хан деп жариялады, бірақ бұған қарамастан Түркістан қырғыздары Мырза Ниязға қарсы

тұрған жоқ, керісінше әлі күнге дейін, Ахмедті ауыстырып, оның орнына Мырза Ниязды қоюды қалайды”.

Казахско-русские отношения в XVIII — XIX веках.
(Документы и материалы). Т. II. Алма-Ата, 1964. С. 438—439.

Хиуа феодалдарының тонаушылық іс-әрекеттері туралы қазақтар жазған хаттардан үзінді

“Сырдариядан бастап Қарақұмның Кіші Борсық өңіріне дейінгі жерлерде көшіп-қонып жүрген төртқара және шекті рулары ауылдарына қанішер хиуалықтар шабуыл жасады. Қалмас, Тірлік, Үшмайың маңында олар төртқара, шекті әйелдері мен балаларын тұтқынға алды, шалдарды бауыздап кетті, жазықсыз бүлдіршіндерді анасынан айырып, киім-кешексіз далаға тастады, олардың көбінің басын кесіп, қоржындарына салып өкетті. Аштан өлген балалардың сүйегі аттаған сайын кездеседі. Хиуалықтар айдап өкеткен мал қисапсыз, тіпті сан жетпейді. Қысқасын айтқанда, хиуалықтар қазақ сахарасын тып-типыл етіп, шауып кетті”.

Хрестоматия по истории Казахской ССР.
Алма-Ата, 1960. С. 57.

§ 16. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЖЕР АУДАРЫЛҒАНДАР

1825 жылы желтоқсан айында Ресейде әйгілі Декабристер көтерілісі болды. Көтеріліс патша өкіметіне, абсолюттік билікке қарсы бағытталды. Ресейде демократиялық қозғалыс жандана бастады. 1825 жылғы көтеріліске дейін де бірқатар болашақ декабристер Қазақстанда қызмет бабымен болып немесе жер аударылған еді. Мәселен, Г.Батеньков, А.Жемчужников, М.Муравьев, В.Вольховский, А.Янушкевич жергілікті ресми мекемелерде қызмет істеді. Орынбордағы декабристердің жасырын ұйымына мүше болған прапорщик Г.Карелин, Г.Батеньковтар көрнекті мемлекет қайраткері М.Сперанскийге Сібір қазақтарының жарғысын дайындауға көмектесті. Декабристер көтерілісінің жеңілуі азаттық қозғалыс өкілдерінің Ресей империясына қараған шеткі аймақтар өкілімен танысуына себепші болды. Декабристер ісі бойынша жауапқа тартылған 579 адамның 108-і Сібірге, соның ішінде, Ертіс бойындағы бекіністерге, Орынбор шебіне айдалды. 1826—1828 жылдары Ертіс бекіністерінде П.Коновницин, М.Лаппа сияқты декабристер айдауда болды. Орынборда А.Горжанский, А.Жемчужников, А.Салтанов, И.Лушников, т.б. декабристер айдауда болды.



А. Янушкевич

Солтүстік Қазақстан қалаларына да декабристер жер ауып келді.

Олар патша үкіметінің ұлт аймақтарындағы отаршылдық саясаты салдарын, әкімшілік қыспағында отырған жоқ-жітік, ауыр тұрмыста өмір сүру жағдайының қиындықтарын өз көздерімен көрді.

М.И.Муравьев-Апостол Бұқтырма комендантынан жергілікті тұрғындарды емдеуге рұқсат алды. Өз естеліктерінде ол: “Бұқтырмада көп емдеп, көп көмектестім”, — деп жазады.

Қазақстанға жераударылған декабристерден ерекше көзге түскені С.Семенов болды. Мәскеу университетін бітірген, этикалық-саяси ғылымдар магистрі айдауда жүріп, Омбы облыстық басқарма шешімімен Өскеменде қызмет атқарды, кейіннен дәрігер болды. С.Семенов немістің атақты саяхатшы-ғалымдары Гумбольдт, Эренберг, Розе басқарған саяхатқа қатысып, қазақ елін, жерін аралады, тұрғылықты халықтың өмірімен танысты.

Патша үкіметі қанша қудаласа да Орынбор қаласында жасырын революциялық үйірме құрылды. Бұл құпия үйірмеге П.Величко, майор А.Кучевский, Х.Старков, Г.Карелин, т.б. мүше болды.

Олар қазақ жерінде айдауда жүрген Польша азаттық қозғалысының белгілі өкілдерімен байланыс орнатты. 1827 жылы үйірменің құпиясы ашылып, оның мүшелері Сібірге айдалды.

Г.Карелин Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларын зерттеуге арналған, В.Вольховский Бұхарға ұйымдастырылған экспедицияларға қатысты. Вольховскийдің сол кезде жасаған “Кіші жүз руларының картасы” әлі күнге маңызды дерек болып саналады.

Орынбор қаласындағы тұңғыш мұражай тарихы да декабристер есімімен тығыз байланысты. 1831 жылы Орынбордағы Неплюев кадет корпусы жанынан ашылған бұл мұражай осы өлкенің тұрмысын, тарихын сипаттауға арналған. Мұражайды әртүрлі экспонаттармен жабдықтау ісіне қатысушылардың бірі Бөкей Ордасының ханы Жәңгір болды.

Мұндай мұражай Орал қаласында да ұйымдастырылды. Онда Г.Карелин есімімен байланысты экспонаттар жеткілікті. Декабристер ішінде қазақ халқы тарихымен айналысқан зерттеушілер де болды. И.Завалишиннің Мәскеуде 1867 жылы жарық көрген “Батыс Сібірді сипаттау” атты еңбегінің бір бөлімі қазақтарға арналды. Көптеген деректерге сүйеніп жазылған бұл еңбек, әлі күнге дейін құндылығын жойған жоқ. А.Коровковтың “Іле бекінісіне бару” деген очеркінде қазақ жері, оның шексіз даласы, байлығы туралы тамаша пікірлер айтылған.

1849 жылы М.Петрашевский ісі бойынша тұтқындалған орыстың ұлы жазушысы Ф.Достоевский “Белинскийдің идеясын” таратқаны үшін Сібірге жер аударылды. Омбыда каторгалық жұмыстың төртжылдық мерзімі біткеннен кейін, солдат болып Семейге ауыстырылды.

Ф.М.Достоевскийдің Семейде болуы — оның жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасы кейінгі жазушылық қызметінде белгілі із қалдырды. Жазушының археологиялық ескерткіштер жинаумен айналысуы жергілікті өлке тарихын зерттеуге көңіл бөлуінің көрінісі еді. Семейде Достоевский Шоқан Уәлихановпен кездесті. Омбыда басталған таныстық одан әрі жалғасты. Ұлы орыс жазушысы сол кездегі Шоқан секілді қайраткерлердің Қазақстан тарихындағы рөлін дұрыс ұғынды. Достоевский қазақ ғалымының мақсатының орындалуына жөн сілтеді.

Қазақстанда болған петрашевшілердің бірқатары шығыстанумен айналысты. Ақындар А.Баласогло, Д.Ахшарумов Қазақстан тақырыбымен шұғылданды. Белгілі шығыс зерттеушісі А.Макшеев пен петрашевшіл Н.Момбеллидің хаттарынан қазақ елі туралы көптеген мәлімет алуға болады. Зерттеуші А.Макшеев А.Бутаковтың басшылығымен ұйымдастырылған Арал экспедициясында өлкенің тарихи-географиялық бейнесін сипаттаған еді. Райым бекінісінен Қосарал аралына дейінгі саяхаттың мән-жайын түсіндіре келе, А.Макшеев көшпелі қазақтардың ауыр жағдайын суреттеді. Петрашевшілдер қазақ халқының озық ойлы ұлдарының орыс демократиялық қозғалысы идеяларын түсінуіне септігін тигізді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Декабристер орыс-қазақ байланысын дамытуда қандай рөл атқарды?
2. Қазақстанға жер аударылған петрашевшілдер туралы не білесіңдер?

Достоевскийдің Семейдегі өмірі туралы

“...Достоевскийдің даңғарадай кең, бірақ өте аласа жалғыз бөлмесі болды, ол әрқашан қаракөлеңке болып тұратын. Бөренелі қабырғасы балшықпен сыланып, ақталған. Екі қабырғаны бойлай жалпақ отырғыш қойылған, қабырғаларында шаң басқан, шыбын дақтары бар.

Есіктен кіре берістегі сол жақта үлкен орыс пеші, оның арғы жағында Федор Михайловичтің төсегі, шағын үстел және қобдишаның орнына қарапайым тақтай жәшік қойылған. Қалқаның артындағы үлкен бөлмеде шеті жиектелген кішкене айна тұр”.

Врангель А. Воспоминания о Достоевском в Сибири. СПб., 1912. С. 18—19.

§ 17. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫТАЙМЕН САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Сауда байланыстары және оның дамуы. Қазақстан Шығыс Түркістанға іргелес орналасқандықтан, қазақтар мен орыс шаруа қоныстары Қытайдың батыс аудандарымен дәстүрлі сауда қарым-қатынастарын ХІХ ғасырдың бірінші жартысында одан әрі жалғастырды. Қазақ ауылдарының Цин империясының батысындағы қалалармен керуен саудасының көлемі, келешегі көп жағдайда Ресей мен Қытай мемлекеттері арасындағы өзара саяси қарым-қатынастарға біршама тәуелді еді. 1812 жылғы Отан соғысының ауыр зардаптары, дамып келе жатқан Ресей өнеркәсібінің әртүрлі шикізаттарға мұқтаждығы Ресейдің көршілес Қытай сияқты ірі мемлекетпен ынтымақтығын жолға қоюдың маңыздылығын көрсетті.

ХІХ ғасырдың басында Пекин сарайының басқа елдерден оқшаулану саясатын өзгертпеуі, ресейлік көпестердің қытайлықтармен сауда айналымын кеңейтуге кедергі жасады. 1805 — 1806 жылдары Ресей үкіметі Қытаймен жағдайды ретке келтіру үшін Пекинге арнайы аттандырылған Ю.А.Головкиннің елшілігі Қытай астанасына жіберілмей, Ургадан (Улан-Батордан) қайтып оралуға мәжбүр болды. Алайда өзара тиімді керуен саудасының екі жағына да ұтымдылығы, осы экономикалық байланыстардың Қазақстан шекарасы арқылы дамуына бірсыпыра жағдай тудырды.

ХІХ ғасырдың басында Шыңжаң мен Қазақстанда сауда айналымдарын дамытуда ерекше рөл атқарған Бұқтырма, Кереку, Өскемен бекіністері, шығыспен экономикалық

байланыстың орталығына айналған Семей, Петропавл қалалары еді. Бір жағынан, Ресей империясының ішкі аудандарынан, екінші жағынан, Қазақстаннан, Орта Азия халықтарынан жеткізілген әртүрлі бұйымдарды Қытайдың батыс шекарасындағы қалаларына керуенмен тасу көп шығынды қажет етпейтін.

Цин империясымен экономикалық байланыстарды бірқалыпты дамытып отыруда белді қазақ сұлтандары, билері делдалдық рөл атқарды. Ресейдің билігін мойындаған, бірқатар жеңілдіктерге ие болған жеке қазақ сұлтандары Сібір шекара комиссиясы қолдауына сүйеніп, керуен саудасын жандандыруға атсалысты. Орта жүздің бура-найман руының белді сұлтаны Құдайменді Ертістің оң жағындағы Жәміш бекінісінен Шыңжаңға сауда керуендерін аттандырып тұруға ресми рұқсат алу үшін, өзінің ұлы Ғабдолланы Петербургке жіберіп, қазақ даласы арқылы Қытаймен сауда жүргізуді тұрақтандыруға тырысты. Алайда Жәміш бекінісінің Қытаймен тікелей шекарадан алшақ болуы, көзделген мақсатты іске асыруды қиындатты.

Шыңжаңмен сауда XVIII ғасырдың екінші жартысындағыдай, негізінде, Қытай саудагерлеріне үйреншікті Семей қаласы мен Бұқтырма бекіністері арқылы іске асырылды. XIX ғасырдың басында қытай көпестерінің, әсіресе жиі сауда жасалатын орталықтарының бірі — шекаралық қытай мекендеріне іргелес орналасқан Бұқтырма болды. 1811 жылы Ресей үкіметінің шекаралық ауданға ерекше өкілдікпен жіберілген тілмашы Н.Г.Путимцевке жүктелген міндет те қытайлықтардың Бұқтырма арқылы саудасының мүмкіндіктерін анықтау еді.

1809 жылы Тара қаласынан 5000 сомға әртүрлі тауарлар жеткізген көпес Нерпин Бұқтырманы басып өтіп, Қытайдың Шәуешек қаласында тауарларын сатып, сол бекініске қайтып оралды. 1812 жылы Ташкент көпестері Мирқұрбан Ниязов пен Ахмадий Ашировтардың керуені құны бір миллион сомға жуық тауарын Құлжа базарларында тиімді сатып, пайдамен оралды.

Қазақ даласы арқылы Қытайға қарай өтетін керуендердің жиі тоналуына шек қою мақсатында XIX ғасырдың басынан Өскемен, Петропавл (Қызылжар), Семей, Бұқтырма керуен жолы арқылы Қытайға баратын саудагерлерді қорғау, үкіметтің шешіміне сай бөлінген қарулы казактарға жүктелді.

Сауда керуендерін қорғаудың тағы да бір мақсаты — қазақ даласын басып өтетіндіктен Ресей ғана емес, шетелдік керуендерді де баратын жеріне дейін қадағалау еді. 1796 жылы Стамбұлдан қымбат тауармен шыққан Бағдад көпестері Иранды, Ауғанстанды, Үндістанды аралап, түрікмендердің жерін басып өтіп, Семейге жетті. Мұндай шетелдік көпестердің қазақ жеріне келуі ішінара факті емес. Ұлы Жібек жолында көне заманнан белгілі болған, әртүрлі елдердің сауда керуендерін өзіне тартқан Қазақстанның көршісі Қытаймен тұрақты сауда байланыстарына шетелдіктердің де назарын аударуы елеулі оқиға болды.

Орта жүздің негізгі бөлігінің Ресей империясы құрамына өтуі, оның әскери шептерінің біртіндеп Ұлы жүзге және онымен көрші отырған Орта Азия хандықтарына бет алуы Ресей үкіметінің Қытаймен саудаға ынтасын бұрынғыдан да күшейтті. Шалғай жатқан Тибеттен, Қытайдың басқа да алшақ аудандарынан ірі сауда керуендерінің Қазақстанға жиілеуі Ресей үкіметі тарапынан сауданы барынша дамытуға түрткі болған нақты шараларды іске асырды.

Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М.Капцевичке жолдаған үкіметтің ұсынысында Шәуешек, Құлжа, Ақсу және Жаркент қалаларына қытайлықтарды қызықтыратын әртүрлі тауарлармен Ресейдің мүддесіне берілген ірі саудагерлерді аттандыру тапсырылды. 1824 жылы Құлжа мен Қытайдың қалаларында сауда-саттық жүргізіп, қайта оралған Ташкент көпесі Муминов Қазақстан арқылы Цин империясымен сауда жүргізудің пайдалылығына жергілікті басқарушылардың көзін жеткізуге тырысты.

Қазақстанның Ресей-Қытай саудасындағы орны. Қазақтарды және ортаазиялық көпестерді Қытаймен сауда жүргізуде делдал ретінде пайдаланған Ресей үкіметінің Шыңжаң базар-жәрмеңкелерінде негізгі сатылатын тауарлары — өнеркәсіптік дайын бұйымдар, матаның кейбір түрлері еді. Ресейде өнеркәсіп өндірісінің өрістеуі жеңіл өнеркәсіп тауарларын, сонымен қатар күнделікті тұрмысқа қажетті металдардан жасалынған заттарды жылдан-жылға ұлғайтты. Шекаралық аймақта көшіп-қонып жүрген қазақтар, негізінен алғанда, мал және мал шаруашылығы шикізаттарын қытай бұйымдарына айырбастады.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде Құлжа (Іле), Шәуешек (Тарбағатай) қалаларымен тікелей сауда жасауда Цин империясының батыс аудандарымен XVIII ғасырдан тұрақты байланыстары үзілмеген Өскемен, Семей, Петропавл қалалары

рының орны ерекше еді. 1801—1808 жылдары бір ғана Петропавл кедені арқылы Қытайға өткізуге рұқсат етілген әртүрлі тауарлар құны 302 763 сомға тең болса, Шыңжаңнан әкелінген бұйымдар 423 396 сомға бағаланды. Тара, Қазан, Төменгі Новгород, Орынбор, Орал мен Сібірдің басқа да қоныстарынан Батыс Қытайға тауарлар жеткізу үйреншікті іске айналды. Саудамен машықтанған осы өңірге жиі келетін немесе тұрақты орын тепкен көпестердің Қытаймен саудасы жылдан-жылға алға басты. Семей өлкесінде белгілі саудагерлер Степан Попов, Дмитрий Кузнецов, өскемендік Андрей Попов, Каин қаласының 2-гильдиялық көпесі Яков Лашков, қазандықтар Башыр Аитов, Абдулла Утемышовтар шекаралық өлкедегі Қытаймен саудаға тартылған қазақ, орыс шаруаларымен тығыз байланыста болды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей үкіметі алыста жатқан Тибетпен де Қазақстан арқылы байланыс орнатуға мән берді. Осы бастаманы іске асыруға жол көрсеткен, қолайлы жағдай жасауға тырысқан Сібір шекаралық басқармасының бастығы генерал-лейтенант Г.И.Глазенап еді. 1822 жылғы Сібір қазақтары туралы жарғыда көрсетілген Шекаралық комиссияға Петербург сарайының рұқсатынсыз Қытаймен қарым-қатынас жасауға берілген кең құқықты Г.И.Глазенап Қазақстанның сыртқы саяси, экономикалық қатынастарына жол ашуда шебер пайдаланады. Орыс саудагерлеріне Қытайдың ішкі аудандарының жабық болуы, бұл негізі жаңа салына бастаған қатынастарды жолға қоюда шығыс елдерінің саудагерлерін мүдделендіруге себепші болды.

Шекаралық комиссияның сеніміне ие болған грузин көпесі Семен Мадатов ресейлік бұйымдарын Ақсу, Құлжа, Қашқар, қытайлық Жаркент қалаларында сатып, сол жылдары Ресей бодандығындағы бірде-бір адам аяғы баспаған “Үлкен Тибетке” жетті. Онымен қоймай Семен Мадатов Кашмирде болып, кейіннен Ресейде кең таралып кеткен 250 кашмир шәлісін тұңғыш рет Қазақстанға жеткізді. Мадатовтың жолымен қазақ даласы арқылы тағы да бірқатар саудагерлер көпшілікке әлі де белгісіз Тибетке сапар шекті. Осындай Батыс Қытай арқылы Тибетке жеткен, басқа да тауарлармен бірге қазақ бұйымдарын Еуропа адамы әлі де аяқ баспаған Тибетке сатып, көрген-білгендерін Сібір шекаралық комиссиясына әкелген кабулдық ауған көпесі Мехти Рафаил Семейден Қашқарға тікелей апаратын жаңа жолды ұсынды.

Сөйтіп, Цин империясына жақын орналасқан қазақ даласы Ресей мен Батыс Қытай қалаларының арасындағы өзара тиімді сауда байланыстарында дәнекерлік орын алып қана қоймай, империяның бұрын тұрақты экономикалық қатынасы болмаған Үндістанның солтүстік аудандарымен, Кашмир және Тибет иеліктерімен байланысына жол салды. Шекаралық өңірдегі қазақ феодалдарының өзара қырқыстарына, осы кездегі Кенесары Қасымұлы көтерілісіне қатысты қазақ ақсүйектері арасындағы жікке, тіпті сауда керуендерін тонауға қарамай, алыс жатқан елдермен Қазақстанның сауда-экономикалық байланыстары кеңейе түсті.

Қоқан, Хиуа, Бұхар хандықтарынан, Ташкенттен, Сібір орталықтарынан қазақ даласы арқылы шығыс елдеріне өтетін керуендер саны артты. Қазақ сұлтандарының, билері мен старшындарының Шыңжаң билеушілерімен тұрақты байланысы қазақ ақсүйектерінің, белгілі ру басыларының осы саудадағы рөлін көтерді. Алыста жатқан Ауғанстаннан, Стамбұлдан, Ресейдің құрамына енді ғана қосылған Кавказдың жеке аудандарынан шұбырған саудагерлердің қазақ даласын Қытайға баратын бірден-бір орталық ретінде таңдап алуы кездейсоқ емес еді.

Қазақ даласы арқылы Шыңжаңмен сауда байланыстарына ерекше мән берген Ресей үшін өзара тиімді сауда елдің қазынасына пайда түсіретін бірден-бір көз еді. XIX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанның шекаралық бекіністері арқылы өтетін керуендерге баж салығы көбейтіліп, оның қазынаға мезгілінде түсіп отыруы қадағаланды. Салық төлеуден қашып, шекаралық өңірдегі белгіленген керуен жолдарынан ауытқыған көпестердің бұйымдары ресейлік заңдар негізінде тәркіленді.

Баж салығын шашау шығармай қазынаға түсіру Семей, Бұқтырма, Өскемен кедендерінде тауар қабылдап алатын, басқа да қоныстарда арнайы сынаудан өткізілген шенеуніктерге, оларға тікелей бағындырылған қарулы қызметкерлерге жүктелді. Алайда патшалы Ресей мен Қытайдың шекаралық сауданы реттейтін, қайшылықтарды шешетін мемлекетаралық келісімдерінің жоқтығы сауда байланыстарына кедергі жасады. Сонымен қатар шекаралық өңірде арнайы жәрмеңкелердің болмауы да, негізінен, қазақтар тарапынан бұл сауданың айырбас саудасының шеңберінде қалуына себепші болды. Осы сауда қатынастарын

ресми түрде шешіп отыратын арнайы келісім мейлінше қажет еді.

Орыс-қазақ сауда қатынастарының кеңеюі, Ресейдің Қазақстанмен және Орта Азия халықтарымен әртүрлі сипаттағы байланыстары бүкіл Орталық Азиядағы халықаралық жағдайға әсер етті. Қазақстанның екі ірі мемлекеттің аралығындағы стратегиялық орны болашақта керуен саудасына қолайлы жағдай жасайтыны сөзсіз еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстанның Шығыс Түркістанмен сауда байланыстарына қандай себептер, жағдайлар әсер етті?
2. Өзара тиімді сауда қарым-қатынастарының басты орталықтарын айтып беріңдер.
3. Қазақстанның Батыс Қытаймен сауда байланысына қандай жағдайлар кедергі жасады?

Құжаттар

**Батыс Сібір генерал-губернаторы,
генерал-лейтенант П.М.Капцевичке
Баянхат**

1825 жыл.

“Генерал-лейтенант Глазенап грузин дворяны Мадатовты Үндістанға сапар шегіп, сауда жасауға көндірді. Құлжа, Ақсу, Жаркент және Үлкен Тибетке жеткен Мадатов Кашмирде болған кезінде 250 пәлі сатып алды. Осы елдің ханы Мадатовты қабылдап, Ресеймен сауданы жолға қоюға дайындығын білдірді. Хан Мадатовқа көңілін білдіріп, бұрын шетжерліктерге беруге тыйым салынған 20 фунт Кашмир жүнін өзімен бірге Ресейге алып кетуге келісім берді”.

Государственный архив Омской области (ГАОО).
Ф. 3. ОП. 1. Д. 425. Л. 5.

ІІІ бөлім. ҚАЗАҚСТАН — РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОТАРЫ (XIX ғасырдың екінші жартысы)

§ 18. ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУЫ

Ұлы жүздің саяси жағдайы. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Кіші жүз бен Орта жүз жері көпшілік бөлігінің Ресей қол астына өтуі аяқталса да, бірқатар қазақ жері әлі де Орта Азия хандықтарына тәуелді еді. Кейбір қазақ рулары Хиуа және Қоқан хандықтары иелігінде қыстап, ал жаз маусымында Ресей қарамағындағы жайылымдарына көшетін, күзде қайтадан кері қайтатын. Осыны пайдаланған Ресей шекаралық басқармасы да, Орта Азия хандықтары да қазақ руларына қысым көрсетіп, олардан алым-салық алатын еді.

Үндістанда орнығып алған ағылшын үкіметінің жасырын қолдауына сүйенген Хиуа, Қоқан және Бұхар хандықтары XIX ғасырдың бас кезінен бастап Ресей империясының Орталық Азиядағы экспанциясын тоқтатуға тырысты. Осы мақсатта олар Каспий теңізінен Жетісуға дейінгі аралықта жиі-жиі жорықтар жасап, осы өңірді мекендеген қазақ ауылдарының берекесін кетірді. Бұл өз кезегінде жергілікті қазақ руларын Ресей иелігіне көшіп, орыс бекіністерінен көмек сұрауға мәжбүр етті. Қазақ халқы екі жақты қысымда қалды. Жиі-жиі әртүрлі деңгейдегі бас көтерулер болғанмен, орталық билік болмауы салдарынан бұл көтерілістердің нәтижелері шамалы болды. Бұған экономикалық қиыншылықтар қосылды. Халықаралық сауда жолдарының күйреуі, үнемі қайталанып тұратын жұттар халық тұрмысын әбден күйзелтті. Осының бәрі қосылып Ресей империясының қазақ жеріне, әсіресе бұрын Ресей ықпалынан тыс қалып келген Ұлы жүзге ішкерілей енуіне алғышарттар жасады.

Оңтүстік Қазақстан, соның ішінде, Жетісу қазақтары Ресейдің шекаралық аудандарымен сауда және саяси байланыстар жасап тұрды. Астық пен өнеркәсіп тауарларын Ресейден бұл аудандарға жеткізу және қазақтардың басқа да талаптарын орындау жылдан-жылға өсіп отырды. Осы жағдайлар Ресейге сенімді күшейтті, Жетісу өлкесінің де оның құрамына кіруіне алғышарттар дайындады.

1818 жылы Сүйік сұлтан Абылайханұлы патша үкіметіне өзінің қарамағындағы рулардың Ресей құрамында болуын

қалайтындығын мәлімдеді. Сөйтіп, жалайыр руынан 55 мыңнан аса қазақ қоныс тепкен аймақ Ресей құрамына алынды. Бұл рулардың көшіп-қонатын жерлері Қоқан хандығымен шекаралас еді. Қазақтардың біртіндеп Ресей қол астына өтуі, әрине, Қоқан билеушілерінің қарсылығын тудырды. Егер XIX ғасырдың басында Хиуа мен Қоқан хандары өздерінің қол астына кірмейтін қазақ және қырғыз еліне жорық жасаумен шектелген болса, XIX ғасырдың 30—40-жылдардағы олардың саясатында басқа ниет басым жатты. Олар Қазақстанның оңтүстігі мен қырғыз жерінің Ресей иелігіне өтуін қаламады, оған барынша кедергі жасауға тырысты.

Ресей әкімшілігінің күшеюі. Оңтүстік Қазақстанда Ресей ықпалы одан әрі күшейіп, әскери бекіністер пайда бола бастады. Орта жүз бен Ұлы жүз аумағы жапсарында Ақтау, Алатау, Қапал, Сергиополь (Аякөз), Лепсі бекіністері салынды. Бұл жаңа бекіністер Ресейдің Іле аймағын отарлауына қызмет етті.

Патша үкіметі XIX ғасырдың 20—30-жылдарында Қазақстанда саяси бағыттағы бірқатар әскери шараларды іске асырды. Осы жылдары Ресей сыртқы істер министрлігі жанынан “Азия комитеті” құрылды. Жергілікті старшындар Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М.Капцевичтен өзара қақтығыстарды басуға және тиісті жағдайда өздерін қорғау үшін әскери құрамаларды жіберуді өтінді. Осыған сәйкес Батыс Сібір генерал-губернаторы Омбы облыстық басқармасының бастығы С.Б.Броневскийге Ұлы жүзге жіберілетін әскери күш дайындауды тапсырды. Ұзын саны 120 казактан құралған зеңбіректері бар қарулы топты басқару Жәміш бекінісінің коменданты подполковник В.К.Шубинге жүктелді. 1825 жылы шілдеде Қаратал өзеніне жеткен топ екіге бөлінеді: біреуі Қараталда қалып, хорунжий Нюхалев басқарған екінші топ Жетісу өңіріне тереңдей енді.

Қоқан ханы тарапынан болатын шабуылдардан қорғану мақсатында Жетісудың 50 мың адамы бар үйсін тайпасының қазақтары жаңа әкімшілік билікке мойынсұнып, өз жерлерінде сыртқы округ ашуға келісім білдірді. 1846 жылдың жазында Қызылағаш өзені бойына орыс әскерінің келуі, ал 1847 жылы Қапал бекінісінің салынуы Лепсі мен Іле өзендері аралығында көшіп-қонып жүрген қазақтардың, Жантай, Жаңғар, Ормон манаптар бастаған 40 мың қырғыз отбасының отаршыл Ресей империясы билігіне өз еріктерімен мойынсұнуын жеделдеткені айғақ.

Ұлы жүз қазақтарын басқару туралы нұсқауларға сәйкес 1848 жылы қаңтарда бұл өңірге ресейлік *пристав*¹ тағайындалды. Орыс әскерінің Жетісуға және Оңтүстік Қазақстанға тереңдеп енуі Орта және Кіші жүз жері арқылы іске асырылды. Ресейдің экономикалық және саяси мүдделеріне орай, алдымен көз тіккен аймақтар — Қытай мен Қоқанға іргелес Жетісу және Іле өңірі болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Орта Азия хандықтарының қазақтарға озбырлық жасауды күшейтуін қалай түсіндіруге болады?
2. Ұлы жүздің Ресейдің қол астына өтуі үшін қандай алғышарттар қалыптасты?
3. Ұлы жүзді Ресей қол астына көшіру үшін патша үкіметі қандай шараларды іске асырды?

§ 19. ВЕРНЫЙ БЕКИНІСІ НЕГІЗІНІҢ САЛЫНУЫ

Верный бекінісі салынуының алғышарттары. Қазақ жерінің оңтүстік аймақтары әлі Хиуа және Қоқан билігінде болды. Сондықтан алдағы кезде ол аймақты және қырғыз жерін бөтен билік иелерінен босатып алу үшін дәйекті күрес жүргізу керек еді. Осы мақсатпен Омбы мен Орынбордан жіберілген отрядтар Ырғыз, Торғай, Сырдария, Жетісу өзендері бойынан бірнеше бекініс-қамалдар тұрғызды. Бұған дейін Қоқан хандығының билігінде болған Тойшыбек бекінісі хандықтың Жетісудағы басты тірегі еді. Қаскелең өзені сағасында тұрған Тойшыбек бекінісі Ресей үшін Қоқан билеушілерін қууды қиындатты. Дулат тайпасының белгілі билерінің және батырларының бірі болған Тойшыбек қазақ халқының мүддесі үшін орыс отарлауына қарсы қоқандықтардың көмегіне сүйенбек болды. Бірақ осы өңірге Кенесарының қоныс аударуына байланысты Жетісуды орыс жазалаушы отрядтары белсенді түрде жаулай бастады. Осындай жағдайда орыстар Қоқан әскерлері бекініп алған Тойшыбектің қамалына шабуылды үдетті. Бұл қамалды алмай Қоқан билігіне соққы беру қиын еді.

1850 жылы капитан К.Гутковский бастаған 200 казактан және 50 жаяу әскерден құралған топ Қапалдан шығып,

¹ 1782 ж. тұңғыш рет, 1837 ж. қайтадан енгізілген Ресейдегі қадағалаушылық, полициялық күші басым қызмет. Қазақ даласында тұңғыш рет Ұлы жүзді басқаруда сынақтан өткен.

Тойшыбекке жақындады. Алайда Алматы өзенінде қырғыздар жасағымен қақтығысқан К.Гутковский Іле жағалауына қайтып оралуға мәжбүр болды. Бұл мақсатты орындау 1851 жылы мамырдың ортасында Қапалдан аттанған подполковник Карбышев тобына жүктелді. Бір батальон жаяу әскерден, төрт казак жүздігінен және 18 зеңбіректен тұрған күшті белгілі би Тәйнеке Досетұлының жігіттері қолдады. 1851 жылы шілденің 7-сінде Тойшыбек бекінісі қантөгіссіз берілуге мәжбүр болды. Ресейдің Орта Азия хандықтарына жақын сол қанаты күшейтілді.

1853 жылы Орынбор генерал-губернаторы граф В.А.Перовскийдің басшылығымен іске асырылған әскери қимылдар нәтижесінде Қоқан билеушілерінің Ақмешіт бекінісі Ресейдің қол астына қарады. Енді орыс әскерінің Іле бойына жылжуына жол ашылды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Г. Гасфорттың Сырдария және Сібір әскери шептерін ұштастыру туралы ұсынысы Петербургте бекітілді.

1854 жылы сәуір айында Гасфорт жергілікті басқарушыларына 1858 жылдың көктеміне қарай Көксу өзені мен Ілеге дейінгі аралықта бірнеше бекет салуды тапсырды.

Верный бекінісі. Ұлы жүз приставы майор М.Д.Перемышльскийдің отряды 1853 жылы Талғар өзенінің Ілеге құяр жерінен Іле бекетін тұрғызды. Қарлы шындар етегіндегі қалың ормандар мен бақтардың орналасуы, олардың ара-



Верный бекінісі. 1857 жыл

сымен тау өзендерінің сылдырлап ағып жатуы, бұл өлке-нің ғажайып табиғаты орыс жаулаушыларын қатты қызықтырды. Сондықтан да олар осында тоқтап, арнайы бекініс салуды қолға алды. 1854 жылдың көктемінде сол отряд Верный деп аталған бекіністің іргетасын көтерді. Верный Алматы деп аталған ертедегі қазақтардың қоныс қалдықтары сақталған жерде пайда болған еді.

Саз балшықтан көтерілген бекініс ағаш дуалмен қоршалды. 1854 жылдың күзінде бөренелі ағаш үйлерге және казармаларға Іле отрядының 470 солдатты мен офицері келіп қоныстанды.

Сонымен қатар мұнда жылдан-жылға сырттан келген келімсектер көбейді. 1855 жылы Сібірден 400 отбасы қоныс аударды. Олар Үлкен Алматы станицасын мекендеді. Верный кейін Іле қонысы деп аталды. Оның маңайына бұрын осы өңірде көшіп жүрген отырықшы қазақтар орын тепті. Верный бекінісі төңірегінде өзге де көптеген елді мекендер пайда болды. Лепсі, Кіші Алматы, Талғар, Есік, Ұзынағаш және Кәстек мекендері ұлғайып, табиғаты егіншілікке қолайлы өңірге әртүрлі ұлт өкілдері топтасты.

Верный бекінісінің пайда болуы көрші қырғыз халқының да кейінгі тағдырына әсер етті. 1855 жылы қырғыздың бұғы руы Ресей билігін мойындады. Бекініс біртіндеп Шу мен Талас алабына Ресей империясының экономикалық және саяси ықпалын жүргізетін басты тірекке айналды.

1855 жылы жазда Ұлы жүз приставы резиденциясының Қапалдан Верныйға орын ауыстыруы, бекіністің Жетісу өңіріндегі рөлін бұрынғыдан да күшейтті. Бекіністің бұл бөлігінде қолөнершілер және саудамен айналысатын тұрғындар орналасты да, бұл жай Верныйдың сауда байланыстарындағы делдалдық қызметін күшейтті. 1856 жылы Верныйға жер ауған қоныстанушылардың жаңа толқыны жиналды. Олардың ішінде Воронеж және басқа Орталық Ресей губернияларынан келгендер болды. Олар жергілікті халықтан суармалы егіншіліктің, мал жайылымын пайдаланудың дәстүрлі әдістерін үйренді.

1857 жылы татар слободкасы маңайында Верныйдағы тұңғыш судиірмені салынды. 1858 жылы іске қосылған алғашқы сыра зауыты жергілікті өңдеу өнеркәсібінің басы болды.

Верный Жетісу өлкесіне қоныс аударушылар көп шоғырланған ірі мекенге айналды. Ресейдің орталық ау-

дандарынан шалғай орналасса да, мұнда орыстың прогресшіл қоғамдық ойшылдары көптеп келе бастады. Белгілі ғалым-саяхатшылар П.П.Семенов-Тяньшанский, Н.М.Пржевальский, И.А.Северцев, т.б. Верныйда болып, жергілікті халықтың тұрмыс-салтымен, тарихымен танысты. ХІХ ғасырдың 60-жылдарында бекіністе Ш. Уәлиханов та тұрған еді.

Көп ұзамай Верный бекінісі Қазақстанның оңтүстік аудандары мен қырғыз жерінің Ресей қол астына қарауын тездетті және бірте-бірте сол аймақтың саяси, әскери және экономикалық орталығына айналды.

Сонымен бірге аса қолайлы аймаққа орналасқан Верный бекінісі біртіндеп Жетісудағы ғана емес, бүкіл қазақ жеріндегі үлкен қалаға айналып, ХХ ғасырда ол республиканың астанасы болатындай деңгейге жетті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Верный бекінісінің салыну себептерін атаңдар.
2. Верный бекінісінің салынуы жергілікті және басқа халықтарға қандай әсер етті?

Құжаттар

“...Бұл халық (Тянь-Шань қырғыздары. — Ж.Қ.) сұлтан дегенді білмейді: руларды сайланатын манаптар басқарады. Соғыс кезінде манаптар арасынан ең ержүрек, қабілеттісіне халық жасағын басқару тапсырылады, оған дара билік беріледі. Билердің құқылары ерекше. Жазаға тарту өте сирек. Манаптардың бірі — Боранбай Ресейдің билігін қабылдау үшін өтініш жасаған. Алайда ол айла болуы мүмкін. Ресейдің билігіне өту тек биік Алатау бөліп тұрған Ұлы жүздің Ресей қарамағына өтуімен ғана іске асады”.

Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1966. С. 52—53.

§ 20. ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ

Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы. Бұл тарихи белесті оқиға патша үкіметінің Орта Азия мен осы аймақтағы саясатының күшеюімен тұстас келді. Қоқан хандығын ығыстырып, өзінің жергілікті қазақтар арасындағы саяси билігін нығайту үшін патша үкіметі бірқатар шараларды

іске асырды. Іле өңірінде әскери күштерді молайтып, керуен жолдарын бақылауға алуға, сауда-саттыққа зер салуға ерекше мән берілді. Осындай 800 орыс және 100 қазақтан тұратын күшті басқарған подполковник Шайтановқа Шу алқабына қарай бағыт алып, қазақтармен байланысты нығайту тапсырылған еді. Кейіннен аңызға айналған Сұраншы батыр және Шаян батыр, Жайнақ би, т.б. қазақтар Ресейдің күшін қоқандықтар озбырлығынан құтқарушы ретінде қарсы алып, қошемет көрсетті. Ресейдің жаулау саясаты басталған кезде Қоқан хандығы патша үкіметінің отаршылдығына қарсы Орта Азия халықтарын ұйымдастырудың орнына жергілікті халықты ұлтқа, ру-тайпаға бөліп, қатал жазалады. Бұған халық наразылықпен жауап берді. Қоқанның Құдияр ханына қарсы қыпшақтардың Мұсылманқұл бастаған көтерілісі азаттық үшін күрестің ерекше үлгісі ретінде тарихта қалды. Алғаш 1845 жылы көтеріліске шыққан қыпшақтар өздерін қоқандықтарға мойындатып, мемлекет басқару ісіне араласуға мүмкіндіктер алған болатын. Бірақ 1852 жылы отырықшы өзбектер мен тәжіктердің қыпшақтарға қарсы көтерілісі орын алды. Қоқан қаласында көтерілісшілер қыпшақтарды ұрып-соғып жазалауға кірісті. Осындай жағдайды пайдаланған Қоқанның Құдияр ханы Мұсылманқұл бастаған қыпшақтарға қарсы күресті бастап жіберді. Ол қыпшақтардың көсемі Мұсылманқұлды ұстап алып өлім жазасына кесті. Біраз жылдан кейін кектенген қыпшақтар қайта көтеріліп, ақыры Құдияр ханның билігін құлатты. Осындай жағдайда орыстар қоқандарды біржолата талқандау мақсатымен оған қарсы жорыққа тиянақты түрде дайындала бастады.

Ресей мен Қоқан хандығы арасындағы байланыс шиеленісе берді. Екі жағы да талай мәселені келіссөздермен тындыруға талпынғанымен, нәтиже шыға қоймады.

Жетісуды қалайда өз қолында ұстап қалуға тырысқан хан Әулиеатадағы, Меркедегі, Пішпек пен Тоқмақтағы әскерлерінің күш-қуатын нығайтуға шаралар қолданды.

1859 жылы Ұлы жүз бен қырғыз елінің солтүстік шекаралық ауданында тұрғызылған Кәстек бекінісі осы өлкедегі империяның бір тірегіне айналды және Қоқан ханының қазақ, қырғыз халықтарына қарсы қимылдарына біршама тосқауыл болды.

Орыс әскерлерінің Шу аңғары арқылы Қоқан бекіністері — Әулиеатаға, Шымкент пен Ташкентке қарай ілгерілеуі

осы жерден басталды. Көп ұзамай, полковник Циммерман басқарған топ Шу алқабына енді. 1860 жылы 26 тамызда — Тоқмақ, қыркүйекте бес күндік қоршаудан кейін Қоқанның Жетісудағы басты тіректерінің бірі — Пішпек құлады. Жеңілгеніне қарамастан Қоқан ханы Верный бекінісіне қарай орыс әскерлерінен он есе көп, жалпы саны 22 мыңдық қол жіберді. Қазақ билеушілері екіге жарылды: Кенесары Қасымұлының баласы Сыздық сұлтан жағына ойысқан топтар орыс әскерлеріне қарсы күрессе, жергілікті ақсүйектердің көпшілігі патша әкімшілігін қолдап, Қоқан ханына қарсылық білдіруге дайын тұрды.

1860 жылдың қазан айында Алатау округінің билеушісі Г.А. Колпаковский басқарған орыс әскерлері Ұзынағаш түбіндегі үш күндік шайқаста (1860 жылы қазан айының 19 — 21-і күндері) Қоқан әскеріне соққы берді.

XIX ғасырдың 50-жылдарының аяғы, 60-жылдардың басында Ресей мен Англия арасында Орта Азия үшін алауыздықтың күшеюі орыс әскерлерінің соғыс қимылдарын жеделдетуіне түрткі болды.

1864 жылдың көктемінде Ресей үкіметінің Қоқан хандығына қарсы жіберген тобы тез арада бүкіл Шу алқабын, Мерке, Әулиеата, Түркістан бекіністерін алды. Орыс әскерлерінің бірін басқарған полковник М. Черняев Шымкент бекінісіне бет алды. Қоқан билеушісі Әлімқұл орыс әскерлеріне қарсылық ұйымдастыру үшін Хиуа, Бұхар хандықтарымен одақ жасауға тырысты. Түркістан жағынан М. Черняев, Әулиеата жағынан подполковник Лерхенің әскери тобы 22 қыркүйек күні тіке шабуылға шығып, Шымкентке басып кірді. 1865 жылы шілдеде орыс әскерлері соғыс қимылдарын үдете отырып, үш күнге созылған көше ұрыстарынан кейін Орта Азияның ірі саяси, экономикалық орталығы Ташкентті басып алды.

1866 жылдың басында орыс әскерлері Бұхар хандығы жеріне кірді. Бірнеше ұрыста жеңілген бұл құдіретті әмірлік иеліктері Түркістан генерал-губернаторының құрамына қосылды. Бұхар хандығының солтүстігінде қоныстанған қазақтар өзбектермен қатар Ресейдің билігін мойындады.

1868 жылдың қаңтар айындағы келісім бойынша Қоқан хандығына қарасты бірқатар жер, оның ішінде, бұрынғы Қоқанға тәуелді қазақ жері империя құрамына еніп, Түркістан генерал-губернаторлығына бағындырылды. Сонымен Орта Азиядағы Бұхар, Қоқан хандықтарының, сондай-ақ

1873 жылы Хиуа хандығының жеңілісі қазақтарды оларға тәуелділіктен құтқарды.

Қазақстанның Ресей империясына қосылуының нәтижелері. Сонымен бұл процесс XVIII ғасырдың отызыншы жылдарынан басталып, бір жарым ғасырға созылды.

Ресейдің сыртқы саясатында Қазақстан жері XVIII ғасырдың 30-жылдарынан ғана емес, орыс мемлекеті Мәскеу төңірегіне шоғырлана бастаған кезден, XV ғасырдың орта шенінен бастап-ақ ерекше мәнге ие болған еді.

Қазақ-орыс байланыстарының жолға қойыла бастауы, әрине, орыс патшасы IV Иван билік құрған кез деп қарастырған жөн. Ол дәуірде орыс-қазақ қарым-қатынасының негізгі даму барысы саяси-дипломатиялық жүйеде қалыптасты. Орыс мемлекетінің Самара, Саратов, Қазан сияқты ірі саяси-экономикалық орталықтары Қазақстанның сыртқы жағдайының Ресеймен мүдделес болуына ынталы еді. Яғни, XVIII ғасырдың 30-жылдарына дейін де орыс-қазақ байланыстары өзара даму барысында белгілі дәрежеге жетті. Ресей мен Қазақстанның экономикалық және саяси байланыстары екі халықтың өзара қатынастарының негізі болғандығын көрсетеді.

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде I Петр патшаның шығыс саясатында Қазақстанға мән беруі, Солтүстік соғыста Швецияны жеңген Ресейдің Қазақ хандығымен кең байланыс жасауға ұмтылуы түсінікті еді. Князь А.Бекович-Черкасскийдің, подполковник И. Д. Бухгольцтің, майор И.М.Лихаревтің, подполковник П.Ступиннің әскери барлау экспедициялары қазақтарды көрші Жоңғария шапқыншылықтарынан қорғауда елеулі орын алғандығын жоққа шығару ағаттық.

Орыс-қазақ қарым-қатынастары “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” кезеңінен жаңа сапалық дәрежеге көтерілді. Жоңғарияда қазақтардың мүддесін қорғайтын дипломатиялық миссиялардың қызметі Ресейдің қазақ халқы алдында беделін көтерді.

Әйтсе де, Кіші жүз қазақтарының Ресей империясы құрамына кіруге ризашылық білдіруі, бұл қадамның 1731 жылғы қазан айының 10-ы күні ресми келісімде негізделуі екі халықтың өзара байланысындағы елеулі кезең болды. Ресейге бодан болу туралы келісімшартқа, негізінен, Әбілқайыр хан бастаған ат төбеліндей қазақ билеушілері қол қойғанымен, бұл құжат қазақ жерінің Ресейге қосылуын құқықтық тұрғыдан

негіздеп берді. Енді патша өкімшілігі және оның идеологтері қазақ жері Ресейге өз еркімен қосылды деген біражақты логикаға негізделген тұжырымды ойлап шығарды. Шын мәнінде, патша үкіметінің отаршыл саясаты қазақтардың азаттық үшін күресін одан әрі асқындыра түсті. Бұл күрес-тер жоғарыда айтылған тұжырымның негізсіз екенін дәлелдеді. Ресейге бодан болу туралы қазақ билеушілерінің шешімі шын мәнінде ішкі және сыртқы саясат тығырыққа тірелгеннен туындаған амалсыз шара болатын. Ішкі саясатта қазақ билеушілері арасында ауызбірліктің болмауы хандықты әлсіретсе, ал сыртқы саясатта қазақ жерін жоңғарлардың жаулап алуға ұмтылуы қазақтарды Ресейден одақтас ретінде қолдау іздетуге мәжбүрледі. Сондықтан да Кіші жүзде басталған Ресейге қосылу әрекетін Орта жүздің, кейіннен Қоқан билігінен азап шеккен Ұлы жүздің қазақтары да қолдады. Әрине, отаршылдық саясатының күшеюіне қарамастан, қазақтардың Ресейге қосылуының кейбір жығымды жақтары болғанын да теріске шығара алмаймыз. Алайда осы саяси келісімнің нәтижесінде қазақ мемлекеттілігінің тәуелсіздігінен айырылғанын ешқандай да жетістіктер ақтай алмайды. Қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі Ресей сияқты үлкен елден қолдау тапты. Әрине, қазақ билеушілерінің бәрі бұл тарихи бетбұрысты бірден қолдай қойған жоқ. Әрі патша өкіметі де көп ұзамай отаршылдық саясатын ашық жүргізіп, өзінің бетпердесін айқындады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұлы жүздің Ресей құрамына қосылуына әсер еткен жағдайларға талдау жасаңдар.
2. Ұзынағаш түбіндегі шайқастың барысы мен зардаптары туралы не айта аласыңдар?
3. Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталу заңдылықтары мен маңызын қалай түсінесіңдер?

Құжаттар

**Жетісу облыстық басқармасының
нұсқау беруші бөлім бастығы
Н.Аристовтың жазбасынан үзінді (1871 жыл)**

“...Жетісуда орыс билігінің шын орнай бастауы 1831 жылғы 17 шілдеден (Аякөз округтік приказының негізі салынған кезден) басталады. Оған дейін Аякөз бен Лепсі өзендерінің оңтүстігінде

көшіп жүрген қырғыздар сөз жүзінде ғана біздің билігімізді таныған болды, себебі үкіметіміз олардың басқару ісіне араласпады, салық жинаған жоқ... Аякөз приказының ашылуына сәйкес граф Сперанскийдің “Сібір бұратаналарын билеу жөніндегі ережелеріне” сай қырғыздарды (қазақтарды. — Қ. Ж.) басқару ісі өзгертіле бастады. Болыстар құрылды, болыс билеушілері сайланды, салық жиналды. Омбы облыстық шекара басқармасының талап етуімен оған бағындырылған қырғыздар туралы әртүрлі, әсіресе олардың көшіп-қонуы жөнінде мәліметтер жинастырылды. Бұл болыстарды ұйымдастыру 1834—1839 жылдарда іске асырылды. Қиыншылықтар шалғай жатқан рулардың қолдарына қару алып, жаңа тәртіпке, әсіресе малды санауға қарсы шығуымен байланысты болды”.

Хрестоматия по истории Казахской ССР.
Алма-Ата, 1960. С. 60.

IV бөлім. XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

§ 21. ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУЫ

Ағарту ісінің жағдайы. Қазақ жерінің Ресейге қосылуы өлкенің әлеуметтік-экономикалық даму барысына әсер етіп қана қоймай, білім беру, ағарту саласының кеңеюіне, жергілікті халық дәстүрлері мен мәдениетінің жаңа бағыт алуына да барынша әсер етті.

XIX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда ағарту ісі, негізінен, шәкірттерге “Шариғат-ұл-иман” (“Мұсылман дінінің ережелері”), “Әптиек” (“Құранның жетіден бір бөлігі”) сияқты діни мазмұндағы кітаптарды, ислам дінінің қағидаларын үйретумен шектелді.

Қазақстанның Ресей құрамына кіруінің аяқталу кезеңіне қарай білім беру жүйесінде де жаңа өзгерістер қалыптасты. Ірі медреселерде араб тілінен сабақ беруге, негізінен, “мұғалімдікке” арнаулы куәлігі бар адамдар тартылды.

Білімін жалғастыру үшін ауқатты ата-аналар балаларын Бұхар, Самарқан, Хиуа, Ташкентке жіберіп отырды. Олар да араб тілінде білімдерін жетілдірді. Ертеден дамыған араб философиясын меңгерді. Біртіндеп ірі медреселерде орыс тілін, арифметиканың төрт амалын үйретті, география пәнінен де мәлімет беретін болды.

Қазақстанда жаңа оқу жүйесінің дамуы Омбы, Орынбор, Семей, Орал және басқа қалаларда орысша сабақ өткізілетін мектептердің ашылуына да байланысты болды. Бекіністер мен қалалардың бірте-бірте Орта Азия, Шығыс Түркістанмен сауда байланыстары орталықтарына айналуы делдалдық тілмаштар даярлайтын оқу орындарын кеңейтуді қажет етті. Әсіресе қазақ жерінде 1789 жылы ашылған *Азиялық училищені* атап көрсетуге болады. Моңғол, маньчжур, қытай, парсы және басқа да Азия халықтары тілін оқып-үйренген бұл мектеп түлектері — алғашқы сауатты мамандар болып шықты. 1813 жылы Омбыда, 1825 жылы Орынборда ашылған әскери училищелер ресейлік билеу әкімшілігі үшін шенеуніктер даярлаумен айналысты. Олар заман талабына сай 1837 жылы *Сібір кадет корпусы*, 1844 жылы орынборлық *Неплюев кадет корпусы* болып қайта құрылды. Осындай орысша және татарша сауат ашатын мектептердің бірін ұйымдастырған Ішкі Орда ханы Жәңгір болды. 1841 жылы

Ордада ұйымдастырылған бұл мектепте молдалар татар тілінде, ал біраз ұстаздар орыс тілінде сабақ бере бастады. Орынбор губернаторының ықпалымен ашылған бұл мектеп қазақ жастарының білімін тереңдетуді ғана емес, хан және Орынбор губерниялық кеңсесі үшін отаршылдық әкімшілікке берілген қызметкерлер даярлауды мақсат еткен.

1822 жылы қабылданған Сібір қазақтарының, 1824 жылғы Орынбор қазақтарының жарғылары саяси-экономикалық мәселелерді ғана қамтып қоймай, сонымен бірге мәдениет, білім беру ісін кеңейту жолдарын да қарастырды. 1831 жылы Омбы облысының қоныстарында орысша білім беретін училищелер ашу ұйғарылды. Сол жылғы қыркүйек айының 18-і күні *Семей қаласында осындай училище* өмірге келді. 1836 жылы жанында қазақтар үшін интернаты бар *Өскемен училищесі* ұйымдастырылғаны да елеулі оқиға еді.

1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан қазақтарға орысша білім беретін бірнеше мектептер ашылды. Мұғалімдердің, қаражаттың жетіспеуі, дәріс беретін үйлердің талапқа сай келмеуі, т.б. себептер Қазақстанда орыс тілді мектептердің кең тамыр жаюына мүмкіндік бермеді. Алайда Ресей құрамына толық қосылып болмаған Қазақстанда мұндай оқу орындарының жұмысы, оған көшпелі қазақ балаларының тартылуы өзінің мазмұны жағынан орыс-қазақ ынтымақтастығына жаңа сипат берген құбылыс болғанын атап өткен орынды.

Орыс ғалымдары мен жазушыларының Қазақстанды зерттей бастауы. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының өмірі мен тарихына, шығармашылығына көңіл бөлген орыс мәдениетінің тамаша өкілдері ішінен В.И.Дальдің есімі ерекше орын алды. 1833—1841 жылдары Орынбор әскери губернаторының жанында арнайы тапсырмаларды орындайтын шенеунік қызметін атқарған В.И.Даль өз заманының көрнекті перзенттері — А.С.Пушкинмен, А.А.Дельви́гпен, И.А.Крыловпен, Н.В.Гогольмен, ағайынды В.А.Перовскийлермен жақын болды.

Орынбор өлкесінде болған сегіз жыл ішінде В.И.Даль тікелей өз қызметімен қатар түркі тілдес халықтардың жазбаларын, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинастырды, әңгімелер, басқа да шығармалар жазды. 1839—1840 жылдары орыс әскері қатарында Хиуа жорығына қатынасты. 1836—1838 жылғы шаруалар көтерілісінің басшылары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлына жанашырлық білдірді.

“Бикей мен Мәулен” повесін жазып, онда Орынбор өлкесіндегі қазақтардың тұрмыс жағдайын сипаттады.

Орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкин шығармашылығының бір тармағы — Орынбор өлкесімен, 1773—1775 жылдардағы Е.И.Пугачев бастаған шаруалар соғысымен байланысты еді. 1833 жылы осы көтеріліс туралы мәлімет жинаған А.С.Пушкин Қазақстанның сол кездегі орталығы — Орынборда болды. Осы өлкеде бір аптадан артық, қаланың өзінде үш тәулікке жуық болған ұлы ақын азиялық тайпалардың, соның ішінде, қазақтардың өмірін өз көзімен көрді. “Пугачев бүлігінің тарихында” оның байқағандары мен тұжырымдары, сондай-ақ қазақтардың шаруалар соғысына қатысқанын және бұл соғыстың мақсаты қазақтар мүддесіне жақын болғанын көрсететін көптеген мәліметтер келтірілген.

“Пугачев тарихында” Еділ мен Жайық арасында көшіп жүрген тайпа ордаларына (қазақтарға) көңіл аударады. Оралда А.С.Пушкин “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” поэма-сымен танысқан. Ұлы ақынның Орынбор және Орал өңірінде болуы оның шығармашылығындағы елеулі кезең еді. “Капитан қызының”, “Пугачев бүлігінің” баспадан шығуы орыс демократиялық топтарында Орта Азия мен Қазақстан туралы құнды мәліметтердің тарауына септігін тигізіп, қазақ, башқұрт және басқа халықтардың өмірі мен тарихына қызыға қараушылықты күшейтіп, олардың тағдырына терең үңілуге жол ашты.

XIX ғасырдың 20—40-жылдарында Қазақстанды зерттеудің жаңа кезеңі басталды. 1848—1849 жылдары Г.С.Карелиннің Каспий теңізіне және капитан-лейтенант А. Бутакوفтың Арал теңізіне жасаған экспедициялары қазақ даласын зерттеудегі үлкен бетбұрыс еді. Олар Сырдария өзенінің жағалауларын картаға түсірді. Арал теңізі мен оған құятын Сырдария өзенінің тереңдігін анықтады, картада белгіледі.

Саяхатшылар Е.П.Ковалевский, Н.А.Северцев, П.И.Небольсин, т.б. орыс ғылымының белді өкілдері қазақ жерін топографиялық зерттеумен шұғылданды, табиғи байлықтарын анықтады. Қазақ даласын зерттеуде Орыс географиялық қоғамы ұйымдастырған экспедициялардың орны ерекше болды. Орыстың көрнекті ғалымдары А.Левшин, Н.Красовский, В.Витевский, Э.Мейер, И.Завалишин және т.б. тарихшы-этнографтар қазақ халқының өмірін зерттеп, бірқатар арнайы тарихи еңбектер басып шығарды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстанның Ресей құрамына кіруінің аяқтала бастауын қандай мәліметтер сипаттайды?
2. Орыс жазушыларының шығармаларында Қазақстан тақырыбы қандай орын алды? Ағартушылық ісінің жаңа көріністерін айтып беріңдер.
3. Орыс жазушылары мен ғалымдарының еңбектеріндегі Қазақстанның алатын орнын сипаттаңдар.

Құжаттар

Орынбор шекара комиссиясы жанындағы қазақ мектебі жөніндегі ереже (1844 жылы маусымда бекітілген)

“... Қырғыздар арасында орыс тілін таныту мен белгілі бір дәрежеде сауаттылық таратудан басқа мектепті ашудағы басты мақсат — шекаралық басқарма жанындағы сұлтан-билеушілер ордасы үшін іс жүргізушілер даярлау, тек қырғыздардан ғана таңдап алынатын басқа да қызметкер адамдар даярлау”.

Тажибаяев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-Ата, 1962. С. 445.

Верный қалалық училищесі педагогикалық кеңесінің шешімі

26 мамыр, 1899 жыл.

“...Оқушы жастардың көпшілігіне қымбатты ақынымыздың (А.С.Пушкин. — Ж.Қ.) 100 жылдық мерекесіне байланысты Верный, Кіші және Үлкен Алматы станицаларындағы қалалық училище мен шіркеу-приход мектептері қосылып, бұл оқиғаны атап өтуді ұйғарды. Верный қалалық училищесін бітірген оқушыларға сыйлық ретінде Пушкин шығармалары жинағын, қалған оқушыларға ақынның арзандау жеке шығармаларын сатып алып, үлестіру шешілді. Ақын мерекесін ұйымдастырушылар әдеби-музыкалық үзіліс кезінде әскери оркестр ойынын да ұмытпаған еді. Сонымен қатар 153 оқушы мен 47 ата-анаға той дәмін беру де дұрыс деп табылды...”.

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты. 126-қор. 1-тізім. 1211-іс. 112-парақ.

§ 22-23. XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

Әдебиет. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ әдебиетімен халықтың ауызша шығармашылығында қазақ

халқының азаттық жолындағы күресі ерекше жырланды. Олар Исатай Тайманұлы, Бекет және Есет батырларға, Кенесары мен Наурызбайға, Жанқожаға және т.б. тарихи тұлғаларға арналды. Ақындар, суырыпсалма жыршылар қазақ халқының ерлік күресін, ержүректігін, батырлар мен қолбасылардың халыққа адалдығын және берілгендігін жан-жақты жырға қосты. Сонымен бірге халық өзінің тарихи шығармаларында патша отаршылдарының қолжаулығына айналған өзінің халқын сатқан хандарды, сұлтандарды және билерді ашық сынады. Бұл жырлардың маңыздылығы сол — оның авторлары тарихи оқиғаларға тікелей қатысқан және оларды көзімен көрген кісілер еді. Сондықтан да олардың шығармаларының тарих үшін маңызы зор. Халық ақындары мен жыршылары қазақ халқының батыр ұлдары туралы тамаша шығармалар туғызу арқылы өткен заманның тамаша дәстүрлерін және тарихи тұлғалардың нақты есімдерін кейінгі ұрпаққа жеткізді. Сонымен бірге бұл шығармалар қазақ халқының жаңа ұрпағын тәуелсіздік жолындағы ерлікке, отаншылдыққа, қазақ халқының рухани мұраларын қастерлеуге тәрбиелейді. Халықтан шыққан аса ірі ақындар қатарында Досқожа, Нысанбай, Махамбет, Шернияз, Шөже тәрізді талантты тұлғалар, ақын-жыраулар болды.

Махамбет Өтемісұлы (1804—1846 жж.) — қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында туды. Болашақ ақынның әкесі Ішкі ордадағы ауқатты, ханға жақын, ықпалды адамдардың бірі болған. Ақындық талабымен көзге түскен Махамбетті өзіне тартуға тырысқан Жәңгір хан өз ұлы Зұлқарнайынмен қосып, Орынборға оқуға жібереді. Жиырма жастағы ақын хан мұрагері Зұлқарнайынға ағалық ақылын аямай, 1824—1829 жылдарда осы қалада тұрды. Алайда көп ұзамай-ақ Махамбет пен Жәңгірдің арасы суыды. 1829 жылы шаруалар толқуына қатысқаны үшін Махамбет біраз уақыт Калмыков бекінісінде қапаста ұсталды.

Кейіннен ол Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісіне белсене қатысты. Жалынды өлеңдерімен еңбекшілерді жігерлендірген Махамбеттің жауынгерлік қабілеті де, ақындық шабыты да көтеріліс ісіне жұмсалды.

Махамбет өз шығармаларында езілген еңбекшілер өмірін, билеуші таптың озбырлығын суреттейді. Халық мүддесіне мейлінше берілген Махамбет өлеңдері 1836—1838 жылдары Бөкей Ордасында болған шаруалар көтерілісінің себептерін, мақсаттарын айқындады.

Махамбет елін, жерін жанындай сүйді, озбырлық саясат жүргізіп отырған патша отаршылдарын, халық жерін талан-таражға салған билеуші топты өшкереледі, оған қарсылығын жасырмады.

Бөкей Ордасы билеушілеріне өшпенділігін ақын Баймағамбет сұлтанға арнаған өткір өлеңдерінде ашық білдіреді. Ол қазақ шаруаларына жер беруді, озбыр ақсүйектерді биліктен тайдыруды, қаналғандардың кегін алуды арман етеді:

...Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің,
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып,
Басын кесем деп едім.
Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім...

Дулат Бабатайұлы (1802—1878) — Семей өңірі, Аягөз маңында дүниеге келген. Ауыл молдасынан хат таныған. Ол өзінің азаматтық ой-пікірін батыл білдірген күрескер ақын болды. Ақын өлеңдерінде патшалық Ресейдің отарлау саясатынан ел ішінің бүлінуін, билеушілердің психологиялық өзгеріске түскенін, билікқұмарлыққа салынғанын батыл сынады. Қазақтың өз алдына бөлек хандық құрып, дербес өмір сүруін көкседі. Шығармалары, негізінен, сол кездегі қазақ қоғамының тарихи шындығын сөз етеді.

Шернияз Жарылғасұлы (1807—1867 жж.) — қазіргі Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында туған. Кедей отбасында өскен, шешендік өнерге, ауыз әдебиетіне жасынан құмар болған Шернияздың ақындық талабы ерте оянды. Ол 1836—1838 жылдары Ішкі Ордадағы көтеріліске қатысты. Қозғалыс басылғаннан кейін де Махамбет Өтемісұлынан қол үзген жоқ. Шернияздың әдебиет саласына қосқан бір жаңалығы — дәстүрлі, көне замандардан бері көшпенділер өмірінде белгілі орын алған суырыпсалмалық өнерін жетілдірді. Билеуші топтардың оғаш мінездерін әжуалап, уытты мысқылмен өшкерелеп отырды.

Шөже Қаржаубайұлы (1808—1895 жж.) — бұрынғы Көкшетау облысының Қызылту ауданында, кедей отбасында туып өскен. Жастай екі көзінен бірдей айырылған Шөже қобыз тартып, өлең айтуға машықтанады. Ақындық өнер

күнкөріс көзі болды. Осыдан болар, оның бір топ өлеңдері жеке тұлғаларды мадақтауға арналған. Шөже билеушілердің, жеке би-сұлтандардың екіжүзділігі мен зұлымдығын, басқа да ретсіз қылықтарын әшкерелеп отырды. Шөже — ірі эпик ақын. Әйгілі “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырының ең көркем нұсқасы Шөженің айтуымен тараған. Шоқан Уәлиханов Шөженің және бірқатар ақындардың суырыпсалма өнерін жоғары бағалаған.

Сүйінбай Аронұлы (1822—1895 жж.) — қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Қаракөстек деген жерде дүниеге келген. Тапқыр, тілге жүйрік Сүйінбай он төрт, он бес жастан-ақ ақындық өнерге машықтана бастады. Қисса-жырларды жаттап, жиын-тойларда айтып жүрді.



Халықтың сүйікті ақыны Сүйінбай өз өлеңдерінде өмір шындығын, қазақ еңбекшілерінің ой-арманын жырлап өткен.

Қазақ халқының музыка өнері. Музыка қазақ халқының әлеуметтік-қоғамдық өмірінде ерекше орын алды. Өртүрлі музыкалық аспаптардың ішінде халық арасына кең таралғаны — домбыра. Музыкалық дарын көпшілік алдындағы арнайы өнер сайыстарында көрінетін. Мұндай музыкалық-поэзиялық жарыс тойларда, жайлауға көшуге байланысты, қыз ұзатқан кезде және басқа да отбасы қуаныштарына орай өткізілетін. Поэзия сияқты, музыка өнері де рухани байлықтың толастамауына, эстетикалық талғамның қалыптасуына әсер етті. Өнерімен халыққа жағымды болғандарға сал, сері деген құрметті атақтар қосылып айтылатын. Зор құрметке бөленген әнші, күйшілердің атағы ауылдарға кең тарап, оларды қай жерде де құрметпен қабылдайтын.

Жыршы-жыраулар эпикалық және тарихи жырлар мен аңыздарды орындау үстінде әуендік сарындарды да, әндік және аспаптық орындауды да пайдаланып отырған.

XIX ғасырдың музыкалық мәдениетінде отаршылдық, ішкі озбырлыққа қарсы Исатай Тайманұлы мен оның сенімді серігі әрі ақын, жыршы Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс елеулі із қалдырды.

Материалдық мәдениет. Қазақ халқы материалдық мәдениетінің бір саласы — мал шаруашылығымен және егіншілікпен, үй кәсіпшілігімен, қолөнермен байланысты күнделікті еңбек құралдары болып табылады. Қарапайым күнделікті өндірістік құралдарды көшпенді қазақтардың өздері, ал ат әбзелдерін, үй мүліктерін арнайы шеберлер жасады.



- Әйел әшекейлері: жүзіктер, сырға, білезіктер
- Қылқобыз
- Күміс оймышты сүйекпен қапталған ер-тоқым

Көшпелі өмір, ру арасындағы тартыстар, сыртқы жаулауға қарсы күрестер қару-жарақ түрлерінің жетілдіріле түсуіне әсер етті. Неғұрлым ауқатты қазақтар айбалта, жебесі мен қорамсағы бар садақ ұстады. Белгілі әскербасылары мен батырлардың сауыты, қалқаны, қылышы, металмен ұшталған найзасы болды. Қазақ жасақтарының ішінде мылтық ұстағандар жиі кездесетін. Мылтықты, негізінен, Орта Азия саудагерлерінен малға немесе шикізатқа айырбас жасап әкелетін, қазақтың шеберлері де отты қарудың өртүрлісін жасай білген.

Қазақ халқында дамыған қолөнер салалары: тоқымашылық, киіз басу, ағаш, металл, сүйек және мүйіз өңдеу — көшпенді халықтың күнделікті тұрмысында белді орын алды.

Материалдық өндірістің негізі көшпелі мал шаруашылығы өркендеп тұрған кезде, киіз үй көшіп-қонып жүруге қолайлы қоныс болды. Қазақтың киіз үйлері өлкеге келген орыс және шетел жиһангездерін де таңғалдырды.

Ресейге қосылу барысында көшпелі өмірден отырықшылыққа ойыса бастауының әсері қазақтардың тұрғынжайларынан да көрінді. Орманды өңірде алты қырлы ағаш құрылыстар мен орыс қонысы типтес бір бөлмелі үйлер кеңінен тарады. Ауқатты топтар, әсіресе хан, сұлтандар ортасынан шыққан дәулетті ақсүйектер кептірілген бөренеден де бірнеше бөлмелі үйлер салдырған, оларды тұрғызуға орыс шеберлерін шақыртқан. Қоныстарда тұрақты үйлер салынуы, үйдегі бөлмелер санының көбеюі және дәстүрлі үй жиһазының өсемденуі орыс қоныстанушылары тұрмысының әсері, қазақ даласына тараған жаңа мәдениеттің лебі болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Махамбет және басқа да ақындар шығармаларының мазмұны, мәні неде?
2. Қазақ халқының тұрмысында музыка қандай орын алады?
3. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін қалай сипаттауға болады?

Құжаттар

“Жалпы қырғыздар көшіп-қонып, ылғи да киіз үйде тұрады. Мал шаруашылығы мүддесіне қарай жылжымалы, тез жиналатын киіз үйлерде тұрады... Көшкен кезде малдың жайын ойластырады. Жазда

солтүстік өңірге жақындаса, қыста көпшілігі оңтүстік далаларға беттейді”.

Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. — СПб., 1799. Ч. 2—6. С. 126.

СОҒЫС

(үзінді)

...Жөнелмей батыр не қылсын:

Ерсары мен Қалдыбай —

Екі арыстан тең өлді,

Жетім-жесір көп қалды,

Хан әскері кенелді...

Қызғыштай болған есіл ер,

Қайран да жұрттан не көрді?!

Махамбет Өтемісұлы

Бес ғасыр белестері

“Қалың бұқара көңіліндегі мұң мен нала, ыза мен кек, арман мен мұрат көркемсөз арқылы мейлінше кең өріс тапқан еді. ХІХ ғасырда жасаған талантты ақындардың тұтас бір тобы ел тілегінің жоқшысы, күрес күндерінің ұраншысы, күрделі қайшылықты заман шежіресі болды. Бұл ретте жауынгер ақын Махамбет есімін алдымен атауға тиіспіз... Махамбет қазақ өлеңін сапалық және көркемдік жаңа бір белеске көтеріп кетті. Өлеңнің азаматтық белсенділігі артты, сыршылдық, адамгершілік сипаты күшейді, кейіпкердің даралық қасиеті бедерлене түсті.

Бес ғасыр жырлайды (М.Мағауин, М. Байділдаев).
Алматы, 1984. 11—13-парақтар.

V бөлім. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

§ 24. 1867-1868 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

Реформаны дайындау. Бұл реформа Ресейде басыбайлылық құқығының жойылуымен тұстас келді. Жаңа нарықтық қатынастардың ұлттық аймақтарға таралуы да осы кезден басталды.

XIX ғасырдың орта шенінде іске асырылған сот, земство, халық ағарту және басқа да өзгерістер Ресейдің құрамындағы шығыстағы ұлттық аймақтарға әсер етпей қоймады. Патшалы Ресейдің ұлттық аймақтарды шикізат қоры және оның көзі ретінде сақтау саясаты Қазақстанды да қамтыды.

Негізінде екі генерал-губернаторлыққа бағындырылған (Орынбор, Батыс Сібір) қазақ елін билеп-төстеуді өзгерту ісі патша үкіметінің отаршылдық саясатының бір құрамды бөлігі еді. 1822 жылғы Сібір қазақтарының, 1824 жылғы Орынбор қазақтарының жарғылары жаңа нарықтық қарым-қатынастарға, өрістей бастаған өлкенің шаруашылық даму талабына қайшы келді.

XIX ғасырдың 60-жылдарында қазақтарды басқару жүйесін өзгерту үшін статс-хатшы И.И.Бутков басқарған комиссия құрылды. Бүкіл қазақ даласын екі облысқа — орталығы Торғай өңірінде болатын — Батыс және орталығы Сергиопольде немесе Қарқаралыда болатын Шығыс облыстарға бөлу көзделді.

1865 жылдың 5 маусымындағы II Александр патшаның әмірі бойынша өлкені зерттеп білу мәселелері дайындалды. Әкімшілік басқарудың жаңа жүйесіне сай келетін жағдайлардың көпшілігі сонда қамтылған еді: өзіндік ауыртпалықтар, жерді иелену түрлері, сот ісі, ағарту ісі, алым-салық, діни мәселелер, т.б. Алайда реформаны әзірлеуде бұқараның талап-тілегі ескерілмеді.

Ғалым Шоқан Уәлиханов Қазақстанды билеуді халықтың өзін-өзі басқару негіздерінде қайта құруды талап еткен еді. Қазақ жерінде реформаны тезірек іске асыруды көздеген комиссия ат төбеліндей билеуші топ өкілдерімен ақылдасып, мәліметті солардан жинады. Батыс Сібір генерал-губернаторлығында комиссия ірі бай Мұса Шорманұлынан, билеуші сұлтан Шыңғыс Уәлиханұлынан, Орынбор өлкесінде

билеуші аға сұлтан Сейдәліұлынан, тағы да басқа ауқатты ақсүйектерден жиналған мәліметтерге сенім артты.

Ф.К.Гирстың басшылығымен, құрамында Л.Баллюзек, Л.Мейер, А.П.Проценко болған комиссия Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын, В.Д.Дандевиль, Ф.К.Гейнс және басқалар енген комиссия Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөнінде реформа жобасын дайындады.

1867 жылы 11 шілдеде II Александр патша “Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы уақытша ережені”, 1868 жылғы 21 қазанда “Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығындағы Дала облыстарын басқару туралы уақытша ережені” бекітті.

Реформаның мазмұны, мәні. *Бүкіл қазақ жері үш генерал-губернаторлыққа бөлінді: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір. Генерал-губернаторлықтар жеке облыстарға жіктелді. Орал және Торғай облыстары — Орынбор генерал-губернаторлығына; Жетісу, Сырдария облыстары — Түркістан генерал-губернаторлығына; Ақмола және Семей облыстары — Батыс Сібір генерал-губернаторлығына біріктірілді. 1872 жылдан бұрынғы Бөкей хандығының жері — Астрахан губерниясына, ал Маңғыстау приставтығы — 1870 жылдан Кавказ әскери округінің басқаруына, кейіннен Закаспий облысына енгізілді. Әскери және азаматтық биліктің генерал-губернатор қолында шоғырлануы 1867—1868 жылдардағы реформаның бір түйінді жері болды. Ал Түркістан генерал-губернаторлығына, сонымен қатар Қытай және Иран сияқты елдермен дипломатиялық келіссөз жүргізуге де рұқсат етілді.*

Облыс басында тұрған әскери губернатор, сонымен қатар сол аймақтағы казак әскерінің үкімет тағайындаған (наказной) атаманы болып есептелді. Әскери губернатор жанында іс жүргізумен айналысатын облыстық басқармалар ұйымдастырылды. Ол үш бөлімнен тұрды: шаруашылық, сот істері және жарлықты жүзеге асыру. Облыстық басқарма істерін қадағалау вице-губернаторларға тапсырылды. Облыстық басқарма төрағасының жанында арнайы кеңесшілер тағайындалатын болды.

Облыстар уездерге бөлінді. Генерал-губернаторлар тағайындап отырған *уезд бастықтарына* көмекші екі кісінің біреуі жергілікті халық өкілдерінен алынды. Уезд бастықтарына полиция да, әскери бөлімдері де, уездегі мекемелер де, бекіністер де бағындырылды. *Уездер аумақтық принципке негізделген болыстарға, ал болыстар 100 — 200*

шаңырақтан тұратын ауылдарға бөлінді. Ірі ақсүйектерден іріктеп алынатын болыс және ауылнайлар патша үкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатына тірек болды. Шыңғыс тұқымдары — сұлтандар үкіметтен өмірлік зейнетақымен қамтамасыз етіліп, ауыртпалықтар мен салықтардан босатылды. Реформаның таптық мазмұнын, отаршылдық бағытын осыдан да көруге болады.

Сырдарияның отырықшы елді мекендерінің басқару билігі ақсақалдар қолына берілді. Облыстық әскери-губернаторлар бекіткен ақсақалдар арнайы өкілдер жиындарында үш жылға сайланатын. Ауылдық және болыстық старшындар сияқты ақсақалдарға да, олардың билік көрінісі ретінде қоладан құйылған арнайы белгі және мөр тапсырылатын. Ақсақалдарды сайлау болыс сайлауы сияқты күреспен, руаралық жанжал, шиеленіскен тартыспен өтетін.

1867 — 1868 жылдардағы реформалар арқылы әскери-сот комиссиялары мен уездік соттар құрылды. Ашық таптық сипаты бар сот мекемелері патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізу құралына айналды. Сырдария облысында қазылар соты сақталса да, әскери уездік соттардың дау-жанжалдарды шешудегі әсері басым еді. Алайда сот істерінде ескі шариғаттық, феодалдық салттардың күнделікті өмірге әсеріне шек қойылды. Әрбір болыста төрттен сегізге дейін (шаңырақ санына қарай) билер сайланатын еді.

Шын мәнінде, әскери губернаторлар бекіткен билер мен қазылар соты патша үкіметінің Қазақстандағы отарлық сот жүйесінің төменгі буыны болды. Уездік және әскери соттар бұқараны қанауды үдетті. 1861 жылғы басыбайлылық құқығын жою жөніндегі заң сияқты 1867—1868 жылдардағы реформалар да қоғамның түбірлі қайшылықтарын шеше алмады. Реформа арқылы отарлық басқару, билік нығайтылды. Халықты бағынышты жағдайда ұстайтын, үстем таптың саясатын бұлжытпай орындайтын әскери әміршілер Қазақстанда да өз күшіне енді.

“Ереже-реформа” Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында белді орын алды. Өлкенің табиғи байлықтарын игеруге қолайлы жағдайлар қалыптасты. Әлеуметтік, шаруашылық өмірге капиталистік құбылыстар ене бастады. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың да күнделікті өмірі өзгеріске түсті. Ауыл тұрғындарының арасында таптық жіктелудің салдарынан жатақтардың қалыптаса бастағаны, яғни кедейленген қазақтардың қалаларға, алғашқы өндіріс орындарына шоғырлануы үйрен-

шікті жайға айналды. Осы реформаның куәсі болған Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарыұлы сияқты алдыңғы қатарлы ойшылдар, оның отаршыл, теріс жақтарын өз шығармаларында талай рет сынап, мысқылдаған еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Реформаны әзірлеудің түпкі мәні неде?
2. Ережелердің мазмұнына, отарлық бағытына қандай сипаттама беруге болады?
3. 1867—1868 жылдардағы реформаның Қазақстан жеріндегі кейінгі зардаптарын анықтауға тырысыңдар.

Құжаттар

Күлембайға (1889 жыл)

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап,
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сөйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап...

Абай.

Реформа қалай әзірленген еді

“...Барлық (реформаны әзірлеу жөніндегі. — Ж.Қ.) жұмыс алғашында Петербургте, кейін статс-хатшы Бутковтың кабинетінде жүргізілді. Бұған бізге берілген беделді қырғыздардан (қазақтардан) халық өкілі ретінде ешкім қатыстырылмады. Оған қатысқандардың бұл халық өмірінен ешқандай хабарлары болмады. Мысалы, В.В.Григорьев, М.В.Ладыженский сияқты сол кезде Петербургте өмір сүрген, қазақ даласының өмірімен жақсы таныс адамдар қатыстырылмады”.

Русская мысль. 1891. №8. С. 24.

§ 25. XIX ҒАСЫРДЫҢ 60—70-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОТАРЛЫҚ ЕЗГІГЕ ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

1868-1869 жылдардағы Орал, Торғай облыстарындағы көтерілістер. Әкімшілік-басқару реформалары жеке-леген маңызына қарамастан, қазақ даласында отаршыл-

дық езгіні тереңдетті. Жаңа бекіністер салуға көшпелі шаруалардың жері тартып алынды, салықтар көбейіп, патша шенеуніктері мен отаршылдық басқару қызметіне көшкен топтар қысымы бұқараның онсыз да ауыр жағдайын шиеленістірді. Өсімқорлық саудамен айналыса бастаған ақсүйектер күнкөрісінің барысы, еңбекшілерге әкімшілік басқару жағынан қысымды үдетті. Мал-жайымен көшпелі өмір сүрген кедейлерге “Уақытша Ереженің” жерді пайдаланудағы жаңа қағидалары, тіпті қолайсыз еді. Қазақ даласы бойынша барлығына міндетті (әрине, ауқаттыларды қоспағанда) *шаңырақ салығы* енгізілді.

Жерді патша үкіметінің мемлекеттік меншігі деп жариялап, оны аумақтық негізде пайдалану ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенділердің көзқарасына жат болды. Қыстау мен жаздық қоныстардың әртүрлі әкімшілік-аумақтық басқару органдары қарамағында қалуы, рулар арасын шиеленістірді. Патша үкіметі отарлық саясатының осындай және басқа да ауыртпалықтары 1868-1869 жылдары Орал мен Торғай облыстарын, 1870 жылы Маңғыстауды қамтыған қазақ шаруалары күресінің тұтануына себепші болды.

1868 жылдың желтоқсан айы мен 1869 жылдың қазан айы аралығындағы Орал мен Торғай өңіріндегі көтерілістер отаршылдыққа қарсы бағытталды. Патша үкіметінің отаршыл реформасын Қазақстанда жүзеге асыруды көздеген арнайы ұйымдастыру комиссиясы 1868 жылдың соңына қарай қазақ даласына шығып, реформа негізінде жаңа болыстарды ұйымдастыруға кірісті. Бұған қарсы болған қазақтар қолдарына қару алып, ашық көтеріліске шықты. Осыдан кейін патша үкіметінің комиссиясы кейін қайтуға мәжбүр болды. 1869 жылы қаңтар айында беріш руының қазақтары Қалмыков уезіне келген патша үкіметінің комиссиясын ел арасына жібермей қойды. Сонымен бірге табын, адай және тағы басқа рулар Гурьев уезінде патша үкіметінің ұйымдастыру комиссиясына қарулы шабуылдар жасады және оны Жем өзенінің бойында қоршап алды. Комиссия өзінің заттарын тастап, қашып кетті. Осыдан соң қазақтардың шекаралық шепке және казак қоныстарына шабуылдары басталды.

Қаруланған қазақ шаруалары патша үкіметінің отарлық саясатына, әлеуметтік қысымына қарсы бас көтерді. Әлсіз ұйымдасқан жасақтар патшаның жазалаушы бөлімдеріне тайынбай қарсы шықты. Мысалы, 1869 жылы мамырдың

6-сы күні Орынбор шебінен жіберілген, фон Штемпель басқарған 200 атты және бір рота жаяу әскерден тұратын топқа Ойыл өзенінен 20 шақырым жердегі Жамансай көлі маңында көтерілісшілердің 20 мың қолы шабуыл жасады. Жеті күн бойы шаруа жасақтары қоршауында қалған жазалаушылардың жағдайы нашарлап, азық-түлігі және жем-шөбі таусылған олар әскери шепке қайтып кетуге мәжбүр болды.

Торғай және Орал облыстарындағы бұқаралық сипат алған көтеріліс жергілікті отаршыл басқару жүйесін және Петербург сарайын шошындырды. Бұл хабарды естіген патша II Александр әскербасыларға көтерілісті жедел басып тастау туралы бұйрық берді. Жазалаушыларға қарсы шыққан қазақтар қолдарына түскен қарулармен қалай болса солай қаруланып, өздерінің орталарынан көтеріліс басшыларын шығарды. Мысалы, Орал және Торғай облыстарындағы көтерілістің бірін атақты батыр Сырым Датұлының немересі Сейіл Түркебаев басқарды. Тағы бір көтерілісшілер отрядының әскери жетекшісі халыққа бұрыннан батырлығымен мәлім Әзберген Мұңайтпасұлы болды. 1869 жылдың қаңтар және шілде айларының аралығында қазақтар жазалаушыларға қарсы ерекше белсенділік көрсетті. 18 наурызда көтерілісшілер Елек өзенінің жоғарғы жағында патша үкіметінің жазалаушы отрядына шабуыл жасап, үлкен қанды қырғын орын алды. 1869 жылы сәуір және мамыр айларында Орал және Орынбор казактарынан құралған жазалушы әскерлер көтерілісшілерге қарсы жорыққа жанжақты дайындалды. Алайда Жамансай көлінің жанында Штемпель бастаған жазалаушылар отряды көтерілісшілердің қоршауына түсіп, адам шығыны орын алды. Көтерілісшілер шегіне қашқан патша отряды соңынан бір апта бойы қалмай қойды. Осындай жетістіктер қазақтарды жігерлендіріп, жазалаушыларды қиын жағдайда қалдырды. Енді көтерілісшілерді жазалау ісімен Орал және Орынбор маңындағы барлық бекіністер айналыса бастады.

Орал облысындағы азаттық күресті жаншуға бірқатар ірі әскери күш жіберілді. Подполковник Рукин, граф Комаровский және генерал-губернатор Н.А.Веревкин бастаған мұздай қаруланған жазалаушылар қазақ ауылдарын оқтың астына алып, қолға түскендерді аяусыз жазалады. Нашар қаруланған, араларында ауызбірлік болмаған, түпкі мақ-

саттарын жете түсінбеген Орал, Торғай шаруаларының қозғалысы жеңіліске ұшырады.

Маңғыстаудағы 1870 жылғы көтеріліс. Маңғыстау түбегіндегі көтерілістің басты себебі де Орал, Торғай облыстарындағы қозғалыстармен мазмұндас және 1867-1868 жылдардағы “Уақытша Ереженің” қатал отаршыл талаптарымен байланысты еді. Ережелерді іске асырудағы алғашқы қадамдардың өзі-ақ түбек тұрғындарының негізгі тобы — адайлардың қарсылығын туғызды. 40 мыңға жуық шаңырақтан тұратын адай елі екі жылдың ішінде 160 мың сом салық төлеуге тиісті еді.

Көтеріліске тұрткі болған — патша жазалаушыларының адайлар көшіп-қонып жүрген аймақтарға келуі болды. Жазалаушылар ережеге қарсылық ретінде ел түкпіріне көшуге бел байлаған адайларды күшпен тоқтатуға тырысты. 1870 жылы наурыз айында подполковник Рукин бастаған жазалаушылар 1868 жылғы ережені жүзеге асыру үшін қазақ ауылдарына аттанды. Олар өздерінің қамалдарынан 60 шақырымдай жерге ұзағанда, оларды Иса Тіленбайұлы бастаған 400-ге тарта көтерілісшілер күтіп алды. Олар Рукинге, оның отрядын қазақ даласына жібермейтінін ашық айтты. Бұған бағынбаған Рукин алға жылжи берді.

Шаруалар қоршауында қалған жазалаушылар ұйымдасқан қарсылық көрсете алмады. Жазалаушылар талқандалды, подполковник Рукин атылып өлді. Жеңіс көшпелілерді рұхтандырып, бүкіл Маңғыстауды азаттық қозғалыс жалыны шарпыды. Көтерілісшілерді басқа да әлеуметтік топтар қолдады, Николаевск станицасы мен Александровский форты слободкасының балық аулау кәсіпшілігіндегі ауқаттылардан тартып алынған қайықтардан өзінше “флотилия” құрған көтерілісшілер тобы он мыңға жетті. Көтерілісшілердің тағы бір үлкен тобын Досан Тәжіұлы басқарды. Оның тобы Александровский форты маңына жақын маңдағы Бозашы түбегінде әрекет жасады. Көтерісшілерге балық аулайтын кәсіпшіліктердің жұмысшылары қосылды. Олар 1870 жылы 3 сәуірде Александровский фортын қоршап алды.

1870 жылғы сәуір айының 5-і күні қазақ шаруалары мен жалдамалы жұмысшылар тобы Александровский фортына шабуыл жасады. Форттың сыртындағы бірнеше маяк (бекініске ұқсас бақылау пункті) өртелді. Әскери гарнизонның азық-түлігі сақталған төменгі бекініс орны талқандалды, саудагерлердің үй-жайын от шарпыды. Тек патша



Райым бекінісі (Т.Г.Шевченконың салған суретінен)

өкілдерінің зеңбіректерді іске қосуы ғана көтерілісшілерді шегінуге мәжбүр етті.

Маңғыстаудағы көтеріліс Орынбор мен Оралдың отаршыл билеушілерін шошындырды. Орыс әскерінің бас штабында үрей туды. Бұл кезде Ирандағы ағылшын әскерінің күшеюіне байланысты, патша үкіметі өзінің оңтүстік шекарасын қауіпсіздендіру мақсатында Хиуа хандығына қарсы жорыққа әзірленіп жатқан. Осыған орай Красноводск маңайында ірі әскер тобы шоғырланған еді. Маңғыстаудағы көтеріліс осы күштің тылында қалды. Көтерілісті жаныштау Кавказ билеушісіне жүктелді. 1870 жылдың мамыр айында Кавказдан Маңғыстауға Апшерон полкінің батальоны, екі атқыштар ротасы, шептік батальонның бірнеше ротасы, Терек казактарының 2 ротасы және 4 зеңбірек жеткізілді. Бұл нашар қаруланған көшпелі қазақтар үшін үлкен күш еді.

Көтеріліс аяусыз жанышталды. Үш ай бойы патша әскері Маңғыстаудан кетпеді. Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Крыжановский әскери министр Милютиннің “бұларды келістіріп жазалау” керек деген нұсқауына сай көтерілісшілерді қудалаудан аянған жоқ.

Осы жеңіліске байланысты қозғалыстың басшылары И.Тіленбайұлы, Д.Тәжіұлы, И.Көлұлы және басқалар 3000-

ға жуық шаңырақты ертіп, жазалаушылардан ығысқан бойы Хиуа хандығына өтіп кетті.

Көтерілістің Орал, Торғай өлкелеріндегі қозғалыстан бір ерекшелігі — қазақ жалдама жұмысшылары тұңғыш рет күреске белсене қатысты. Көтерілістің жеңілуі халықтың жағдайын бұрынғыдан да шиеленістіре түсті. Кавказ әкімшілігінің талап етуімен Маңғыстау қазақтарынан 57 901 сом қосымша салық жиналды; адайлар соғыс шығыны ретінде өкіметке 90 мың қой өткізуге міндеттелді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Орал, Торғай облыстарындағы, Маңғыстаудағы көтерілістердің басты себебі неде?
2. Көтерілістің қозғаушы күштеріне, сипатына, барысына талдау жасаңдар.
3. 1870 жылғы Маңғыстаудағы қозғалыстың өзіне тән ерекшеліктерін қалай түсіндіруге болады?

Құжаттар

“...Толқулардың себебі бұқараның қараңғылығында. Олар реформаның өздеріне пайдалылығын түсінбейді, жеңілдіктерінен айырылып қалған молдалар мен сұлтандардың айдап салуына алданып, жаңа ережеге қарсы шыққан. Молдалар да халық арасында қауесет хабарлар таратты: қазақтарды әскерге алады, православие дініне көшіреді, салықтар көбейеді дегендер көтерілістің басталуына себепші болды”.

Серета Н.А. Из истории волнений в Оренбургском крае.
Русская мысль. 1891. № 8. С. 24—25.

“...Әскери шепте шоғырланған тұрақты әскерлеріміз шамалы. Олар Орынбор округінде уақытша қалдырылған Түркістан атқыштарының 2 батальонынан және екі шеп әскерлерінің батальонынан тұрады... Орал казак әскерінің орналасқан жерінде тұрақты әскер жоқ. Далалық бекіністердегі және Орынбор, Орал казактарын қосқанда бұл әскери күш тәртіпті сақтауға және қырғыздар арасында тыныштық орнатуға жеткілікті. Алайда бұл әскери бөлімдер қазіргі жағдайға қырғыздарды орыс билігіне (патша үкіметіне. — Ж.Қ.) толық бағындыру үшін жеткілікті болар ма екен”.

Юрко. Взгляд на степную войну. Стратегический обзор
Оренбургского края и его театра военных действий.
Военный сборник. 1873. № 11. С. 71—74.

§ 26. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Орыс шаруаларын Қазақстанға қоныс аудару. 1861 жылдың 19 ақпанындағы реформа Ресейдің бірде-бір аграрлық мәселесін аяғына дейін шеше алмады. Осындай жағдайда Ресей үкіметі, біріншіден, ішкі губерниялардағы әлеуметтік толқуларды әлсірету және жер мәселесін өзінше шешу үшін орыс шаруаларын шығыс аудандарға қоныс аудартуды ұйғарды. Екіншіден, шаруалардың бір бөлігін ұлттық аудандарға көшіре отырып, патша үкіметі өзіне әлеуметтік тірек жасамақ болды.

Әуелгі кезде патша үкіметі қазақ өлкесін әскери, яғни казак-орыс отарлауымен шектелді. Ресейдің орталық аудандарынан шаруаларды Қазақстанға қоныс аударту XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында басталды. XIX ғасырдың 70-жылдарынан Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Сырдария, Торғай облыстарына орыс-украин шаруаларын қоныстандыру жаппай етек алды. Жетісу облысының губернаторы Г.А.Колпаковскийдің ұсынысына сай, 1868 жылы “Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы” жаңа ереже қабылданды. 1883 жылға дейін күшін сақтаған бұл құжатқа сәйкес жан басына 30 десятина мөлшерде жер берілді, бір-қатар басқа да жеңілдіктер қарастырылды.

1883 жылы Жетісу облысында жаңадан келушілерді, сондай-ақ Шығыс Түркістаннан қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендерді орналастыру туралы жаңа ереже бекітілді. Енді жан басына берілетін жер үлесі 30 емес, 10 десятина болып белгіленді, сонымен қатар қоныстанушы орыс шаруалары салықтар мен міндеткерліктерден үш жылға босатылды. Әрине, Жетісуда жердің тапшылығы және далалық аудандардан бұл жердің құнарлылығы, табиғи географиялық шарттардың қолайлылығы осындай шешімдердің іске асырылуын тездетті.

1889 жылы 13 шілдеде “Село тұрғындары мен мещандарының қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы және олардан бұрынғы қоныс аударғандар жағдайын қарастыру” жөнінде жаңа заң қабылданды. Бұл құқықтық талапта Тобыл, Том губерниялары, Жетісу, Ақмола және Семей облыстары шаруаларды қоныс аударатын басты аймақтар ретінде белгіленді. 1891 жылғы ереже 1889 жылғы құжаттың жекелеген мәселелерін нақтылады. Мысалы, кейінгі шешімде облыстар мен губернияларды бұрын

қоныстанған шаруаларға жан басына 15 десятинадан жер берілетін болып шешілді.

Ішкі аймақтардан шаруаларды қоныстандыру патша үкіметінің отаршылдық саясатының да бетін ашты. Келімсектерге көшпелі қазақтардың жерін тартып алып беру, тұрақты қоныстарынан ығыстыра бастау, жергілікті қазақ ауылдарының мүддесімен ешқандай санаспаудың салдары байқалды. Бұл құбылыс тіпті жылдан-жылға тереңдеп, мал шаруашылығының дамуына да нұқсан келтірді. Тек 1855 жылдан 1893 жылға дейінгі аралықта Ақмола облысы қазақтарының пайдалануынан 250 мыңнан астам десятина жер тартып алынып, 11 мыңдай орыс шаңырағы жайғасқан 24 село ұйымдастырылды. Ал Семей облысында нақ сол кезде қазақ шаруаларынан 33 мыңнан астам десятина егістік жер тартып алынды.

Әсіресе қоныс аударушылардың лек-легімен шұбырған басты аймағы — Жетісу өлкесі. 1868—1880 жылдар аралығында бұл өңірде 3 мыңнан астам отбасының 2 мыңдайы жаңа қоныстанушы болса, оның 1 мыңнан астам шаңырағы қалаларда орын тепті. Қоныстандыру саясаты, сонымен қатар Сырдария облысын да жаппай қамтыды. Шымкент, Ташкент, Әулиеата уездерінде орыс, украин шаруалары 1884—1892 жылдар аралығында 37 қоныс орындарын құрды. Қазақ жерлерін тартып алу үшін патша үкіметі 1895 жылы орталықтан Щербина экспедициясын шығарды. Ол қазақ халқын және оның малы мен жайылымдық жерлерін есепке алды. Бұл экспедиция жерді пайдаланудың мөлшерін белгілеп, қазақтардан жерді одан әрі тартып алуға алғышарттар дайындады. Щербина экспедициясы 8 уезді зерттеп және ондағы қазақтардың жерлерінің “артық мөлшерін” анықтады. Осы жерлер қазақтардан алынатын болды. Нәтижесінде, көрсетілген уездерде қазақтардан барлық жердің жартысы отаршылдардың есебіне тартып алынды. Жетісу облысында қоныстанушы орыс халқы барлық халықтың 10% -ын ғана құраса да, егін егуге жарамды жерді түгелдей дерлік өздерінің қолында ұстады.

Қазақ ауылының жағдайы. XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ жеріне капиталистік қарым-қатынастардың тарала бастауы қазақ ауылының шаруашылық өміріне, әлеуметтік жағдайына әсерін тигізбей қоймады. Мал шаруашылығы мен отырықшы жер шаруашылығының етек ала бастауы да капитализмнің тікелей әсер етуінің бір көрінісі.

Дәстүрлі көшпелі өмірге негізделген мал шаруашылығы Сырдарияға жақын аудандарда, Орталық Қазақстанда, Бетпақдалада, Маңғыстауда, Семей, Ақмола облыстарында және басқа да өлкелерде сақталынды. Қоныс аудару процесі Қазақстанның солтүстік аудандарында да кең етек алды. Мұнда егіншілік басым болатын да, таза көшпелі мал шаруашылығы сирек кездесетін еді. Бірақ оның өзінде де малдың құрамы, жерді иелену сипаты ескі көшпелі шаруашылыққа көп ұқсай бермейтін еді. Жылқы санының азайып, сиыр санының көбеюі де біртіндеп ауыл өміріне ене бастаған капитализмнің белгісі болды.

Капиталистік қатынастардың біртіндеп етек алуы және орталық губерниялардан орыс, украин шаруаларын көптеп қоныстандыру көшпелі қазақтар арасында отырықшылықтың кең тарауына себепші болды. Егін шаруашылығымен шұғылдану ауылды астықпен, тұқыммен тұрақты қамтамасыз етіп отыруға мүмкіндік берді. Дала-лы, қуаңшылықты аймақтарды суландыру жүйесін кең пайдалану қазақтарды отырықшылыққа кеңінен тартты. Егіншіліктің дамуы, әрине, табиғат жағдайына да байланысты еді. Ылғалдың жеткілікті сақталуы (мысалы, Жайық пен Тобыл өзендері бойында) қазақтардың қарапайым соқаны тұрақты пайдалануына жағдай тудырды. Сырдария, Жем, Ырғыз, Сарысу өзендері алқаптарында егін шаруашылығы маңызды орын алды. 15 мың десятина жерді суландыру әдісімен өңдегенде қазақ шаруалары 1 миллион пұтқа дейін астық өндіретін.

Патша үкіметінің қауымдық жерлерді зорлықпен басып алу саясатын жүргізуі, отаршылдық-әкімшілдік басқару әдісінің күшеюі қазақ шаруалары арасында әлеуметтік жіктелуді тездетті. Қалалар мен орыс қоныстарының маңайында орналасқан немесе көшіп-қонып жүрген қазақ шаруалары біртіндеп нарыққа тартыла бастады. Сөйтіп, көшпелі шаруашылық жүргізудің ескі әдістері өзгерді.

XIX ғасырдың 70—80-жылдарынан бастап кедейленген қазақтар күнкөріс көзін табу мақсатымен тау-кен орындарына, қалалы жерлердегі ірілі-ұсақты кәсіпорындарға тартыла бастады. Қазақ жатақтары ауылдық пролетариаттың өлі қалыптасып үлгімеген тобына жататын. Өз руластарынан бөліне бастаған жатақтар қазақ ауылының басқа топтарымен салыстырғанда жаңа, алдыңғы қатарлы өндіріске бір табан жақын еді. Жатақтар, сонымен қатар әлеуметтік келбетін

өзгерте бастады. Рулық, патриархаттық ортадан ажыраған жатақтар жаңа таптық мазмұндағы құбылыстарды біршама тез қабылдады. Орыс жұмысшы шаруаларымен, қалалық нарықпен байланыстылығы, олардың таптық көзқарастары мен мүддесі ортақтығын ерте сезіндірді.

Жаңа өндірістік орындардың дамуы. Реформадан кейінгі жылдарда өндіргіш күштердің қауырт даму жолына түсуі, бүкілресейлік нарықтың орталықтануы, капиталистік қатынастардың ұлттық аймақтарда кеңейіп дамуына әсер етті. XIX ғасырдың 30 — 50-жылдарында қазақ жеріндегі табиғи байлық көздері біршама анықталып, көмір, кен, тұз, қорғасын жылдан-жылға көптеп өндіріле бастады.

Ресейлік кәсіпқойлар өз қаражатын Қазақстан сияқты пайдалы табиғи қазба байлықтары мол елде өндірістік орындар салдыруға жұмсай бастады.

Ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдейтін тері, май кәсіпорындары іске қосылып, Каспий, Арал теңіздерінде, Балқаш көлінде балық аулау кәсіпшілігі қанат жайды.

Қазақстанды елдің басқа аудандарымен байланыстыратын теміржол тораптары салынды. Егер XIX ғасырдың соңғы он жылында өлкеде 482 км теміржол тартылса, XX ғасырдың басындағы бес жылда бұл көрсеткіш 1 818 шақырымға жетті.

XIX ғасырдың екінші жартысында негізгі бөлігі қалаларда шоғырланған өндеу өнеркәсібінің зауыт, фабрикалары әлі де болса әлсіз, жабдықталуы тым қарапайым еді. Ешқандай техникалық мамандығы жоқ жұмыскер, әсіресе қазақ жұмысшылары, сапалы да көлемді өнім шығара алмады. Тек XIX ғасырдың соңғы жылдары өнеркәсіптегі жағдай біршама өзгерді. 300—400 жұмыскері бар, салыстырмалы түрде



Успен (Нілді) мыс кеніші

ірі деп атауға келетін өндіріс орындары пайда болды. Успен кеніші, Қарағанды көмір алабы, Екібастұз, Риддер өндірістік орындары — бүкіл ел көлемінде белгілі болды. Тау-кен орындарымен қатар қазақ жерінде тұз өндірісі де ұлғайды. Мысалы, 1867 жылы Басқұншақ кәсіпорнында 55 мың пұтқа жуық тұз өндірілсе, 1900 жылы бұл көрсеткіш 20 млн пұттан асты.

Қазақ жерінің табиғи байлығы шетел капиталистерінің де назарын аударды. Спасск-Успенск, Атбасар, Риддер, Қарағанды және Екібастұз кәсіпорындары, бірнеше мұнай өндіретін орталықтар шетелдік иелерге сатылды. Мысалы, Спасск мыс кеніші акционерлік қоғамының акциялары АҚШ, Германия, Бельгия, Швеция, т.б. елдер өнеркәсібі иелерінің қолына көшті.

Табиғат байлықтарының қауырт игеріле бастауы, ақша-тауар қатынастарының дамуы банк-кредит ұйымдарына жол ашты. Ресей мемлекеттік банк бөлімшелері, алдымен шаруашылық және мәдениет ошақтарында Оралда (1876 ж.), Петропавлда (1881 ж.), Семейде (1887 ж.), Омбыда (1895 ж.), Верныйда (1912 ж.) ашылды. Сібірлік 57 сауда бөлімшесінің жетеуі Қазақстанда қызмет етті. Филиалдары, саны жағынан, Қазақстанның шаруашылық өмірінде белгілі орын алған — “Орыстың сауда өнеркәсіптік банкі”. Оның бөлімшелері Қазақстанның ірі қалаларында ХХ ғасырдың басында кеңінен ұйымдастырылған болатын.

Сауда және қалалар. Қазақ ауылына қоныс аударып келген орыс, украин шаруаларының тұрақ мекендеріне күннен-күнге әсерін күшейте бастаған жаңа нарықтық қатынастар сауда көлеміне де, оның мазмұны мен мәніне де әсер етті. Ресей сауда капиталының шалғай қазақ ауылдары өміріне ықпалы мен әсері империяның орталық аудандары мен орталық өлке арасындағы шаруашылық байланысты, тауар алмасу мен айырбасты біршама кеңейтті. Ауылдың әлеуметтік және шаруашылық өмірінде малды саудалап, оны тауарға айналдыру ерекше байқала бастады. Мысалы, ХІХ ғасырдың 80-жылдарында Ақмола, Сарысу, Қарқаралы уездері арқылы Ресейдің орталық аудандарына 60 мың ірі қара, 200 мыңға дейін қой жеткізілетін. Петропавлдан Қорған және Шадринск арасындағы мал айдайтын жолмен жыл сайын 340 мыңдай ірі қара, сондай-ақ 550—600 мыңға тарта қой, ешкі айдалды.

Сауда тек малмен ғана байланысты болған жоқ, ХІХ ғасырдың екінші жартысында орталық өнеркәсіпті аудан-

дардан мақта мата өндірісінің бұйымдары да көптеп әкелінді. Фабрикада жасалынған тауарлар ортаазиялық сапасы төмен майда бұйымдарды ығыстырып, олардың көшпелі қазақтармен саудадағы үлесін төмендетті. Жүздеген мың сомға әкелінген металл, шұға, жібек, былғары бұйымдары жылдан-жылға сауданың өзара тиімділігін арттырып, еңбек құрал-жабдықтарының: шалғы, пышақ, соқа, балта, т.б. күнделікті шаруа тұрмысында жиі пайдаланатын бұйымдар мен құрал-жабдықтардың сатылуын молайтты.

Қазақ-орыс сауда байланыстарын дамытуда жәрмеңкелер ерекше орын алды. Әрине, тауар жеткізетін жолдар әлі де тапшы еді. Әйтсе де қалалық орталықтары енді ғана қарқынды дами бастаған қазақ даласында тұрақты сауданы дамытудағы жәрмеңкелердің орны ерекше. 1832 жылы Бөкей (Ішкі) Ордасында ашылған тұңғыш жәрмеңке осы өңірдегі ірі сауда орталығына айналды. ХІХ ғасырдың ортасынан бастап жәрмеңкелер саны да жедел өсті. Бір ғана Шығыс Қазақстанда ХІХ ғасырдың 80-жылдары 70-тен астам ірілі-ұсақты қалалық, далалық жәрмеңкелер ашылған, олардың тауар айналымы жылдан-жылға өсті.

Қазақстан аудандарындағы жағдайды салыстыра қарасақ, жәрмеңкенің басты дамыған өңірі Ақмола облысы еді. Ең ірі жәрмеңкелердің басым көпшілігі де осы облыста шоғырланды: Тайыншакөл (Петропавл уезі), Константиновкада (Еленецкая), Ақмола қаласында, Петровкада (Атбасар станицасында), т.б. Бұл жәрмеңкелердің сауда айналымы жөнінде төмендегідей мәліметтер сақталған: 1875 жылы Тайыншакөл жәрмеңкесінде сатуға түскен қой саны — 78 мың, Константиновкада — 77 мыңға жуық, Петровкада — 2 мың болды.

Аса ірі жәрмеңкелердің бірі — Семей облысы, Қарқаралы уезіндегі Талды-Қоянды деген жерде 1848 жылы ашылған, көпес Варкав Ботовтың есімімен аталатын жәрмеңке. Қытайдан, Орта Азия елдерінен, Ресейдің ірі сауда орталықтарынан ауқатты көпестерді жинайтын бұл жәрмеңке, өз кезінде Қазақстанның шаруашылық және қоғамдық өмірінде мейлінше белгілі болды.

Өлкедегі жоғарыда аталған ірі жәрмеңкелермен қатар, әсіресе Қытаймен сауда арқылы белгілі болған Қарқара (Жетісу облысы), сонымен қатар Ойыл (Орал облысы), Шар-Екатеринская (Семей облысы) жәрмеңкелері болды.

Отаршылдық сипат сауда байланыстарынан да көрініс тапты. Көшпелі қазақтардың көпшілігі ақша-тауар айна-



Семей қаласындағы бір мұнаралы мешіт

лымына жетік мән бермеді. Өз тауарларының ақшаға шаққандағы құнын толық бағалай алмады. Сауда заттарына төлейтін ақшасы болмаған қазақтар, олардың бір бөлігін несиеге алатын. Айырбас саудасында қазақтардың есебі “тоқты” немесе бір жасар “ісек” қой болды.

Несиеге майда-шүйде үй бұйымдарын алған көшпенділер көп жағдайда кіріптарлықта қалатын, өйткені ол тауарлардың ақысына кейіннен үстеме төлейтін. Көшпенділердің аңқаулығын пайдаланған айлакер, жебір көпестер қазақтардың малы мен затын төмен бағалап, өз тауарларының құнын асыра көтеретін. Тең сауда болмайтын. Орталық аудандарда 6—7 сомға сатылатын самаурынға 20—25 қой, құны 15 тиыннан аспайтын ұстара үшін ашқарақ саудагерлер қой сұрайтын. Әкелген тауарларының сапасы да мардымды болмайтын.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан қалаларындағы халық санында, әлеуметтік-экономикалық ахуалда түбірлі өзгерістер қалыптасты. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақ жерінде 19 жаңа қала пайда болды. Халқының саны, таптық, діни құрамы жағынан бұл қоныстар әртүрлі дәрежеде қалыптасты. Олардың бір тобы көлемі шағын, тұрғындарының саны мардымсыз елді мекендер дәрежесінде қалды.

1897 жылы Ресейде тұңғыш өткізілген халық санағына қарағанда, жекелеген ірілеу қоныстарда халық саны төменгідей: Орал — 36 446, Верный — 22 744, Семей — 20 216, Қостанай — 14 175 адам. Кіші қоныстар бойынша: Атбасар (1846 ж.) — 3 038, Көкпекті (1827 ж.) — 2 830, Торғай (1845 ж.) — 896. Қала халқының саны түрліше жолдармен қоныс аударған шаруалар, ауылдан қол үзген қазақтар, ішкі демографиялық өсім есебінен қалыптасып отырды. Ірі қоныстарда біртіндеп өнеркәсіп орындарының салынуы, жұмысшылар санының өсуіне және ұлттық құрамының өзгеруіне әсер етті. Қазақстан жұмысшы табының негізгі шоғырланған саласы тау-кен өнеркәсібі болғаны кездейсоқ емес. XIX ғасырдың соңында аталған салада 19 мыңдай жұмысшы болса, ол 1902 жылға қарай 30 мыңға жуық болды. Ұлттық құрамы жағынан қара жұмысшылардың басым көпшілігі қазақтар еді. Олардың ұлттық құрамы басынан интернационалдық негізде қалыптасқандықтан, бұл жағдай кейінгі жылдардағы таптық қозғалыстың да көпұлттық мазмұнына әсер етпей қоймады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Орыс, украин шаруаларын қазақ жеріне әкеліп қоныстандырудың салдарын қалай сипаттауға болады?
2. Капиталистік қатынастардың дамуы қазақ елінің ауыл шаруашылығына қалай әсер етті?

3. Патша өкіметінің отаршылдық саясатын ашып көрсетіндер.
4. Сауданың, қалалардың өсуіне не себеп болды және оған қандай баға беруге болады?

Құжаттар

Қазақтардың кедейленуі

“Бір саудагердің қазақтарды алдап, сіріңкені “қасиетті от” деп сатқаны қазірге дейін ұмытылмай айтылып жүр. Қазақтардың оған сенгені сонша, сіріңкенің бір қорабына бір немесе бірнеше қой беретін. Кейіннен байып алған көпестердің біреуі қатып қалған тас кәмпитті қазақтарға “Мұхаммедтің тұзы” деп сатқан”.

Киргизская степная газета.
1898, 31 мая. №22.

Семей облысына сипаттама

1882 жыл.

“Малынан, сонымен қатар күнкөріс көздерінен айырылған қырғыздар (қазақтар. — Ж.Қ.) ауылдарын тастап, жұмыс іздейді. Қырғыз жатақтар қалалар мен қоныстардың маңайында орын теуіп, күндік жұмысқа жалданады”.

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік
мұрағаты. 64-қор. 1-тізім. 388-іс. 52-парақ.

§ 27. ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ

Сауда байланыстарының барысы. 1851 жылға дейін Ресей мен Цин империясы арасындағы сауда-экономикалық байланыстар, негізінен, Кяхта қаласы арқылы жүзеге асырылатын. Шығыс Қазақстан және ішінара Жетісу өңірінің Шыңжаңмен сауда айналымы әлі де жүйелі жолға қойылмады. Ресейдің сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінің вице-директоры Н.И.Любимов Қытайдың батыс аудандарынан қайтып оралғаннан кейін мемлекеттік канцлер К.В.Нессельродеге жолдаған арнайы хатында, бұл сауданы нақты жолға қоюдың Ресей мен Қытай елдері үшін тіпті саяси алауыздықтарды шешу ісінде ерекше орын алатындығын аңғартты.

Ресей империясының бұл кезде Кенесары Қасымұлының көтерілісін жаншып, Қазақстанның орталық өңірі мен Жетісудың бір бөлігін басып алуы Орта Азияның дербес хандық-

тарын жаулауға қолайлы жағдай туғызды. Бір жағынан, ағылшындардың Цин империясының батысына ықпалының таралуына қарсылық, екінші жағынан, экономикалық қатынас арқылы өзінің өктемдігін күшейту үшін, сонымен қатар дәстүрлі керуен саудасының жергілікті халықтарға да, мемлекеттік қазынаға да пайдалылығын ескерген Ресей үкіметі 1851 жылғы шілде айының 25-інде Қытай үкіметімен Құлжа келісіміне қол қойды.

Осы шартқа сай, Батыс Қытайда Ресейдің елшілік орталықтарының, орыс көпестерінің арнайы сауда орындарының ашылуы Ресей мен Қытай мемлекеттері арасындағы жалпы экономикалық және саяси ахуалды бір ретке келтіруге себепші болды. Дегенмен, Цин империясымен тікелей саудада орыс көпестеріне бірқатар шек қойылды. Айта кететін бір жағдай, Құлжа шартына сай Қытаймен ертеден керуен саудасын дамытуда белгілі орталықтар — Троицк, Орынбор, Семей кедендерінің, Өскемен кеден бөлімінің сауда құқықтары кеңейтілді.

Құлжа сауда шарты, сонымен қатар Қазақстанмен іргелес Жаркент, Ақсу, Шәуешек қалаларының сыртқы саудасында шай, жібек, қант сияқты қазақ руларының күнделікті тұрмысына аса қажет тауарлардың көлемін бірден көтерді. 1852 жылы бір ғана Шәуешек қаласы арқылы қазақтардың бұйымдарын айырбастауға 15 пұттан артық жібек мата жеткізілді. Орта Азия және қазақтар үшін, әсіресе қажет, басты тауар, әрине — шай. XIX ғасырдың 40-жылдарының аяғында Батыс Қытайдан Қазақстан арқылы Ресейге орташа есеппен 140 пұтқа жуық шай жеткізілсе, Құлжа шартының бекітілуіне орай кейінгі жылдары жылына, шамамен, 3000 пұт шай сатып алынатын. Аталмыш сауда келісімінен кейінгі бірнеше жылдың ішінде Қазақстан арқылы іске асырылатын орыс-қытай саудасы төрт есеге ұлғайды. Алайда 1855 жылы Ресеймен экономикалық байланыстың белгілі орталықтарының бірі — Шәуешектегі орыс көпестерінің сауда орындарын жергілікті тұрғындардың талан-таражға салуы Шыңжаң мен Қазақстанның байланыстарын уақытша тоқтатты. Осыған байланысты Батыс Сібір генерал-губернаторы екі ел арасындағы қайшылық шешілмейінше сауда қатынастарын шегере тұруды жөн көрді. Ресей көпестерінің саудасы тек қана Құлжа қаласымен шектелді.

Ресейдің Қырым соғысындағы жеңілісі, Орта Азия иеліктерімен қайшылықтар, осы өңірдегі ағылшын-орыс

бәсекелестігі Шәуешек қайшылығын шешуді тездетті. 1856 жылы І Александр патша Сібір комитетіне жолдаған нұсқауында сауда байланыстарын кеңейтуге жол ашуды талап етті. Шәуешекке арнайы жіберілген Ресей үкіметі өкілінің алдына қойылған талап — осы дауды екі жақтың мүдделерін ескере отырып, шешу болатын.

Жоғарыда көрсетілген Шығыс Қазақстанның елді мекендерімен қатар ХІХ ғасырдың 50—60-жылдарында Шыңжаңмен саудаға Жетісудың бірқатар қоныстары кеңінен тартыла бастады: Қапал, Верный, Орта жүз бен Жетісудың аралығындағы Аякөз (Сергиополь) Батыс Қытайға баратын керуен сауда жолдарында орналасқан еді. Бір жағынан, Қоқан хандығында Ресейдің ықпалын күшейту, екінші жағынан, Жетісу мен Солтүстік Қырғызстанды отарлауда маңызды тірек болған Верный қаласы мен уезі Қытаймен сауданы кеңейтуде де ерекше орын алды.

Қазақстан арқылы дамыған орыс-қытай сауда байланыстары ХІХ ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысында біршама құлдырап кетті. Маньчжур-Цин әулетінің өзін басқа мемлекеттерден алшақ ұстауы, ірі Еуропа елдері мен Ресей саясатының қайшылықтары, олардың отаршыл саясаты, шаруалар көтерілісі, 60-жылдардағы Іле өлкесінде жергілікті халықты әлеуметтік жағынан езудің күшеюі Қазақстанның Шыңжаңмен байланыстарын әлсіретті. 1864 жылғы Шыңжаңдағы көтерілістің барысында Іле өлкесінде дербес Іле сұлтандығының, Қашқарияда — Жетішар мұсылман мемлекеттерінің құрылуы орыс-қытай, қазақ-қытай байланыстарына бірқатар өзгеріс енгізді.

1871 жылы патша әскерінің Іле өлкесіне енгізілуі тек саяси жағдайға әсер етіп қоймай, шекаралық ауданда сауда-экономикалық қатынастарды үзбеуді қарастырды. Іле сұлтандығының Түркістан генерал-губернаторлығына бағындырылуы шынайы түрде Жетісу өлкесі мен Батыс Қытай арасындағы керуен саудасына дем бергенімен, ресейлік отарлық тәртіптің орнауына да жол ашты. Орыс әскерлерінің уақытша осы өңірде болуы жергілікті тұрғындардың экономикасының өзіндік шаруашылығы шеңберінен шығып, көрші елдермен тұрақты шаруашылық байланыстардың кеңеюіне себепші болды. 1881—1883 жылдары орыс үкіметінің келісімімен Қырғызстан мен Жетісу өлкесіне ұйғыр, дүнген және қазақтардың бір бөлігінің қоныс тебуі халық санының өзгеруіне, шаруашылық ынтымағының тереңдеуіне жол ашты.

1881 жылғы Петербург келісімі. Өзара тиімді сауда қатынастарының қарқыны Ресей және Цин империясының арасындағы әртүрлі саяси алауыздықтарды шешуге де байланысты еді. 1860 жылғы екі ел арасындағы Пекин шарты, 1864 жылғы Шәуешек хаттамасы Ресейдің Қырғыз елі мен Жетісу бойын өзіне қаратып алғаннан кейін қалыптасқан ахуалды ресми түрде тануды негіздеді.

XIX ғасырдың 70-жылдарындағы патшалы Ресейдің отаршыл саясатының күшеюі, осы маңызды өңірде өзінің дара үстемдігін орнатуға тырысуы, шетелдіктерді, әсіресе ағылшындарды, осы өңірден ығыстыруға ұмтылуы сауданы кеңейту арқылы да іске асырылатын мақсат еді. Шыңжаңға сапар шеккен керуендер құрамына арнайы қосылған үкімет өкілдеріне Батыс Қытайдағы саяси жағдайды бағдарлау, әрқилы ахуал жайында мәлімет жинастыру тапсырылатын.

Осындай жағдайда 1881 жылы ақпан айында екі елдің арасында Петербург шартына қол қойылды. Келісім Ресей мен Қытайдың Қазақстан арқылы сауда байланыстарына кең жол ашты. 80-жылдардағы шекаралық аудандар арқылы ұйымдастырылған керуен саудасының көтерілуі де Петербург келісімінің тікелей нәтижесі.

Шыңжаңмен жалпы экономикалық байланыстардың кеңеюі саяси қайшылықтардың бәсеңдеуіне, саудаға Зайсан, Бақты, Қорғас тұрғындарының, шағын елді мекендердің тартылуына себепші болды.

1867 жылы дербес Жетісу облысының құрылуы, 1882 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының ұйымдасуы Жетісу аймағының Қытаймен саудасына мейлінше әсер етті. Жетісу облысы құрамына Жаркент, Қорғас және Ыстықкөл уезінің кіруі, Қарқара жәрмеңкесінің сауда орталығы ретіндегі қарқынды қадамдары Жетісудың Шығыс Қазақстанмен қатар ірі сауда экономикалық ауданға айналуына себепші болды.

Қазақстанның Қытаймен әржақты сауда байланыстарының тарихында белгілі орын алатыны — су жолы экономикалық қатынастарының жолға қойылуы. Іле өзенінің алабын сауда қарым-қатынасына пайдалануда Ресей мен Қытай арасындағы арнайы келісімнің болмауы Балқаш көлін, Іле өзенін сауда мақсатына пайдалану мүмкіндігіне шек қойды. Бұл мәселе 1881 жылғы Петербург шартында анықталды. Жетісу облысының губернаторы генерал-лейтенант Г.А.Колпаковский Іле өзенін Қытаймен саудада

пайдаланудың, экономикалық маңызына көңіл аударып, мәселенің шешілуі Ресей және Қытай арасында келісім-шартқа қол қоюға байланыстылығын атап көрсетті.

Ресейдің сыртқы істер министрлігі де Құлжа қаласына дейін кемемен сауда ұйымдастырудың шаруашылық жағынан маңыздылығын толық мойындады. Іленің су тереңдігін бағдарлау нәтижесі Іле қонысынан Қытайдың Сүйдін бекінісіне дейін кеме сауда ісін жолға қоюға барлық мүмкіншілік бар екендігін көрсетті.

1882 жылы Верныйдың ауқатты көпесі Вали Ахун Юлдашев және инженер Поклевский Қолпаковскийдің қолдауымен Англиядан кеме алдырып, Ресейдің Құлжадағы елшілігінің демеуімен 1883 жылы көктемде осы күрделі шаруаны іс жүзіне асырды. Мамыр айының 4-інде 20 мың пұт астық тиеген кеме Қытайдың Сүйдін бекінісіне жетіп, 20-сында Іле қонысына қайтып оралды. Қытаймен тікелей Іле су жолының ашылуы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы орыс-қытай қарым-қатынасындағы белді оқиғалардың бірі болды.

Алайда Қазақстанның Шыңжаңмен сауда байланыстарының басты бөлігі әлі де болса шекаралық кеден мен қалалар арқылы жүргізілді. ХІХ ғасырдың соңғы кезінде Қытайдың да бірқатар қалалары Қазақстанмен саудаға бейімделді. Ресейдің Ірбіт, Крестовск жәрмеңкелерімен қатар қытай рыногында Жетісу өлкесіндегі Қарқара, Орталық Қазақстандағы Қоянды (Ботов) жәрмеңкелері ерекше көзге түсті.

Қазақ жері арқылы Ресейдің Шыңжаңмен тауар айналымының өсуі, өзінің саяси мақсаттарын шешуге тырысқан Ресей үшін, әсіресе экономикалық жағынан пайдалы еді.

Қытаймен саудаға, жылдан-жылға тауар айналымын ұлғайтқан қазақ саудагерлері де бірқатар үлес қосты. Әсіресе Қытай шайына құмартқан қазақтар Ресей мемлекетінің Шыңжаңмен шекаралық саудаға жол ашуын дұрыс пайдаланды. Қазақ саудагерлерінің Қытайға шығаратын басты тауары — мал Құлжаның, Шәуешектің, Қашқардың, т.б. ірі сауда орталықтарының базарларында көптеп сатылды, айырбасқа түсті.

Шыңжаңға мал сатуда басқа қоныстармен салыстырғанда шекараға мейлінше жақын орналасқан Жетісудағы Қарқара жәрмеңкесі үлкен рөл атқарды. Ыстықкөл және Қарқара жәрмеңкелері арқылы Ақсу, Тұрпан, Қашқар қа-

лаларына, әсіресе мал семірген, құны көтерілген жаз айларында жүздеген қазақ, ұйғыр, орыс көпестері малды топ-тобымен айдап бара жататын. Шыңжаң жағынан бұл саудаға қытайлықтармен қатар Батыс Қытайда қоныстанған өзге де ұсақ ұлттар, соның ішінде, қытайлық қазақтар да қатысып, Ресей билігіндегі қазақтардың саудасы көңілді ойын-сауық, думанмен аяқталатын.

1894 жылғы тамыз айының 30-ы күні Сібір теміржолының іске қосылуы, Қазақстанның Қытаймен саудасын жаңа сатыға көтерді. Қазақстан қалаларын жанай өтетін, бүкіл Сібір өлкесінің экономикалық дамуына себепші болған бұл теміржол, Қытайға жақын аудандарға тауарларды жылдам жеткізетін болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ өлкесі арқылы дамыған сауда байланыстары өзара тиімді болды, екі елдің арасында тығыз шаруашылық байланыстар орнап, кейбір саяси қайшылықтарға қарамастан, кейінгі кезеңде де дәстүрлі байланыстарға жол ашты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Құлжа келісімінің Қазақстан арқылы орыс-қытай саудасын дамытудағы рөлін сипаттап беріңдер.
2. Петербург шартының Қазақстан—Қытай байланыстарының дамуына ықпалы болды ма?
3. Шыңжаңмен Қазақстанның сауда байланысына Іле су жолының ашылуы қалай әсер етті?

Құжаттар

Барон Каульбарс Құлжа қаласындағы сауда туралы

“... Құлжа дүкендерінің 16-сы орыс маталарын сатумен айналысады. 9-ында Қашқар матасы, халаттар, 30-ында майда-шүйде тауарлар, темір, сұйық, басқа да заттар сатылады... дүкендер үйлердің көше жағына қарай шығатын бөлігінде орналасқан. Оларда май, ұн, шай, сапасы тәуір өрік, мейіз, әртүрлі қытай мануфактурасының өнімдері, аз ғана мөлшерде киіз, тағы да мата, орыстың шыты, қант, металл бұйымдары сатылады. Көше бойында әртүрлі жейтін тағамдар мен тәтті сататын ұсақ тауар сатушылар ерсілік-қарсылы жүрді...”

Каульбарс А.В. Заметки о Кульджинском крае.

// Материалы для статистики Туркестанского края. СПб., 1874.

Вып. 3. С. 143.

§ 28. XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

Отаршылдық езгінің күшеюі. XIX ғасырдың 60-жылдарында қабылданған әкімшілік, сот, басқару реформалары бірден іске аса қойған жоқ. Қазақ шаруалары көтерілістерінің салдарынан бұл ережелерді заңдастыру жиырма жылдан артық уақытқа созылды. Қазақстандағы байлықты игеру барысында капиталистік қатынастардың ел өміріне ене бастауы, бұл өзгерістерді құқықтық жағынан негіздеуді қажет етті.

1886 жылы 2 маусым күні “Түркістан өлкесін басқару және онда жер-салық өзгерістерін енгізу туралы”, ал 1891 жылы наурыз айының 25-інде “Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы” ережелер бекітілді. Бұл жаңа заңға сай Қазақстанды әкімшілік-аумақтық жағынан басқару жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Түркістан өлкесінде үш облыс құрылды: Сырдария, Ферғана және Самарқан. Бұрынғы облыстарды уездерге бөлу жүйесі сақталды. Ферғана облысы — бес уезден, Самарқан — төрт уезден, Сырдария — Әмудария бөлімінен және бес уезден құралды. Өлкенің негізгі басқару орталығы Ташкент қаласы болды.

1891 жылғы 25 наурызда қабылданған ережеге сай Ақмола мен Торғай облыстары әрқайсысы төрт уезден құралды. Ақмола, Семей және Жетісу облыстары Дала генерал-губернаторлығы құрамына кірді. Үш облыстың негізгі әкімшілік орталығы (облыстардың жеке орталықтарын есептемегенде) Омбы қаласы болды. Бұл өзгерістер отаршылдық басқармасының рөлін мейлінше күшейтті, генерал-губернаторларға шексіз билік берді. Қазақстандағы облыстық басқару сатылары Ресейдің орталығындағы губерниялық басқармаларға теңестірілді. Жетісу және Орал облыстық әскери губернаторлары, сонымен қатар осы өңірлердегі казак әскерінің үкімет тағайындаған атаманы болып есептелді.

Отаршылдық басқармасының еңбекшілерге қысым көрсететін аппаратының қызметі күшейтілді. Верный, Орал, Петропавл және Семей сияқты ірі облыстық орталықтарда қалалық полиция басқармалары, ал басты уездік қалаларда полицейлік приставтық тәртіп бақылау мекемелері құрылды. Отаршылдық билеудің күшейгені сонша, сайланған болыс басқарушылары мен ауыл старшындарын бекіту не бекітпеу

де облыстық әскери губернатордың қолында болды. Болған істің нәтижесін бекітпей, жаңадан сайлау жүргіземін деп шешсе, оған қарсы келе алатын жан болмады.

Осы жарлықтарда көрсетілгендей, отырықшы қалалық тұрғындар мен қоныс аударушылар құқығы жағынан Ресейдегі селоның және қаланың тұрғындарымен теңестірілді.

Патша өкіметінің әлеуметтік езгіге салу саясатын мынадан да көруге болады: ол Қазақстандағы жер байлығын мемлекеттік меншік деп жариялады; қазақ ауылдарының жайылымдық жерді пайдалану дәстүрін ережелердің жеке баптарымен шектеді.

Сот құрылымындағы өзгерістер. 1867—1868 жылдардағы уақытша сыннан өткізу үшін іске асырыла бастаған әкімшілік-сот саласындағы өзгерістер 1886—1891 жылғы жарлықтарда заң жүзінде бекітілді. 1891 жылғы патшаның жарлығында сотқа қатысты қағидалар ережеге жеке бөлім ретінде енгізілген.

Ескертуді қосқанда 17 баптан тұратын бұл жаңа патша заңы, негізінен, Ресейдегі үстем тап өкілдерінің және Қазақстандағы отарлаушы әкімшілік пен жергілікті ақсүйек топтардың мүддесін қорғады.

1886 жылғы ережеге сай Түркістан өлкесінде Ресейдегі үлгімен жаңа сот жүйесі құрылды. Сонымен қатар халық соты деген атпен мұсылман тұрғындардың ісін жүргізетін төменгі сот буынын ұйымдастыру көзделді. Шын мәнінде, халықтық құқық негіздері — империялық сотқа қосалқы, дербес мәселе шеше алмайтын, тәуелді буын болып қалды. Жергілікті халық өкілдерінің бірсыпыра қылмыстары, мысалы, қашқындарды жасыру, кісі өлтіру, тонау сияқты істерді қарау, үкім шығару отаршылдық соттың өз қолында болды. Жергілікті тұрғындармен дауы бар сол жердің жаңа тұрғындары халық сотына жүгінуге еркі болса да, мұндай сот істері өте күрделі жағдайда өтетін еді.

Соттардың төтенше съезі деп аталып кеткен уездік және болыстық тұрғындарға қатысты мәселелерді шешетін сот жиыны, тек әскери губернатордың рұқсаты бойынша шақырылатын. Мұндай төтенше съезд тек уезд бастығы немесе облыстық басқарма өкілдігіне ие болған шенеунік қатысқан жағдайда ғана болатын.

Билердің соттары да облыстық дәрежедегі сияқты тек үстем таптар мен отарлаушы басқарманың мүддесін қорғайтын еді. Бітістіруші сот облыстық, уездік билеушілердің мүд-

десін қорғаса, билердің соттары күні кетіп бара жатқан жеңілдіктерін әлі де болса сақтап қалуға тырысқан жергілікті билеуші топтар мүддесін қорғаштады. Патша үкіметі әртүрлі толықтырулар арқылы бұл заңдарға өзгерістер енгізгенімен, жаңа соттардың отаршылдық мазмұны өзгерген жоқ. Сот, полициялық жазалаушы мекемелердің қазақ, орыс және басқа еңбекшілерге зорлығын күшейтуі, жәбірленгендердің наразылығын тудырды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде патша өкіметінің езу, қанау саясатына қарсы бағытталған алғашқы ереуілдер де болып өтті.

Жұмысшы ереуілдерінің басталуы. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ауылынан қалаға қоныс аударған шаруалар тұрмысындағы әлеуметтік өзгерістер, капиталистік қатынастармен байланысты болды. Еңбеккерлердің, әсіресе ауылдан енді ғана қол үзген қазақ жұмыскерлерінің тұрмыс жағдайы аянышты еді. Кейбір өндіріс орындарында жұмыс қолының 60—70% -ын құраған қазақтар әртүрлі ауыр еңбекке тартылды. Техникадан хабары болмаған “сары” (яғни, қазақтар. — *Ж.Қ.*) жұмысшыларды, негізінен, өнімсіз қол еңбегі басым, қарапайым өндіріс салаларынан жиі кездестіруге болатын-ды. Әртүрлі зауыт-фабрика ережелерімен таныс емес, әйтсе де қара жұмысқа шыдамды қазақтар өз еңбегінің құнын да дәл бағалай бермейтін.

Әлеуметтік теңсіздікке, жалақының төмендігіне шыдамаған қазақ-орыс жұмысшылары өздерінің саяси аңқаулығымен отаршыл үкімет орындарынан қорғаныс іздеді. Шағым, арыз арқылы қарсылықтарын білдірді. Өнеркәсіп иелерінің зорлық-зомбылығы жұмысшылардың өшпенділігін күшейтті. Әсіресе еңбек ету жағдайы мен тұрмысы ауыр кен, алтын және басқа да түсті металдар өндіретін кеніштерде өндіріс процесі қол еңбегіне негізделген еді. Ал кен орындары күшті, шыныққан еркектерге мұқтаж болды. Ер жұмыскерлердің жетіспеуі мұнда әйелдердің, тіпті жасөспірімдердің еңбегін де кең пайдалануға мәжбүр етті.

XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастап кен орындарында балалар еңбегі кеңінен пайдаланыла бастады. 16 жасқа дейінгі жасөспірімдердің жұмысшылар арасындағы үлесі 14% -ға дейін көтерілді.

Жұмысшылардың Қазақстан жағдайындағы таптық қарсылықтарының бірі — өндіріс орнын тастап кетуі еді. Жұмысшылардың мұндай қарсылығын тыю үшін XIX ғасырдың

соңғы жылдарынан бастап, өндіріс орнын өз еркімен тастап кеткендерді үш айға дейін абақтыға қамау жазасы қолданыла бастады. Қашқын жұмысшыларды ұстап бергендер, тіпті арнайы сыйлық алатын.

Қазақстанда қолданылған таптық қарсылықтың тағы да бір түрі — ереуіл. Алғашқы бас көтерулердің бірі 1849 жылғы қазан айында Көкшетау кен округінде өтті. Қарапайым ғана өндіріс құралдарымен қайла, күрек, балтамен қаруланған 150 жұмысшы кен басқарушысынан әділ есеп айырысуды талап еткен.

1888 жылы Өскемен уезіндегі кен өндірісінде қазақ жұмысшыларының ереуілі бұрқ ете түсті. Оның басты себебі — кеншілердің ауыр жағдайы еді. Кен иесі ереуілді басу үшін Зайсаннан жазалаушы әскери күш шақыртуға мәжбүр болған. Ереуілшілер жалақыларын арттырып, көздеген мақсатына жетті. 1891 жылы сол Өскемен уезінің Владимирск алтын кенішіндегі ереуіл тіпті біршама ұйымдасқан түрде өтті.

Жұмысшылар мен өндіріс иелерінің арасындағы таптық қайшылықтар қақтығыстарға әкелді. 1890 жылы Алтайдағы Асташево кен орнының басқарушысы өлтірілді. Жұмысшылардың алғашқы ереуілдері шаруашылықтың басқа да салаларын қамтыды. 1893, 1895 және 1899 жылдары Батыс Сібір теміржол торабының жұмысшылары, Омбы теміржолшылары ереуілге шықты. Омбы теміржолшыларының бас көтеруі кейінгі жылдары да қайталанды. Жұмысшылардың өлкедегі тұңғыш әлеуметтік наразылықтары мен басқа да қарсылықтары стихиялы түрде ұйымдасқан, саяси талаптар сарыны әлсіз таптық бағыттағы көтерілістер еді.

Өндіріс орындарының ұсақтығы, жұмысшылар санының аздығы, олардың арасында бірлік пен өзара түсінушіліктің жетіспеуі, осы қозғалыстардың саяси әлсіздігін байқатты. Қазақ, орыс, ұйғыр, т.б. көпұлтты сипатта қалыптаса бастаған жұмысшылар күресіне басшылық жасайтын ұйым болмады. Алғашқы өлке жұмыскерлерінің әлеуметтік күресі біртіндеп тәжірибе жинай бастады. XX ғасырдың басындағы белгілі саяси оқиғаларды дайындауда осы қарсылықтардың сабағы ескерілді, алғышарт қалыптастырылды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1886 және 1891 жылдардағы өкімшілік басқарудағы өзгерістерді 1867-1868 жылдардағы реформамен салыстырыңдар.

2. Сот ісіндегі өзгерістердің отаршылдық және саяси бағытын неден көруге болады?
3. XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі жұмысшы қозғалысының ерекшеліктері, олқылықтары неде?

Құжаттар

Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже

25 наурыз, 1891 жыл.

Кіріспе

1. Осы ережеге сай басқарылуға тиісті облыстар: Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай.
2. Ақмола облысы бес уезден тұрады: Омбы, Петропавл, Ақмола, Көкшетау және Атбасар.
3. Семей облысы бес уезден тұрады: Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен және Зайсан.
4. Жетісу облысы алты уезден тұрады: Верный, Қапал, Лепсі, Сергиополь, Пішпек және Жаркент.
5. Орал облысы төрт уезден тұрады: Орал, Қалмыков, Атырау және Темір.
6. Торғай облысы төрт уезден тұрады: Ақтөбе, Николаевск, Ырғыз және Торғай.

Түркістан өлкесін басқару туралы ереже

2 маусым, 1886 жыл.

Кіріспе

1. Түркістан өлкесі үш облыстан тұрады: Сырдария, Ферғана және Самарқан.
2. Сырдария облысы — Өмудария бөлімінен және бес уезден тұрады: Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата және Ташкент.
3. Ферғана облысы — бес уезден тұрады: Қоқан, Марғұлан, Өндіжан, Наманған және Ош.
4. Самарқан облысы — төрт уезден тұрады: Самарқан, Каттақорған, Ходжент және Жызақ.

Материалы по истории политического строя Казахстана.
Алма-Ата, 1960. Т. I. С. 352—387.

§ 29. ҰЙҒЫРЛАР МЕН ДҮНГЕНДЕРДІҢ ЖЕТІСУҒА ҚОНЫС АУДАРУЫ

Қоныс аударудың себептері мен барысы. Қазақстан тарихындағы белгілі оқиғалардың бірі — ұйғырлар мен

дүнгендердің Жетісу өлкесіне қоныс аударуы. Маньчжур-Цин әулетінің өктемдігіне қарсы 1862—1877 жылдардағы ұйғыр, дүнген халықтарының азаттық күресіне қырғыз, өзбек, қазақ және торғауыттар (қалмақтар) да қатысты. Қала кедейлері мен шаруалар жаппай атсалысқан бұл көтеріліс ұйғыр және дүнген халықтарының кейінгі тағдырында терең із қалдырды. Көтеріліс барысында Қоқан хандығынан барған әскери басшысы Якуб бек жеңіске жетіп, Қашқар, Үрімші қалаларының дүнгендік одағы басшылық еткен ұйғыр мемлекеті құрылды (Жетішар). Көтеріліс басылғаннан кейін Жоңғария мен Шығыс Түркістан Цин (Қытай) империясының жаңадан құрылған провинциясы — Шыңжаң (Синьцзян — жаңа шекара) деп аталды. Ұйғыр, дүнген халықтарына қысым көрсету күшейді. Қоныс аударудың басты себебі де осыған байланысты.

Ұйғыр, дүнген халықтарының тарихында ерекше орын алатын оқиға — 1881 жылдың күзінен 1884 жылға дейінгі кезең аралығында басқа аймақтарымен қатар Жетісу өлкесіне қоныс аудару ірі миграциялық құбылыс болатын. Алғашында 45 мыңнан астам ұйғыр, 5 мыңдай дүнгеннің басты орын тепкен аудандары — Жетісу өлкесі мен Солтүстік Қырғызстан өңірі болды. Жетісуда жаңадан қоныс тепкендер — қазақ, орыс, украин және басқа халықтармен қатар шаруашылық, мәдени және қоғамдық өмір салаларына тығыз араласты. Біртіндеп тиімді байланыстарды кеңейтті. Жетісуда ұйғырлар бірнеше қоныстардың негізін тұрғызды.

Қазіргі Алматы облысының жерінде алты ұйғыр болысы ұйымдастырылды. Олар: Жаркент, Ақкент, Ақсу—Шарын, Малыбай, Қорамса және Қарасу болыстары еді. Верный уезінде де бірнеше болыстардың іргетасы қаланды. Ұйғыр халқы, негізінен, егін шаруашылығына қолайлы Шелек, Талғар, Үсек және Шарын өзендерінің бойында орын тепті. Ұйғыр, дүнгендердің Жетісуға орнығуы барысында жалпы бұл өлкедегі тұрғылықты қоныстанушылар саны біршама өсті. 1897 жылғы жалпы санаққа қарағанда дүнгендердің саны 14 136, ұйғырлар 55 999 адамға көбейді.

Жетісудағы ұйғырлар мен дүнгендердің шаруашылық өмірінде де көзге түсерлік құбылыстар қалыптасты. Мал шаруашылығымен айналысқандардың басым көпшілігі ауқатты ұйғырлар еді. Ұйғырдың басым көпшілігі малды көлік не жұмыс күші ретінде ұстады. Аз да болса уақ малы

болды. Ұйғыр қоныстанушыларының басым көпшілігі ертеден үйреншікті егіншілікпен шұғылданды. Алайда Жетісу өңірінде шұрайлы, топырағы құнарлы жерлердің басым бөлігі Ресейдің ішкі аймақтарынан келген орыс шаруаларының қолында қалған еді. Сондықтан жаңадан қоныстана бастаған ұйғыр, дүнген егіншілеріне қосымша күшті талап ететін қолмен суландырылатын жерлер бөлініп берілді. Орыс-украин және отырықшылыққа көшкен қазақ шаруаларымен олардың іргелес орналасуы жер өңдеудің жаңа әдістерін, өнімді құралдарды игеруге мүмкіндік жасады.

Алайда қарапайым ұйғыр, дүнген кедей шаруаларының өз қолында шаруашылық құралдары мен жұмыс, көлік күші жетіспеуінен алақандай жерді өңдеуге мүмкіндіктері бола бермеді. Егін шаруашылығы жасанды суландыруға негізделгендіктен дүнген, ұйғыр еңбекшілеріне суды пайдалану да қиындап кетті.

Жетісудағы шаруашылыққа қолданылатын су қорының негізгі дені де орыс кулактары мен қазақ, ұйғыр байларының қолында болды. Жерге алым-салық төлеуге тиісті қатардағы шаруаларға өз жер бөлігін суару үшін суды ауқаттылардан мезгілінде алу да оңайға түспеді. Әрбір дүнгенге берілген жер көлемі де орта есеппен үш десятинадан аспады.

Жаңа нарықтық қатынастардың біртіндеп Жетісу өлкесін қамти бастауы тек орыс, украин, қазақ шаруалары ғана емес, ұйғырлар мен дүнгендердің де әлеуметтік жіктелуіне әсер етті.

Экономикалық ахуал. Дүнген және ұйғыр шаруаларының жерсіз қалуы — патша үкіметі отарлық саясатының күшеюі, саудадағы өсімқорлықтың артуы, жергілікті байлар озбырлығының салдары еді. Сауда-тауар байланыстарының қоныстарда өзіндік шаруашылықты ығыстыруы, алым-салықтың өсуі ұйғыр, дүнген еңбекшілерін әбден титықтатты. Байып алған ауқатты топтар кедейленген шаруалардың еңбегін қанаудың әртүрлі әдістерін пайдаланды.

Байып алған ұйғыр кәсіпшілері Іле өзенінде кемемен жүк тасуды жолға қоюға тырысты. Патша үкіметінің жергілікті шенеуніктері қолдауына сүйеніп, Шыңжаңдағы Құлжа қаласына дейінгі су жолымен өзара тиімді сауданы ұйымдастыруға бет алды. Бұл талпынудың экономикалық мәні зор еді.

Көптеген ұйғыр байлары судирмендерін, мал шаруашылығы шикізаттарын өңдейтін өндіріс орындарын салуға бірқатар қаражат жұмсай бастады. Жерсіз қалған ұйғырлар осы өндіріс орындарына жалдама жұмысқа орналасып, қазақ, орыс еңбекшілерімен жақындасты. Көптеген ұйғыр, дүнген кедейлері күнделікті және маусымды жұмыстарға жалданды.

Ұйғыр халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінде XIX ғасырдың 80-жылдарында бірқатар келелі өзгерістер қалыптасты. Ресейге қоныс аударған ұйғыр, дүнген еңбекшілерінің орыс, өзбек, қазақ және де басқа халықтармен күнделікті араласуы рухани материалдық жағынан нәтижелі болды. Ұйғыр халқының тамаша музыка өнері, әні мен биі жөнінде ғалым-саяхатшылар Ш.Уәлиханов, В.И.Роборовский, Н.М.Пржевальский, т.б. Ресей мәдениетінің белгілі өкілдері терең ой-пікірлерін ортаға салды.

Ауыз әдебиетінің тамаша ескерткіштеріне, дүниежүзілік мәдениет қорына жататын “Он екі мұқам” — осы халықтың рухани ғажайып төл туындылары. 1905 жылы Қазан қаласында басылып шыққан Мусса бен Айса Сайрамидің бұл еңбегі мәңгі есте сақтарлық шығарма. XIX ғасырда маманданған театр өнері жүйесі әлі қалыптаса қоймаса да ұйғыр, дүнген халықтарының өміріндегі би, музыка аспаптарының үні — жиын, той, мейрамдарда көпшілік сипат алатын өзіндік мәдениеттің өркендеген салалары ретінде дамып, қалыптасты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұйғыр, дүнген халықтары бір бөлігінің Жетісуға көшірілу себебі неде?
2. Ұйғыр, дүнгендердің шаруашылық өміріне сипаттама беріңдер.
3. Ұйғыр, дүнген еңбекшілерін кімдер, қалай қанады, мәдениет саласында қандай жаңа мазмұн қалыптаса бастады?

Құжаттар

Дала губернаторына Жетісу губернаторынан

4 шілде, 1883 жыл.

“Өткен жылы Верный көпесі Вали Ахун Юлдашев және инженер Поклевский Козел өз қаражаттарына Англиядан винтпен жүретін

өзен кемесін алдыртты. Мақсат — Балқаш көлі мен Іле өзенінен біздің иелігімізде, мүмкін болса, Қытай жеріне дейін су жолын ашудың мүмкіндігін қарастыру. Зерттеу жұмыстарын инженер Поклевский өзіне алып отыр. Көктемде кеме Іле қонысының жанында Іле өзеніне түсірілді. Жаңа бастамаға қолдау ретінде кеме иелеріне, сатып алынған 20000 пұт астықты қытайлықтарға сатуға рұқсат бердім. Мамырдың 4-інде кеме Сүйдін айлағына жетіп, 20 мамырда Іле қонысына қайта оралды.

...Балқаш — Іле бойында су жолының қалыптасуы — өлке үшін аса маңызды іс. Іле бойында еңбекқор ұйғыр, дүнгендердің Құлжадан қоныс аударылғандардың орналасуы өлкені гүлденген және бай ауданға айналдырды”.

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты. 64-қор. 4870-іс. 20—22-парақтар.

VI бөлім. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

§ 30-31. ОРЫС ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

XIX ғасырдың екінші жартысы — орыс демократиялық мәдениетінің көтерілген кезеңі. Қазақстанды игерудің барысы және орыс-қазақ қатынастарының тереңдеуі өлкені зерттеуді кеңейту қажеттігін туғызды. Дүниежүзіне белгілі ғалым П.П.Семенов-Тяньшанский (1827—1914 жж.) Алтай бойына, Жетісу мен Орта Азияға саяхаттар жасап, өлкені жан-жақты зерттеді. Оның басшылығымен дайындалған “Ресей. Отанның толық географиялық сипаттамасы” деген еңбектің “Қырғыз өлкесі”, “Түркістан өлкесі” атты екі томы Қазақстан мен Орта Азияға арналған. Саяхатшы-ғалым Верный, Семей және басқа да Қазақстан қалаларында болған. Бұл өлкелер туралы ұлы саяхатшының сипаттамалары мен тарихи шолуларының маңызы зор.

Орыс ғалымдарының қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-салтын зерттеуі — қазақ-орыс достығының айқын көрінісі. Көрнекті шығыс зерттеушісі, академик *В.В.Радлов* (1837—1918 жж.) Іле алқабын, Жетісуды зерттеп, ол жердегі халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинастырып, жариялады.

М. Красовский “Сібір қырғыздарының облысы” деп аталатын еңбегінде қазақ халқының шығу тегіне көңіл бөлді. Көрнекті зерттеуші *Л.Мейердің* “Орынбор ведомствосындағы қырғыз даласы” атты еңбегі Кіші жүз тарихын жан-жақты сипаттауға арналды.

Қазақ жерінің Ресей құрамына қосылу дәуірін біршама толық зерттеген *А.Добросмысловтың* “Торғай облысы. Тарихи очерк” атты еңбегінде Қазақстанның саяси дамуы жөнінде сирек кездесетін мәліметтер сақталған. Сонымен қатар қазақ халқының келелі мәселелеріне *И.И.Крафт*, *В.Н.Витевский*, *Н.А.Макшеев*, *Л.Ф.Костенко*, т.б. авторлар бірқатар еңбектерін арнады. Мұрағаттарда сақталынған белгісіз деректерді жарыққа шығарып, орыс-қазақ халықтарының байланысын барынша зерттеуде бұл авторлардың үлесі зор.

Украин халқының ұлы ақыны *Т.Г.Шевченконың* шығармашылығында да қазақ халқы тақырыбы белгілі орын алды.

1847 — 1857 жылдар аралығында қазақ жерінде айдауда болған ақын, жергілікті тұрғындардың қайыршылық өміріне көңіл аударды. Оның “Қазақ шаңырағы”, “Атқа мінген қазақ”, “Байғұстар” және басқа суреттері — тұрмыстың шындық жақтарын бейнелеген туындылар. “Менің ойларым” деген өлеңінде қазақ және украин халықтарының өмірін салыстыра жырлайды.

Қазақ халқының қоғамдық ойы мен мәдениетінің дамуында мәдени ағарту және тұңғыш ғылыми ұйымдар мен мекемелердің ашылуы айрықша рөл атқарды.

XIX ғасырда халықтың жаңаша сауатын ашып, тіл білімі мәселесін зерттеуді жолға қою мақсатында Тобольск, Томск, Орынбор, Саратов, Астрахан және басқа қалалар гимназияларында татар тілін оқыту біршама орын алды. Қазан мен Петербург университеттерінің шығыстану бөлімдері де Орта Азия мен Қазақстанды зерттеуге атсалысты.

Өлке тарихын зерттеуді ғылыми жолға қоюда 1845 жылы ашылған орыс географиялық қоғамының Орынбордағы, Омбыдағы, Семейдегі және басқа ірі қоныстардағы бөлімдері мен бөлімшелері үлкен рөл атқарды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде ұйымдастырылған облыстық статистикалық комитеттер қазақ өлкесінің тарихы, этнографиясы, рухани-материалдық мәдениеті хақында көптеген мәліметтер жинады. Олар “Облыстарға шолу жасау” атты жылма-жыл жарияланатын арнайы жинақтарда жан-жақты сипатталатын.

Қоғамдық кітапханалар жергілікті халықты ағарту ісіне тартуда бірқатар еңбек сіңірді. Ресей азаттық қозғалысының Қазақстанда айдауда болған өкілдері: *Е.П.Михаэлис*, *А.В.Леонтьев*, *Н.И.Долгополов*, *С.С.Гросс*, *А.М.Богомолец*, т.б. қазақтар арасында жиі болып, ауылдарды аралады, Ресейде жүріп жатқан оқиғалармен жергілікті қазақтарды таныстырып, сауатын ашты. Қазақ пен орыс халқының өнегелі өкілдері достығының тамаша бір көрінісі — Абай мен *Е.П.Михаэлистің* қарым-қатынасы.



Шоқан Уәлиханов

Шоқан Уәлихановтың (1835 — 1865 жж.) шын есімі — Мұхаммед-Қанапия, Шоқан — анасының еркелетіп қойған

аты. 1835 жылы қараша айында Құсмұрын бекінісінде туған. Абылай ханның үлкен ұлы әрі мұрагері Уәли ханның кіші әйелі Айғаным ханымнан туған баласы Шыңғыс сұлтанның шаңырағында дүниеге келген. Шешесі Шорман бидің қызы — Зейнеп. Ол балалық шағын әуелі Құсмұрында, содан кейін өзінің атамекені Сырымбетте өткізген. Оның жетіле беруіне, сана-сезімінің ерте оянуына әжесі Айғанымның ықпалы ерекше болды.

Шоқанның жас шағынан ғылымға ден қоюына әкесінің алдыңғы қатарлы орыс зиялыларымен тығыз байланыста болуы да үлкен әсер етеді.

1847 жылдың күзінде он екі жасар Шоқан туған елінен тұңғыш рет сапар шегіп, әкесімен Омбыға келеді. Әкесі өзінің орыс достарының көмегімен баласын сол кездегі ең алдыңғы қатарлы оқу орнына — Сібір кадет корпусына оқуға түсіреді.

Белинский мен Герценнің азаттыққа шақырған идеялары Шоқан білім ала бастаған Сібір кадет корпусына да жетеді. Жан-жақты әрі терең білім беретін кадет корпусында Қазақстан географиясына барынша көңіл бөлініп, өлкенің табиғи байлықтарын зерттеу мен игеру қолға алына бастады. Қазақ халқының тарихына да көңіл бөлінді. Шоқанның көрнекті орыс ғалымы *И.Н.Березинмен*, таңдаулы ұстазы *Н.Ф.Костылецкиймен* байланыста болуы, әуелден-ақ ғылымға деген бағытын дұрыс анықтауына себепші болды.

Айдаудағы ақын *С.Ф.Дуров*, саяхатшы-ғалымдар П.П.Семенов-Тяньшанский, Г.Н.Потанин Ш.Уәлихановтың білімділігін жоғары бағалаған. 1853 жылы он сегіз жасында кадет корпусын бітірген Шоқан *корнет* деген офицерлік атаққа ие болды.

Кадет корпусын бітірген соң, ол Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесінде жұмысқа қалдырылды.

Батыс және шығыс елдерінің бірқатар тілін жетік білген Шоқан шығармашылық еңбек етуді аңсады. 1855 жылы ол генерал Г.Х.Гасфорттың экспедициясына қатысып, Жетісу, Тарбағатай мен Орталық Қазақстанды аралады, Іле Алатауы өңірінде болды. Шоқан тарихи аңыздарды, өлеңдерді жинай жүрді. 1856 жылы Шоқан Уәлиханов Ыстықкөлдің көлемін топографиялық және картографиялық деректерде сипаттады. Кей маршруттарда ол көрнекті ғалым, географ П.П.Семенов-Тяньшанскиймен бірге болып, достығы жалғаса

түсті. 1856 жылдың күзінде екеуі Құлжаға барып қайтты. Ол Қытаймен екі арадағы сауда байланысын жақсартуға үлесін қосып, Қытай ұлықтарымен келіссөз жүргізеді.

1857 жылы Ш.Уәлихановтың Алатау қырғыздарына сапары Қашқар экспедициясының алдындағы қадам болды. Ол қырғыз елін жан-жақты зерттеп, алғаш рет Ыстықкөл аймағының картасын жасауға қатысты. Ауыз әдебиетінің үздік үлгісі “Манас” жырын жазып алып, Іле өзенінің жоғарғы жағындағы Манастың жорығымен байланысты тарихи жерлерді барып өз көзімен көріп қайтты. Ол өзінің зерттеулерінде Сібір мен Тянь-Шаньның аралығында көшіп жүрген қырғыздар Алатаудың байырғы ежелгі халқы болып табылатындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Ол қырғыздардың көне тарихы туралы бұрынғы еуропа зерттеушілерінің еңбектерін сынға алды. Шоқанның тарих және география саласындағы жетістіктері Петербургтің оқымыстыларын таңдандырып, олар жиырмадан жаңа асқан Шоқанды Орыс география қоғамының толық мүшесі етіп сайлады. 1858—1859 жылдары Шоқан өзін әлемге әйгілі еткен Қашқар саяхатына барып қайтты. Шоқанның Қашғарияға сапары оның ғалым, ағартушы ретіндегі еңбегін жаңа биіктерге көтерді. Ол Қашғардың экономикалық және саяси құрылымын зерттеп, бұл халықтың тарихы мен этнографиясына қатысты жаңа тың деректерді жинақтады. Осы сапарға байланысты ғылыми еңбек жазды. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының өткеніне арналған ғылыми шоқтығы биік, әлемдегі ең алғашқы ғылыми зертеу жұмысы еді. Көп кешікпей-ақ Шоқанның бұл еңбегі Германияда және Англияда жарық көрді.

Петербургте болған жылдар (1859 — 1861 жж.) Шоқан өміріндегі ең бір қызықты кезең болды. Орыстың озат ойлы, зиялы қауымымен араласып, өзінің білімділігін, талантын танытты. Шоқанның достары қатарында аса көрнекті орыс жазушысы *Ф.М.Достоевский* де болды. Тұңғыш рет 1854 жылы Омбыда танысқан, кейіннен Семейде жалғасқан бұл достық — ғалым өміріндегі ірі оқиға. Бұл достық Петербургте де үзілмеді.

1861 жылдың көктемінде белгілі ғалым Уәлиханов ауруға шалдығып, аулына қайтады. Біраз ағайын-туысымен келісе алмаған Шоқан қайтадан Омбыға келіп, қазақтың сот реформасындағы кейбір мәселелерді шешуге атсалысты. 1864

жылы Шоқан Уәлиханов генерал М.Г.Черняевтің әскери экспедициясы құрамында Әулиеата бекінісін алуда әскери қимылдарға қатысады. Алайда генералдың жергілікті халыққа әділетсіздігіне мейлінше налыған Шоқан 1864 жылдың маусым айында басқа да М.Г.Черняевқа наразы офицерлермен бірге Верныйға қайтады. Шоқан үлкен ғалым ғана емес, талантты суретші де еді. Оның соңында халықтың тұрмыс-салтын бейнелейтін жүз елудей сурет қалды. Осы тұрғыдан алғанда, оны қазақтың тұңғыш профессионал суретшісі деп те айтуға болады.

“Русский инвалид” газетінің 1865 жылғы 51 санында көрнекті қазақ ғалымының Қытайдағы дүнгендер көтерілісі туралы ақырғы еңбегі жарияланды. 1865 жылдың сәуір айында Шоқан Уәлиханов Алтын Емел жотасының (қазіргі Алматы облысы, Кербұлақ ауданы) етегінде, Көшен тоғаны деген жерде албан руының аға сұлтаны Тезек төренің ауылында қайтыс болады. Шоқан жарық етіп сөнген құйрықты жұлдыздай аз ғана өмір сүрді. Бірақ ол талантты адамның қабілетіндегі мүмкіндіктерді, тамаша еңбекқорлықты және өзінің халқына адалдықтың бейнесін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс мәдениеті қазақ халқының рухани өміріне қалай әсер етті?
2. Қазақ халқының тарихын зерттеуде алдыңғы қатарлы орыс ғалымдары қандай үлес қосты?
3. Шоқан Уәлихановтың ғалым, саяхатшы ретінде қалыптасуына өз ортасы мен алдыңғы қатарлы орыс мәдениеті қалай әсер етті?
4. Ш. Уәлихановтың ғылыми ізденістері туралы баяндап беріңдер.
5. Шоқан туралы қандай әдебиеттерді білесіңдер?

Құжаттар

Сот реформасы жөнінде хат

“Соңғы кезде біздің үкімет әкімшілік және сот ісін қайта құрумен жіті айналысып, халық ағарту ісіне де ерекше назар аударды. Бұл реформаның кейбірі біздің өлкемізге де байланысты болды. Мәселен, сот реформасы. Сот ісін қайта құру, әрине, біздің облыстағы (Сібір қазақтарының облысы. — *Ж.Қ.*) бұрынғы әкімшілік құрылымды да өзгеріске түсіруі мүмкін және орыс үкіметіне де, сол сияқты қазақ халқына да ауыртпалық келтіріп отырған күрделі де бюрократтық

шытырман іс, ауылдық қауымдарда жүзеге асырыла бастаған өзін-өзі басқару бастамасы және округтерде тиімді, ұтымды басқармалардың болатыны сөзсіз”.

*Шоқан Уәлиханов. Шығармалар жинағы.
Алматы, 1985. Т.IV. 77-парақ.*

§ 32. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ

Ағарту ісінің басты бағыттары, орталықтары. 1867—1868 жылдардағы әкімшілік-аумақтық реформалар негізінде біртіндеп қарқын ала бастаған қоғамдық қозғалыс, Ресей империясының алшақ жатқан аудандарында да ағарту ісіне жаңа өзгерістер алып келді.

XIX ғасырдың 60—70-жылдарынан ұйымдастырыла бастаған ғылыми қоғамдар, көпшілікке арналған кітапханалар, ағарту ісінің жолға қойылуы қоғамдық өмірдің жандануын тездетті, оған әсерін тигізді.

Облыстық орталықтарда ашыла бастаған халыққа хат таныту қоғамдары да, көпұлтты қазақ өлкесіндегі тұңғыш мектептердің қызметіне жаңа бағыт берді. 1868 жылы құрылған Түркістан статистикалық комитеті, 1878 жылы ұйымдастырылған Семей облыстық және кейінгі жылдары бірінен кейін бірі жұмысын жолға қойған басқа да ғылыми ағартушылық мекемелер қазақ және өлкені қоныстанған басқа да ұлттар арасындағылым мен білімнің, сауаттылықтың негіздерін таратуда белгілі рөл атқарды.

Қазақстанды зерттеуде, бірқатар еңбектер жариялауда пәрменді рөл атқарған орыс географиялық қоғамының Түркістан, Батыс Сібір бөлімдері, кейіннен ашылған Семей бөлімшесі қазақ жерінде ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Абай Құнанбайұлы Семей облыстық статистикалық комитетінің белді мүшелерінің бірі болғаны жұртшылыққа мәлім. 1883 жылы Семейде қоғамдық кітапхана ашылды. Алғашында кітап қоры 260 томнан ғана тұрған бұл кітапхана жылдан-жылға өсе бастады, кейіннен қоғамдық өмірдің бір орталығына айналды.

Осы қалаға жер аударылған А.Д.Блек, Е.П.Михаэлис, А.В.Леонтьев, Н.И.Долгополов, П.Лобановский, С.С.Гросс және де жергілікті халықтың өкілдері, соның ішінде, Абай Құнанбайұлы кітапханаға құнды басылымдарды жинауға атсалысты. Кейіннен Ресейдің әр түкпірлерінен осы кітап-

ханаға көптеген журналдар, әр ғылым салаларынан кітаптар келіп түсе бастады.

Ақысыз пайдаланатын қоғамдық кітапханалар Торғайда, Орынборда ашылды. 1876 жылы Ташкентте ұйымдастырылған халықтың сауатын көтеруді басты мақсат еткен арнайы комиссия да жергілікті тұрғындар арасында бірқатар ізгі өзгерістерді жүзеге асырды. XIX ғасырдың II жартысында өлкеде әртүрлі мектептердің ашылуына әсер еткен басты фактор, тек ағартушылық ғылыми мекемелер мен кітапханалар ғана емес еді. Патша үкіметінің отаршылдық басқару жүйесіне тілмаштарды даярлау қажеттілігі, шаруашылық және шенеунік әкімшілік мұқтаждығына қызметкерлердің жетіспеуі, аралас орыс-қазақ мектептерін жылдан-жылға көбейтуді қажет етті.

1861 жылы Троицк қаласында, Торғай маңайындағы Орынбор бекінісінде, Қазалыдағы №1-фортта ашылған орыс-қазақ мектептері қазақ жастарын қамтуға тырысқан осындай типтегі оқу орындары болды. Алайда жеке бекіністерде ұйымдастырылған қазақ мектептерінің материалдық жағынан қамтамасыз етілуі, ондағы оқушыларға білім беру дәрежесі өмір талабына сай келмеді. Қазалы және Перовскідегі мектептер кейіннен қалалық училищелер болып қайта құрылды. Онда Қазанда, Петербургте білім алған ұстаздар сабақ берді.

Қазақстанда халыққа білім берудің басты бағыттары — Орал, Семей, Торғай, Ақмола және Сырдария, Жетісу облыстарын басқару туралы уақытша ережеде айқындалды.

Ағарту ісін дамыту үшін қазақтарға өз еріктерімен қаржы жинауға құқық берілді.

Ал мұсылман дін өкілдері қазақ ауылдарында мешіт жанында мектептер ашу үшін уездік басқармадан ерекше рұқсат алуы қажет болды. Қазақ шаруаларының шамалы бөлігі ғана ақы төлеп, казак станицаларындағы, орыс қыстақтарындағы мектептерге балаларын оқуға беруге рұқсат алды. Алайда қазақ жастарын орыс мектептерінде оқытудағы патша өкіметінің мақсаты — тек балалардың сауатын ашу ғана емес, сонымен қатар оларды отаршылдық пиғылда тәрбиелеу еді.

Мектеп, медреселерде қазақ жастарының білім алуына мейлінше кедергі жасауы, патша өкіметінің Орта Азия мен Қазақстанда ислам дінінің тарауына қарсылығының бір көрінісі еді. Орынбор губернаторы Крыжановскийдің 1867

жылғы “Ресейдің шығыс бөлігінде мұсылмандықпен күресу жөніндегі шаралары” да исламдық мектептерге шек қоюға бағытталған арнайы әкімшілік саясаттың бір бағыты.

1879 жылы желтоқсанның 11-і күні сол Н.Крыжановский халық ағарту министріне жолдаған хатында Орал, Торғай облыстарында сауаттылық дәрежесін көтеру мәселесін айта келе, қазақ мектептері үшін арнайы оқытушылар даярлайтын оқу орындарын ашуды да қажет деп тапты. Оны бітіргендерді ауылдық старшын, болыстық іс жүргізуші, тіпті молда қызметтеріне тағайындау ұсынылған еді. Тұңғыш қазақ мұғалімдік мектебі 1883 жылы Орынбор губерниясының Орск қаласында ашылды. Оған басшылыққа және Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне, ағартушы Ыбырай Алтынсарыұлы тағайындалды. Бұл маңызды іс оқытушылар дайындауды тездетті.

Ағарту ісінің құрылымы. XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда ағарту ісінің төмендегідей жүйесі қалыптасты: бастауыш оқу орындары, приход мектептері, толықтырылмаған гимназиялар, орыс-қазақ аралас мектептері, ауылдық сауаттылықтың негізін үйрететін мектептер. Орта оқу орындары: реалдық училищелер, қыздар мен ер балалар гимназиялары. Сонымен қатар мұғалімдер семинариялары орта буын оқу орындарына теңестірілді. Арнайы маман даярлайтын оқу орындары: қазақтың мұғалім даярлайтын мектептері, ауылшаруашылық, малдәрігерлік, Торғайдағы қолөнер мектептері, Оралдағы қолөнер кәсіпшілігіне шәкірттер даярлайтын арнайы мектеп, Омбыдағы механикалық-техникалық училище, Атыраудағы теңізде жүзу ісін үйрететін мектеп, т. б. әртүрлі материалдық жабдығы бар оқу орындары ашылды. Оқу ісінің ұйымдастырылу сапасына қарай 1872 жылы Омбыда, 1879 жылы Ташкентте ашылған мұғалімдер институты да Ресейдегі орта оқу орындары жүйесінің бір бөлігі еді.

XIX ғасырдың соңына қарай өлкеде — екі сегіз сыныпты ер балалар гимназиясы, екі жеті сыныпты қыздар гимназиясы, Верный қаласында сегіз сыныпты әскери гимназия, Оралда реалдық училищенің 6, 7 және 8 сыныпты ер балалар гимназиясы, Семейде 4 сыныпты ерлер, 5 сыныпты қыздар гимназиясы ашылды. Сонымен қатар Қазақстанда шіркеу приход мектептері, жексенбілік сауат ашатын мектептер де болды.

Патша өкіметінің кедергі жасауына қарамастан, мұсылмандық мектептер мен медреселер жастардың сауатын ашуға, инабаттылыққа баулуда белгілі рөл атқарды. Пантюркизм мен панисламизмнің орын тебуіне қарсы күрес дегенді желеу еткен өлкенің генерал-губернаторлары осы мұсылман дінімен байланысты оқу орындарының оқытушыларын әрдайым қуғындап, әкімшілік шаралармен қыспаққа алып отырды. 1870 жылы наурыз айының 26-ында қабылданған үкіметтің бұратана халықтар арасында сауат ашу туралы арнайы ережесінде, мешіттердің жанында ашылған мектептерде орыс тілін оқыту міндетті деп танылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан мектептерде білім беру жүйесі (кейбір өзіндік ерекшеліктеріне қарамай) жалпы Ресейлік ағарту ісіне мейлінше жақын еді және әртүрлі нұсқаулар арқылы үкімет империяның орталық аудандарындағы білім беруді ұлттық аймақтарға таратуға әрдайым мүдделі болды. Торғай және Орал облыстарындағы қазақ және басқа тілдерде білім беретін оқу орындары Орынбор оқу округіне бағындырылды. Ақмола және Семей облыстарындағы оқу орындары Батыс Сібір оқу округіне қарады. Әртүрлі сипаттағы оқу орындарындағы өзгерістерді ретке келтіріп отыру кеңсесі Томск қаласындағы шенеуніктерге бағындырылды. Сырдария және Жетісу облыстарындағы оқу орындарының қызметін қадағалау Түркістан генерал-губернаторлығына тапсырылды. Шыңжаңнан Жетісуға ойысқан ұйғырлар мен дүнгендер санының біртіндеп өсуі, Оңтүстік Қазақстан өңірінде басқа аудандармен салыстырғанда қазақтардың басымдылығы орыс-түземдік мектептердің көбірек ашылуына әсер етті. Осыған байланысты өзіндік ерекшеліктері бар әртүрлі буындағы мектептерде оқу ісін жолға қою, қазақ жастарының сауатын ашуда араб таңбаларын дамытудың қажет екенін көрсетті.

Шығыс Қазақстанда түсті металлургия өндірісінің, Батыс Қазақстанда мұнай өндірісінің жолға қойыла бастауы, өлкенің Орталық аудандарында көмір өндірісінің дамуы осы бай өлкені игеретін білімді инженер-техник мамандарды даярлауды күн тәртібіне қойды. Алайда Қазақстанда түрлі шаруашылық салаларында мамандар даярлайтын бірдебір арнайы техникалық оқу орны болмады. Қаржының тапшылығы Қазақстанда ағарту ісін артқа тартқан бір кедергі болды. Мектептерде оқу ісін ұйымдастыруға қажетті

қаражаттың бір бөлігі жергілікті тұрғындар есебінен жиналатын. XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда ағарту ісінде жан басына шаққандағы шығын Ресейдің Орталық аудандарымен салыстырғанда әлдеқайда төмен еді.

Қазақстанда халық-ағарту ісінің дамуына кедергі болған негізгі себеп — оқу орындарының барлық буындарында дерлік білімді ұстаздардың жетіспеуі. Томскінің, Қазанның, Мәскеудің, т.б. ірі мәдени орталықтардың оқу орындарын бітірген мамандар Қазақстандағы ауыр материалдық және тұрмыстық жағдайға төзбей, қайтып оралатын. Жалақының аздығы, оқу ісін ұйымдастырудағы олқылықтар, оқу құралдарының, кітаптардың жетіспеуі де халық ағарту ісінің қарқындап дамуына кедергі болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Халық ағарту ісінің дамуына қандай жағдайлар әсер етті?
2. Қазақстандағы оқу орындарының басты буындарын сипаттаңдар.
3. Ағарту ісінің әлсіз дамуының себептерін қалай түсіндіруге болады?

Құжаттар

**Батыс Сібір оқу бөлімінің басшысына Семей қалалық
5 кластық училище оқытушысының көмекшісі
Л.Степановичтан
Баянхат**

“Жоғарғы мәртебелім, Сізден қандай болса да бір қызмет беруді басымды ие өтінемін. 5 балам бар, Отанымда (туған жерімде. — Ж.Қ.) шешеме де көмектесемін. 3 балам оқуда. Уездік қалада (Өскемен. — Ж.Қ.) бір ғана жалақымен бала-шағаны асырау немесе оқыту қиындығы мені қатты қиналтып жүр. 15 жыл мектепте ұстазбын. Өз ісімді жақсы көремін. Барлық қиыншылықтарға төзіп, шағымсыз үндемегенім де осыдан. Ауыр халім енді Сізге осы жағдайымды білдіруге мәжбүр етіп отыр”.

Государственный архив Томской области (ГАТО).
Ф. 126. ОП. 1. Д. 771. С. 27—29.

§ 33. МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ АҒАРТУ ЖҮЙЕСІНІҢ АХУАЛЫ

Исламдық білімнің жағдайы. Ұзақ жылдар бойы қазақ халқының сауаттылығы екі пайыз болды деп келді, мұнда тек Ресейге қосылғаннан кейінгі орыс және орыс-қазақ мектептерінде білім алған сауатты адамдардың саны ғана есепке алынатын. Ал бұрынғы Ресей патшалығындағы

мұсылман халықтарының исламдық білім алуын кімде-кім анықтауға, зерттеуге тырысса, оның алдын орап, әртүрлі айыптарға душар болатын.

XIX ғасырдағы Қазақстанда мұсылмандық білім алу көптеген жасанды кедергілерге тап болды. Мұсылмандық оқу орындарын аралаған патша шенеуніктері көшпелі халық арасында сауаттылықтың таралу мүмкіндігіне сенімсіздікпен қарады.

Үкіметтің мақсаты — орыс және орыс-қазақ зиялы мектептерін ашу және кеңейту болды. Сонымен қатар төмендегідей міндеттерді шешуге тырысты: жергілікті орыс қоныстанушыларының бастауыш білім алуға деген талабын қанағаттандыру, өлкедегі бай табиғи байлықты игеру үшін білімді мамандарды даярлау, біртіндеп орнығып келе жатқан отарлау жүйесінің басқармасы, болыстық, уездік және облыстық әкімшілік үшін сауатты адамдар даярлау.

Патша үкіметі ағартушылықпен ғана емес, көшпелі халықты орыстандырумен де айналысты.

Семей облыстық халықтық училищесі инспекторының мойындауынша, оны “біртіндеп және өте абайлап” жүргізуге тура келген. Сондықтан ресми құжаттарда, соның ішінде, патша губернаторларының жылдық есептерінде Қазақстандағы конфессионалдық мектептердің барлық ісі өз дәрежесіне сай келмейтіндігі көрсетіліп отырған.

Әрбір ауылдағы мешіт жанында діни мектеп болған. 1867—1868 жылдардағы әкімшілік-аумақтық реформаға дейін мектеп және медреселер, негізінен, кедергісіз өз жұмысын атқарып отырған. Қазақ даласындағы басқару жүйесі әкімшілік құрылымның өзгеруімен бірге, діни мектептердің қызметіне де өзгерістер енгізілді.

Ресей империясындағы мұсылман мектептерінің алдағы дамуы туралы мәселе, алғаш рет 1870 жылы наурыз айындағы үкімет шешімінде, яғни “Бөтен христиандар мен татар магометандар туралы” арнайы ережеде бекітілді. Бұл ережеде мемлекет қаржыландыратын қалалық және ауылдық бастауыш мектептер, мұғалімдер құрамына орыс тілін білетін оқытушы молда не татарша білетін орыс мұғалімі болуы, өз қаржысы есебінен мұсылман заңдарын оқытатын мұғалімдерді тарту көзделді. Сонымен қатар ол ережеде жаңа ашылған мектеп немесе медресе орыс мұғалімін алуға міндетті болды, олай болмаған жағдайда мектеп ашылмайтын.

Ережедегі соңғы бөлім көптеген қиындықтар туғызды, көп жағдайда дәстүрлі мектептер мен медреселерде орыс сыныптары болуынан бас тартқан ұстаздар қудаланды. Сонымен 1870 жылғы 26 наурыздағы ережеге сәйкес орыс сыныптары “мұсылмандар көп тұратын барлық орыс қалаларында” бекітілді.

Медресе жан-жақты білім беруге негізделді. Онда құранды оқумен қатар мүлікті мұраға қалдыру және бөлу туралы заң, юриспруденция, тарих, философия және жаратылыстану энциклопедиясы, араб тілінің грамматикасы, догматика, логика сияқты ғылым салалары, математика, орыс тілі оқытылды. Медресені бітіргендер өз білімдерін Бұхара мен Ташкенттегі діни оқу орындарында жалғастырып келіп, ауылда мұғалім ретінде медреселердің қызметіне араласты. Кей медреселерде жаңа пәндер де енгізілді. Мысалы, метофизика, мұсылман заңдары және физика. Қазан, Орынбор және Орта Азиядағы діни семинарияларды, медреселерді және басқа да оқу орындарын бітірген мұғалімдер адамгершілік қасиетті жоғары қойды.

Білім берудің жалпы барысы. Үкімет мектеп пен медреселердің ұстаздар құрамын қатаң бақылап, оларды “пан-тюркизм мен панисламизмнің” буындары деп қарады. Орыс тілі жүрмесе, әскери губернатор мектепті не медресені жауып тастайтын.

Мешіт жанындағы діни мектеп жекеменшік иесінде болды. Оқу үйлерінің жетіспеуінен көптеген медреселерде, әсіресе далалық облыстарда бала саны 70 шәкірттен аспайтын. Медреседегі оқу бағдарламасы үш, төрт, бес кейде он жылға созылған.

Күнделікті оқу кестесі 7.00-ден 11.00-ге дейін және 13.00-ден 16.00-ге дейін жоспарланатын. Оқу жылы мамыр айында басталып, тамызда аяқталатын.

Оқушылардың көпшілік бөлігі шеткері аудандардан келіп, медресе жанындағы жатақханаларда тұрды. Орталық әкімшілік бұған ерекше назар аударып отырған. Халық училищесінің инспекторы, статс кеңесші Злобин 1901 жылы 21 ақпанда дала губернаторына жолдаған хатында: “Медресе жанында тұратын оқушылар магометандық фанатизм ықпалына түсіп, осы жатақханаға уақытша тоқтаған жүргіншілердің арасында біршама уақыттарын өткізіп жүр”, — деп жазды.

Қазақ жеріндегі діни оқу орындары әртүрлі қоғамдастық-

тар қолдауында болған. Олар жастар арасында ағартушылық жұмыстарға өз үлестерін қосып отырған. Бірақ мұндай ұлттық зиялы қауымды біріктірген қоғамдастықтарға патша әкімшілігі теріс көзқараста болды.

Мектептер мен медреселердің, қалалық және басқа кітапханалардың жабдықталуын, негізінен, жеке адамдар, қайырымдылық ұйымдары, жергілікті мұсылмандық қоғамдар көтеріп отырды.

Петропавлдағы ірі мұсылмандық орталық жұмысына татарлар және парсы-түрік елдерінен келген мұсылмандар қатысып отырған. Қалалық мұсылмандар кітапханасы осы орталықтың қаржыландыруымен 1910 жылға дейін жұмыс істеді.

Кейіннен Петропавл қоғамын тек бір ғана мұсылмандардың мүддесін көздейді деген жаламен жауып тастады. 1905—1907 жылдары Ресейдегі революция үкіметті ағарту саласында жеңілдіктер жасауға итермеледі. 1905 жылғы 17 қазандағы манифестен кейін мұсылмандық мекемелерде де, қоры жеткіліксіз аз болса да кітапханалар ашылды және тегін болды. Дегенмен, XIX ғасырдың аяғындағы Қазақстандағы мұсылмандар мектептерінің санын толық анықтау қиын.

Сонымен қатар қазақ жастары зайырлы оқу орындарында, соның ішінде, бастауыш оқу орындарында (прогимназияда, қалалық училищеде, ерлердің және әйелдердің приходтық училищесі, орыс-қазақ аралас мектебі және алғашқы сауатсыздықты жою мектебі), орта білім беретін ерлер мен әйелдер гимназиясы, оқытушылар семинариясы, кәсіптік мектептерде (ауылшаруашылық, фельдшерлік, қолөнер) білім алды. Қазақ балалары Омбы, Орынбор мұғалімдер институтында, Қазан, Томск, Петербург университеттерінде оқыған. 1896 жылы тек Торғай облысынан Ресейдің әртүрлі оқу орындарында 50-ге жуық негізінен қазақ студенттері білім алған. Петербург университетінің стипендиаты, Семей облысынан шыққан Жақып Ақбаев заң факультетін бітірген алғашқы кәсіби қазақ заңгері болды.

Қазақ балаларының біраз бөлігі орыс мектептерінде, сонымен қатар ауқатты отбасынан шыққан балалар үйде мұғалім жалдап білім алған.

1897 жылғы санақ бойынша қазақтардың жалпы саны 4 млн-нан 5 млн-ға дейін деп көрсетілген. Соның ішінде хат танитындар саны, оның 10 пайызын құрайды.

Бұл деректер кеңес заманында жиі қайталанған “отарлық кезінде қазақтардың сауаттылығы екі пайыздан аспады” деген жалған қорытындының орынсыздығын көрсетеді.

Қазақстандағы білім берудің үкімет саясаты, ең алдымен, өздерінің отаршылдық ниеттерін іске асыруға кедергі болып отыр деп есептеген мұсылман мектебінің ықпалын әлсіретуді мақсат етті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мұсылмандық оқу-ағарту ісінің құрылуы қандай жағдайда жүрді?
2. Мектеп пен медреселерді ашудың қиыншылықтары қандай болды?
3. Мұсылмандық оқу орындарында оқыту қалай жүзеге асты?
4. Қазақтар арасында сауаттылық деңгейі қандай еді?

Құжаттар

**Түркістан өлкесінің бас инспекторы,
жоғарғы мәртебелі мырзаға
Баянхат**

“Жетісу облысының әскери губернаторының нұсқауына сай, халық ағарту инспекциясының арнайы рұқсатын алмаған мұсылмандық мектеп және медреселер жабылады. Ол туралы уездік әкімдерге арнайы тапсырма берілді.

...Қазіргі кезеңде ғалым-оқытушылар тек татарлардың арасынан кездеседі. Дүнген, ұйғыр, сарт (өзбек) және қырғыздардан ондай мұғалімдерді таба алмайсыз.

...Мұсылман мектептерін ғалымдармен қамтамасыз ету орыс-түземдік жүйе арқылы іске асырылса, онды болар еді”.

ЦГА Узбекистана (г. Ташкент).
Ф. И47. ОП. 1. Д. 49. С. 36—37.

§ 34. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРЫҰЛЫ ЖӘНЕ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Ыбырай Алтынсарыұлы (1841—1889 жж.) — көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері, жазушы, этнограф. Жаңашыл педагог 1841 жылы қазан айының 20-да (жаңаша күнтізбемен — қарашаның 2-сі күні) дүниеге келді. 1844 жылы әкесі ерте қайтыс болғаннан кейін, жас Ыбырай атасы Балқожа бидің қамқорлығында болды. Оның туып өскен жері — Қостанай облысының Қостанай ауданы, Арқарағай өңірі. Дүниеден қайтқан соң, ол осында Тобыл өзенінің жағасында жерленген. Ыбырай 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін

ашқан мектебіне қабылданды. Ыбырай жас кезінен-ақ білімге құштарлығын байқатты. Мектепте орыс, араб, татар және парсы тілдерінен және басқа да негізгі пәндерден үздік нәтиже көрсеткен болашақ ағартушы Орынборда айдауда жүрген әртекті зиялы қауым өкілдерімен танысты. 1857 жылы осы мектепті алтын медальмен бітірген ол, Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина болып жұмыс жасайтын үлкен әкесі Балғожа Жаңбыршыұлының хатшысы болды. Біраз уақыт Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет те атқарды. Ыбырайға 1860 жылы Орынбор (Торғай) бекінісінде қазақ балаларына арналған мектеп ашу тапсырылды. Ол осы мектепте орыс тілінің мұғалімі болып қызмет етті. Бұл бүкіл өмірі ағартушылық-ұстаздық қызметке арналған қайраткердің өмірбаянының бастауы еді. Бұл жұмысқа белсене кіріскен Ыбырай өзі тікелей халықтан жинаған қаржыға мектеп үйін және интернат салғызып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің жаңа ғимаратын салтанатты түрде ашты. Сонымен қатар Ыбырай Торғайда Орынбор генерал-губернаторының тапсырмасымен қосымша уездік судья болды және Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі жұмыстарын да атқарды. Кейіннен Ыбырай Торғай облыстық ағарту инспекторы қызметіне тағайындалып, Елек, Қостанай, Торғай, Бірғыз уездерінде екі сыныпты орыс-қазақ мектептерін ашты және оларды кітаптармен жабдықтады. Оның ұсынысымен көшпелі өмір салтына сәйкес келетін мектептер үшін қазақ ұлтынан оқытушылар даярлау қолға алынып, 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде қазақ мұғалімдерін дайындайтын мектеп ашылды. Ыбырай Алтынсарин, сонымен бірге экономика, ауыл шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі салаларында мамандар даярлайтын училищелер ашуға барынша назар аударды. Ол Қостанайда ашылатын ауылшаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерді беруді өсиет етіп қалдырды. Ыбырай қазақ қыздарының білім алуына да көп көңіл бөліп, Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде арнайы қазақ қыздары мектеп-интернаттарын ашқызды.



**Ыбырай
Алтынсарыұлы**

Ыбырай өз заманына белгілі еуропалық педагог-ғалымдардың, жазушылардың жаңа типтегі оқу жүйесіндегі тәжірибесін, озық әдістемелерін басшылыққа ала отырып, қазақ балаларына білімді ана тілінде бергізуге айрықша көңіл бөлді. Ол, сондықтан да “Қазақ христоматиясы” атты оқулықты, “Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы” атты дидактикалық оқу құралын жазып шықты. Бұл еңбектер қазақ балаларының орыс тілін жедел меңгеруіне көмектесіп, сонымен қатар оларды өз халқын құрметтеуге, еңбексүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелейтін тамаша шығармалардың үлгісіне айналды. Орыс алфавиті негізінде құрастырылған бұл оқу құралдарын патша шенеуніктері басқа да далалық облыстардағы ауылдық мектептерде пайдалануға мүдделі болды. Әрине, Еділ бойында, Сібірде, Орта Азияда және Қазақстанда миссионерлік қозғалыстың рухтандырушысы Н.И.Ильминскиймен тығыз байланыста болған Алтынсарыұлының педагогикалық көзқарасына осы белгілі адамның әсері тиді. Соған қарамастан ол миссионерлердің ықпалында кетпей, керісінше оларды өз мақсатына жету үшін пайдаланды.

Ыбырай Алтынсарыұлы — педагог, жаңашыл ағартушы ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар кейінгі ұрпақтарға мол мұра қалдырған ғалым-этнограф. Әсіресе Алтынсарыұлының көңіл аударған саласы — қазақ халқының әдет-ғұрпы. Ауыл өмірін көптеген әңгімелеріне арқау еткен ғалым-педагог осы салада көптеген ой-пікірлерін ұсынды.

Ыбырай, сонымен қатар қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, жариялауда да белгілі болды. Қазақ халқының тарихы жөнінде де мәліметтер жинаған ағартушы шығармаларының тәрбиелік мәні зор еді. Ол отырықшылықты, жер шаруашылығын дамытудың жаршысы болды. Көпшілікке белгілі “Қыпшақ Сейіткүл” атты әңгімесінде Торғай өзені бойында жатақшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысқан қазақтардың өміріндегі өзгерістердің уағыздаушысы болды. “Талаптың пайдасы”, “Байлық неде” сияқты прозалық шығармаларының мазмұны — қазақ қауымының өмірін қайтадан жандандыруды көксеген ағартушының арманы.

Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы (1845—1904 жж.) — қазақ халқының жазба әдебиетінің негізін салушы, ойшыл, ұлы ақын, философ. Туған жері — бұрынғы Семей облысына қарасты Шыңғыс тауының баурайы болатын. Орта жүз

арғын тайпасының тобықты руын билейтін атақты әулеттен шыққан. Әкесі Құнанбай да, атасы Өскенбай да өз заманының озық ойлы, беделді тұлғалары болатын. Шешесі — Ұлжан сөзге шешен, тапқыр да, алғыр қазақ қыздарының бірі еді. Осындай текті орта Абайға ерекше қабілет және ақыл бере алды. Кейін Құнанбай баласын Семейдегі Ахмет Ризаның медресесіне оқуға берді. Медреседе ол Шығыс әдебиетін көп оқыды, қаладағы орыс мектебіне барып жүрді. Мектепте жүрген шағында өзі де ақындық талантын байқата бастады. Алайда ел билеу ісіне балаларын да тартқысы келген атақты аға сұлтан Құнанбай Абайдың қаладағы оқуын аяқтатпады. Әкесі де баласының болашағынан үлкен үміт күтті. Сондықтан да ол Абайды өзіне жақын ұстап, ел басқару ісін меңгеруге тәрбиелей бастады. Мұның өзі Абайды қазақ халқының рухани мұраларымен танысуға тәрбиеледі. Біртіндеп ол әкесінің төңірегіндегі қазақ билері тәрізді көсіле, шешен сөйлеуге дағдыланды және әділ билігімен жас кезінен-ақ елге танылып, есімі алысқа кетті. Ру тартыстарынан көп нәрсені байқаған оның әкесі Құнанбаймен көзқарастары бірыңғай қалыптаспады. Алайда ол әкесін ерекше құрметтеді.



Абай Құнанбайұлы

Ақынның маңайына топтасқандар ірі ру басылары, белді ақсүйектер емес, қарапайым топтан шыққан талантты қазақ жастары еді. Семейде кездескен, кейінгі жылдары байланысы үзілмеген орыс зиялы қауымының өкілдері де Абайға жан-жақты ықпал етті. Ресей азаттық қозғалысының Семейде айдауда болған белгілі өкілдері — Е.П.Михаэлис, А.В.Леонтьев, С.С.Гросс, Н.И.Долгополов, тағы басқалар оның ақындық шығармашылығының демократиялық бағытта қалыптасуына себепші болды.

Абай да патшалық дара биліктен орыс халқын айыра білді. Орыс-қазақ еңбекшілерінің достығын уағыздаған Абай орыс халқының тілін, мәдениетін үйренуге шақырды.

Орыс демократиялық мәдениетінің көрнекті өкілдері — А.С.Пушкинге, М.Ю.Лермонтовқа, М.Е.Салтыков-Щедринге, Лев Толстойға және басқа да ойшыл ақын-жазушылардың шығармашылығына бас иді.



Абайдың ұлы
Мағауия

Тек ұлы ақын ғана емес, сонымен қатар көрнекті, халық кең таныған сазгер болған Абай, Пушкиннің “Евгений Онегинінен” өзі аударған бөлімдеріне ән шығарды. Абайдың әсерімен ақындығы толысқан үлкен ұлы Ақылбай мен немере інілері Шәкәрім мен Кәкітай, кіші ұлы Мағауия да орыс халқының мәдениетіне терең көңіл қойып, өздері де поэзиялық туындылар жазды.

Абайдың балалары да әкесінің ақылымен орыс мектептерінен білім алды. Ұлы Әбдірахман Петербургте Михайлов артиллерия училищесін бітірді, бірақ екіншіке қарай, жастай дүние салды. Абайдың лирикалық өлеңдері қазақ халқына арналды. Оның өлеңдерінен қазақ жерінің, қазақтың ұлттық психологиясының ерекшеліктері айқын көрінеді. Ол шығыстың хикаяларын және әдебиетін жетік меңгерді. Оның “Масғұт” және “Ескендір” атты өлеңдері шығыстың екі хикаясын баяндайды. Абайдың ислам дініне деген көзқарасы, оның идеяларын құрметтеуге құрылды. Ол өзінің исламға байланысты өзіндік қорытындыларын философиялық тұрғыдан өлең түрінде баяндады. Абай шығармаларында өлеңдерден басқа ғақлия (қара сөз) деп аталатын прозасы және орысшадан аударылған өлеңдері өзіндік орын алды. Ақын өлеңдерінде өзі өмір сүрген қоғамдағы адам баласына тән еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілдік, өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік тәрізді мінез-құлықты аяусыз сынып, өзінің талантты шығармаларымен қазақ халқына рухани тәрбие беруге баса көңіл бөлді.

Патша әкімшілігі халық арасында жоғары беделге ие болған ақынның халық мүддесін қорғауына наразылық білдірді. Полицейлік қарауыл қойып, ақын шығармашылығына губернатордың қысым жасауы да осыған байланысты еді.

Абай әндері, өлеңдері қазақ даласына кең тарады. Алайда рулық-патриархаттық дәстүрге мойынсұнған топтар Абайға оның туыстарын қарсы қоюға әрекеттенді. Ұлы ойшылды күндеп, ақындық шабытын уландыруға тырысты. Білімді де талантты Әбдірахманның (1895 ж.), одан кейінгі сүйікті баласы Мағауияның (1904 ж.) құрт ауруынан дүние салуы Абайды науқасқа шалдықтырды. Ол 1904 жы-

лы қайтыс болды. Абай Құнанбайұлы өз заманының ұлы кемеңгері еді. Абай шығармаларының терең, пәлсапалық ойлы мазмұны — ұрпақтарға қалған өшпес мұра. Ақынның денесі Шыңғыс таудағы Жидебай мекенінде жерленген. Бұл жерде қазақтың екі ұлы перзентіне — Абайға және оның немере інісі Шәкәрімге бүгінгі ұрпақтың атынан қос мұнаралы сұлу кешенді мазар тұрғызылған.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ыбырай Алтынсарыұлының ағартушылық көзқарастары қалай қалыптасты?
2. Абай шығармаларына, көзқарасына қандай жағдайлар әсер етті?

Құжаттар

Дала генерал-губернаторы мырзаға

Құпия

23 қыркүйек, 1903 жыл.

“...Құнанбайұлы өте ақылды, парасатты адам, ол алты жыл би болған. Тоғыз жыл Шыңғыс болысын, одан соң үкіметтің тағайындауымен Мұқыр болысын басқарды.

Құнанбайұлының қызметі парасаттылықпен, іске тыңғылықтылықпен, жігерлілікпен, үкіметке берілгендігімен, дін жолынан аулақ тұрғандығымен көзге түсті. Балалары орысша оқып, жазады. Құнанбайұлы орыс әдебиетіне мейлінше қызығады, кітап, газет-журналдарды жаздырып алады. Бұрынғы жылдарда өлкедегі бұратаналар арасында беделі зор болатын. Бұл күндері оның әсерін бұрынғы күндерімен салыстыруға келмейді. Ол қартайды, денесі ауырлады. Қырғыздардың ісіне араласпайды. Өзін партиялардың күресінен алшақ ұстайды.

Құнанбайұлының жергілікті әкімдермен пікір алысуы, оның мемлекеттік мүдделерді толық түсінетіндігін білдіреді, біздің еліміздің азиялық иеліктеріндегі мәдени істеріміз жөнінде дұрыс пікірде.

Ол мұсылман фанатиктерінің үкімет істеріне қарсылық жасауын айыптайды... Бұл мәліметтер Құнанбайұлы тарапынан ешқандай саяси қауіп жоқ екенін дәлелдейді және оны шүбәсіз жандардың қатарына қосқан жөн.

Бас штабтың генерал-майоры, Семей облысының губернаторы Галкин”.

*Касымбаев Ж. История одного документа//
Простор. 1974. №6. С. 96-97.*

§ 35. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӨНЕРІ ЖӘНЕ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІ

Сурет және қолданбалы өнер. Алдыңғы қатарлы орыс суретшілері қазақ халқының өнері мен табиғатын бейнелеуге зор үлес қосты. Өртүрлі экспедициялар құрамында қазақ жерінде болған Б. С. Смирнов, О. Федченко, П. Кошаров және басқа да сурет өнерінің белгілі өкілдері бірқатар туындыларында жергілікті халықтың өмірін бейнеледі. Әсіресе белгілі орыс суретшісі В.Верещагиннің шығармаларында Қазақстан, Орта Азия тақырыбы үлкен орын алды. “Лепсі өлкесін қоршаған таулар” атты картинасы қазақ жерінің сұлулығын асқан шеберлікпен бейнелейді.

Көрнекті суретші Н. Хлудовтың өнері, негізінен, Қазақстан тақырыбымен байланысты. Суретшінің бізге жеткен “Көш”, “Мал айдау”, “Отынға бару” секілді шығармаларында қазақ елі аса сүйіспеншілікпен бейнеленген.

Қолданбалы өнер — қазақ халқының өмірінде ертеден дамыған салалардың бірі. Жергілікті ұста, шеберлер мен зергерлер дайындаған бұйымдар Петропавлдағы, Көкшетаудағы (1896 ж.) көрмелерде жұртқа таныстырылды.

Қолөнер салалары — үй кәсіпшілігі тұрмыс қажетін өтеуге және мал шаруашылығы шикізатын өңдеуге бағытталды. Бұлар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өзіндік әдістерге негізделді. Белгілі еңбек бөлінісіне сай әйелдер жүн түту, жіп иіру, алаша тоқу, киіз басумен айналысса, ер адамдар теріден, күмістен, былғарыдан тұрмысқа, шаруашылық өмірге қажетті заттар мен сапасы жағынан көз тартатын бұйымдар дайындайтын.

Қазақтардың біртіндеп отырықшылыққа ауыса бастауы, қолөнердің бұрын кең таралмаған салаларының дамуына жол ашты.

Ағаш өңдеу кәсібінде ағаш шеберлігі бұрынғыдан да кең тарай бастады. Көшпенді және жартылай көшпенді қазақтар үшін ағаштан оюлап сәнді заттар жасау ежелден келе жатқан кәсіп еді. Тұрмысқа қажетті бұйымдарды былай қойғанда, енді егін шаруашылығы үшін жетілдірілген құрал-жабдықтар дайындаудың қажеттілігі де арта түсті.

Ою-өрнекті киіз басу, түрлі сапалы бұйымдар, әсіресе ерекше ұлттық өрнектермен тоқылған алаша, сырмақтар жасау жоғары дәрежеге жетті. Әйелдердің кимешек-жаулықтарын, кілем-қоржындарды кестелеп тігуге баса

мән берілді. Киіз үйдің ішін сәндеу де қазақ өнерінің бір дәстүрлі көрінісі. Көздің жауын алатын шидің өзі тамашалауға тұратын сапада жасалатын. Ағаш ою, кебеже, қобдиша, сандық, ағаш төсектерді жасағанда кең түрде пайдаланылатын ұлттық өнердің ежелден келе жатқан түрлерінің бірі — сүйекті өңдеу, ою. Темірден жасалған сапалы құрал-жабдықтар күнделікті өмірде кең орын алды. Базардан не жәрмеңкелерден айырбаспен немесе сатып алынған темір құралдар ағашты, сүйекті өңдеуді, оларға тамаша ою салып, өң беруді жеңілдетті.

Ауыл зергерлерінің сақина, сырға, алқа, белдік, білезік, жүзік сияқты заттарды әсемдеп жасауы да кең таралды. Қазақ ауылында зергерлік әсем бұйымдарды жасайтын шеберлер құрметке бөленетін. Көздің жауын алатын мұндай тамаша бұйымдарды кедейлердің сатып алуға халдері келмейтін. Халық шеберлері жасаған тамаша бұйымдардың игілігін көретін, негізінен, ауқатты топтар еді.

Қазақтың қолөнерлік, зергерлік өнер туындылары — көрнекті бұйымдар тек Қазақстанда ғана емес, Ресейде де белгілі болды. Тіпті шетелдерге де әйгілі еді. 1868 жылы Париждегі дүниежүзілік көрмеге қойылған бұйымдар ішінде қазақ зергерлік өнерінің заттары, ұлттық киімдер болған. Қазақ музыка аспаптары 1872 жылы Мәскеуде өткізілген көрмеде жұртшылыққа таныстырылды.

Музыка өнері. XIX ғасырдың екінші жартысы — көрнекті халық сазгерлері мен классикалық сипатта қалыптаса бастаған музыка өнерінің негізі қаланған кез. Белгілі қазақ сазгерлерінің шығармаларынан қазақ халқының ұлттық психологиясын, оның дарқандығын, кеңдігін, ғажайып батырлығын, қазақтың кең даласының асыл қасиеттерін, қазақ халқының ерекше мінез-құлқын айқын аңғара аламыз. Сондықтан да бұл кезеңде дүниеге келген музыкалық шығармалар халықтың бойына және сезіміне дәстүрлі жарқын қасиеттерді көптеп сіңіруге зор үлес қосты. Сонымен қатар бұл музыкалық шығармалар қазақ халқының рухани мәдениетінің жарқын үлгісі ретінде дүниежүзілік адамзат мәдениетінің өркендеуіне қосылған зор үлес болып табылады. Осындай ұлттық музыка өнерінің саңлақ-тарландары қатарында — Тәттімбет Қазанғапұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Ықылас Дүкенұлы, т.б. ерекше орын алады.

Тәттімбет Қазанғапұлы (1815 — 1860 жж.) — шертпе күй негізін қалаушылардың бірі. Қазақтың әйгілі күйші-композиторы. Туған жері Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Дастар тауының етегі. Бұл жер Мөшеке бұлағы деген атпен белгілі. Мөшеке Тәттімбеттің үлкен әкесі болып табылады. Тәттімбет бар болғаны 45 жыл ғұмыр кешіп, қырықтан астам күй шығарған. Солардың ішінде: “Саржайлау”, “Бес төре” “Былқылдақ”, “Балбырауын”, “Салқоңыр”, “Алшағыр”, “Солқылдық”, “Көкейкесті”, “Қосбасар”, т.б. күйлері бар. Тәттімбет — лирик сазгер. Оның күйлерінде, негізінен, өмір тартысы, тағдыр тауқыметі, сарғайған үміт, сұлулыққа құштарлық байқалады. Тәттімбет шығармаларында әлеуметтік теңсіздікке қарсы әуен де бар. Сазгердің “Бестөре” күйі халықты қыспаққа алып, жәбірлеп жатқан төрелерді түйреуге арналған.

Тәттімбет ел басқару ісіне ерте араласты. 1842 жылдан 1845 жылға дейін ол Қарқаралы округінде болыстық қызметте болды. Бұл жұмыстан өз арызы бойынша босатылған ол, 1855 жылы Петербургке барып, Ресей патшасы ІІ Александрдың таққа отыру салтанатына қатысқан. Сондай-ақ ол өз заманының озық ойлы азаматтары Шоқан Уәлиханов, Григорий Потанин, Адольф Янушкевич сияқты оқымысты ғалымдармен, Алшынбай, Құнанбай, Шорманның Мұсасы, Уәлиханның Шыңғысы тәрізді дала билеушілерімен, Шөже, Біржан сал, Жаяу Мұса, Ықылас, Тоқа тәрізді әнші-күйшілермен тығыз қарым-қатынаста болған. Тәттімбеттің өнері туралы Біржан салдың былай деп сүйсініп айтқаны бар:

“Тәттімбет — ардагерім, арғын асқан,
Қырық түрлі күй айналған бармағына”.

Құрманғазы Сағырбайұлы (1818 — 1889 жж.) — ұлы күйші, композитор. Бөкей Ордасының Жиделі деген жерінде дүниеге келген. Шыққан тегі Кіші жүз, он екі ата Байұлының қызылқұрт ру бұтағынан. Исатай, Махамбет тәрізді тарихи тұлғалар шыққан беріш руы оның нағашы жұрты. Құрманғазы жасынан ән-күйге әуес болып, Дәулеткерей күйшімен сырлас, өнерпаз ортада өскен. Ол Бөкей ордасындағы атақты халық сазгерлері Байбақты, Байжұма, Баламайсаң, Соқыр Есжан, Шеркештің күйлерін үйреніп, орындаушылық шеберлігін шыңдады. Есейе келе, домбырашы, күйшілікті арнайы өнерге айналдырды. Ұлы

күйшінің бүкіл өмірі мен шығармашылығы әлеуметтік әділетсіздік пен озбырлыққа қарсы күрес жолында өтті. Домбырасын қару еткен Құрманғазы азаттық үшін күресті өмірінің бір арқауы деп қарады.

Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Құрманғазының алғашқы күйлерінің бірі — “Кішкентай” шаруалар көтерілісінің жетекшісі Исатай Тайманұлына арналған. “Ақбай”, “Ақсақ киік”, “Көбік шашқан”, “Түрмеден қашқан”, “Адай” сияқты күйлерінде азат өмірді аңсаған халықтың үміті, өмір тартысы, езушілерге қарсы өшпенділігі суреттелген. Сазгердің “Сарыарқа” атты туындысы еркіндікті аңсаған халықтың жеңілмес кейпін, аяулы арманын көз алдыға әкеледі. Күйші осы шығармасы арқылы туған жерді, кеңбайтақ даланы, халықтың қажымас қайратын сипаттайды.

Құрманғазы шығармаларының ішінде би күйлері де бар (“Қызыл қайың”, “Балбырауын”). Үстем тап өкілдерінің “ұры”, “қарақшы” деп жала жабуы салдарынан, ол Орал мен Орынбор абақтысында отырған. Ауызша деректерге қарағанда, Иркутск түрмесінің де азабын басынан кешірген.

1880 жылдардың аяғында Құрманғазы Астрахан маңындағы Сахмаға біржола қоныс аударды. Күйшінің маңына оның шәкірттері — Дина, Ерғали Есжанұлы, Меңдіғали Сүлейменұлы, т.б. топтасты. Халық арасында есімдері әйгілі Сүгірәлі, Көкбала, Шора, т.б. домбырашылар өздерінің Құрманғазының шәкірті болғанын мақтан етті. Аспаптық музыка өнерінің алыбы Құрманғазының алпыстан астам күйлері сақталған, оның қазақ халқы мәдениетіне қосқан үлесі мен орны ерекше дараланып тұрады. Күй алыбы Құрманғазының қабірі — Астрахан (Ресей) облысының “Құрманғазы төбе” деп аталатын жерінде.

Дәулеткерей Шығайұлы (1814—1887 жж.) — күйші, сазгер, домбыра өнеріндегі лирикалық бағыттың негізін салушы. Дәулеткерей ақсүйектер тобынан шықты. Оның ата-бабасы қазақ хандарының ұрпақтары. Бөкей хан өлгеннен кейін Дәулеткерейдің әкесі Шығай сегіз жылдай Бөкей ордасында хан болған. Сондықтан да Дәулеткерей күй өнерінде төре күйлері дәстүрін орнықтырып, арнайы мектепке айналдырған. Дәулеткерейді академик А.Жұбанов: “Төре күйлерінің атасы”, — дейді. Дәулеткерей соқыр Есжан, Байжұма, Мүсірәлі сияқты талантты күйші-домбырашылардың тәлім-тәрбиесін көрді. Оның өнеріне, әсі-

ресе Құрманғазының ықпалы зор. Хандар тұқымынан шыққан Дәулеткерейді патша үкіметі дала әкімшілік басқармасының құрамына енгізіп, өздерінің ықпалына тартуға әрекет жасады. Алайда ол халықтың мүддесін жоғары орынға қойып, отаршылдыққа қарсы өзінің наразылығын күйлерінде айқын байқатты. Оның “Тартыс”, “Шолтақ”, “Топан”, “Жігер” сияқты күйлері халықтың мұң-мұқтажын қорғаудан туған талантты туындылар. Осылардың ішінде, өнертанушылар “Жігер” күйін Дәулеткерейдің ғана емес, бүкіл қазақ күйлерінің асқар биігі ретінде бағалап келеді. Дәулеткерейдің адам сезімінің жарқындығын және жалындылығын суреттейтін жүрек тербер “Қыз Ақжелең”, “Қосалқа”, “Ысқырма”, “Желдірме”, “Қоңыр”, “Құдаша” сияқты күйлері қазақ күй өнерінің тамаша үлгілері болып табылады. Дәулеткерейдің талантты шығармалары, оның өзінің айналасындағы ортаны ғана емес, болашақ ұрпақты да өнерпаз болып қалыптастыруға үлкен үлес қосты.

Біржан Қожағұлұлы (1835 — 1897 жж.) — атақты сазгер, әнші, ақын. Ол Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Жаңажол ауылының аймағыда туған. Қайтыс болған өңірі Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданына қарасты, “Қожағұл бүркеуі” деп аталатын жер. Шыққан тегі Орта жүз, керей руының көшебе тармағы. Үлкен әкесі Қожағұл Ресей отаршылдарының қысымынан қашып, Көкшетау, Ақмола өңіріне қоныс аударуға мәжбүр болған. Ол алғаш Қызылжардағы 2 жылдық орыс-қазақ мектебінде оқып, онан кейін медреседе жалғастырған. Біржанның медреседегі өнерпаз ұстаздары оны діни ғибадатшылдықпен қоса ән-күй өнерін, ақындық-жыршылықты меңгеруге тартқан. Ол Қызылжар медресесінде араб, парсы, шағатай тілдерін меңгеріп және қол өнерінің алуан түрлерінің шеберіне айналып, өз ортасына танымал адам болып шыққан. Жиырмаға келген кезінен өзі ән шығара бастаған. 1865 жылы Абаймен кездесуі оның сазгерлік, әншілік, ақындық өнерінің дами түсуіне әсер етті. Сонымен бірге Біржан салдың өзі де кейінгі Жаяу Мұса, Құлтума, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай тәрізді әнші-композиторлардың шығармашылығына үлкен ықпал жасады.

Біржанның алғашқы әндерінің бірі — “Біржан сал”. Оның шығармашылығы өзі өмір сүрген заманның әлеуметтік оқиғаларын, адамгершілік, ізгілік мәселелерін қозғайды.

Біржанның ақындық, музыкалық өнерінен демократиялық бағыт анық көрініп тұрады. Біржанның “Ғашығым”, “Біржан сал”, “Айтбай” сияқты әндері — оның шығармасындағы шоқтығы биік туындылар.

Оның “Ақтентек”, “Айбозым”, “Көкек”, “Жоныпалды” сияқты әндері қазақ халқының адамгершілік-ізгілік қасиеттерін, көңіл күй толғаныстарын шынайы бейнелеген ұлттық ән өнерін байытатын талантты дүниелер.

Біржан — дарынды ақын. Оның Сарамен айтысы Біржанның суырыпсалма ақындық талантын елге танытты. Өнерде жалғыз болмаған Біржан маңайына талантты өнерпаздар топтасты, серіктесіп жүрді. Біржанның 40-қа жуық әндері бізге жетіп отыр. Композитор М.Төлебаев “Біржан—Сара” операсын жазып, Біржан шығармашылығын әлемге танытты.

Жаяу Мұса Байжанұлы (1835 — 1929 жж.) — атақты халық сазгері, әнші-композитор. Баянауылдағы Жасыбай көлінің жағасында туды. Шыққан тегі Орта жүздің арғын тайпасының сүйіндік руы. 4 жасында Байжанның ағасы Тайжан қолына алып оқытып, арабша сауатын ашқан. 1851 жылы Петропавл қаласына келіп, орыс мектебіне оқуға қабылданады және осында қала өнерпаздарымен араласып, әртүрлі муызка аспаптарында — домбырада, сырнайда, скрипкада ойнауды үйренеді. Сонымен бірге ол осында музыкалық әдеби кештерге қатысып, ән салып, өзінің талантын елге таныта бастайды. Қаладағы саяси-әлеуметтік өмірді жақсы таныған ол, елге қайтып оралып, өзінің өнерімен әлеуметтік әділетсіздікке қарсы әрекеттер жасайды. Осы мәселе оның әйгілі “Ақ сиса” атты әнінде айқын көрініс берді. Осыған байланысты Жаяу Мұсаға патша саясатына наразы адам деген айып тағылып, Тобылға жер аударылды. Түрмеде ол генерал-губернатордың атына хат жолдап, өзін әскер қатарына алуды сұрайды. Оның өтініші қанағаттандырылып, Ресейдің Қазан, Новгород, Мәскеу, Владимир, Петербург тәрізді қалаларында қызмет етеді, Польша, Литва жерлерін көреді. Кейінірек Жаяу Мұса генерал М.Г.Черняев отрядының құрамында Шымкент, Әулиеата жорықтарына қатысты. Генералдың қазақ-өзбектерге жасаған озбырлығына куә болды.

Өзінің отаршылдарға деген наразылығын, туған жерге сағынышын Жаяу Мұса әнге қосып, “Сүйіндік”, “Арап ұрыға”, “Бозторғай” атты шығармаларын жазды. Еліне

оралған соң, әлеуметтік теңсіздікке қарсы әндер шығаруды онан әрі жалғастырды.

Жаяу Мұсаның сазгерлік өнері осыдан кейін жаңа сатыға көтерілді. “Ақ сиса”, “Хаулау” (алғашында “Хаулилау”), “Шорманұлына”, “Толғау”, “Баянауыл”, “Сұршақыз” әндері осы кезде туған.

Жаяу Мұса сазгер ғана емес, өзі шығарған 70-ке жуық әннің барлығының дерлік сөздерін өзі жазған. Орысша, қазақша бірдей сауатты Жаяу Мұса — сол кездегі қоғамдық оқиғаларға белсене араласқан, әдебиет пен өнердің дамуына айтарлықтай үлес қосқан. Жаяу Мұса артында мәңгі өлмес шығармалар қалдырды.

Ақан сері (Ақжігіт) Қорамсаұлы (1843 — 1913 жж.) — ақын, сазгер, дарынды күйші. Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының Үлкен Қоскөл маңында туған. Шыққан тегі арғын ішіндегі қарауыл руынан. Алғашқыда ауыл молдасынан сауат ашып, содан соң 1856—1859 жылдары Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) медресесінде оқыған. Оқу бітірген соң өз ауылына қайтып, бүкіл өмірін қазақ өнеріне арнады. Оның өнерге берілгендігін және бекзаттығын қадірлеген халық “Ақан сері” деген ат берді. Ақан серінің әндерінің көпшілігі, адамдар арасындағы шынайы пәк сезімге толы қарым-қатынастарды сұлу сазбен жырлайды. Олардың қатарында — “Ақ көйлек”, “Аужар”, “Алты-басар”, “Ғашық жарға” тәрізді елдің құрметіне бөленген әндер бар. Қазақтың дәстүрлі сал-серілік әдет-ғұрпын барынша сән-салтанатпен ұстаған Ақан серінің жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы баптап, аңшылық дәстүрді кәсіп еткені де белгілі. Қазақ даласының бай табиғаты, осындай ерекше дәстүрлері Ақан серінің әншілік, ақындық шабытын арттырып, дүниеге “Құлагер”, “Маңмаңгер”, “Көкжендет”, “Екі торы ат”, “Тер қатқан” тәрізді тамаша әндердің келуіне ықпал жасады.

Ақан серінің сазгерлігі, оның ақындығынан кем түспейді. Оның “Ақан сері” атанып, кезінде жұртшылыққа кең танылуы — әншілік-сазгерлік өнерінің бір шыңы ғана. Айналасына әнші-күйші жастарды жинаған Ақан сері ел аралап, белгілі Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Біржан сал, Жаяу Мұса, Естай сияқты әнші-серілерімен жақын болды. Ақанның “Маңмаңгер”, “Сырымбет”, “Балқадиха” әндері халықтың музыка мәдениетінде ерекше орын алады. Ақан серінің шығармашылығы кейінгі Қазақстан композиторларының

шығармаларына арқау болып, Е.Брусилковскийдің “Жалбыр” операсында оның “Құлагер”, “Балқадидша” әндері орындалса, Д.Мацуцин “Балқадидша” әнінің тақырыбына вариация жазды. Қазақстанның ақын-жазушылары өздерінің еңбектерінде Ақан серінің тарихи тұлғасын көркем тұрғыдан бенелеуге көп көңіл бөлді. Олардың қатарында әйгілі қазақ ақыны І.Жансүгіровтың “Құлагер” поэмасын, қазақ әдебиетінің класигі Ғ.Мүсіреповтың “Ақан сері — Ақтоқты” трагедиясын, С.Жүнісовтың “Ақан сері” романын, композитор С.Мұхамеджановтың “Ақан сері — Ақтоқты” операсын атауға болады.

Ықылас Дүкенұлы (1843 — 1916 жж.) — күйші, қобызшы, сазгер. Ол Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында дүниеге келді. Шыққан тегі Кіші жүздің тама руынан. Ықылас жастық шағында Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Итаяқ, Әбди сияқты күйшілердің шығармаларын тыңдап, кейбірімен замандас-сыйлас болып, өзінің талантын ұштады. Ол ежелгі Қорқытата дәуірінен келе жатқан қазақ күйлерін қобыз тілінде жырлады. Оған алғаш қобыз үйретуші әрі оның күй шығаруға бейімдігін қолдаған әкесі болды. Аз уақыт ішінде әкесі тартатын аңыз-күйлерді үйреніп алған ол, қазақтың көне аспабы қылқобызда ойнаудың асқан шебері атанды. Ғасырлар бойы бақсы-балгерлер аспабы болған қобызды халықтың арман-мақсатын жырлайтын аспапқа айналдырды. Ықыластың алғашқы шығармаларына “Қасқыр”, “Ықылас” деп аталатын күйлері жатады. “Кертолғау”, “Ерден”, “Жалғыз аяқ”, “Жарым патша”, “Жезкиік”, “Қамбар — Назым”, “Айрауық”, “Қазан” тәрізді тамаша күйлерді дүниеге әкелді.

Ықыластың аса белгілі туындылары — “Ықыластың күйі” мен “Қоңыр күйі”. Өз шығармаларына ел арасына тараған аңыз-әңгімелерді арқау еткен Ықылас, тәкаппар патша шенеуніктері мен менменсіген байларды кекейтін “Жарым патша” сияқты күйлерді де шығарды. Ықыластың дарындылығы көзінің тірісінде кең танылды. Баласы Жүсіпбек оның “Қорқыт” сияқты туындыларын кеңінен насихаттап, кейінгі ұрпаққа жеткізді. Ықыластың соңында төл шәкірттері, оның өнерін жалғастырып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде. Олардың ішінде: Әлиев Сүгір, Тоқтамысұлы Әбікей, Бекмағамбетұлы Ашай және Ықыластың өзінің ұлы Түсіпбек бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы музыка өнерінің айтулы тұлғалары.

Балуан Шолақ Баймырзаұлы (1864 — 1916 жж.) — қазақтың халық композиторы, жауырыны жерге тимеген балуан спортшысы. Жас күнінде саусағын үсітіп алған Нұрмағамбеттің өнерін құрметтеген халық оны “Балуан Шолақ” атап кетті. Шыққан тегі Ұлы жүздің дулат тайпасының сәмбет руынан. Бірақ жас кезінде аталары Арқадағы Көкшетау өңіріне қоныс аударғандықтан, оның барлық өмірі осында өтті. Балуан Шолақ анасына тартып, теңдесіз алып күштің иесі болып шықты. Сондықтан да жас кезінен-ақ ел ішіндегі той-томалаққа қатысып, балуандықпен айналысып, даңқы жер жарды. Ол, сонымен бірге цирк ойыншыларының сан түрлі ат үстіндегі күрделі қимылдарын да меңгеріп, көпшілікке өнер көрсетті. Дегенмен де, сан қырлы талант иесі Балуан Шолақтың ән-күйге деген құштарлығы жас кезінен-ақ оянып, Біржан салдың, Ақан серінің әндерін шебер орындайтын әнші ретінде танылды. Осындай халықтың ән шығару дәстүрін меңгерген ол “Көкшетау”, “Желдірме”, “Ащылы-айырық”, “Дікілдек”, “Қос перне”, “Құлан кісінес” тәрізді әндер шығарып, халықтың құрмет тұтатын сазгеріне айналды. Балуан Шолақтың әндері өзі тәрізді қайраттылықты, жігерлілікті, өршіл мінезді насихаттайды. Балуан Шолақтың атын елге жайған шығарма, оның “Ғалия” атты атақты әні. Бұл әнде адамдар арасындағы үлкен махаббат, шынайы сезім мөлдір қалпында жырланады. Бұл ән оның шығармашылығының асқар биігі болып табылады. Балуан Шолақ өзі шебер орындайтын Арқа әндерін Жетісу аймағына жеткізуде де үлкен еңбек сіңірді. Оның тарихи тұлғасы классик жазушы Сәбит Мұқановтың шығармашылығына арқау болды. Кезінде белгілі музыка зертеушісі А.В.Затаевич ел арасынан іздестіріп, Балуан Шолақтың бірнеше әндерін жазып алып, оны “Қазақ халқының 1000 әні” және “Қазақтың 500 әні мен күйі” атты жинақтарға енгізіп, қазақ музыка өнеріне үлкен үлес қосты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстан тақырыбы орыс суретшілерінің шығармашылығында қандай орын алды?
2. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы халық сазгерлері туындыларының әлеуметтік бағыты мен маңызы неде?
3. Ақындық өнері мен сазгерлік талабы қоса дамыған кімдерді білесіңдер?

Ән

“...Ал осынау жырларда, шырқалған әндерде, қосыла шерткен күйлерде замана үні, кешелі-бүгінгі ұрпақ даусы дабыл қағады. Өйткені ән — мәңгілік, жыр — мәңгілік. Сол ән-күйімізден халқымыздың дарқан дарынын, өнерсүйгіштік кескін-келбетін аңғарғандай боламыз. Сондықтан да оны қадірлейміз, қастерлейміз.

Халық әндерінің ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткені аян. “Кез келген әншінің әрбір әнді өз өңірінің ерекшеліктеріне, өзінің орындаушылық қабілетіне қарай өңдеп айтатыны ақиқат. Бір кезде жазу-сызу болмаған ел үшін бұл заңды да құбылыс...”.

Ауыл кеші көңілді. Алматы, 1985. 3-4-парақтар.

Күй

“Қазақтың ежелден келе жатқан аспаптық музыкалық жанры — күй. Ол, негізінен, домбыра күйлері, қобыз күйлері, сыбызғы күйлері болып бөлінеді. Күй — қазақтың музыкалық шығармаларының ішіндегі ең ірі жанры, композициялық құрылымы жағынан халық музыкасының күрделі бір саласы болып саналады...”

Күй XIV ғасырда жеке музыкалық жанр болып қалыптасты. Қазақтың ұлттық күйлері аңыз, ертегі, нақтылы тарихи оқиғалар (“Ақсақ құлан — Жошы хан”, “Әмір Ақсақ”, “Ескендір”, т.б.) негізіне құрылып, көбіне бағдарлама түрінде дамыды. Күй мазмұны халықтың басынан кешірген тауқыметі мен әділетсіздікке қарсы күресін, азат өмірді аңсаған асыл арманы мен қуаныш сезіміне негізделіп, терең толғаныспен өрнек бояуын тапты. Күйдің мелодиялық, формалық құрылысы, ырғақтық орындаушылық әдістері сан алуан. Мысалы, жігерлі, екпінді болып келетін Құрманғазының; романтикалық лирикаға, философиялық толғауларға негізделген Дәулеткерейдің; әуені әсем, тәтті мұң мен қоңыр сазға малынған Тәттімбеттің; құбылмалы, ойнақы, төкпе жыр іспетті Қазанғаптың күйлері”.

Күй //Қазақ совет энциклопедиясы.
Алматы, 1975. 6-том. 154-парақ.

§ 36. РЕСЕЙ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ
ҚАЗАҚСТАНДА

Ресей азаттық қозғалысының өкілдерін қазақ жеріне жер аударып, қуғындаудың жаңа кезеңі. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның қоғамдық өміріндегі түбірлі өзгерістерінің бірі — азаттық қозғалыстың белгілі өкілдерінің

қазақ жерінде айдауда болуы. Польша азаттық қозғалысына қатысқандар, халықшылдар мен социал-демократиялық құпия қоғамдардың өкілдері Қазақстанға жер аударылды. Олар жергілікті қазақ және басқа осы өлкені қоныстанған халықтардың өмірімен танысты, патша шенеуніктерінің бақылауына қарамастан, оның тарихын, материалдық мәдениетін зерттеді, ағартушылық істі ұйымдастыруға атсалысты.

1863—1864 жылдардағы Польшадағы ұлт-азаттық қозғалыс көпұлтты Ресей империясының қоғамдық-саяси өмірінде ерекше орын алады. Польшадан жер аударылғандардың бірқатары Сібірге жіберілді. Жалпы алғанда, Ақмола және Семей облыстары құрамында болған Батыс Сібір генерал-губернаторлығына айдалған поляк азаттық қозғалысы өкілдерінің жалпы саны 10 мың адамнан асты.

Әлеуметтік құрамы әртүрлі (дворяндар 50%, мешцандар 20%, шаруалар 21%, қалғандары 9%) поляктардың бірқатары Орынбор өлкесіне жіберілді. Қазақ жеріне айдалған революционерлердің басым көпшілігі өз заманының білімді адамдары еді. Азаттықты аңсағандар Ресей және шетелдердегі оқу орындарында білім алған, саяси көзқарастары жағынан патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күрескен әскери немесе басқа да қоғамдық ұйымдардың белді мүшелері болатын.

XIX ғасырдың 30-жылдарындағы Польша азаттық күресі өкілдерінің Қазақстанның қоғамдық өміріндегі істері әлі де жергілікті халықтың есінде еді. Густав Зелинскийдің “Қырғыз” (“Қазақ”) поэмасы сол заманда демократияшыл қауым арасында кең таралды. XIX ғасырдың 40-жылдарында жазылған, кейіннен ағылшын, итальян, неміс басқа да тілдерге аударылған поэма XIX ғасырдың 60-жылдарында қазақтарды Ресейге танытуда белгілі шығарма болды. Қазақтардың тарихи тағдырын, өмірін көркем тілмен баяндаған бұл тамаша шығарма жергілікті халыққа деген құрмет. Міне, осы дәстүрді 60-жылдары бұрынғы поляк революционерлері жаңа тарихи жағдайда одан әрі жалғастырды.

Польша азаттық күресінің 60-жылдарда Қазақстанда болған өкілдері ішінен ерекше көзге түскені — *Северин Северинович Гросс*. Ол — Петербург университетінің заң факультетінің түлегі. Азаттық қозғалыстың басқа да ағымдарының көрнекті тұлғалары *Н.И.Долгополов*, *А.В.Леонтьев*, *Е.П.Михаэлис*, *А.Блек* және басқа саяси жер ауда-

рылғандармен байланыста болған Гросстың ағартушылық қызметі ерекше.

Ұлы Абай Құнанбайұлымен С.С.Гросстың шынайы достығы — бір-біріне танымал екі халықтың кейінгі ұрпақтарына белгілі оқиға. Абайдың Шыңғыс болысындағы жайлауында жиі болған С.С.Гросс кемеңгер ақынның өмірі, достары, отбасымен жақын танысып қана қоймай, қазақ халқының тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы жөнінде құнды мәліметтер жинады. Егер де ХІХ ғасырдың 40-жылдарында бір поляк Адольф Янушкевич Абайдың әкесі Құнанбаймен жүзбе-жүз кездескендігін өз жазбаларында қызықты сипаттаса, поляк халқының екінші өкілі С.Гросс оның ұлы Абаймен шынайы достық байланыста болды. Семей облысының уездерінде жылдар бойы жинақталған қазақ халқының әдет-ғұрпы, билер сотының мәліметтерін негізге алып, С.Гросс Семей облыстық статистикалық комитеті арқылы “Қырғыздардың заң әдет-ғұрыптары үшін материалдар” деген тақырыпта құнды зерттеу дайындады. Бұл, шын мәнісінде, қазақ халқының мүліктік құқығының көшпелі қоғам жағдайында ерекшеліктерін көрсететін тұңғыш еңбек еді. Бірқатар зерттеушілер еңбектің авторы ретінде жергілікті сот П.Маковецкийді атайды.

Орталықтан шалғай жатқан отарлық Қазақстанда арнайы білімді мамандардың тапшылығы немесе жетіспеуі жалпы азаттық қозғалыстың бірқатар, әсіресе күн көруі төмендеп кеткен өкілдерінің облыс және уездік орталықтарындағы әртүрлі ақы төленетін қызметке жалдануына себепші болды. Полицейлік бақылау жағдайында азаттық қозғалыс өкілдерінің жергілікті жерде қызметке алынуына рұқсат етудің тағы бір себебі — патша үкіметінің жер аударылғандарды қамтамасыз етуге бөлінген қаржының мардымсыздығы. С.И.Тэраевич, Я.С.Домашевич, тағы да басқа поляк қозғалысының өкілдері дәрігерлердің жетіспеуінен жергілікті халықты емдеумен айналысты. Ал Адам Бяловский Семей облысы, Өскемен уезінің геологиялық картасын жасаумен шұғылданды.

ХІХ ғасырдың 80-жылдарында Ресей азаттық қозғалысының жаңа сатыға көтерілуі Батыс Сібірге, Қазақстанға жер аударуға кең жол ашты. Том және Тобыл губернияларына айдалғандардың мейлінше көбеюіне байланысты 1881 жылғы тамыз айының 29 күні патша үкіметі саяси жер ау-

даруды Қазақстанның Далалық губернаторларына тарату туралы арнайы шешім шығарады.

Жер аударылғандардың жағдайы. Саяси жер аударылғандардың біршама шоғырланған өңірі Шығыс және Орталық Қазақстан. 1882 жылы Семей облысында 54, 1883 жылы Ақмола облысында 23, 1886 жылы 44, 1890 жылы 32 революционер қоныстанды. Уақытша жер аударылғандардың басым көпшілігі айдалу мерзімі аяқталғаннан кейін, туған елдеріне қайтып оралуына және азаттық қозғалысының жаңа топтарының өлкенің әр түкпірінен келіп-кетіп жатуына байланысты, олардың саны өзгеріп отырды.

Әсіресе XIX ғасырдың 80-жылдарында жаппай етек алған халықшылдарды Қазақстанға жер аудару “ұйқыда жатқан” өлкенің қоғамдық өмірін бірқатар жандандырды. Негізінен, “қылмысты ойларды таратқаны”, жасырын ұйымдардың мүшесі болғаны және үкіметке қарсы үгіт жүргізгені үшін шалғай аудандарға, полиция бақылауына жіберілген халықшылдар қазақ жерінде де патша үкіметінің жаншу саясатына қарсы күресті тоқтатпады. Тіпті жергілікті әкімшілік қыспаққа қарамастан, халықшылдық идеологиясы мазмұнындағы астыртын үйірмелерді құрды.

1871—1874 жылдары Орынбордағы осындай үйірменің белсенді мүшелері, саяси жер аударылғандар — халықшылдық бағдарлама мен ойларды жергілікті тұрғындар, соның ішінде, қазақтар арасында бар мүмкіндікті пайдаланып насихаттады.

XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі Ресей азаттық қозғалысы өкілдерінің ресми қызметінде ерекше орын алған өлкені зерттеу ісін жолға қою, тарих пен этнография, табиғат пен ағарту, баспа ісінің негізін қалауда саяси жер аударылғандардың қалдырған мұрасы бір төбе. Жергілікті өңірдің табиғат күштерін, кен байлықтарын игеруді жолға қоя алатын қажетті мамандардың Қазақстанда болмауы, отаршылдық басқару аппаратын келісімге келуге мәжбүр етті.

Әсіресе бай өлкені зерттеуде XIX ғасырдың 80-жылдарында (мысалы, Семейде 1878 жылы) өлкеде құрылған облыстық статистикалық комитеттер ерекше рөл атқарды. Орал, Сырдария, Жетісу және Семей облыстарында қазақ халқының саяси, экономикалық өмірі мен материалдық мәдениетін зерттеуде зор мұра қалдырған бұл комитеттер — жинақталған әртүрлі мәліметтердің мазмұнын анықтап,

баспа бетінде жариялауда кейінгі ұрпақтарға игілікті із қалдырды. Саяси жер аударылғандармен қатар, мұндай күрделі тың жұмысқа ғылымға құштар жергілікті халықтың талантты өкілдері де көптеп тартыла бастады. Саяси жер аударылғандардың ұсынысы бойынша 1884 жылы Семей облыстық статистикалық комитетіне Абай Құнанбайұлы мүше болып сайланды. Осындай ғылыми мекемеде Абай тамаша зерттеушілік қабілетін танытты. Семей облысы қазақтарының рулық құрамын анықтауды тұңғыш көтерген Абай 1900 жылы “Орта жүз қазақ ордасы руларының шығу тарихы туралы жазбалар” деген еңбегін статистикалық комитеттің басылымында жариялады.

Жер аударылғандар бастамасымен XIX ғасырдың 80 — 90-жылдарында Верныйда, Оралда, Омбыда, Семейде көпшілікке арналған бірқатар кітапханалар ашылды. Ресейдің кең-байтақ түкпірлеріндегі ірі университеттердің, академиялық мекемелердің, ағартушылық ұйымдардың бастамасымен жинақтала бастаған кітап және басқа да мерзімді басылымдардың қоры — қазақ өлкесінде ұлттық аймақтың мәдениетін көтерудегі тамаша еңбек болды.

Саяси жер аударылғандар Қазақстандағы тұңғыш өлкелік баспасөздің қалыптасуына қол ұшын берді.

Патша губернаторларының тікелей бақылауымен журналистік қызметке тартылған саяси сенімсіздер Қазақстанның шаруашылығы, тарихы және мәдениетіне байланысты осы күнге дейін құндылығын жоғалтпаған еңбектер жариялады.

Ғылымға ептілігі, арнайы дайындығы бар революционерлер өздерінің мүмкіндіктерінше Қазақстанды зерттеу мақсатында ұйымдастырылған экспедициялардың жұмысына атсалысты. Азаттық қозғалысының көрнекті өкілі Федор Андреевич Щербинаның бастауымен Қазақстандағы жер мәселесінің жағдайын анықтауға келген топтың құрамына Н.Ф.Дмитриев, В.А.Владимирский, К.А.Вернер, т.б. саяси жер аударылғандардың кіргізілуі кездейсоқ емес. Қазақ жерімен, өлкенің шаруашылық дамуымен біршама жақын танысып үлгерген азаттық қозғалыс өкілдері бұл күрделі жұмысты ұйымдастыруда, іс жүзіне асыруда қабілеттерін аямады. 1898 жылы алғашқы томы жарық көрген “Қырғыздардың жер иеленуі бойынша мәліметтер” — өте құнды зерттеу. Бұл еңбектің негізін құрастыруда қажетті

деректерді жинап, мәтінін жазуға — белгілі қазақ ғалымы Әлихан Бөкейханов белсене қатысты. Н.Я.Коншиннің, Л.Чермактың, В.Р.Кочаровскийдің экономикалық мәселелер бойынша, А. В. Леонтьевтің, А. Блектің заң, әдет-ғұрып саласындағы, Е. П. Михаэлистің Тарбағатай таулары мен Қалба жотасын зерттеудегі еңбектері — ғылымға қосылған зор үлес болды.

Саяси жер аударылғандардың бірқатары мерзімі аяқталғаннан кейін де қазақ жерінде қалды, қоғамдық өмірге белсене араласты. Қуғын салдарынан тағдыр Қазақстанға әкелген азаттық күрес өкілдері жергілікті халықтың тілін үйреніп, тарихын зерттеп, қазақ жастарын саяси белсенділікке бағыттады. Олар отарлық өлкеде жаңа қоғамдық сана қалыптастырды, отаршылдық езгіге қарсы күрес үшін алғышарт жасады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Азаттық күрес қайраткерлерін Қазақстанға жер аударуда, патша үкіметі қандай мақсатты көздеді?
2. Польша азаттық қозғалысына қатысқандардың Қазақстандағы өмірін сипаттаңдар.
3. Халықшылдар Қазақстанның қоғамдық дамуында қандай рөл атқарды?

Құжаттар

“С. С. Гросс — Дала өлкесіндегі, сонымен қатар Семей облысындағы ең белгілі саяси жер аударылғандардың бірі. Қуғынға түскенге дейін солтүстік-батыс губернияларда, Литвада қоғамдық қозғалысқа қатысқан, кейін Сібірге жер аударылды. Жан-жақты білімді С. С. Гросс айдаудағы достары арасында табандылығымен, жекебасының мейлінше шыңдалғандығымен, парасаттылығымен ерекше көзге түсетін. Семейде ол жергілікті сот Н.Е.Маковецкийге хатшылық қызмет, Статистикалық комитетте жауапты жұмыс атқарды. Бұл жағдай оған жергілікті халықтың әдет-ғұрпымен, заңдарымен танысуға мүмкіндік берді. Бұл жұмысқа негіз болған қырғыздардың (қазақтардың. — Ж.Қ.) билік соттарының шешімдері еді... Сол жұмыстың нәтижесі осы күнге шейін маңызын жоғалтпаған негізгі еңбек...”

Швецов С.П. Культурное значение политической ссылки в Западной Сибири // Каторга и ссылка. 1928. № 3. С. 81.

**Семей облысының әскери губернаторына
жер аударылған Михаил Ивановскийден**

2 ақпан, 1883 жыл.

“Өмір сүруге ешқандай жағдайым жоқ. Осыған дейін қиыншылықтан қалжырағанда, сіздің мазаңызды алмадым. Маған несиеге полицей мырза үкімет қаржысынан ұстап қалатын етіп 15 сом бергізуіңізді өтінемін... Өліп қалсам, бұл қарызды менен қалған заттарды сатып, қайтаруға болар...”

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік
мұрағаты. 15-қор. 2-тізім. 126-іс. 14-парақ.

VII бөлім. XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

§ 37. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Өлкедегі жалпы экономикалық ахуал. 1905—1907 жылдардағы Ресей империясын қамтыған революцияның алғышарттары мен басты себептерін, оның шет аудандардағы ерекшеліктерін осы отарлық мемлекеттің саяси экономикалық жағдайымен байланыстырып қараған жөн.

XX ғасырдың басындағы Қазақстанның шаруашылық дамуында XIX ғасырдың екінші жартысымен салыстырғанда түбірлі өзгерістер қалыптасты. Өнеркәсіптің жеке салаларының біраз дамуы, әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер етпей қоймады. Әсіресе теміржол құрылысы өлкенің Сібірмен іргелес орналасқан өңірін қамтуы, әрине, Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарының жаңа экономикалық қатынастарға тартылуын тездетті.

1893 — 1895 жылдары салынған ұзындығы 3 138 шақырым Сібір теміржолының 178 шақырымы қазіргі Қазақстан шекарасын басып өтетін. 1893—1897 жылдары салынған Рязань — Орал теміржолының 194 шақырымы Қазақстанның батыс аудандарын басып өтті. Олар Қазақстанның жалпы империялық шаруашылық жүйесіне белсене тартылуын тездетті.

Алайда әлі де болса Қазақстанның бірқатар аудандары, әсіресе оңтүстік өңірі шаруашылық жағынан оқшауланып қалған еді. Бай өлкенің шикізаттарын қарқындап дами бастаған метрополияның өнеркәсіп мүддесіне икемдеу мақсатында, патша үкіметі жаңа теміржол тораптарын іске қосуға күш салды. Екінші жағынан, осындай шаралар арқылы Ресей әкімшілігі Орта Азияны экономикалық орталықпен байланыстыруды көздеді. Орынбор — Ташкент теміржолын салу патша үкіметінің шығыс аудандардағы ірі экономикалық шарасы болатын.

Ұзындығы 1656 шақырым Орынбор — Ташкент теміржолының салынуы өте маңызды оқиға болды. Оның Орынбор — Кубек, Ташкент — Кубек бөлімдері 1906 жылдың қаңтар айында пайдалануға берілді. Енді Қазақстанның негізгі экономикалық аудандары Ресейдің өндірістік аудандарымен байланыстырылды. Бұл жолды салуда патша үкіметінің біржақты саяси бағыты анық көрінді: магистраль өтетін

өңірлерде орналасқан қазақ шаруалары ол аудандардан ығыстырылып, жергілікті тұрғындар мұқтаждығы ескерілмеді. Жерінен айырылған қазақ шаруаларына берілетін ақшалай өтем құны ауызға алуға келмейтін.

Теміржол құрылысы өндіріс жабдықтарын Қазақстанның шалғай түкпірлеріне жеткізуге мүмкіндік берді, жұмысшылар санының өсуіне жағдай жасады. 1902 жылы қазіргі Қазақстанның шекарасында 8 887 өндіріс орындары бар еді, онда 25 392 жұмысшы еңбек етті.

1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революцияның қарсаңында 300—400 жұмысшы шоғырланған ірі өнеркәсіп орындары да болды. Мысалы, Успен кеніші, Қарағанды көмір шахтасы, Риддер түсті металлургия өнеркәсібі, Спасск мыс қорыту зауыты. Тіпті 1902—1904 жылдары Орынбор — Ташкент теміржолында жұмысқа тартылғандар саны 30 мыңға дейін жеткен. Алайда олардың ішінде маусымды немесе уақытша жұмысқа жалданғандар саны басым болды.

Аграрлық даму ерекшеліктері. 1905—1907 жылдардағы революцияға алғышарт болған мәселелердің бірі — патша үкіметінің аграрлық саясаты. Орталық губерниялардан Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыру XX ғасырдың басында бұрынғыдан да күшейді. Бұл жағдай, әрине, бір жағынан, орыс-қазақ шаруалары арасындағы байланыстарды шиеленістіріп жіберсе, екінші жағынан, сол келімсек топтардың да жағдайын біршама қиындатты. Жер өңдеу үшін ауылшаруашылық құрал-жабдықтары, азық-түлік жетіспеуі — келімсек шаруалардың бір бөлігінің патша үкіметіне қарсылығын тудырды. Қазақтардың “артық” жерлерін алу деген желеумен патша үкіметі, шын мәнінде, қазақ руларының ғасырлар бойы көшіп-қонған жерлерін басып алуды әдетке айналдырды. 1853 және 1905 жылдары көшпенді қазақтардан 4 миллион десятина жер тартып алынса, 1906 — 1907 жылдар арасында 17 миллион десятина жер тартып алынып, қоныс аударған шаруаларға бөлініп берілді.

Келімсек шаруалардың арасындағы мүліктік айырмашылық күннен-күнге байқалды. 1 десятина егістік жері бар — *батырақ*, 4 десятинаға дейін — *өте кедей шаруа*, 5 — 8 десятинаға дейін — *кедей*, 10 десятинаға дейін — *шамалы орта шаруа*, 15 десятинаға дейін — *ауқатты орта шаруа*, 15 десятинадан асса — *кулакқа жатты*. Сонымен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік жағдайы патша

өкіметінің ұлттық езуі мен қанау саясатына қарсылықтың басталуы үшін алғышарттарды қалыптастырды. 1905 — 1907 жылдардағы революциялық оқиғалар осының нақты көрінісі болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шаруашылық саласындағы өзгерістерге қандай сипаттама беруге болады?
2. Жер мәселесі неліктен қазақ халқының тағдырын айқындайтын басты мәселе болды?
3. Әлеуметтік жіктелудің тереңдеуін қандай мәліметтер дәлелдейді?

§ 38. ҚАЗАҚСТАН 1905—1907 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕСЕЙДЕГІ РЕВОЛЮЦИЯ КЕЗІНДЕ

Ресейдегі оқиғалардың әсері. Қазақстанмен іргелес орналасқан Еділ бойындағы, Оралдағы, оңтүстік-батыс Сібірдегі өнеркәсіптік орталықтардағы жасырын саяси ұйымдар өлкемізде үндеулер, патша үкіметіне қарсы насихаттық құжаттар таратты. “Искра” газетінің және “Сібір социал-демократиялық одағының” мәліметтері қазақ өлкесінде де белгілі болды. Қазақ ауылы орталықта болып жатқан оқиғалардан тікелей тысқары тұрса да, қалаларда революциялық жасырын ұйымдар қалыптасқанын біліп отырды. 1902 жылы тұңғыш маркстік құпия ұйымдардың бірі Орынборда құрылды.

Отарлық ұлт аудандарының “сілкініп оянуына” әсер еткен оқиға Санкт-Петербургте өткен “Қанды жексенбі” 1905 жылы 9 қаңтарда болды. Әрине, өлкенің шалғайлығы, патша өкіметінің болып жатқан оқиғаларды жасыруға тырысуы, оның Қазақстанға кешеуілдеп жетуіне әсер еткені айқын. Солай болса да 1905 жылдың ақпан айында Түркістанда, Перовскіде, Жосалыда, Шалқарда ұйымдасқан қарсылықтар жергілікті отаршыл билеушілерге қыр көрсету ретінде өтті.

1905 жылғы Ресей социал-демократиялық партиясы ІІІ съезінің, сәуір конференциясының қарарлары, оның Ташкент, Омбы, Орынбор комитеттерінің шешімдері өлкенің түпкірдегі аудандарына да жетті. Петербург, Мәскеу, Рига және Ресейдің басқа бөлігіндегі ірі патша жазалаушы күштерімен қақтығыс толқыны қазақ шаруаларының көтерілуіне де себепші болды. Торғай, Семей, Орал облыстарындағы қазақ шаруаларының бой көтеруі — патша үкіметінің басқа

өңірлерден шаруаларды қоныстандыруы мен жергілікті халықтың жерін тартып алуға деген қарсылығының көрінісі болатын.

Семейде, Ақмолада құрылған социал-демократиялық ұйымдар, Орал, Торғай және басқа қалалардағы астыртын топтар көп тілді Қазақстан еңбекшілерінің арасында патша өкіметіне қарсы үгіттің әлеуметтік құрамын кеңейтті.

1905 жылы мамыр айында еңбекшілердің бірлігін қуаттайтын саяси ереуілдер Верныйда, Перовскіде, Қостанайда халықаралық ынтымақтың көрінісі ретінде өткізілді. Қарқаралыда өткен осындай халықтық жиынға **Міржақып Дулатұлы** белсене қатысты.

Еңбекшілердің саяси көзқарасына ерекше әсер еткен оқиға Бүкілресейлік қазан саяси ереуілі еді. Перовскіде (Қызылорда), Қостанайда, Оралда, Успен (Нілді) кенішінде стачкалық комитеттер құрылды.

Қазан айының 17-інде жарияланған патша манифесінің жұртты алдау екенін жаңадан қалыптаса бастаған Алаш қозғалысы сияқты ұлттық-демократиялық партиялар да әшкереледі. **Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Тынышпайұлы** және басқа да демократиялық жолды ұстаған жас қазақ зиялы қауымының өкілдері ұлт мерейі үшін табанды күресті жалғастырды. Екінші жағынан, Ресейдің орталық аудандарындағы оқиғалардың әсерімен кадеттер, октябристер, қаражүздіктер ұйымдары да құрылды.

Саяси топтар арасындағы тартысқа қарамай, қазан және қараша айларында Қазақстан еңбекшілері патша үкіметіне қарсы бірнеше саяси бой көрсету ұйымдастырды. Қазан айының 18-19-ында Орынбор қаласында өткен шеру “Демократиялық республика жасасын!”, “Самодержавие жойылсын!” деген айқын саяси ұрандарға ұласты. Қазан айының 25-інде Омбыда ұйымшылдықпен өткен саяси бой көрсету Батыс Сібір әкімшілігін қатты сескендірді.

Перовскідегі саяси шеру орыс және қазақ жұмысшыларының бірлескен қарсылығының көрінісі болды. Жұмысшылар өкілдерінен құралған комитет Петербург теміржол жұмысшыларымен байланыс орнатты.

1905 жылы қараша айының 16 — 28-і аралығында Семей пошта-телеграф қызметкерлері ереуіл жариялады. Толқуды басу үшін облыс губернаторы Қарқаралыдан әскери күш шақыртты.

Революциялық дүмпуден, сонымен қатар патша үкіметінің тірегі — Қазақстандағы әскери бөлімдер де тыс қалмады. 1905 жылғы 6—7 қарашада Верныйдағы Батыс Сібір батальоны, осы айдың 21-інде Жаркент гарнизоны солдаттары патша үкіметінің жаншу, жазалау саясатына қарсылық білдірді.

Ірі бас көтерулер. 1905 — 1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі қазақ-орыс еңбекшілерінің біріккен интернационалдық бой көрсетуінің ең басты оқиғасы — Успен (Нілді) кенішіндегі оқиға. Ақмола облысындағы осы кен өндірісінде 300-ден астам жұмысшы бар еді. Соның 265-і қазақ болатын. Кеніш француз президентінің жиені Карноның меншігі болып саналатын, іс басқарушысы — ағылшын Фелль. Ереуілге “Капиталға қарсы орыс-қырғыз одағы” деп аталған, құрамына П.Топорнин, Л.Байшағыров, С.Невзоров және басқалар кірген ұйым басшылық етті.

Жалақының төмендігі, жұмыс істеу шарттарының аса ауырлығы, шетел капиталистерінің, әсіресе ағылшын инженерлері Мессен, Гиббердің қатыгездігі, тағы да басқа жайттар ереуілге себеп болды.

Нілдідегі ереуілдің Орталық Қазақстандағы басқа өндіріс орындарына тарап кетуінен сескенген Фелль Ақмола уезіндегі ауылнайлардың бірі Мұстафаевқа шағынып, қазақ жұмысшыларын ереуілшілерден ажыратып алуға күш салды. Қарауылшылар кенішті қоршап алды. Үгіт, қорқыту, жалған уәделерге қарамастан, көптеген жұмысшылар өздерінің талаптарының орындалуын мейлінше табандылықпен қорғады. Алайда Фелль жұмысшылардың талабын орындаудан бас тартты.

Желтоқсанның 11-інде Мұстафаевтың және басқа бай ақсүйектердің Нілдіге келуінен мардымды нәтиже шықпады. Қарағанды кеншілері ереуілшілерді барынша қолдады. Кеніштің шетелдік иелері жұмысшылардың талаптарын ішінара қанағаттандыруға мәжбүр болды. Ереуіл бәсеңдеді, оған дем беруші Невзоров пен Топорнин тұтқындалды.

Сонымен 12 күнге созылған, кен өндірісінің 360 жұмысшысы қатысқан, қазақ және орыс жұмысшыларының тізе қосқан ереуілі басылды. Алайда бұл оқиға XX ғасырдың басындағы өлкедегі революциялық оқиғалардың ішінен ерекше көзге түседі. Жұмысшылар патша үкіметінің отаршыл жүйесіне, шетелдің өндіріс иелерінің қыспағына

қарсы күресте тәжірибесін молайтты, күрес барысында шындалды.

Саяси қозғалыстың өрістеуі. 1905 жылдың желтоқсан айында Қазақстанның бірнеше ірі қалаларында ереуілдер өтті. 6-желтоқсанда Өскемендегі жұмысшылардың жиынында сөйлеген сөзінде социал-демократ Крушев патша үкіметіне қарсы күресте ынтымақтасуға шақырды. Желтоқсанның 13-інде Павлодарда Батыс Сібір серіктігінің Ертіс бөлімінің жұмысшылары митингі өткізді. Жергілікті өндіріс пен кеме иелері Вардропер, Плотников, Корниловтардан өзен кемелерінің жұмысшылары жалақыны көтеруді, зейнеткерлерге берілетін ақшаны көбейтуді, дәрігерлік көмек көрсетуді талап етті. Экономикалық сипаттағы талаптар болғанымен де осындай 1905 жылғы желтоқсандағы ереуілдер, бой көрсетулер патша өкіметіне қарсы бүкілресейлік азаттық қозғалыстың құрамдас бөлігіне айналды.

Осы кезеңдегі оқиғалар жүйесінде басты орын алатын оқиға — 1906 жылғы шілде айындағы Семей қаласындағы жаппай ереуіл. Шілденің 3-інде Ертіс аймағында басталған, қаладағы басқа да өндіріс орындарының жұмысшыларын қамтыған осы ереуіл 1906 жылғы Қазақстандағы басты саяси оқиға ретінде саналды. Алғашында 300, кейіннен ереуілге қатысушылар саны 500-ге жетті. Бұл ереуілдің басты талаптары экономикалық мазмұнда болды: жұмыс күнін 10 сағатпен шектеу, балалар үшін 8 сағат, ауырған күнге ақы төлету, жалақыны көтеру, жұмыс мерзімінен тыс күштеп қосымша еңбек еткізуге тыйым салу, сонымен қатар әйелдердің құқығын қорғау. Жергілікті құпия большевиктік топ мүшелері — Брудневский, Солодовников ереуілшілердің күшін топтастыруға күш салды.

1906 жыл Қазақстан шаруалар қозғалысының да өрістеген кезі. Семей облысының Қарқаралы уезінде, Жетісу облысының Жаркент уезінде (әсіресе ұйғыр еңбекшілері), Сырдария облысындағы Әулиеата, Шымкент уездерінде, Орал, Торғай облыстарында қазақ шаруалары отаршыл жер саясатына ашық қарсылық көрсетті. “Орынбор өлкесі”, “Орал күнделігі”, большевиктік бағыттағы “Орал” және де басқа күнделікті басылымдар қазақ шаруалары қарсылығының барысы хақында оқырмандарын уақытында таныстырып отырды.

Саяси толқулардың кеңеюінен сескенген патша өкіметі Қазақстандағы қозғалысты тезірек басу үшін бірқатар



Мемлекеттік Дума
мүшесі Шаймерден
Қосшығұлов

шаралар қолданды. 1906 жылдың қаңтар айының 10-ында Ішкі істер министрі Дурнов өлкедегі қарсылықтарды жаншуға арнайы тапсырма берді.

Осындай ауыр жағдайға қарамастан, зиялы ұлттық демократиялық қауымының белгілі өкілдері — Әлихан Бөкейханов (Семей облысы), Ахмет Байтұрсынұлы (Торғай облысы), Б.Қаратаев (Орал облысы), М.Тынышпайұлы, Б.Сыртанов (Жетісу) қазақ еңбекшілерінің заңды мүдделерін қорғауда, талаптарын түсіндіруде аянбай күрес жүргізді.

Саяси топтардың, партиялардың арасында өзара талас, патша үкіметіне қарсы күрес, әсіресе екінші Мемлекеттік Думаға сайлау кезінде ерекше көзге түсті. Патша үкіметінің заңына сәйкес түземдік халық арасынан да депутаттар сайлануға тиісті болды. Олар: Ақмола облысынан молда, мұсылмандық оқу жүйесін сақтап қалуда ерекше еңбек сіңірген **Ш.Қосшығұлов**, Жетісудан — федералист **М.Тынышпайұлы**, Оралдан — кадет **А.Бірімжанұлы**, Семейден ауқатты топтан шыққан **Х.Д.Нүрекенұлы**.

Алайда барлық депутаттар өз міндеттерін атқаруда дәйекті болмады. Негізінде, Семей жұмысшыларының қолдауымен Мемлекеттік Думаға сайланған Н.Я. Коншин солқылдақтық көрсетті. “Семипалатинский листок” газетінің редакторы, қазақ өлкесінің тарихы жөніндегі тамаша еңбектердің авторы Н.Я. Коншин кейіннен өзінің бұрынғы сайлаушыларға берген уәделерінен бас тартып, Мемлекеттік Думада “Сібір автономияшылары” деп аталған Сібірдің дербес дамуын жақтаған топқа қосылып кетті.

1905 — 1907 жылдардағы Ресей революциясы жеңіліс тапты. Оның басты себептері: әлі де жұмысшы табының, әсіресе қазақ жұмысшылар санының аздығы, олардың шағын, әртүрлі өндіріс орындарында шашыраңқы болуы, т.б. Қазақ ауылының қалалық орталықтарда болып жатқан оқиғалардан тысқары қалуы да, патша өкіметіне қарсы бірыңғай майдан құруға мүмкіндік бермеді. Әрине, қозғалыстың бөсеңдеуіне себепші мәселелердің бірі — революциялық күресті ұйым-

дастырудағы ұлттық демократиялық топтардың тәжірибесінің әлі де жеткіліксіздігі еді.

Алайда 1905 — 1907 жылдардағы революцияның Қазақстанның кейінгі саяси қоғамдық дамуына әсері мейлінше терең болды: болашақтағы патша өкіметінің отаршыл саясатына қарсы күресті ұйымдастыруға тәжірибе жинақталды, ереуілдерді ұйымдастырудағы кемшіліктер кейін ескерілді, ұлттық баспасөз қалыптаса бастады, т.б.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. XX ғасырдың басында Қазақстанда революциялық қозғалыстың басталуы үшін қандай алғышарттар қалыптасты?
2. “Қанды жексенбі” Қазақстандағы саяси ахуалға қалай әсер етті?
3. 1905 жылдың күзіндегі болған оқиғаларға сипаттама беріңдер.
4. Нилді (Успен) кенішіндегі ереуілді талдап, әңгімелеңдер.
5. Ұлттық-демократиялық күштер патша үкіметіне қарсы қалай күресті?
6. II Мемлекеттік Думаға қазақ өлкесінен сайланған қандай саяси күштерді білесіңдер?
7. Революцияның жеңілу себептерін қалай түсінесіңдер және оның маңызы неде?

Құжаттар

Қазақтардың император ағзамға талабы

“Омбыда әртүрлі мекемелер өкілдерінің жиналысында қырғыздардың (қазақтардың. — *Ж.Қ.*) өкілдерін Земствоның жиынына жібермеу жөніндегі жеккөрінішті министр А.Г.Булышовтың жобасына жақын шешім қабылданыпты.

Бұндай жағдай дала өлкесінің басты тұрғындары (қазақтардың. — *Ж.Қ.*) жағдайын білмеудің салдары, бізді қатты қиналтуда. Қандай әділет бар. Қырғыздарды құқықсыз, заңсыз топқа бөлу қайдан шыққан. Иә, біз мал шаруашылығымен айналысамыз. Бірақ ол қаңғу емес қой. Мал шаруашылығымен айналысу неге біздің сайлау құқығымызға шек қоюға себепші болмақ? Қырғыздар қоғамдық және мемлекеттік мақсатты орыс шаруаларынан кем түсінеді деп кім қорытынды жасай алады, тіпті басқа отырықшы бұратаналармен салыстырмай-ақ қояйық. Кім қырғыздардың мүддесін қорғамақ, кім біздің мұқтаждығымызды дұрыс түсіндіреді?”

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты. 64-қор. 1-тізім. 322-іс. 116-парақ.

§ 39. ҚАЗАҚСТАН — САЯСИ РЕАКЦИЯ ЖӘНЕ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

Революциялық шегіністің әсері. Ресейдің капитализмнің жоғарғы сатысы империализм сатысына өтуі нәтижесінде ұлт аймағын отарлық езу, кең өлкедегі қазақ және басқа халықтарды экономикалық тонау күшейе түсті. Халықтар түрмесі болып қала берген Ресей империясы әлеуметтік қарама-қайшылықтарды тұншықтыруды бәсеңдетпей, қазақ өлкесінде отаршыл аграрлық саясатын жалғастырды. Халықтың жайылымдық жерлерін күшпен экспроприациялап, елді мекендердің тез өзгерген этникалық құрылымының алғышарттарын кеңейтуді қолға алды. XIX ғасырдың аяғында-ақ кейбір облыстарда сан жағынан қазақтардан басым болған орыс қоныс аударушылары жергілікті халықты ығыстырып тастады.

Бұл үшін патша үкіметі өткен жылдардағы тәжірибесін ескерді, казак әскеріне сүйеніп, саяси қарсылықтарды және қандай да болмасын келіспеушілікті қаталдықпен басып тастаудың айла-амалдарын қарастырды.

Ұлттық аймақтарды, сонымен қатар Қазақстанды отарлау мәселелері Мемлекеттік Думада да арнайы талқыланатын. Жер мәселесі, шаруаларды шығыс аудандарға қоныс аударту социалистердің (эсер), кадеттердің, большевиктердің және басқа да Мемлекеттік Думада өкілдері бар партиялар мен ұйымдардың көңілін мейлінше аударды.

Революциялық оқиғалардан іркіліп қалған патша үкіметі, әсіресе орталық губерниялардағы халықтың назарын таптық қозғалыстан аудару үшін шаруаларды Қазақстан сияқты шалғай аудандарға қоныс аударуға мейлінше мүдделі болды.

1906 жылғы қараша және 1910 жылы Столыпиннің үкіметі қабылдаған аграрлық саясат революцияны тұншықтыруға бағытталды. Екінші жағынан, шығыс аудандарға, әсіресе Қазақстанға қоныс аударған шаруалар арасынан өзінің жер саясатын одан әрі тереңдету үшін кулак топтары арқылы тірек алуды да ойластырды. Орталық губерниялардан қоныс аударған шаруалардың мейлінше жиі орналасқан аудандары Семей, Ақмола, Орал және Жетісу облыстары болды. 1917 жылғы Қазан революциясының қарсаңында жалпы өлкеде жергілікті халықтан тартып алынған жер көлемі 45 млн десятинадан асты.

Әрине, жылдан-жылға келімсек шаруалар санының көбеюі, Қазақстан халқы құрамының күрт өзгеруіне де әсер етпей қоймады. 1870 және 1906 жылдар аралығында тек далалық Қазақстанда Ресейден көшіп келгендер саны 521 023 адам болса, 1907 және 1914 жылдар арасында, яғни 9 жыл ішінде жаңадан қоныс тепкендер саны 714 395 адамға жетті. Алайда Ресей империясының әр аудандарынан қазақ өлкесіне қоныс аударғандар санының көбеюі немесе оның кейбір жылдары кеміп отыруы, орталық губернияларда қалыптасқан саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелерге де байланысты болған. Айталық 1913—1915 жылдардағы Еділ өзені бойындағы аштықтың салдарынан Қазақстанға келіп қоныстанған шаруалар саны көбейіп кеткені түсінікті. 1914 жылы Қазақстанда қоныстанған жергілікті емес халықтар санының 21 есеге бірден көтерілуі, негізінен, Ресейден қоныс аударған шаруалардың есебінен болды.

Столыпиннің аграрлық саясаты қазақтардың үлесінің әжептәуір кеміп кетуіне тікелей әсер етті. Қазақтар үлесі Ақмола облысында 36,6% (1897 жылы 61,1), Семейде 73% (87,9), Сырдарияда 62,3% (64,4), Жетісуда 60,5% (80,4), Торғайда 58,7% (90,6) және Орал облысында 56,9% (71,3) болды. Орыс тұрғындары да облыстар бойынша мынадай болған: Ақмолада 56,7%, Оралда 40,8%, Торғайда 37,5%, Семейде 24%, Жетісуда 23,5% және Сырдария облысында 6,2% -ға теңелді.

Жергілікті халықтың 90% -дан астамы мал шаруашылығымен айналысқан өлке үшін жайылым және шабындық жерді ұтымды пайдаланудың орасан зор маңызы бар. Бүтін жер қорын патша үкіметінің қазына иелігі деп есептеуі және осы бағыттан таймай қазақтарды жерінен біртіндеп ығыстыру саясаты, саяси қайшылықтардың әр кезде шиеленісіп отыруына әсер етті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің де басты алғышарты патша үкіметінің жер мәселесіндегі қысымының салдары болғаны бірден байқалды.

Революцияның өрлеу кезеңіндегі әлеуметтік қайшылықтың шиеленісуі. Ресейдің орталық аудандары, сол сияқты Орал мен Батыс Сібірдегі революциялық оқиғалар, осы өңірлермен мейлінше іргелес орналасқан Қазақстандағы әлеуметтік қатынастардың шиеленісуіне әсер етпей қоймады. 1905—1907 жылдардағы сияқты өлкенің солтүстік-батыс және шығыс аудандары — революциялық толқулардың белсенділігі қатты байқалған өңірлері болды.

Жұмысшыларды өндірістен босатуға қарсылық көрсеткен “Атбасар мыс кендері” акционерлік қоғамы жұмыскерлерінің 1911 жылғы мамыр айының ортасында ұйымдастырған ереуіл серпіні, отарлық басқару әкімдерін шашындырды. Осының алдында ғана Өскемен уезіндегі алтын өндіретін “Николай” және “Основательный” кеніштеріндегі жұмысшылар ереуілінің тегеурінді болғаны соншалық, өндіріс иелері олардың талаптарын талқылау үшін арнайы комиссия құруға мәжбүр болған.

Орал мен Сібір және Еділ бойында құпия жағдайда басылған үгіт-насихат құжаттары, большевиктер үндеулері Қазақстан қалалық қоныстарында да қолдау тапты.

Лена қырғыны да Қазақстанда ереуілдердің кең шарпуына әсер етпей қоймады. Тіпті ресми шығатын, үкіметке иек артқан “Туркестанский курьер” және “Омский вестник” газеттері Ленадағы оқиғалардың Қазақстандағы саяси ахуалға әсер еткендігін оқырмандарына хабарлаған. 1912 жылғы қазан айының 2 — 6-сындағы Байқоңыр көмір өндірісіндегі, Семейдегі судиірмені жұмысшыларының, Торғай уезіндегі Шоқпаркөл көмір шахтасындағы ереуілдер жалпыимпериялық саяси қозғалыстардың құрамдас бөлігі болды. Омбыда, Орынборда, Петропавл, Өскемен және де басқа қалалардағы әртүрлі салалардағы жұмысшылардың революциялық бой көтерулеріне жергілікті большевиктер, социал-демократиялық ұйымдар басшылық етті.

1914 жылдың көктемі мен жазы Ресейлік демократиялық қозғалыстың өрлеу кезеңі еді. Соның ішінде Доссордағы Орал — Каспий мұнай қоғамының және Ембі (Жем) өндірісі жұмысшыларының ереуілдері табысты өтті. Әкімдер жұмысшылардың бірқатар талаптарын қабылдауға мәжбүр болды. Жалақының 26% -ға көбеюі табанды күрестің нәтижесі еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы Қазақстан сияқты шикізат қоры саналатын шалғай өңірдің экономикалық маңызын арттырды. 1915 жылы маусым айының 25-інде үкімет бекіткен “Бұратаналарды мемлекеттік қорғаныс ісіне пайдалану жөніндегі” ережелер жұмысшыларды өндіріс иелеріне байлап берді.

Ұлттық мүдде, ұлттық сананың қалыптасу ерекшеліктері. Қазақстандағы өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың үстінен полициялық бақылау күшейді. 1915 жылғы мамыр айындағы Екібастұз көміршілерінің ереуілі —

талаптары жағынан саяси ереуіл. 1916 жылы тамыз айындағы Қарсақбай мыс кенішіндегі ереуілдер — саяси күрестің өрлеуінің көрінісі болды. Революцияның өрлеу кезеңі — ұлттық-демократиялық күштердің патша үкіметіне қарсы күресінің шындала бастаған кезеңі.

Қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени және әдеби өміріне белсене араласқан өкілдерінің бірі — **Ахмет Байтұрсынұлы** (1873—1937 жж.). Қарқаралыда оқытушы болып жүргенде әділетсіздікке, патша өкіметінің қанау саясатына қарсылық білдіргені үшін Ахмет Байтұрсынұлы 1909 жылы шілде айында Семей түрмесіне қамалады. Кейіннен Қазақстаннан жер аударуға үкім қабылданып, ол 1910 және 1917 жылдар аралығында Орынборда тұрған. 1913 жылы наурыз айынан “Қазақ” атты апталық газет ұйымдастырып, оның редакторы ретінде патшалық Ресейдің отарлық саясатын әшкерелеуде белгілі рөл атқарды.

Ахмет Байтұрсынұлын қоғамдық жаңашыл бағытқа, көрегендікке, қайраткерлікке сол дәуірдің тарихи жағдайлары дайындады. Ол көрген өмірдің ауыртпалықтары, патша өкіметінің отаршылдық саясаты, ойлы жас демократтың бойындағы халықтық қасиеттерді оятты.

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам, —

деп Байтұрсынұлы күрес жолына қалай түскендігін осы шумақтарында ашып айтқан.

1905 — 1907 жылдардағы революциялық қозғалысқа қатысқан **Міржақып Дулатұлының** (1885 — 1935 жж.) да қоғамдық өмірге белсене араласқан кезеңі — революцияның қайтадан өрлеу жылдары. 1910 жылы Қазанда жарық көрген “Бақытсыз Жамал” романы, 1909 жылы Уфада, кейін 1911 жылы Орынборда жарық көрген “Оян, қазақ!“, 1913 жылы Орынборда жарияланған “Азамат” атты



Ахмет
Байтұрсынұлы



Міржақып Дулатұлы

өлеңдер жинағы, 1915 жылғы “Терме” деген әдеби-публицистикалық туындыларының нақты саяси бағыты бірден сезілді. Патша үкіметінің бақылауына түскен, сан рет түрмеге қамалған Міржақып Дулатұлы Ресей үкіметінің аграрлық саясатын мейлінше сынады. Қуғынға түскен М. Дулатұлы Семейде, Омбыда, Қарқаралыда болып, қазақ еңбекшілерінің саяси бағытын анықтауда ерекше рөл атқарды. Қазақ зиялыларының аса көрнекті өкілдерінің бірі, белгілі ғалым Ә.Бөкейхановтың ұлттың мүддесін қорғаудағы жан аямай

күресуі де осы кезеңде басталды.

Ресейдегі революцияның жаңа өрлеу кезеңі Қазақстанда демократиялық қозғалыстың дамуындағы белді кезең болды. Басты өндіріс орындарындағы ереуілдердің саяси бағыт алуы патша үкіметіне қарсы езілгендердің топтасуына, күш жинауына әсер етті. Демократиялық бағыттағы қызметін ағартушылық жұмыспен ұштастырған ұлттық зиялы қауым өкілдері қазақ ауылының саяси өмірге тартылуын тездетті.

Бірінші дүниежүзілік соғыс және Қазақстан. Бірінші дүниежүзілік соғыс екі әскери-саяси топтарға жіктелген елдердің экономикалық және қоғамдық жағдайын шиеленістіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар шалғай жатқан Қазақстанның да дамуына зардабын тигізді. Ең алдымен, өзінің шаруашылық ерекшеліктеріне қарай, өлкенің майданды және елді шикізат, азық-түлікпен қамтамасыз етудегі рөлі мейлінше күшейді. 1914 — 1916 жылдардың арасында тек Түркістан өлкесінен 2 089 мың тонна мақта, үш жүз мың пұт ет, жетпіс мың жылқы, он үш мыңға жуық түйе және он төрт мыңға жуық киіз үй алынған. Соғыстың бірінші жылында тек Жетісу облысынан майдан мұқтаждығына жіберілген мал мен мал шаруашылығы өнімдерінің құны отыз төрт млн сомға жетті.

Соғыстың ауыр зардаптарының бір көрінісі — шаңырақ салығының көбеюі. 1914 жылы қазақтардан жиналатын осы әлеуметтік ауыртпалықтың мөлшері 600 мың болса, 1917 жылға қарай 1 млн 200 сомға ұлғайды.

Орыс шаруаларының қыстақтары да соғыстың зардаптарын бірден сезді. Әсіресе Ақмола, Семей, Торғай және Орал

облыстарындағы отырықшы аудандарда майданға әскер қатарына шақырудың жаппай сипат алуынан, жүздеген қоныстар ер азаматтарынан айырылды. Егер де Ресейдің бірқатар аудандарында ер адамдарды әскерге шақыру 35 — 40% -ға жетсе, Қазақстанның, әсіресе орыс шаруалары көбірек қоныстанған далалық аудандарында онан да жоғары болды. Жұмысқа жарамдыларды әскер қатарына шақыру зардаптары соғыстың алғашқы айларында-ақ байқалды.

Соғыстың ауыр зардаптары шаруашылықтың басқа да салаларында айқын көрінді. Әсіресе кен өндірісі, Қазақстанның орталық аудандарындағы көмір, батыста мұнай өндіру құлдырап кетті. Ембі (Жем) экономикалық өңірінде мұнай өндіру соғыстың бірінші жылының өзінде 265 560 тоннадан 1915 жылы 80 мың тоннаға дейін кеміп кетті.

Еске алатын бір жағдай, соғыстың қанды шайқастары мыңдаған адамдарды жалмап, аз да болса өндірістік мамандығы бар онсыз да саны аз маман жұмысшылардың майданға аттануын қажет етті. Бұл жағдай дамып келе жатқан өндіріс орындарында кәсіпқой жұмысшылар үлесінің күрт төмендеуіне себепші болды.

Соғыстың тауқыметі еңбекшілердің хал-ахуалынан ерекше байқалды. Әсіресе XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында шетелдік капиталистердің бақылауында болған өнеркәсіп орындарында, жұмысшылардың жағдайы мейлінше ауырлады. Ешқандай бақылау болмаған, әсіресе ауыр қара жұмысқа пайдаланылатын өндіріс орындарында жұмыс мерзімінің ұзақтығы 12 — 14 сағатқа созылды. 12 — 14 жастағы жеткіншектердің еңбегін қанау үйреншікті іске айналды. Күніне еңбегі үшін төленетін 20 тиын, олардың не тамағын немесе басқа қажетін қанағаттандыруға жетпейтін.

Соғыс кезіндегі қымбатшылықтың артуы, әсіресе қаладағы өндіріс орындары жұмыскерлерінің хал-жағдайын тым төмендетіп жіберді: ұн бағасының 70% -ға, қанттың 50% -ға, сабынның 200% -ға, сонымен бірге күнделікті өмір қажетін өтейтін басқа да бұйымдардың қымбаттауы еңбекшілердің наразылығын туғызды. Қоғамдық дағдарыс біртіндеп әлеуметтік тартысты тереңдетті.

Қазақстандағы әскери тұтқындар. Қазақстандағы қоғамдық саяси ахуалға Австрия-Венгрия және Германия тұтқындарының әкелінуі біршама әсерін тигізді. Бірінші дүниежүзілік соғыс майданындағы қантөгіс шайқаста әскери

тұтқындар Қазақстанның солтүстік-шығыс және оңтүстік аудандарына көптеп жіберілді. 1914 жылдың тамыз айында бір ғана Омбы қаласында шоғырланған әскери тұтқындар саны 20 000-ға дейін жетті. Омбы, Ақмола, Семей, Павлодар, Қазалы және басқа қалалар Австрия-Венгрия және Германия әскери тұтқындарды қабылдаған басты ошақтарға айналды. Тұтқындар арасында, сонымен қатар Кавказ майданында орыс тұтқынына түскен түріктер және басқа да үштік одақ жағында соғысқан мемлекеттердің жауынгерлері кездесетін.

Әскери тұтқындардың алғашқы топтары 1914 жылдың тамыз айындағы батыс майдандағы шайқастардан кейін өлкеге әкеліне бастаған. Әскери тұтқындардың басым көпшілігінің 97,8% -ының қатардағы әлеуметтік топтан шығуы отаршылдық жергілікті әкімшілікті қауіптендірді.

Әскери тұтқындардың ұлттық құрамы да әртүрлі еді. Қазақстан қалаларындағы әскери тұтқындар арасында, негізінен, славян тектес тұтқындар басым болғаны анық. Сонымен қатар түрік, румын, итальян, неміс, венгр (мадьяр), басқа этностық топ өкілдері, тұтқындар тобының әртектілігін көрсетеді.

Полицейлік бақылау әскери тұтқындарды жергілікті халықтан мейлінше жекелеп ұстауға тырысса да, жергілікті тұрғындар — тұтқындар арқылы майдандағы жаңалықтарды білуге тырысты. Біртіндеп саяси жағдайдың революциялық бағытта дамуымен әскери тұтқындар мен жергілікті тұрғындар арасындағы қарым-қатынас та сенімді бағыт ала бастады. Осындай ахуалдың тереңдеуіне әскери тұтқындардың шаруашылық салаларына тартыла бастауы әсер етті.

Қазақ өлкесінде негізгі еңбек күші еркектердің басты бөлігінің майданға шақырылуы, шаруашылық жағдайын дағдарысқа ұшыратты. Семей, Ақмола сияқты далалық облыстарда тіпті жұмысшылардың 50% -ына дейін майданға тартылды. Орынбор өлкесінде 40% -ға жуық, Жетісу облысында еңбек адамдарының үштен бірінің әскерге шақырылуы жалпы өлкедегі дәстүрлі экономикалық салаларға ауыр тиді. Әсіресе жер шаруашылығымен айналысқан кулак өндірісіне нұқсан келтірді. Дегенмен, әскери тұтқындарды арзан жұмысшы күші ретінде пайдалану шаруашылықтың ахуалын біршама қалпына келтіруге себін тигізді.

Үкімет белгілеген әскери тұтқындарды шаруашылықта пайдалану туралы ережелерде, олардың еңбегіне жалдамалы жұмысшы ретінде ақы төленуге тиісті болды. 1916 жылы бір ғана Ақмола облысының Петропавл уезі бойынша жалдама жұмысқа тартылған Австрия-Венгрия және Германия одағы тұтқындарының саны көбейе түсті. Ақмола облысында 14 мың тұтқын тек ауыл шаруашылығында пайдаланылды.

Әскери тұтқындар, сонымен қатар мемлекеттік қорғаныс, өндіріс орындарында, жеке отбасы шаруашылығында, қолөнерлік шеберханаларда, етікшілік, ұсталық, музыканттық және басқа да мамандықтар бойынша жұмысқа тартылды. Алайда, жалпы алғанда, әскери тұтқындардың Қазақстандағы жағдайы жеңіл болмады. Отаршылдық-әкімшіліктің қыспағы, күнделікті бақылаудың ауырлығы, олардың тұрмыс жағдайын қиындатты. 1915 жылғы мамыр айында Риддер кен байыту орнында, сол жылдың қазан айында әскери тұтқындар лагеріндегі Австрия-Венгрия тұтқындарының ауыр тұрмыс жағдайына қарсы ереуілі — осыған айқын дәлел.

Австрия-Венгрия және Германия әскери тұтқындарының бірқатары қазақ өлкесінде жергілікті тұрғындармен тіл табысып, кейін жергілікті оқиғаларға, яғни азамат соғысына қатысты. Қазақ жері дүниежүзілік соғыс зардаптарынан еріксіз келгендердің бірқатары үшін екінші Отан болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Революцияның өрлеу жылдарында таптық тартыстың шиеленісуінің қандай көрінісін білесіңдер?
2. А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының қоғамдық қызметіне сипаттама беріңдер.
3. Бірінші дүниежүзілік соғыс Қазақстандағы жағдайға қалай әсер етті?
4. Әскери тұтқындардың Қазақстандағы өмірі қалай қалыптасты?

Құжаттар

Омбы жандарм басқармасына

14 мамыр, 1908 жыл.

“Социалист-революцияшылдар немесе Павлодар қаласының социал-демократиялық ұйымы атынан қалада белгісіз, күдікті

адамдар гектографиялық үндеулер таратып жүргені байқалады. Үндеулер түнде таратылады, ал партиялардың басшылары полицияға белгілі. Мазмұн жағынан осындай қағаздар Павлодар тұрғындарын тәртіпке қарсы итермелейді, үкіметке де қарсы айдап салады”.

Орынбор жандарм басқармасына

9 қараша, 1911 жыл.

“Сізге Торғай уездік әкімінің 1911 жылғы қараша айының 28-індегі рапортын жіберіп отырмын. Онда қырғыз тұрғындарының арасында таралған үкіметке қарсы мазмұндағы “Оян, қазақ!” кітабы туралы айтылған. Сізден осы кітаптың шығуына және таралуына кінәлі адамдарды (М.Дулатұлының. — *Ж.Қ.*) жауапқа тартуды талап етуіңізді өтінемін”.

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты. 25-қор. 1-тізім. 306-іс. 2-парақ.

§ 40. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТИ

Мәдениеттің дамуындағы негізгі мәселелер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті елді отарлау жағдайында өзіне жаңа сапа, басқа бағыт алған өткен мұраның жалғасы болды. XIX ғасырдың ақырғы ширегі мен XX ғасырдың басында өлкеде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық қатынастағы өзгерістер мәдениет дамуына өз қолтаңбасын қалдырды.

Ата-бабамыздың рухани мұрасы, әсіресе ауыз әдебиеті, музыка өнері және халық мәдениетінің басқа да түрлері көрші халықтар мен елдер мәдениетінің озық үлгілерін қабылдап, жергілікті тұрғындардың дүниеге көзқарасын бұрынғысынан кеңейте түсті.

Сонымен қатар сол кезде Қазақстанның өртүрлі аудандарындағы саяси жағдай мен қоғамдық қозғалыстың мәдениеттің дамуына үздіксіз ықпал еткеніне де көңіл аудару керек.

Баспа жұмысының басталуы, жаңа басылымға күш салу, күнделікті ұлттық басылымдардың басымдылығы, алғашқы маманданған қазақ журналистерінің жемісті еңбегі мен қызметінің дәрежесі, қазақ ауылдарының саяси сауаттылығының дамуында маңызды рөл атқарды. Сол кездегі ірі саяси оқиғалар көп жағдайда жоғарыдағы ахуалға байланысты болды.

Мұны 1905—1907 жылдардағы орыс революциясы дәлелдеді.

Мәдениет салаларының қарыштап дамуына алғышарттар жасаған, бұрын мешеу қалған, енді қоғамдық өмірден белгілі орын алған *баспа ісі* жолға қойылды. XX ғасырдың басынан Қазан революциясына дейін Семейде, Оралда, Омбыда, Орынборда және басқа Қазақстан қалаларында кітап басып шығару нақты қолға алынды. Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір, Түркістан бөлімдері, Семейдегі, Орынбордағы бөлімшелері Қазақстанға әртүрлі ғылыми жазбалармен қатар, көпшілікке түсінікті әртүрлі мазмұндағы басылымдардың шығуына қамқорлық жасады. Қазақ кітаптарын басып шығару ісін жолға қоюда тек қазақстандық емес, сонымен қатар Петербургте, Ташкентте, әсіресе Қазан қалаларындағы баспалар мейлінше үлес қосты.

Қазақ зиялылары Ш. Құдайбердіұлының, М. Дулатұлының, С. Дөнентайұлының, А. Байтұрсынұлының, М. Тынышпайұлының, Ә. Бөкейхановтың шығармалары XX ғасырдың басында жарық көрді. Ұлы ойшыл, кемеңгер ақын Абай Құнанбайұлының шығармалар жинағының да 1909 жылы ресми баспадан шығуы шығыс әдебиетінің ірі тұлғаларын қауымға таныстыруда айтарлықтай оқиға болды.

XX ғасырдың басында демократиялық бағытта дами бастаған Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентайұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, т.б. жаңа тарихи жағдайдың әсерімен қалыптасқан аса білімді әдебиет өкілдерінің мұрасы шығыс әдебиетінен ерекше орын алады. Өз заманында халық арасында ерекше құрметке ие болған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Шәкірт ойы”, “Бір адамға”, “Адасқан өмір”, т.б. өлеңдерінде қазақ ауылының өміріндегі өзгерістер пәрменді сипатталады.

Сол кезеңнің өзінде-ақ халық арасында кең таралған Бейімбет Майлиннің “Шұғаның белгісі”, Спандияр Көбеевтің атақты “Қалың малы”, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Қамар сұлуы” — осы заманда да өмір шындығын, халық тағдырын сипаттауда маңызын жоғалтпаған тамаша туындылар.

Қазақ тілі мен әдебиетін дамытуда Ахмет Байтұрсынұлының шығарма-



Сәбит Дөнентайұлы

шылық мұрасы ерекше орын алады. 1911 жылы Орынборда А.Байтұрсынұлының “Маса” атты өлеңдер және аударма, мысалдар жинағы басылды. 1913 жылдан бастап “Қазақ” апталық газетін ұйымдастырып, 1917 жылдың қыркүйек айына дейін оның редакторы болған А.Байтұрсынұлы ойшыл суреткер еді. Бұл сипат оның “Қазақ салты“, “Қазақ қалпы“, “Жиған-терген” сияқты өлеңдерінде айрықша байқалады. Ақын өз халқының саяси санасын оятуға ерекше мән берген:

Қазағым, елім!
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді, оянып!
Қанған жоқ па өлі ұйқың!
Ұйықтайтын бар не сиқың,

— деп қынжылады. А. Байтұрсынұлының басқаруымен шығып тұрған “Қазақ” газеті қазақ халқының рухани, мәдени тарихында айрықша орны бар басылым болды. 1917 жылдың шілде айынан бастап ол “Алаш” партиясының ресми басылымына айналды.

XX ғасырдың басындағы ұлттық әдебиеттің аса белгілі өкілдерінің бірі — **Шәкәрім Құдайбердіұлы** (1858—1931 жж.) Абайдың талантты шәкірті болды. Шәкәрімнің Абай шығармашылығына жақын болуы, оның Абаймен туыстығына да байланысты. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкенбәйбішесі Күнкеден туған. Абаймен әкесі бір, шешесі бөлек, яғни Шәкәрім Абайдың немере інісі болып табылады. Туған жері бұрынғы Семей облысы, Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктері. Әкесінен 7 жасында жетім қалған Шәкәрім атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болды. Ол өзінің шағармашылығында Абайға еліктеп, дүниені Абайша танып, Абайша бағалауға бейімделіп, қалыптасады. Қазан төңкерісінен кейін Шәкәрім Алаш қозғалысына қатысқан қазақ зиялыларымен жақындасып, орыс интеллигенциясының көрнекті өкіл-



**Шәкәрім
Құдайбердіұлы**

дерімен пікірлес болды. Ақын шәкірттерінің ішінде ең мол мұра қалдырған Шәкәрім Абай негізін салған ұлағатты әдеби дәстүр шеберлігін тереңдетті. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген, орыс тілін де жақсы білген Шәкәрім — Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан өлкесінде кең танылып, белгілі болған ақын.

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім.
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,
Жарқырап қараңғыдан туып күнім, —

деген шумақтың өзі Шәкәрімнің ой-парасатының биік, білім деңгейінің тереңдігін аңғартады. Шәкәрімнің шығармашылығы қазақ тарихымен тығыз байланысты. Ол қазақ халқының этногенезіне байланысты өзіндік көзқарасын білдірген ғалым. Шәкәрім шығармаларында табиғатқа, дүниеге, дінге өзіндік ерекше көзқарастар байқалады. Сенім жетегімен Меккеге барып “Қажы” атанса да, ол ешқашанда дінге берілген фанатик ретінде ерекшелене қойған жоқ.

Ш.Құдайбердіұлының мазмұнды ойлары, сырлары ХХ ғасырдың басында жарыққа шыққан “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі“, “Мұсылмандық шарты” кітаптарында және “Қазақ айнасы” атты өлеңдер жинағында, “Қалқаман — Мамыр“, “Еңлік — Кебек” поэмаларында орын алды. Бұл туындыларында Шәкәрім, негізінен, демократияшыл, ағартушылық, гуманистік бағыттағы ақын, тарихшы, философ ретінде танылды. Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ халқының басынан өткен ауыр жағдайға қатты налыған Шәкәрім оқуды, білімді, ағартушылықты насихаттаған, гуманистік бағыттағы қоғамдық қайраткер болды. ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарының соңына қарай сталиндік тоталитарлық жүйенің жаппай қуғын-сүргіні басталған тұста 72 жасқа қараған Шәкәрім қоғамдық-мәдени өмірден аулақтап, “Елу бес жыл жинаған қазынамды, оңашада қорытам ойға салып” деп табиғат тыныштығына Шыңғыс тауының арасына кетеді. Алайда кеңестік жүйенің күштеу науқандарын жүзеге асырған “шолақ белсенділер” оның тыныш өмір сүруіне мүмкіндік бермеді және тауда жалғыз жүрген жерінде атып өлтіріп, денесін айдаладағы құдыққа тастап кетті. Тәуелсіз Қазақстан ұлы ақынның есімін халыққа қайтарып, оны ұлы Абайдың жанына жерлеп, басына айшықты кесене орнатты.

Ағарту ісінің жағдайы. ХХ ғасырдың басындағы халық ағарту ісі қоғамдық және саяси ахуалмен тығыз байланысты болды. Патша үкіметінің 1906 жылы қабылданған оқу-ағарту ісіндегі ережелері, негізінен, ұлттық аймақтарда орыс-қазақ мектептерінің кеңеюіне жағдай жасағанымен, керісінше діни мектепке және медреселерге әрқилы кедергілер туғызды. Ал үкіметтің жергілікті халықтың білім алуына арнайы бөлген қаржысы тым шағын болды. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында бастауыш мектептер бойынша Қазақстанның жеке өлкелерінде жан басына бөлген қаражат мөлшерін төмендегі мәліметтерден көруге болады: Торғай — 6,9 т., Орал — 4 т., Ақмола — 2,5 т., Семей — 2 т., Жетісу — 1,9 т., Сырдария облысында 1,8 тиын.

Ағарту ісін дамытуда, оны уағыздауда “Айқап” журналы, “Киргизская степная газета”, жоғарыда аталған “Қазақ” газеті, “Степной край”, сонымен қатар Қазақстанмен іргелес қалаларда басылып шыққан “Сибирская жизнь” газеті де белгілі орын алды. Семей, Орал, Верный, Орынбор, басқа да қалаларда жарық көрген әртүрлі саяси бағыт ұстаған газеттер Қазақстанның шаруашылық және саяси өмірін суреттеуде үлкен рөл атқарғанын атап өткен жөн.

Е.П.Михаэлис, В.А.Обручев, Н.Пантусов, Н.Я. Коншин және басқа да көптеген орыс ғалымдары қазақ өлкесінің тарихы мен материалдық-рухани мәдениетін зерттеуде тамаша мұра қалдырды.

Ауыз әдебиеті мен музыка мәдениеті. Ауыз әдебиетінің алыбы **Жамбыл Жабаевтың** жасынан қалыптасқан ақындық өнері айтыстарда шыңдалып, біртіндеп әлеуметтік бағыт алды. Қазақ халқының үлкен ақындарының бірі **Нұрпейіс Байғаниннің** халық дастандарын ел арасында уағыздауда, жыршылық өнерді жаңа тарихи жағдайда дамытуға қосқан үлесі бір төбе. Халық арасында кең тараған батырлар жырының түпнұсқаларын насихаттауда Н.Байғанин шеберліктің тамаша сапалы деңгейіне көтерілді.

Музыкалық мәдениет — ХХ ғасырдың басындағы халық мәдениетіндегі жан-жақты дамыған сала. *Кенен Әзірбаевтың, Балуан Шолақ Баймырзаұлының, Дина Нұрпейісованың, Сүгірдің, Майра Шамсутдинқызының* музыкалық өнерді дамытудағы орны ерекше. Әншілер *Қали Байжановтың, Манарбек Ержановтың,* атақты *Әміре Қашаубаевтың* халықтың және ел сазгерлерінің шығармаларын орындаудағы өнері ғажап, бойыңды баурап, ойыңды саналы ұлттық сезім құшағына жетелейді. Халық

сазгерлері *Естайдың* “Майдақоңыры“, *Үкілі Ыбырайдың* “Тәккуі“, *Әміре мен Майраның* жүректі тебіренткен әндері мен *Динаһның* “Көңіл ашары” ғасырлар бойы жасайтын, қазақтың музыкалық мәдениетінің дамуына мейлінше әсер еткен туындылар екені даусыз. Патша үкіметінің отаршыл саясатына қарамастан, қазақ халқының өзіндік мәдениет үлгілері көптеген тамаша нәтижелерге жетті және олар кейінгі ұрпақтың мақтаныш етер асыл рухани мұраларына айналды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәдениеттің басты бағыттарына қандай сипаттама беруге болады?
2. А. Байтұрсынұлы мен Ш. Құдайбердіұлының шығармашылығының негізгі мазмұнын қалай түсінесіңдер?
3. Ағарту ісінде қандай жетістіктерге қол жетті?
4. Музыка мәдениеті қалай дамыды?

Құжаттар

Е.П.Михаэлистің Қазақстанды зерттеуі туралы

“Ертіс пен Алтайды зерттеуші ретінде Е.П.Михаэлистің есімі оқымыстылар дүниесінде мейлінше белгілі. Михаэлис Батыс Сібір генерал-губернаторының тапсырмасына сай Зайсан көлінің өңірін, Ертіс бойын зерттеп, арнайы карта дайындаған. Ғылым академиясы, Орыс географиялық қоғамы, оның Семейдегі бөлімшесі, орыс және шетелдегі журналдар жариялаған еңбектер Е.П.Михаэлистің жоғары ғылыми беделіне куә”.

Записки Семипалатинского подотдела
Западно-Сибирского отдела ИРГО. Вып. VIII.
Семипалатинск, 1914.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы туралы

“Қазақ даласында тайпалармен өзара қарым-қатынастағы наразылық, рубасыларының қақтығыстарының қоғамға, әсіресе жастарға зияны туралы Шәкәрім көп толғағанда сол қоғамдық кеселді, сұмдықты болдырмау жолын іздеген, тарих тағылымы арқылы ондай озбырлықтың қайталанбауын ел есіне салуды ойлайды. Сөйтіп, ол адам тағдыры, адал махаббат жолындағы күрес, бірін-бірі ұнатқан жастардың қайғылы өмірі туралы “Еңлік—Кебек” поэмасын жазды”.

Сәтбаева Ш.Қ. Шәкәрім Құдайбердіұлы.
Алматы, 1990. 25-парақ.

БАСТЫ ОҚИФАЛАР

- 1710 — Жоңғар шапқыншылығына қарсы үш жүздің басын біріктіру жөніндегі жиын.
- 1716 — Жәміш (Ямышевск), Омбы бекіністерінің салынуы.
- 1718 — Семей бекінісінің салынуы, Аякөз маңында қалмақтармен соғыс.
- 1723 — 1727 — “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама”.
- 1726 — Торғай бойында қазақ жасақтарының жоңғарларды талқандауы.
- 1729 (1730) — Балқаш көлі алқабында (Аңырақай) қазақ жасақтарының жоңғарларды талқандауы.
- 1731 ақпанның 19-ы — императрица Анна Иоанновнаның Кіші жүзді Ресей құрамына қабылдау жөніндегі жарлығы.
- 1731 қазанның 10-ы — Әбілқайыр хан мен оның жақтастарының Ресейге ант беруі.
- 1734 — Орта жүз ханы Күшіктің Ресейге ант беруі.
- 1735 — Орск бекінісінің салынуы.
- 1743 — Орынбор қаласының салынуы.
- 1752 — Петропавл (Қызылжар) бекінісінің салынуы.
- 1757 — 1758 — Жоңғар хандығының құлауы.
- 1771 — 1781 — Абылайдың хан болуы.
- 1773 — 1775 — Е. Пугачев бастаған соғысқа қазақтардың қатысуы.
- 1783 — 1797 — Сырым Датұлының көтерілісі.
- 1801 — Бөкей (Ішкі Орда) хандығының құрылуы.
- 1804 — 1846 — Ақын Махамбет Өтемісұлы өмір сүрген жылдар.
- 1812 — Ресей халықтарының француз басқыншыларына қарсы күресі.
- 1822 — Сібір қазақтарын басқару туралы жарғы.
- 1824 — Орынбор қазақтарын басқару туралы жарғы.
- 1824 — Көкшетау, Қарқаралы округтерінің құрылуы.
- 1831 — Сергиополь (Аякөз) округінің құрылуы.
- 1832 — Ақмола округінің құрылуы.
- 1835 — 1865 — Шоқан Уәлиханов өмір сүрген жылдар.
- 1835 — 1929 — Сазгер Жаяу Мұса Байжанұлы өмір сүрген жылдар.
- 1836 — 1838 — Исатай Тайманұлы басқарған көтеріліс.
- 1837 — 1847 — Хан Кенесары Қасымұлының көтерілісі.
- 1838 — Исатай Тайманұлының қаза болуы.
- 1839 — 1840 — Орынбор губернаторы В.В.Перовский басқарған орыс әскерлерінің Хиуа хандығына жасаған жорығының сәтсіздігі.
- 1840 — Орынбор қазақтарын басқару туралы ереже.

- 1841 — Хан ордасында (Ішкі Орда) қазақ жастары үшін тұңғыш орыс мектебінің ашылуы.
- 1843 — 1916 — Күйші, сазгер Ықылас Дүкенұлы.
- 1845 — Ырғыз бекінісінің салынуы (1868 жылдан қала).
- 1845 — Торғай бекінісінің салынуы (1868 жылдан қала).
- 1845 — Бөкей Ордасында хандық биліктің жойылуы.
- 1845 — 1904 — Қазақтың ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбайұлы өмір сүрген жылдар.
- 1845 — 1850 — Батыр Жанқожаның Хиуа хандығымен күресі.
- 1846 — Атбасар бекінісінің салынуы.
- 1846 — Сібір шекаралық басқарма төрағасы, генерал-майор Н.Ф.Вишневскийдің Жетісуға экспедициясы.
- 1847 — Қапал бекінісі іргетасының қалануы.
- 1847 — Райым (Қазалы) бекінісінің салынуы.
- 1847 — Омбыда Сібір кадет корпусының ашылуы.
- 1847 — Хан Кенесарының өлген жылы.
- 1848 — Үлкен Ордада (Ұлы жүзде) приставтық билеудің құрылуы.
- 1848 — 1853 — Қазалы фортының (бір деректе 1853; 1854 жылдан қала) салынуы.
- 1848 — 1849 — Капитан-лейтенант А.Бутаков экспедициясының Арал теңізін зерттеуі.
- 1853 — Орыс әскерлерінің Қоқан бекінісі Ақмешітті алуы (1853 жылдан қала).
- 1854 — 1859 — Орыстың ұлы жазушысы Ф.М.Достоевскийдің Омбы мен Семей қалаларында болуы.
- 1854 — Верный бекінісінің салынуы.
- 1854 — Семей облысының құрылуы.
- 1855 — 1858 — Есет Көтібарұлы батыр бастаған көтеріліс.
- 1855 — Лепсі бекінісінің салынуы (1885 жылдан қала).
- 1856 — Сырдарияның төменгі сағасындағы қазақ шаруаларының көтерілістері.
- 1859 — 1861 — Шоқан Уәлиханов Петербургте.
- 1860 қазан — Ұзынағаш түбінде генерал Г.А.Колпаковский қолының Қоқан әскерін талқандауы.
- 1861 — 1864 — Троицкіде, Оралда, Қазалыда, Перовскіде және Торғайда бастауыш орыс-қазақ мектептерінің ашылуы.
- 1863 — 1864 — Қоқан қамалдары — Меркені, Түркістанды, Әулиеатаны, Шымкентті орыс әскерлерінің алуы.
- 1863 — Пішпекті (қазіргі Бішкек) орыс әскерлерінің алуы.
- 1867 шілденің 11-і — Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы “Уақытша ереженің” бекітілуі.
- 1867 — Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуы.
- 1868 қазанның 21-і — Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы “Уақытша ереженің” бекітілуі.
- 1868 — Зайсан қаласының салынуы.

- 1868 — 1869** — Орал, Торғай облыстарындағы отаршылдыққа қарсы күрес.
- 1869** — Ақтөбе қонысы негізінің салынуы.
- 1870** — Маңғыстаудағы қазақ шаруаларының отаршылдыққа қарсы күресі.
- 1872** — Омбыда мұғалімдік семинарияның ашылуы.
- 1873** — Патша әскерлерінің Хиуаға жорығы.
- 1878** — Семейде облыстық статистикалық комитеттің ашылуы.
- 1879** — Ташкентте мұғалімдік семинарияның ашылуы.
- 1879** — Орынборда мұғалімдік институттың ашылуы.
- 1879** — Қостанай қаласы негізінің салынуы.
- 1881 — 1884** — Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісу өлкесіне қоныс аударуы.
- 1886 маусымның 12-сі** — Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ереже.
- 1887** — Өскемен уезіндегі алтын кенішіндегі жұмысшылар ереуілі.
- 1889 шілденің 13-і** — Ресейден Қазақстанға шаруаларды қоныс аудару туралы заңның қабылдануы.
- 1891 наурыздың 25-і** — Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ереже.
- 1894 — 1905** — “Қырғыз далалық газетінің” басылуы.
- 1896 — 1901** — Сібір теміржол магистралінің салынуы.
- 1898** — Зырянов кенішіндегі ереуіл.
- 1899 — 1905** — Орынбор — Ташкент шойынжол торабының салынуы.
- 1905** — Спасск мыс қорыту зауытындағы ереуіл.
- 1905** — Успен (Нілді) кенішіндегі ереуіл.
- 1906** — Семей жұмысшыларының ереуілі.
- 1913** — Ембі (Жем) мұнай кәсіпшілігіндегі жұмысшылар ереуілі.
- 1913 — 1917** — “Қазақ” газетінің шыққан жылдары.
- 1914** — Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, оған Қазақстанның тартылуы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Аманжолов А.* История тюркской филологии и письменности. Алматы, 1996.
- Кабышев И.* Казахское общество. Алматы, 1997.
- Асфендияров С. О.* О происхождении и казахов // История Казахстана. 1993. № 1.
- Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі. Алматы, 2000.
- Шамшидинова Ф.* Қазақ, орыс, сібір елдерінің қарым-қатынастары // Қазақ тарихы. 1995. № 5.
- Бикенов А.* Қазақ қоғамындағы хан билігі // Қазақ тарихы. 2000. № 3.
- Арғынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1987.
- Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч. В 5-ти т. Т. 4. Алматы, 1962.
- Қасымбаев Ж.* Қазақ-жоңғар қарсыласындағы саяси және әскери мәселелері // Қазақ тарихы. 1993. № 2.
- Хасенов А.,* Қазақ хандығы // Қазақ тарихы. 1994. № 5.
- Уалиханов Е.* Абылай және Жоңғар шапқыншылығы // Қазақ тарихы. 1994. № 1.
- Ирмуханов Б. Б.* К вопросу о происхождении казахского народа. Алматы, 2008.
- Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дешти-кипчака // Материалы международной научной конференции. Алматы, 2007.
- Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

АВПРИ — Архив внешней политики Российской империи (г.Москва) — Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты (Мәскеу қаласы).

ГАОО — Государственный архив Омской области (г.Омск) — Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты (Омбы қаласы).

ГАТО — Государственный архив Томской области (г.Томск) — Томск облыстық мемлекеттік мұрағаты (Томск қаласы).

ЦГА Узб. — Центральный государственный архив Узбекистана (г.Ташкент) — Өзбекстанның орталық мемлекеттік мұрағаты (Ташкент қаласы).

Зап. Семип. подотдела Зап.-Сиб. отдела ИРГО — Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества — Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің жазбалары.

Известия ИРГО — Известия Императорского русского географического общества Оренбургского отдела — Орынбор бөлімі Императорлық орыс география қоғамының хабаршысы.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

I бөлім. Қазақстанның XVIII ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы

XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайы	4
§1-2. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысы. Шапқыншылыққа қарсы азаттық күрес.....	7
§ 3. Кіші жүздің Ресей империясы құрамына кіруі	13
§ 4. Қазақстан XVIII ғасырдың ортасында	23
§ 5. Абылай хан билігі	31
§ 6. Қазақтардың 1773—1775 жылдардағы Е.И.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы.....	40
§ 7. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының 1783—1797 жылдардағы көтерілісі	48
§ 8-9. XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті мен қазақ әдебиеті	60

II бөлім. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы

§ 10. Қазақстандағы хандық биліктің жойылуы. Әкімшілік бөлінісі	66
§ 11. Қазақтардың 1812 жылғы Ресейдің Отан соғысына қатысуы	73
§ 12-13. Отарлық езгінің күшеюі. 1837—1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс	78
§ 14. 1836—1838 жылдардағы И. Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтеріліс.....	89
§ 15. XIX ғасырдың 50-жылдарындағы қазақ шаруаларының азаттық күресі	106
§ 16. Қазақстандағы саяси жер аударылғандар.....	111
§ 17. Қазақстанның Қытаймен сауда-экономикалық байланыстары. 114	

III бөлім. Қазақстан — Ресей империясының отары (XIX ғасырдың екінші жартысы)

§ 18. Ұлы жүздің Ресейге қосылуы	120
§ 19. Верный бекінісі негізінің салынуы	122
§ 20. Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы және оның салдары.....	125

IV бөлім. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан мәдениеті

§ 21. Халық ағарту ісінің дамуы.....	131
§ 22-23. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ	

әдебиеті мен мәдениеті	134
------------------------------	-----

V бөлім. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы

§ 24. 1867-1868 жылдардағы Қазақстандағы реформалар	141
§ 25. XIX ғасырдың 60—70-жылдарындағы қазақ халқының отарлық езгіге қарсы азаттық күресі	144
§ 26. Қазақстанның экономикалық дамуы	150
§ 27. Қазақ-Қытай сауда қатынастары	158
§ 28. XIX ғасырдың соңындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуы	164
§ 29. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы	168

VI бөлім. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мәдениеті

§ 30-31. Орыс демократиялық мәдениеті және қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов	173
§ 32. Қазақстандағы халық ағарту ісі	178
§ 33. Мұсылмандардың ағарту жүйесінің ахуалы	182
§ 34. Ыбырай Алтынсарыұлы және Абай Құнанбайұлы	186
§ 35. Қазақ халқының өнері және музыка мәдениеті	192
§ 36. Ресей азаттық қозғалысының өкілдері Қазақстанда	201

VII бөлім. XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан

§ 37. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы	208
§ 38. Қазақстан 1905—1907 жылдардағы Ресейдегі революция кезінде	210
§ 39. Қазақстан — саяси реакция және бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында	216
§ 40. XX ғасыр басындағы Қазақстан мәдениеті	224
Басты оқиғалар	230
Пайдаланылған әдебиеттер	233
Шартты қысқартулар	234

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 3242

Басуға қол 25.05.12 қойылды. Пішімі 60x90¹/₁₆.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “ММ Мектептік”. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 15,0+0,5 жапсырма. Шартты бояулы
беттаңбасы 17,50. Есептік баспа табағы 13,29 +0,566 жапсырма.
Таралымы 16 000 қос. дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz